
МӘДЕНИ МҰРА

Шоқан Уәлиханов



5

Көптомдық
шығармалар
жинағы



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша
шығарылып отыр






«МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ

М.С. Әшімбаев, *кеңес төрағасы*
Ә.А. Асқаров, *жауапты хатшы*
С.А. Абдрахманов
Б.Ғ. Аяған
М.Қ. Әбусейітова
С.Е. Әжіғали
Н. Әлімбай
М.М. Әуезов
К.М. Байпақов
Т.О. Балықбаев
Ғ. Есім
Б. Жақып
С.А. Қасқабасов
М.Қ. Қойгелдиев
М.А. Құл-Мұхаммед
С.Ф. Мәжитов
А. Мұхамадиұлы
Д.Қ. Мыңбай
Ә.Н. Нысанбаев
Қ. Салғара
З. Самашев
Р.Х. Сариева
Қ.С. Сұлтанов
Қ.Қ. Түяқбаев
Ж.Қ. Түймебаев
К.Ш. Хұсайынов

Шоқан Уәлиханов

Көп томдық шығармалар жинағы

Бесінші том



Алматы
2010

— 1944 — 46494

Сотсуть
Аиыртау ауданның
кітапханасы
Алыртауская ЦБС
Сев.-Казахстанской области

УДК 910
ББК 26.8 г
У 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы

Ғылыми редактор:
Көшім Есмағамбетов

Ш.Ш. Уәлиханов
У 17 Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп». 2010. Т. 5. – 528 б.

ISBN 978-601-7066-10-9

Ш.Ш. Уәлиханов шығармалары жинағының бесінші томына ғалымның өмірі мен қызметі туралы материалдар мен құжаттар енгізілген, оның отбасылық және қоғамдық ортасы, қызметтік және ғылыми өсу жолы баяндалған.

Шоқан Уәлихановтың қызметтік және ғылыми өмірбаянын қамтитын тараулар енгізілді, хронологиялық және тақырыптық тәртіппен құрастырылды. Орыс географиялық қоғамында баяндалған еңбектері енген.

"Хат алысулар" тарауында А.Н. Майковтың Ш.Ш. Уәлихановқа жазған хаты, Шоқанның Г.А. Колпаковскийге жазған екі хаты, сондай-ақ Ш. Уәлихановты Қашғарға (1859) апарған керуен басы Мұсабайдың есептері мен хаттарының сериясы берілді.

Томның негізгі бөлігін көлемі бойынша да, мазмұны бойынша да Ш.Ш. Уәлиханов туралы оның замандастарының, әріптестері мен достарының баспасөзде жариялаған мақалалары мен шағын жазбалары құрайды.

Том Шоқанның туған жерінде ескерткіш орнату туралы құжаттардың шағын жиынтығымен аяқталады.

Осы томға енген Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалары 1985 жылы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаған Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, түсіндірмелері ғылымның қазіргі заманғы сұранысына сәйкес жаңартылып, толықтырылып дайындалды.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 910
ББК 26.8 г

ISBN 978-601-7066-10-9 – (т. 5)
ISBN 978-601-280-065-4

© Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы, 1984
© «Толағай групп», 2010

берілген белгілерді қабылдауды мәлімдейді, осы үшін ханның қасында тілмаш еріп жүруі тиіс.

4. Бекіністегі өте қажетті қарауылдардан басқа драгун эскадрондары осы жердегі қолбасшы генерал-поручик Николай Гаврилович Агарев мырзаның бұйрығы бойынша бекіністе қарай қолдарына ту ұстап, жаяу жүріп, штаб немесе обер офицердің қол астына келіп, кеңселік тұрақтардан бастап, сол жақ қанатымен бекіністе жанаса отырып, сол жердегі орын ыңғайына қарай сап түзеп тұруы керек. Сұлтан бекіністе келіп жеткен кезде ту-байрақтар алдыңғы шепте тұруы керек.

5. Уәли сұлтан керме ағаштан өтіп, форштадтқа шығар алдында, сол жердегі ауладан өткен кезде алдын-ала дайындалған қарулардан оның құрметіне 5 рет оқ атылады, ал ол бекіністе шыққан сәтте, барлық әскери топтар мен күзетшілер литавр мен трубаларға қосылып, барабан соғып дабыл қағады, бірақ ханның экипажы тоқтаған сәтте барлық дыбыс тоқтауы керек. Күзетшілер мен барлық командалар иық тірестіріп тұрады, бірақ осы құрметті көрсету кезінде сұлтанның каретасы тоқтаған кезде, эскадрон қолбасшысы сол сәтте экипажға барып, салют беріп, орнына дейін шығарып салады, ал ол каретадан шыққан кезде командаға қайта келіп, қаруларын иыққа алады.

6. Уәли каретадан шыққан кезде оны басқа штаб-офицер қабылдайды, шатырдан сәл шегіне отырып, оны бригадир мырза мен кавалер Федцов қарсы алады, ал оның артынан өзге штаб немесе обер офицерлермен және өз қарамағындағы штабымен бірге екі генерал-поручик шығып, онымен әдеттегідей сәлемдеседі, оны ордаға алып кіріп, мына тәртіппен отыруды сұрайды: – сұлтан орындыққа, оның оң жағына, қасына бауырлары мен басқа да сұлтандар отырады. Екінші жағынан – генерал губернатор қызметін атқаратын адам, оның қасына – осындағы қолбасшы генерал-поручик мырза, оның қасына – бригадир мырза мен кавалер Федцов, олардан кейін – қызметтен қолы бос штаб-офицерлер орналасады, ал старшындар, егер орын жетпесе, әдеттегідей еденге, төселген кілемге отырады.

7. Әңгіменің соңында, егер бұндай жағдай орын алса, генерал-губернатордың басқару лауазымы оның жоғары императорлық мәртебесінің бұйрығына орай істі орындауды міндеттейді, сол уақытта ордадан бірнеше құлаш жерден орын дайындалады, оның айналасында жоғары мәртебелінің хан қызметіне тағайындау патентін, сұлтандарға, старшындарға оқып беруге жіберілген жоғары мәртебелінің антын жартылай дөңгелене отырып тыңдау үшін, олардың өтініші бойынша жоғары дәрежелі грамотамен оған осы атақты бекіту үшін қырғыз сұлтандары, старшындар мен қалған басқа да халық орналасады.

8. Содан соң генерал-губернатор қызметін атқарушы сұлтандармен және барлық басқа жиылған халықпен дайындалған орынға шығып, аудармашы арқылы барлық сұлтандар мен старшындарға қысқаша ғана мынаны хабарлайды: жалпыға бірдей рақымды тақсырдың императорлық мәртебесі арқылы аса жоғары шарапатымен қырғыз-қайсақ Орта ордасында олардың таңдауы бойынша және Уәли сұлтанның өтініші бойынша оны хан етіп сайлауға аса үлкен рақымшылықпен рұқсат етіп, оған хандық абыройы үшін патент беріп отыр және өзінің аса жоғары мейірбандығымен ерекшелеу белгілерін беріп және олардың бәрі осы хандық патентті мұқият тыңдауын талап етеді: ол алдымен орыс тілінде, содан соң ахун немесе тілмаш арқылы татар тілінде оқылады.

9. Бұдан соң ол осы үшін арнайы дайындалған құранға тізе бүгіп, ант беру рәсімін орындайды, билік етуші сенаттан беріп жіберілген формада антты халыққа дауыстап оқып береді, одан соң құранды сүйіп, антқа өз мөрін басады.

10. Бұдан соң асессор мен екі шенеунік оған арнайы жіберілген тонды кигізіп, қылышты асады, ал бөрік пен патентті генерал-губернатордың өзі тапсырады, бөрікті ол дәстүр бойынша бірден басына киюі керек, ал патентті сүйіп, басынан жоғары көтеріп тұруы керек.

11. Ең соңында сұлтандарға, билерге, старшындарға және барлық халыққа оларға жіберілген жоғары дәрежелі грамота орыс және татар тілдерінде оқылып, оны оқу кезінде барлық жиылған жұрт бірін бірі күттықтайды, одан соң ол ордаға қайтарылады.

12. Осы салтанатты акт журналда мынадай сөздермен жазылуы керек: 1782 жылы 1 қарашада аса жоғары мәртебелі императордың конфирмациясын орындай отырып, қайтыс болған Абылай сұлтанның орнына оның ұлы Уәли сұлтанды Орта орда сұлтандары, старшындары және барлық халқының тілегімен осы жылдың ақпанының 14-ші жұлдызында Уфа және Сібір генерал-губернаторы қызметін атқарушы генерал-поручик және кавалер Якобий, ахун және депутат Мырза Жаушевтің көмегімен осы жылғы қарашаның 1 жұлдызында Сібір линиясындағы әулие Петр бекінісінде хандыққа сайлап, ант бергізді және сол жерде Сібір линиясының қолбасшысы генерал-поручик Агарев мырзаның, бригадир мырза және кавалер Федцовтың, осы бекіністегі штаб және обер-офицерлердің қатысуымен және қырғыз-қайсақ Орта ордасының барлық таңдаулы сұлтандары, билері, старшындары мен қара халқының көзінше, солардың куо болуымен хандық атақдәрежені салтанатты түрде бекітті.

Осы актінің көшірмесін жасап, ешқашан ұмытылмас үшін жергілікті шекаралық экспедицияның іс қағаздарына қосу керек, ал шарапатты монархияның өшпес даңқы үшін және



Шоң-Қарағай шаңқалығында Шыңғыс Уәлиханов салдырған мектеп

Құсмұрын сыртқы округтік приказының Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасына мәлімдемесі

1848 жылғы 12 желтоқсан, № 3912

Осы округтің аға сұлтаны майор Уәлиев аса жоғары мәртебелінің атына жазылған мынадай өтініш айтты: өзіне Ресей империясының дворяны атағы бойынша диплом беруге жәрдемдесуді сұрайды, осы өтінішті Құсмұрын округтік приказы Уәлиевтің қызметі туралы тізіммен бірге Шекара басқармасының назарына ұсыну мәртебесіне ие болып отыр.

Заседатель лауазымындағы *Дабшинский*

Сібір қырғыздары облысының шекара бастығы лауазымын атқарушы мырзаға Шекара басқармасы кеңсесінен

1850 жылғы 13 мамыр, № 2555, Омбы

Шекара басқармасы Құсмұрын приказының аға сұлтаны Уәлиев жеткізген қосымша тізімде көрсетілген қайсақтардың ер адамға арналған киімін Орыс географиялық қоғамына беру туралы мәселені сіздің жоғары мәртебелі күзырыңызға ұсыну құрметіне ие болып отыр және оны алу туралы басқармаға хабарлауыңызды өтініп сұрайды.

Төраға орнына: кеңесші *Климовский*



Шыңғыс Уәлихановтың сүйекпен безендірілген жанторсығы. (Омбы өлкетану мұражайы).

мәліметтерді жеткізе алмадым. Менің ұлым Жақыптың конгреске барып, қайсақтардың өкілінің рөлін атқаруына өз тарапымнан еш кедергі жасамаймын және ол, Жақып, өзі де оны әбден қалап отыр. Менің өзіңізге деген құрметім мен адалдығымды ескеруіңізді Сізге басымды ие отырып өтінемін.

Шыңғыс Уәлиханов

Ақмола облыстық әскери губернаторы мырзаға Көкшетау уезі бастығының рапорты

2 маусым 1876 ж., № 4199 Көкшетау

Ақмола облыстық губернаторының міндетін атқарушы мырзаның осы жылдың отызыншы сәуірдегі № 5731-ші жарлығына және қосымша менің 21 сәуірдегі № 2957 рапортымда С.-Петербордағы көрмеге бару үшін менің кіші көмекшім сұлтан Уәлихановқа және болыстық басқармашым Қазыкожинге қайсақтар қоғамы игілікке жұмсауға ерікті түрде 800 сом қаржы бөлуге тілек білдірді.

Жоғарыда келтірілген № 2957 рапортта рұқсат алынбағандықтан, заттарды қандай есепке аудару керектігі белгісіз.

Осы ретте, 26 мамырдағы № 11 рапортта хабарлағанымдай, Сіздің жоғары мәртебеңізге баяндаймын, менің кіші комекшім Уәлиханов, өзінің отбасылық жағдайының өзгеруіне және денсаулығының нашарлауына байланысты С.-Петербург сапарынан бас тартты.

Уезд бастығы /қолы/
Уезд бастығының аға комекшісі *Коновалов*


БОЖІЕЮ МИЛОСТІЮ МЫ, НИКОЛАЙ ПЕРВЫЙ,
ИМПЕРАТОРЪ и САМОДЕРЖЕЦЪ ВСЕРОССІЙСКІЙ,


Шоқанның Сібір кадет корпусын бітіргендігі туралы дипломы

ханның, мұрагердің және ханзаданың есіне жоғары мәртебелі патшаның өтініші бойынша қырғыз сұлтаны майор Уәлихановтың ұлы – Сібір Кадет корпусының эскадрон тәрбиеленушісі, ғылыми курстың 5 жалпы класын бітірген және емтихан қорытындысы бойынша ішкі тәртіпке сәйкес жоғары мәртебелі ханның айтқанын бұлжытпай орындауға серт берген – Шоқан Уәлихановты офицер қызметіне тағайындау туралы өтінішті хабарлаймын.

Оның императорлық мәртебесінің штаб бастығына, мұрагерге, ханзадаға, әскери-оқу бөлімінің бас жетекшісіне Густав Христиановтың орнына – 4 қарашада №111194 хабарламаны, мен генерал-адьютант Ростовтың тәрбиеленуші Уәлихановтың жаңа орынға тағайындалуы жайлы бұйрықты Уәлихановтың әкесіне жеткізуді өзіме жоғары мәртебелі дәреже деп санаймын*[25].

Штаб бастығы генерал-лейтенант *Яковлев*
Кезекші штаб-офицер /қолы/

*[25] Жол шетіне белгі қойылған: *1853 жылы 3 желтоқсанда алынған*



МИНИСТЕРСТВО ВОЕННОЕ. ДЕПАРТАМЕНТЪ ГЕНЕРАЛЬНАГО ШТАБА.

С. Петербургъ
Апрѣля 21 дня 1860 г.

№ 3100.

Милостивый Государь

Бутаевъ Христіановичъ.

По приказанію Г. Военнаго Министра имѣю честь препроводить въ Петербургъ Штабсъ Ротмистра Валиханова, составляетая карта Малой Бухаріи и долины озера Иссыкуля.

Такъ какъ для этой работы была вы весьма и Высокопрес[вящ]. Г. Х.

Гласфорту.

Кіші Бұхара мен Ыстықкөл көлінің карталарын құрастыру жұмысына Шоқанның қатысқаны туралы құжат

№ 1477 №101 1477 - Обш. К

МИНИСТЕРСТВО ИНОСТРАННЫХЪ ДѢЛЪ
ДЕПАРТАМЕНТЪ АЗІАТСКІЙ

Отдѣленіе III
—/
27 Мая 1860 г.
№ 1969


27 Мая 1860 г. 291

Господину Военному Министру

Во послѣдствіе отношенія Вашего Высокопревосходительства отъ 7-го сего № 3777 Г. Министръ Иностранныхъ Дѣлъ вошелъ съ всеподданнѣйшимъ докладомъ о Государю Императору и Его Величество въ 11 день сего мая Всемилостивѣйше повелѣть соизволилъ препроводить Штабъ-Ротмистра Шеметова въ Азіатскій Департаментъ и назначить его Чрезвычайнымъ Посломъ Министерства Иностранныхъ Дѣлъ, сверхъ положеннаго по содержанію по военному вѣдомству.

Препровождая къ Вашему Высокопревосходительству надлежащее по сему предложеніе Г. Министра

Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментінің Шоқанды түркестан туралы хұжаты



Иностранных Дѣлъ по сему предмету, имѣю честь покорнѣйше просить Васъ, по отдачѣ в приказъ по Военному Вѣдомству о причисленіи Г. Вамбакова к Азіатскому Департаменту, сдѣлать распоряженіе для доставленія в сей Департаментъ одного экземпляра приказа касательно таковаго по причисленію, а также копіи с формулярнаго списка о службѣ сего офицера.

Товарищъ Министра

Директоръ, Генералъ Маіоръ

Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментіне Шоқанды тіркегені туралы құжат

Тұрақсыз әскерлер басқармасына Дербес Сібір корпусының штабы басшысының берген рапорты

18 тамыз 1860 ж., № 6115, Омбы

Өткен шілденің алтысы күнгі пікір-хаттан кейін корпус командир мырзасының № 1843 тапсырмасы бойынша, армия кавалериясында тіркелген, қазіргі уақытта Азиялық департаментке тіркелген штабс-ротмистр Шоқан Уәлиханов сұлтанның басқармаға қызметі туралы формулярлық тізімін № 3621 нөмерлі аттестатымен және № 3620 бойынша оның жалақысының қанағаттандырылғаны туралы және осы жылдың 1-ші қыркүйегінен оның қазыналық қосшысына бөлінетін ішіп-жемі, Сібірлік линялық казак әскерінде қызмет ететін барлық офицерлердің жағдайына қарағанда ол Тобыл комиссариатының комиссиясынан жылына алатын үш жүз отыз тоғыз рубль күміспен қанағаттандырылатынын хабарлауды мәртебе тұтамын.

Осы құжатты алғандығыңыз жөнінде мені құлағдар етуіңізді сұраймын*[50].

Жазған: Штаб бастығы, генерал-майор *Кроериус*
Кезекші штаб-офицер подполковник /қолы/

Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментіне Дербес Сібір корпусы штабының жолдаған қатынас хаты

30 қыркүйек 1860 ж., №7209, Омбы

Департаменттің 19 тамыздағы /№2951/ шақыруымен корпус командирі бұйрығы бойынша департаментке тіркеген штабс-ротмистр Уәлихановтың қызметі туралы формулярды тізімді жеткізуді мәртебе тұтамын*[51].

Штаб бастығы генерал-майор *Гинтовт*
Кезекші штаб-офицері подполковник *Кручинский*

Әскери министрлігі Комиссариат департаментіне Тұрақсыз әскер бастығының жазған қатынас хаты


1860 жылдың 12 қазаны, № 3378, С.-Петербург

Комиссариат департаментінің өткен тамыздың 11-дегі


---

*[50] Жол шетінде белгі бар: *Тұрақсыз әскер басқармасы инспек. бөл., № 4864. 1860 жылдың 10 қыркүйегінде алынды. Штабс-ротмистр сұлтан Шоқан Уәлихановқа құжаттарын салып жіберуге 10 қырк. соң. инсп. сенім. орынд. жібер.*

*[51] Жол шетінде белгі бар: № 34493, 18 қазан 1860 ж.



Штаб-ротмистр Шоқан Уәлихановтың Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментіне ойыс жалақы тағайындау туралы жазған өтініші



П.П. Семенов Тянь-Шаньский мен Е.И. Ламанскийдің Шоқанды Орыс географиялық қоғамына толық мүше етіп ұсыну туралы ұсыныстарының алғашқы жазба мәтіні

ВСЕ ЭКЗЕМПЛЯРЫ ЗАВЕРЕНЫ ПЕЧАТЬЮ



Императорское Русское Географическое Общество

въ собраніи 21 февраля 1857 года

избрало

Поручика

Чекана Вели-Ханова

Своимъ Дѣйствительнымъ членомъ

Предсѣдатель

Вице Предсѣдатель

№ 572
выдан
1 апреля 189
С.-Петербургъ

Секретарь

Шелкъ Экспедиціи Орденовъ С.-Петербургъ

I. Шағатай үлысының монеталары
№ 1



Салмағы 28 үлес[1] (1,24 г) тартатын кішкентай монета.

I[2]. السلطان || العادل ترما || شيرين خان خل... || ... ملكه

Әділетті сұлтан Тармаширин хан, Алла оның билігін ұзарта берсін.

II. ٧٣٢ || ... سكة || رسول الله ضرب || محمد || الاالله [3] لااله

Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі. 732 (1331-32) ж. ақша сарайында соғылған...

Салмағы 1 мысқал 7 үлес (4,58 г) тартатын ірі монета.

I. دولة[*89] (... ضرب || ترماس... خان بن || (?) خان سنجر

Тармаш (ирин) ханның ұлы Санжар[*90] хан. Әділетті сұлтан Ала ад-дунийа вад-диннің (Бейбітшілік пен сенімнің мәртебесі) билігі кезінде соғылған, Алла оның билігін ұзарта берсін.

II. الله || لااله الا الله || محمد رسول ... || صلى الله عليه

وسلم || ضرب سكه سمر || قند فى [٦] سنه || [٣ немесе ٧] ٧٣

Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед (Алланың) елшісі, оны Алла жарылқасын. Самарқандтағы ақша сарайында 732 (немесе 733) жылы соғылған.

Осыған дейін жарыққа шықпаған бұл дана шағатайдың ең бір тамаша тиыны болып табылады. Менің білуімше, бірде-бір шығыс авторы Тармаширинның Санжар[4] атты ұлы туралы немесе оның Мәуереннахрда тұрғаны, билік еткені туралы ешнәрсе айтқан емес.

Академияның Азиялық мұражайында менің осы сипаттағаныма қатты ұқсайтын үш тиын бар, бірақ олардың адам есімі жазылған беті өшіріліп қалғаны соншалық, (Санжар) سنجر және (ұлы) بن сөзі сөздердің соңында келетін جر (жар) деген әріпті ғана ажыратуға болады; сондықтан да Френ[5] мырза бұл үш дананың біреуін де толық ажыратып оқи алмады. Бұлар туралы Nova

---

[*89] Бұл жерде былай оқу керек فى ايام

[*90] Меніңше, ханның атын былай деп оқу керек; ақшаның суретін салыстырыңыз.

Малла
Діллә (тилла)[28]



Салмағы: 1 мысқал 7 үлес [4,58].

I. سيد محمد ملة بهادر خان ١٢٧٥ Сейіт Мұхаммед Малла бахадүр хан. 1275 (1858–59).

II. ضرب دار السلطنه خوقند لطيف ١٢٧٥ Қала астанасы – көрікті Қоқанда соғылған. 1275 (1858–59).

Бұл ханның бірде-бір тиыны әлі күнге дейін жарық көрген емес. Малла бек, көріп отырғанымыздай, Хиуа хандарының үлгісімен «бахадүр» атағын алған Қоқанның жоғары билеушісі болып табылады. Ал «сейид» атағына келетін болсақ, Қоқан иелері оны қазіргі кезде Қоқанда билеп түрған Минг династиясының негізін салған Омар ханнан[29], оның ағасы Әлім бектен және үлы Нарбүтабектен бастап ала бастады.


Ш.Уәлиханов пен К.М. Бэрдің баяндамалары туралы Орыс географиялық қоғамының хабарламасы

1860 жылғы 4 мамыр


Императорлық Орыс географиялық қоғамының мүше мырзалары осы қоғамның бүгін, сәрсенбі 4 мамыр күні, сағат 7 жарымда, Қоғамның пәтерінде, Певческий көпіріне таяу жерде, бұрынғы Пущиндер, қазіргі Утиннің үйінде болатын жиналысына шақырылады.

Бұл жиналыста қоғамның толық мүшесі Ш.Уәлиханов өзінің Кіші Бұхараға жасаған саяхаты туралы жазбаларын оқиды.

Сондай-ақ этнография бөлімінде төрағалық ететін, Қоғамның күрметті мүшесі К.М. Бэр Еуропаның аса ежелгі түрғындары туралы кейбір мәліметтерді хабарлайды.



Шоқанның 1856 жылы 5 желтоқсанда Ф.М. Достоевскийге



Шоқанның А.Н. Бекетовке Сырымбеттен 1862 жылы 2 қаңтарда

Құдай сізге бақыт берсін.

Қош болыңыз, сүйіктім, өзіңізді құшақтап 10 қайтара сүюге мүрсат етіңіз.

Мені естен шығармаңыз және жиі хат жазыңыз. Цуриков маған үнады, ол тік мінезді, ашық, бірақ мен оны көп біле бермеймін.

Сіз Семеновпен жолшыбай кездесіп, Семейде бірге боласыз ба? Онда бәріміз жиналар едік. Сонда менің де тағдырымда көп нәрсе өзгеретін шығар!

Құдай сәтін салсын!..

Сізге Демчинский сәлем айтуда. Мен хатты соның пәтеріндегі біз тамақтанатын әрі кешкұрым шай ішетін үстелде отырып жазып отырмын. Менің қарсы алдымда Цуриков отыр, ол да сізге хат жазып отыр.

Демчинский болса қорылдап ұйықтап жатыр. Қазір кешкі сағат 10. Мен неге шаршап отырғанымды түсінбеймін. Сізге Семей туралы тағы бірдеңелер жазғым келіп еді; өте бір күлкілі жағдайлар бар. Егер дұрыстап жазсам, соның оннан бірін де жаза алмас едім.

Қош болыңыз, менің мейірімді досым. Хатты жиі жазып тұрыңыз. Ал мен сізге үнемі жауап жазамын. Мүмкін, келесі жолы өз мақсаттарым жайлы да жазуға тәуекел етермін.

Д-ға менің атымнан бас иіп, тағзым етіңіз және оған барлық жақсылықты тілеңіз. Менің оны сүйетінімді және оған адал берілгендігімді сендіріңіз.

С. сізге ілтипатпен сәлем айтуда, екеуіңіздің Омбыда қалай бірге тұрғандарыңызды айтты. Ол сізді ұмытпаған және сізге көңілі ауып жүр.



Ф.М. Достоевский мен Ш. Уәлиханов. Фотография. Семей, 1859 ж.

Дербес Сібір корпусының командирі Г.Х. Гасфорттың поручик сұлтан Уәлихановқа жазған хаты

1858 жылғы 9 ақпан, №56 Омбы қаласы

Жоғары мәртебелім, Верный бекінісіне керуен келген бойда және оның бастығы-



Мұсабайдың 1859 жылғы 29 шілдедегі бірінші хаты. (Автограф)



А.И. Майковтың Ш. Уәлихановқа 1863 жылы 10 ақпанда жазған хаты (Автограф).

жауап беру қиын: ұсақ-түйектерді егжей-тегжейлі жазу көзқарастың біртұтастығын жоғалтады, ал мен әрқашан оқиғаларға жоғарыдан, үшқан құстың биігінен қарауды жақсы көремін, әрбір серіктестерімнің барлық жоспарын біліп, әрбір деректі тарихи құбылыс ретінде қарастырғанды жөн деп санаймын. Осыған орай, мен өз еркіммен ешқандай лагерьге қосылмадым және қосыла да алмаймын. Ақынға, Құдай біледі, сірә, өйтуге болмайды, себебі ақын, ең алдымен, көшенің күрескері емес,



А.Е. Врангель

адамдарына қоңырау соғатынын сыпайы түрде ескертіп өтті. Гасфорт қария қозғалақтап, қоразданып: «Мүнда мен патшамын! Келесі жолы келгенімде, барлық қоңыраулар соғылатын болсын!» деп сөзін ашулы аяқтады.

Осындай қылықтарына қарамастан, негізінен Гасфорттың мейірімді қария болғанын айта кету керек. Десе де, өзін маңызды, айбатты етіп көрсеткісі келетін осалдығы бар еді.

Оның тағы бір осал жері – қайдағы бір неше түрлі жобалар жасаудың шебері еді. Мысалы, ол «қырғыздарға арналған жаңа дін» ойлап шығарған еді. Мүсылман болса да, қырғыздар мүлде фанат емес. Міне, Гасфорт та оларға, православие сияқты, бір жаңа дін ойлап тапқан және елдің айтуынша, оның бүл жобасы Петерборда өтпей қалған кезде, бейшараның өкпелегені сонша, көпке дейін торығып жүрген, біраздан соң басқа жаңа жобаға кіріскен. Кейбіреулерге көңілі толмай, кейіген сәтте ол: «Сіз, қымбаттым», – әйтсе де – «сен» ... дейтін.

[Семей] қаласынан үш шақырымдай жерде, Омбыға баратын жолда Ертістің тау жағында, қалың тоғайдың арасында Поповтың зәйімкесі, шалғай қыстауы жатыр. Мүнда үлкен диірмен, тері зауыты, басқа да шаруашылық құрылыстар бар.

Ф.М.-пен бірге қыдырғанда баратын жеріміз көп емес еді, сондықтан да біз көбіне осы зәйімкеге баратынбыз. Тап сол кезде ол жерден бір кірпіш үйінді табылып, оның астынан будда дінінің түрлі заттары алынған еді. Қытайдан Орал тауына дейінгі зор кеңістікте Шыңғысханның кезінде қырғыз даласын жаулап алған моңғолдар өмір сүргенін айта кету керек. Сол моңғолдардың үрпағы – қалмақтарды қырғыздар біздің даламыздан аз уақыт қана бүрын, дәлірек айтқанда 1715 жылы барлық хандар тегінің басшысы Абылай ханның қолбасшылығымен ығыстырып шығарды. Абылай олардың батыры, менің кезімде де жауға қарсы олар «Абылай! Абылай!» деп шабатын.




П.П. Семенов-Тян-Шанский

Омбыда ешқандай өзгерістер болмағанын байқадым. Омбы қоғамы Ресейде өтіп жатқан оқиғалардың «алыстан естілетін дүмпуіне» құлақ та салмайтын еді. Онда дайындалып жатқан реформалар тікелей өздеріне қатысты болмағандықтан омбылық қоғамның назарын аударған жоқ. Шаруаларға азаттық берудің соңы орыстың шет аймақтағы өмірінің бүкіл құрылысын озгертетін басқа да көптеген реформаларға сөзсіз ұласатынын олар әлі пайымдамаған еді. Бұдан былай Батыс Сібірдің Бас басқармасының жоғарғы шендері Жетісу өлкесінің мемлекеттік Сібір-Ертіс шекарасы бойында орналасқан әскерге арналған азық-түлікті жеткізушілер мен сатып алушылардан өз қалтасына қосымша ақша алу мүмкіндігінен айрылатыны, ал Омбы кеңселерінің ұсақ шенеуніктері өздерінің ешқашан жазаланбай, ашық түрде айналысатын паракорлығын тоқтататыны ол екеуінің де ойына кіріп шыққан жоқ.

Генерал Гасфорттың және оның жақын әріптестерінің ынтасымен ерекше тапсырмаларды атқаруға Сібірге шақырылған, жоғары білімді шенеуніктердің жас үрпағы ғана ескі қоғамның жыртқыштық тонауға қарсы ауыр күресінде өз батылдығын тоқтатқан жоқ. Бірақ олар да генерал-губернатормен бірге бұл күрестегі өздерінің қауқарсыздығына көзі жетіп, Еуропалық Ресейге өтуге ұмтылатын. Дамып келе жатқан жергілікті қайраткерлердің арасындағы білімге құштар Г.Н. Потанин, Ш.Ш. Уәлиханов тәрізді ең бір таза жанды, дарындыларының өзі жоғары білімді Петербургтен алуға ұмтылатын еді.

Өзіме күмәнсіз қызмет көрсеткен құрметті қайраткермен біржола қоштасып және менің саяхатыма көп жәрдем тигізгені үшін оған Орыс Географиялық қоғамының атынан алғыс айта отырып, осы жолы мен оған тағы екі мәселе бойынша өтініш айттым.

Біріншіден, мен оған қазір Орыс және Берлин географиялық қоғамдарын және де бүкіл көзі ашық қауымды алаңдатып отырған д-р Адольф Шлагинтвейттің өлімі тура-



Шыңғыс Уәлихановтың жазғы ауылы.
Суретті түсірген Н. Буланже (XIX ғ. 60-шы жылдары).

өзінің тырнағымен шарасыз бөденені аяусыз тырп еткізбей бүктеп, ә дегенше-ақ миын шоқи бастады. Біздің алдымызда Шыңғыстың ортаазиялық шекпен киген бір туысқаны барабанын қағып шауып жүрді. Барабанның қатаң дауысына түйғынның темірдей шаңқылы ұласты. Осы бір көрініс орта ғасырды еске салды. Алдымызда шауып бара жатқан кішкентай бөркіне үкі қадаған қазақ қолбала екен: ол шабысын күшейткен кезде түйғын үзік-үзік шаңқылдап, қанатын жая түседі. Қасымызда ескіше киінген адамдар келе жатты.

14 тамыз. Сағат ондар шамасында Шыңғыстың қыстауы Сырымбетке қарай шықтық. Біз онымен кеше кездескен жерде ол тек түнейді екен. Оның жайылымы, Шыңғыстың айтуынша, қыстаудан 150 шақырымдай жерде орналасқан. Енді қыстауға жақындай түстік.

Шыңғыс тарантаспен тіке Сырымбетке кетті; біз де құс қағушылар мен қаршыға ұстаушылармен бірге сонда бет алдық. Кең даланың төсінде осы бір жартылай жабайы далалықтармен бірге жорту қандай жақсы, олар бізді желіктіріп, шабыттандырды....

Шыңғыстың қыстауы осы жайылымнан 10 шақырым жерде орналасқан. Оның үй-жайы қарағай



Сырымбет таулары.

орманымен көмкерілген екі көрікті таудан көрінбейді; таулы-тасты өрмен және еңіспен шығып-түскен кезде, біз өзіміздің помещиктік талғамымызға сай келетін бірнеше үйлерді, оның ортасында – мешітті көрдік. Шыңғыс әйелімен тұратын үйдің іші помещиктердің тәртібімен жиналған. Залда он екі пьесаға дейін ойнайтын орган аспабы; жайма жабылған айна, сутас (хрустал) салпыншағы бар қола шамдал, тап осындай шырағдан; есіктерде жүқа, бірақ кең аграмантпен жиектелген шай матадан тігілген перделер ілінген. Қонақ бөлмеде гарднерлік немесе корниловтық құмыралардың орнына қытай құмырасы қойылған: үстелде шам, диван және басқалар. Едендерге түтас ташкендтік және парсы кілемдері төселген; жиһаздарға жолбарыс, барыс және аюдың терілері жабылған. Жалпы әсері жағымды. Біз келе салысымен тамақтану, қымыз және шай ішу басталды. Бөлмеге сарғыш түсті жартылай жалаңаш балалар толып кетті.

Шыңғыстың қыстауында оның етжеңді әйелін көрдім. Ол түрілген шай шымылдықтың ар жағында жастықтардың арасында отырды. Үстіне оқамен көмкерілген таңқурай түстес кең жеңді ұзын барқыт көйлек киген, ал қасында шай көйлек киген сымбатты да ажарлы екі қыз отырды. Олардың өңі еуропалықтарға ұқсайды, бұл Шыңғыстың қыздары еді. Шоқан туралы айтқан кезде сұлтанның әйелі қатты жылай бастады.

Баянауылға келген күні кешке бізге округтің сұлтаны, Орта орданың ең ықпалды адамы және жүрттың айтуынша, шынында да, өте бір абыройлы кісі Мұса Шорманұлы Шорманов келді.

9 қыркүйек. Таңертең мен Г[утковскиймен] бірге



Мұса Шормановтың портреті (ортада). Кесілердің түсірген фото сурет.

белгілерді есепке алады және оларды көршілердің куәлігі арқылы анықтайды.

Орта жүз жерлерінің артықшылығы малдың барлық түрінің отарларын бір алқапта жайып, баға беруге болатындығында. Ұлы жүзде қысы-жазы түйені қамысқа айдайды, қойды – құмға, мүйізді малды – өзендерге айдайды.

Қырғыздарда мынадай бір сөз бар, бірде жылқы қойға айтыпты: «Қыста мен сенің тебіңгіңді, ал жаз-

Шоқан УӘЛИХАНОВ

Г.Н. ПОТАНИН

ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ҚЫРҒЫЗ АҢЫЗЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

(*Ш. Уәлихановтың жазбаларынан*)



Г.Е. Грум-Гржимайло

К.К. Гутковская өз әкесі К.К. Гутковскийдің қағаздарын ретке келтіре отырып, олардың ішінен Ш. Уәлихановтың бірнеше хаттарын, сондай-ақ, кейбіреуі К.К. Гутковскийдің өз қолымен көшірілген, кейбірін басқа біреу көшірген бірнеше қолжазба тауып алды, шамасы бұл Шоқан Уәлихановтың жазбалары мен мақалаларының тізімі болар. Жазбалардың ішінен Едіге туралы қырғыз аңызының түрлі нұсқаларының үзінділері, қара қырғыздардың Манас туралы жырының үзіндісі, атап айтқанда: Кокетай хан мен оның асы туралы, Шона батыр туралы, қырғыздардың наным-сенімдері туралы т.б. эпизодтар табылды. Бұл материалдардың бәрі Уәлихановтың шығармалар жинағын баспаға дайындап жатқан профессор Н.И. Веселовскийге тапсырылатын болады. Бұл жерде біз Едіге туралы аңыздағы бірнеше тақырыптарын басын қосып, біріктіруімен қызықты болатын бас жағындағы бөліктерін ғана сөз етеміз. Шоқан бұл жыр бойынша бірнеше ескертулер дайындағанын көреміз: бұл ескертулердің кейбіреуі жырдың өзімен бірге сақталған, біз осылардан бірнеше мысал келтіреміз.

Едіге туралы аңыз қырғыздарша жыр деп аталатын жанрға жатады. Сондықтан да Уәлиханов жырдың не екенін түсіндіреді. «Жыр дегеніміз, қысқаша айтқанда, рапсодия (*халықтық тақырыптағы ән-аспаптық сазды шығарма*). *Жырламақ* етістігі речитативпен *(операда ырғақтық-мәтіндік тіркестерді пайдаланатын әндету түрі)* сөйлеу дегенді білдіреді. Әдетте дала жырлары қобыздың сүйемелдеуімен речитативпен айтылады. Жырда көбінесе көне замандардағы батыр өмірі мен ерлігі туралы айтылады, баяндаудың өзі қара сөзбен айтылады да, дастанның кейіпкері немесе қаты-

университетте дәріс тыңдады және т.б. Өкінішке қарай, суық, дымқыл петербургтік ауа райы Уәлихановқа теріс әсер етіп, тез арада өкпе ауруының өршіген белгілері білініп, ол өз туған жеріне, даласына оралды. Сол жерде Шоқан 1865 жылы 31 жасында дүниеден өтті.

Уәлихановтың «Жоңғария очерктері», «Нан-лу қытай провинциясының алты шығыс қаласының жай-күйі туралы» атты еңбектері «Императорлық Орыс географиялық қоғамының жазбаларында» жарияланды, ол [қоғам] дарынды қырғызға жанашырлықпен қарады. Алайда, Уәлиханов Орта Азияның географиясы, тарихы мен этнографиясы бойынша өзі жинаған барлық ауқымды материалдарын өңдеп үлгермеді, оларды жинастыру үшін ол еңбегін де, ақша қаражатын да аяған жоқ. Жалпы алғанда, Уәлихановтың мақалаларынан автордың тек сезімтал байқағыштығын ғана емес, сонымен бірге жан-жақты білімсіз қорытылмайтын мәселелерді кеңінен түсіндіруін көре аламыз.

Осы мақаланың соңында қосарымыз, Уәлиханов кең жолға шыға отырып және өркениетті өмірді әбден игере отырып, өз отанына бөтен болған жоқ. Керісінше, ол мәдени өмірдің жағдайын жоғары бағалай келе, өз халқын шынайы сүйе білді және тек Ресейдің құдыретті қамқорлығы арқасында ғана азиялық халықтар өздерінің ғасырлар бойы орын алған тоқырауы мен білімсіздігінен құтыла алады деп ойлады.



Н. И. Наумов.

Г.Н. ПОТАНИН

ШЫҢҒЫС УӘЛИХАНОВТЫҢ АУЫЛЫНА САПАР ТУРАЛЫ

Моңғол ертегілері мен аңыздарын, сібір түркілерінің ертегілік сюжетімен салыстырумен айналыса отырып, мені қырғыздар арасында таралған кейбір сюжеттер қызықтырды. Өкінішке қарай, олар Қырғыз даласында жинақталған материалдарда жеткіліксіз

деген сенімдемін. Өзіме келер болсам, Шоқанмен бірге сол кезде құрастырған жоспардан ауытқымай, мен өз қолымнан келгеннің бәрін жасадым».

Ең соңында Бөлімше мүшелері мен қонақтар алдында қырғыз әншісі мен қырғыз әңгімешісі өнерлерін көрсетті.

Отырысқа адам көп келді. Г.Н. Потаниннің келуіне байланысты зал лық толды.

***

Үсынылып отырған жинақтың ертегілері Ақмола облысының Көкшетау уезінде, яғни қазақ-қырғыздар мекендейтін ауданда жазылып алынды, олар өздерін «қазақ» деп атайды, ал біз, орыстар, оларды қателесіп қырғыздар*[202] деп атаймыз. Бұл материалдар 1895 жылы менің Көкшетау уезіне сапарым кезінде, қырғыз сұлтаны, орыс әдебиетінде аты әйгілі Шоқан Уәлихановтың әкесі Шыңғыс Уәлиұлы Уәлихановтың аулында*[203] жазып алынды. Шыңғыс Уәлихановтың Көкшетау қаласынан батысқа қарай жүз шақырымдай жерде Сырымбет деген қыстауы бар; жазда ол өз табындарымен оңтүстікке қарай көшетін. Менің сапарым кезінде оны Сырымбеттен оңтүстікке қарай бірнеше көштен кейінгі жайлаудан таптым және осы жерден солтүстікке қарай, баяу, күніне 15 шақырымнан жүріп отырып және әрбір көштен кейін бірнеше күнге тоқтай отырып, мен оның аулымен бірге қыстауға көштім. Ертегілердің басым бөлігі осы көшіп жүргенде жазып алынды. Бұл сапарда маған Петроград университетінің студенті, Қаркаралы уезіндегі Тоқырауын өзенінің жағалауында туып-өскен жас қырғыз сұлтаны Сұлтанғазин ілесіп жүрді. Шыңғыс Уәлиұлының үлдары көптеген ертегі айта-



Г.Н. Потанин.

*[202] Алтай ертегілерінің жинағына ескертулерімде (Н.Я. Никифоров. «Аносский сборник» в Записках Западносибирского отдела ИРГО», т. XXXVII. 1916) дәл осылай қазақтар немесе қазақ-қырғыздар деп мен өзін-өзі «қазақ» деп атайтын халықты түсіндіремін. *(Потанинің ескертпесі).*

*[203] Осы сапарым туралы әңгімемді мен «Русское богатство» журналының 1896 ж. № 8 санында «В юрте последнего киргизского царевича» деген атпен шығардым. *(Потанинің ескертпесі).*



Көкіш Уәлиханов (Шоқанның інісі).

түседі; міне, өзен де көрінді, демек, жақын түста ауыл бар деген сөз.

Найманның сенімді сөйлегені сонша, осының бәрі ол үшін шындық сияқты еді. Казактар оған көніп, келесі төбешікке дейін жүруге келісті; егер ол төбешіктен кейін ештеңе көрінбесе, кері қайтамыз деді. Келесі адырдан ғана емес, одан кейінгіден де астық, бірақ ешқандай ауыл белгісі білінбеді. Казактар масайрап қалды. Жақын жерде ешқандай ауыл жоқтығы сөзсіз; үлкен ауылдың маңында мал жайылып жүретін еді. Бірақ казактардың бұл болжамының Найман үшін еш мәні жоқ еді; күн тас төбеде, ыстық, мал не үшін тауда жайылуы тиіс; олар қазір өзен жағасына тығылған, өзен шүңқырының түбінен көрінбей жатқан болар.

Осы кезде арт жағымыздан біздің жолымызды көлденеңінен кесіп өтіп бара жатқан екі салт атты көрінді. Олар тап біз бара жатқан жерге, төте жолмен, тау арқылы кетіп бара жатқандай көрінді. Салт аттыларды көргенде, Найманның алдымызда ауыл бар екеніне күмәні қалмады. Олар тең артқан ат жетектемей, салт атпен жеңіл келе жатыр, демек, жақын ауылдағы туыстарына немесе таныстарына қонаққа келе жатыр. Казактар да жақын маңда ауыл бар екеніне келісуге мәжбүр болды; біз іздеген ауыл болмаса да, басқа бір ауыл бар болар; ал біз олардан, ең болмаса, Уәлихановтың аулы қайда екенін сұрай аламыз.

Жүріп келе жатырмыз. Кенет біздің алдымызда онша терең емес сайдың ішінен көш көрінді. Міне, Уәлихановтардың ауылы деп ойладық, Найман да солай ойлаған тәрізді. Бірақ бір қызығы, киіз үйлер жоқ, тек киіздерге оралып жүктер салынған арбалар, олардың арасында киіз үйдің керегесінен жедел түрде тұрғызылған лашықтар көрінді.

– Е, бұлар көшіп жатыр! – деді Найман оларды көргенде.

Жақындап келгенде, оның Уәлихановтардың ауылы емес, бөтен біреулердікі екенін, ал Уәлихановтардың аулына бару

И.Ф. БАБКОВ

[Е.П. КОВАЛЕВСКИЙ ЖӘНЕ Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІНЕ ЖАЛПЫ ЫҚЫЛАС]

1858 жылы 6 маусымда мен Дербес Сібір корпусының обер-квартирмейстері болып тағайындалдым. Омбыға бара жатып, 2 жыл 24-ші жаяу әскер дивизиясының бастығы қызметінде болған көңілсіз, суық, батпақты Тобылды еш өкінішсіз тастап кеттім.

Омбының Ұлы Петрдің патшалығы кезінде 1716 жылы, ал Омбы бекінісінің 1759 жылы іргетасы қаланған. 1838 жылы генерал-губернатор князь Горчаковтың[1] кезінде Батыс Сібірдің әскери және азаматтық басқармасы Тобылдан Омбыға ауыстырылды. Осылайша Омбы іргетасы қаланғаннан бастап осы күнге дейін әкімшілік орталық болып отыр.

Мені Омбыға келгенде ең бірінші таңғалдырғаны, жоғары әкімшілік құрамның басқа тайпа адамдары болғаны: олардың барлығының шығу тегі шетел халықтарынан болды және көбі бөтен дінділер. Корпус командирі генерал Гасфорт, Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторы, Омбыда тұрағы бар генерал фон Фридрихс – екеуі де неміс, лютерандар; бекіністің комендант генерал Граве және менің жерлесім генерал барон Сильвергельм – екеуі де швед, лютерандар. Әскери губернатордың көмекшісі Гутковский – поляк, сібір қазақтарының талапты атаманы генерал Кринский[2] – поляк, корпус штабының кезекші штабс-офицері майор Круликевич – ол да поляк, артиллерия бастығы генерал Гинтовт латвин ғой деймін. Алайда оны швед Кройерус ауыстырды. Осылайша Омбы көкжиегінде тағы үшінші швед пайда болды, орыс шведтері мен немістері құрған ережемен қызметке кірісімен финляндиялық ағайындарының қамын ойлап, сол кездегі «нанды жерге» олардың екеуін орналастырды: майор Амонд оның ешқашанда жаяу әскерде қызмет етпегеніне, жаяу әскер қызметі туралы ешқандай түсінігі, әсіресе жақында енгізілген жаңа устав туралы түсінігі жоғына қарамастан Омбыдағы линия батальоны командирі лауазымына тағайындалды. Штаб бастығы Кройерустың қолдауы Амондқа корпус командирі Дюгамельдің кезінде өз лауазымында тұруына көмектесті. Алайда Омбыға жаңа корпус командирі Хрущев[5] келгенде, ол сол сәтте жұмыстан шығарылды. Басқа финляндиялық – Гартлинг омбы госпиталының бақылаушысы қызметіне тағайындалды. Кройерустың Гартлингті мұндай лауазымға тағайындауына Бас штабтағылар, ол кезде Бас штабтың бастығының көмекшісі қызметін атқарған менің жақсы досым сібірлік Лавр Никанорович Клугеннің айтуынша, таңғалған. Қалайша Батыс Сібірдің жергілікті әкімшілігі Омбыдан госпиталь бақы-

лаушысы болуға лайықты офицер таппай, бізге швед Гартлингті сонау Финляндиядан, тіпті Улеаборгтан, шақыртты деді ол маған. Гасфорттың өзінің де келбеті кезде нағыз неміске келеді. Оның адъютанттары екі інісі Блюменталь мен Экеблад болды, кейіннен оны Фридерикс, одан соң Врангель ауыстырды. Одан кейін Гасфорттың кезінде іссапарға жіберілген офицерлер, ординарлықтар сияқты, Гинце мен қырғыз Уәлиханов болды.

[1861 ж. аяғында] А.О. Дюгамель бөлу туралы жеке түсініктер беру үшін Петерборға баруға дайындалуды ұсынды.

Петерборға келісімен екі министрліктің басқармасына: Әскери және Сыртқы істерге көрінуім керек болды. Бәрінен бұрын Бас штабтың Азиялық бөліміне баруым керек. Менің бақытыма орай, бұл бөлімнің бастығының орнынан мейірімді және маған шын көңілмен қарайтын Кавказдағы штаб корпусында бірге қызмет еткен досым Дмитрий Ильич Романскийді кездестірдім. Д.И. Романский Әскери академия курсын менен бір жыл бұрын бітірді. Генерал-губернатор Дюгамельдің бұйрығымен Батыс Сібірге қатысты біраз шаруалармен сол кездегі Сібір комитетінің жұмыстарын қарайтын мемлекеттік хатшысы, құпия кеңесшісі И.И. Бутковқа баруым керек болды. И.И. Бутковтан соң Азия департаментінің бұрынғы директоры, Сібірден Петерборға барған бұрынғы іссапарларымның бірінде танысқан сенатор Е.П. Ковалевскийге де жолығуды міндет санадым. Е.П. Ковалевский ғалымдықпен қатар әкімшілік саласында да маңызды еңбек еткен орыс қайраткерлерінің қатарына жатады. Ішкі Африка, Черногор және Қытай саяхаты туралы жазбаларымен ол талантты жазушы және Шығыс білгірі атағын алды. 1847 жылы египеттің вице-королі Мехмед Әлидің шақыртуымен Е.П. Ковалевский алтын аралас топырақты зерттеу үшін Нубияға, тіпті Көгілдір Нілдегі Фатцогло төңірегіне дейін саяхат жасаған. Е.П. Ковалевский 1849 жылы біздің рухани миссияның мүшелерімен Пекинге ере жүріп, қытайлық шенеуніктер біздің миссияны әдейі жүргізіп және әр кезде әр бағытта Моңғолия арқылы Пекинге тура және қысқа жолға бізді адастыру мақсатымен Арқалық құмы арқылы өтетін бұрынғы жолдан өтпелге тиімді болатын миссия Пекинге көпестік трактпен Моңғолия шектестіктеріне дейін баруына ықпал етті. Е.П. Ковалевский 1851 жылы Құлжада қытай үкіметінің уәкілдерімен атақты Құлжа трактатын жасады, онымен Батыс Қытай қалалары Шәуешек пен Құлжада орыс саудасы ашылды, кейіннен ол қалаларда орыс консулдары ұйымдастырылды. Е.П. Ковалевский бұл сәтті жасалған трактат арқылы біздің Іле аймағымен айналысуымыз шұғыл қажет екенін және сауда керуендерінің қырғыздардың өзі орналасқан Батыс Қытай жері арқылы кедергісіз жүруін қамтамасыз ететін тәртіп пен тыныштық орнаған Ұлы жүз

және қара қырғыз ордасына орналасқан қырғыздар ортасы екенін көрсеткендей. Бұл жағынан алғанда Құлжа трактатының тек сауда ғана емес, саяси жағынан да маңызды мәні болды. Трактат біздің Орта Азияның түкпіріндегі Іле аймағына орналасуымызға бастау болған және ғылыми әлемге туған еліміздің шеті туралы алғашқы ақпараттар берген Батыс Сібірдің бірінші генерал-губернаторы болған, генерал князь Горчаковпен[4] басталған жаулаушылық қозғалыстың жалғасуына белсенді түрткі болды. 1853 жылы Е.П. Ковалевский Молдавия мен Валахияға іссапарға жіберілді, ал 1856 жылы маңызды және жауапты Азия департаментінің директоры лауазымына тағайындалды. Уәлихановты Қашғарға жіберу және Түркістандық аймақты басқару үшін Ташкентте әскери-әкімшілік орталық ашу қажеттігі туралы ойлар да Е.П. Ковалевскийге тиесілі.

Егор Петрович мені танысы ретінде қуана қарсы алды. Ол қытай шекарасы және Шәуешек қытайлармен келіссөз туралы егжей-тегжейлі сұрады. Оның барлық ескертулері мен қытай істері туралы нұсқаулары көзқарасының сенімділігімен ерекшеленді және мен терең ризашылықпен қабылдадым. Одан соң біздің әңгіміміз өткенді еске түсірумен жанданды, тіпті Қашғарға жіберілген агент, оған Г.Х. Гасфортпен жас офицер Шоқан Уәлиханов таңдалғаны туралы да әңгіме қозғадық. Осы жерде мен кішкене үзіліс жасап, Уәлихановтың Қашғарға жіберілуі туралы бірнеше сөз айтуым керек.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов сұлтандар, ақсүйектер әулетінен, Орта жүз қырғыздарынан шыққан және атақты Абылай ханның шөбересі.

1853 жылы Сібір кадет корпусынан корнет болып шығып, генерал-губернатор Гасфорттың ерекше тапсырмаларына тағайындалды, шамасы жас және епті қырғызға ізгілік танытқан болар. Мұндай қолдауды Уәлихановқа Сібір облыстары қырғыздарының әскери губернаторының көмекшісі полковник К.К. Гутковский де жасады. Сыртқы істер министрлігінде Е.П. Ковалевскийдің ойымен біздің агентті Қашғарға жіберу өте қажет екені туралы сұрақ туындағанда Г.Х. Гасфорт өз таңдауын Уәлихановқа жасады. Бұл іссапардың мақсаты саяси ақпараттар жинау және елдің географиясы, біз жақтан Қашғарға апаратын сауда жолдарының жай-күйін білу болды.

Уәлиханов, қырғыз болса да, мұндай іссапарға татар тілін білетіндіктен және кадет корпусында алған білімі және алғырлығымен, бақылағыш қасиетімен лайық болды. Уәлихановты Қашғарға жіберуге байланысты ерекше керуен жабдықтады, керуенбасы Семейде, одан соң Семей мен Сергиополь тауының арасындағы Арқат бекетінде түрған ташкенттік Бұқаш[5] болды. Ал Уәлиханов керуенде Бұқаштың туысқаны ретінде жүрді. 1858 ж. маусымда Семейден шыққан керуен Сергио-

поль қаласына, Қапалға және Верный бекінісіне, одан ары Шелік өзенінен Мерке өзеніне, одан соң Санташ өткелі арқылы аяғы Ыстықкөлге құйылатын Түп өзеніне бет түзеді. Одан ары керуен Зауқы өткелі арқылы Тянь-Шань жотасымен Нарын алабымен Құртқа бекінісіне, одан соң Шатыркөл көлінің жанынан және Теректі тау өткелі арқылы Қашғарға[6] бет түзеді. Барлық жүріп өткен жол Верный бекінісінен Қашғарға дейін 700 шақырым.

Сыртқы істер министрлігінде түсінікті шыдамсыздықпен және қызыққұмарлықпен Уәлихановтың Үндістанмен көрші және Кашмирден 350 шақырым жерде орналасқан беймәлім Қашғар саяхаты туралы егжей-тегжейлі хабарлама күтті. Бәрінен бұрын оған осы жұмысты ұйымдастырушы әрі шығыстанушы ретінде Е.П. Ковалевский қызықты. Уәлихановтың Қашғарда болғаны және онымен Шығыс Түркістан, Кіші Бұхара туралы қызықты мәліметтер жинағаны туралы хабар Е.П. Ковалевскийдің жақын танысы граф Блудов арқылы жоғары Петербор ортасына енді. Сыртқы істер министрлігіне Үндістаннан Қашғарға ақырында Қашғарда өлтірілген ағылшын агенті атақты Адольф Шлагинтвейттің жіберілгені туралы мәлім болғанда, олардың қызығушылығын арта түсті.

Сонымен қатар Уәлихановтың есеп беруіне көп уақыт керек болды. Оның тапсырылуы баяулап, есеп Қашғар мен Уәлиханов туралы әбден айтылып, әдеттегідей ұмыт болған кезде берілді.

Е.П. Ковалевскийге, түсінікті себеппен, мұның барлығы жағымсыз әсер қалдырды. Ол менің бұрынғы Сібірден Петерборға барған бір сапарымда Гасфортқа риза еместігін айтқан, өйткені оның біздің агенттің ағылшын агентінің сапарының қалай болғанымен салыстырғанда Қашғарға сапары сәтті болғаны туралы әңгімелер суып, ұмытылған уақытта есеп бергені түрткі болды.

Былайша алғанда, Ковалевский мен Гасфорттың арасында дүрдараздық қарым-қатынас болғанын байқадым, соңғысы кейде Азия департаментінен сыпайы сарынның астарынан Гасфорттың шегара істері жөніндегі кейбір бұйрықтарына ескертулер бар жеделхаттар алатын.

Уәлиханов туралы айтуымды аяқтау үшін мынаны қосқым келеді, оның Қашғарға сапары туралы есебін бітіріп, оны Гасфорт Сыртқы істер министрлігіне бергеннен кейін Уәлиханов Петерборға жіберілді. Е.П. Ковалевский Орта Азияның түкпіріне сәтті саяхат жасаған жас қырғызға өте қызығушылық танытты. Оны граф Блудовқа өз бауырластарының ортасындағы аса көрнекті тұлға ретінде, бастысы ол кезде көмескі ақпараттар ғана бар Қашғарда болған адам ретінде таныстырды. Басында Петерборда Уәлихановтың жолы болды. Алайда, одан соң ол жердің ауа райы оның денсаулығына

кері әсер етіп, ол Омбыға қайту керек деп шешті. Ол жерден Уәлиханов өз туған даласына барып, онда сұлтан Тезек Нұрәлиевтің қызына*[249] үйленді. 1864 жылы 31 жасында өкпе ауруынан қайтыс болды[7]. Уәлихановтың «Жоңғар очерктері» мен «Қытай провинциясы Нан-лудағы алты шығыс қалаларының жағдайы» мақалалары 1861 ж. «Географиялық қоғам жазбаларында» басылды. Ал Зауқы өткелінен Қашғарға дейінгі сапары туралы мақала 1868 жылы «Известияда» басылды.

Г.Н. ПОТАНИН

ЧЕРНЯЕВ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ШОҚАННЫҢ ӨМІРІНЕН ЭПИЗОД

1865 жылдың көктемінде мен Семейде отырып Тарбағатайға бару үшін Струвені күттім. Бұл уақытта әскерімен Ташкентті алу үшін Семей арқылы генерал Черняев өтіп бара жатты. Бұл Семей үшін айтулы оқиға болды. Бір ай бойы бұл қала арқылы Ташкент жорығына қатысушылар өтті. Инженерлер, саперлар және Бас штабтың офицерлерімен бірге Черняевтің артынан оқымыстылар, басқаша айтқанда қызықты адамдар өтті. Семейде қалжыңдап: «Түп-тура Наполеонның Египетке экспедициясындай» дейтін болды. Басқыншы өзімен бірге керемет нөкерлер апарды; ол орыс қоғамын өзінің ғылымға қамқорлығымен таңғалдырғысы келді. Бұл жорыққа қатысуға Омбыдан менің досым Шоқан Уәлиханов, Тобылдан шенеунік этнограф Южаков тартылды.

Бірақ Шоқан Ташкенттегі штурмға қатысқан жоқ; ол Черняевтан бөлініп, жолдан қайтып кетті. Ташкент хандығының шығыс шекарасының күшейтілген жеріндегі Бішкек қаласына келіп, Черняев оны күшпен алмақшы болып, әскеріне бір күн бойы қаланы тонауға рұқсат беруге уәде берді. 60-жылдардың адамгершілікті әдебиетімен тәрбиеленген, петербор әдебиетшілері, ақындары және әйгілі оқымыстылары ортасында өскен, Достоевскиймен, ботаник Бекетовпен, т.б. таныс болған Шоқан генералдың шешімін естіп, оны бұл шешімінен бас тартуға көндіргісі келді. Генерал келіспеді, үлкен әңгіме болды. Шоқанның Черняевтан көңілі қалып, әскерді тастап, Верныйға қайтып келді.

*[249] Дұрыс емес. Шоқан Тезектің қарындасына үйленген.

Г.Н. ПОТАНИН

БІЗДІҢ АРМАНДАР

Мен оқыған кадет корпусы сол кездері әлі жете зерттелмеген Қырғыз даласы басталатын Омбы қаласында орналасты. Біздің сынып инспекторы Ждан-Пушкин қырғыз даласында қызмет ететінімізді, сондай-ақ еуропалықтардың аяғы баспаған жерлерге де барып, оларды суреттеу арқылы ғылымға үлес қоса алатынымызды айтты. Әсіресе, ол мұндай сөздерді шығу тегі казак кадеттеріне айтатын; ол оларға маршруттық түсірілімге үйренуге нұсқау берді, ал география пәні мұғалімінен кадеттерге қырғыз даласы географиясын толық оқып беруді сұрады.

Бұған тағы да екі жағдай қосылды. Біріншіден, менің әкем жеті маршрут жасаған, бір рет ол Ташкент пен Қоқанға да жеткен (оның Қоқанда болған сапары өз кезінде «Әскери журналда» басылған). Менің қолыма оның қызықты әңгімелермен толтырылған екі қойын дәптері тиді.

Екіншіден, менің көзімше корпусқа кішкентай қырғыз баласы оқуға түсті; кейіннен сұлтан баласы Шоқан Уәлиханов менің досыма айналды. Ол өте дарынды бала болды. Жергілікті басқарма оған болашақ саяхатшы ретінде қарай бастады. Ол қырғыздардың тұрмысы туралы көп айтатын; оның әңгімелері қызықтырғаны соншалық, мен оларды жазып алатын болдым. Көп кешікпей оның әңгімелерінен менде бір қалың дәптер толды. Шоқан бұл кезде орысша жақсы сөйлей және жаза алмайтын, бірақ ол сурет салуды білетін. Ол қырғыз қарулары, аңшы жабдықтары, теріден жасалған ыдыстарды салу арқылы дәптеріме сурет араластырып отырды. Корпустағы соңғы жылдарында Шоқан жақтаушыларының нұсқауы бойынша ол өз борышына байсалдылықпен дайындала бастады. Қырғыз даласы және Түркістанға барған сапарлар туралы оқыды, Шығыс тарихын үйренді, т.б.

Нәтижесінде Шоқан офицер болған кезінде-ақ П.П. Семенов ағасына ол жайлы жазған сипаттамасында: орталықтан алыс жерде өмір сүрсе де, шығыс әдебиеті туралы көп оқыған таңғаларлық жас кісі ретінде көрсетті.

Мен Шоқанның үздіксіз дайындықтарының куәгері болдым; оған Шығыс жайлы көп қызықты кітаптар алып келетін, ал Шоқан оларды менімен бөлісетін. Екеуміз бір уақытта Палластың саяхаттарын ескі орыс аудармасында оқып шықтық. Бұл мен үшін жоғары дәрежедегі сенсациялық оқу болды. Бұл кітаптың беттері бізді Орал даласының Жайық жағасына алып келді. Бұл беттерден маған жусан және басқа да дала гүлдерінің хош иісі аңқитын; мен өзен үстінен ұшып бара жатқан шағала құстардың шуылдағанын естіген сияқты болдым. Менің саяхат туралы арманым жаңа сипат алды; Пал-

лас менің теңіз жайлы арманымды құрлықтағы саяхатқа айналдырды, сондай-ақ оларды менің өмірім мен қызметім өтетін аумаққа жақындатып берді. Ол Шоқандікі болмаса да, менің армандарымды төменгі жер қыртысының болмысына түсіріп, біздің болмысымыздың географиялық шекараларына нұсқады.

1852 ж. мен курсты бітіріп, Шоқанмен қоштасып, кадет корпусынан кеттім, ал Шоқан болса тағы бір жыл оқуы тиіс еді. Негізінде, оның сыныптастары менен екі жыл кейін бітіруі керек еді, бірақ ол бір жыл бұрын шығатын болды. Себебі корпуста соңғы жылы тактика, фортификация, артиллерия т.б. арнайы әскери ғылымдарды оқытатын, бірақ мемлекет бұратаналарды бұлармен таныстыруды қауіпті деп есептейтін.

Біз Шоқан екеуіміз де Омбыда тұрған кезімізде жиі кездесетінбіз; кейде ол маған келіп кеш бойы отырса, кейде мен оған баратынмын. Осындай кездесулерде ол біздің болашақ саяхаттарымыздың жобасын жасайтын.

Ол саяхатқа дайындалу үшін, біріншіден, біз Петерборға барып, сол жерден университетке түсуіміз керектігін айтатын. Онда өзі шығыстану факультетіне, ал мені жаратылыстану-тарих бөлімінің физика-математика факультетіне жіберді. Саяхат кезінде ол шығыс тайпаларының филологиясымен айналысса, мен Петербордың ботаника бақшасы мен ғылым Академиясының зоологиялық мұражайына коллекция жинауым керек еді. Өз жобаларында Шоқан алысқа кететін; сол кезде еуропалықтарға Қытай шекарасы әлі жабық еді, сондықтан бұл мемлекеттің маңында тек қана жасырын атпен сапар шегуді армандауға болатын еді. Оның да ойлайтыны осы, қандай болса да бетперде бүркеніп, Аспан асты империясының сырлы жер қойнауына кіру еді. Александр Гумбольдтың «Asie Centrale» еңбегінен оқыған Кукунор көлінің шалғайдағы жағалауына және қоршаған патриарх тауларға жетуді армандайтын. Бұл арманы әрқашан оның ойында еді және оның сөйлеуінен, қимылынан білініп тұратын.

Артиллерия офицері Колосов, менің корпустағы сыныптасым, кейіннен маған өзін таңғалдырған оқиғаны айтып берді. Кадет тобы Ертіске қарайтын кадет корпусының қақпасының жанында тұрған; бұл топта Шоқан да бар еді. Жастардың көз алдында Ертіс өзені, ар жағында көкжиекке көтерілетін қырғыз даласының суреті ашылды. Уәлиханов құмарлық көзімен алысқа қарап, сосын аяқтарына бір қарап: «Бұл аяқтар қай жерге баратынын бір алла біледі» деді. Колосов ол кезде Шоқаннан төрт жасқа кішкентай, әлі жас бала болатын. Ол кейіннен бұл сөздің оның жадында қалғанын айтты және сол кезде өзінің алдында айрықша адамның тұрғанын сезгендей болған.

Шынында Шоқанға алыс Кукунор жағалауына, Сары өзеннің басына баруды армандау бөгетсіз іс еді. Менің жағдайым мүлдем басқаша болды.

Мен казак офицері едім, ал казактар – басыбайлы мемлекет. Офицер болсын, қарапайым казак болсын олардың бәрі белгілі ұзақ уақытқа әскери қызмет атқаруға міндетті еді. Казак офицері ауыспай 25 жыл қызмет етуі керек еді; олардың жағдайы аянышты болды, алатын жалақылары да мардымсыз еді; кадет корпусынан шыққан жаяу әскер офицері жылына 250 сом алғанда, казак офицері тек 72 сом алатын, сонымен қатар оларға үй, жылу, жем-шөптер берілмеді және қызметі аяқталған соң зейнетақы да алмайтын. 25 жыл мерзімі бар казак офицері қызметтен бас тартуға және қызмет түрін өзгертуге құқығы болмады, ол 25 жыл бойы тек өзінің әскерінде қызмет етуі керек; яғни, Сібір казагы тек Сібір әскерінде, орынборлық тек Орынборда.

Мен қалай ғана Шоқанның қызықтырарлықтай армандарының соңынан еріп кеттім? Оның арманы еркін, ал мен өз жобаларымда шектеулі едім. Қызық: менің шығу тегім державалық тайпаға жатса, Шоқан артта қалған нәсілдің мүшесі болған бұратана еді. Менің азаматтық құқығым шектеулі болса, Шоқан еркін азамат еді.

Шоқан өзінің кісіні еліктіретін жоспарларын дамытып айтып жүрген кезде, олар мені көп алаңдатқан жоқ. Шоқанмен бірге саяхаттаудың іске аспайтындығына әбден көзім жеткен соң қиялдарым кесіле бастады. Шоқан өзінің жоспарларын қызыға, шаттанып айтушы еді, бірақ оның сөздері менің құлағыма да ілінбей, қабырғаға тиген бұршақ дәніндей қайта үшып кетуші еді. Менде Ғылым Академиясының зоологиялық мұражайына және ботаника бағына коллекцияны Сібір әскери казактары жорықтарға шығатын аймақтарда ғана жинаймын деген ой қалыптасқан.

Менің басқа әскерде емес, тек Сібір казактарының әскерінде офицер болып істеуіме болар еді, бірақ тек осы әскерлер құрамына ғана кез келген полкті таңдауым керек еді. Мен сегізіншіні, штаб-квартирасы Семейде орналасқанды таңдап алдым.

Біріншіден мен Қорған мен Петропавлдың арасындағы Горький линиясында туып-өскен азамат ретінде оңтүстікті көргім келді, ал 8-ші полк болса Сібір казактары әскерлерінің полктарының ішіндегі ең бір оңтүстігінде орналасқан полк; екіншіден мен өз көзіммен тауларды көргім келді, ал полктің біршама бөлігі батыс Алтайдың алқаптарында орналасқан.

Семейге келгенімде мен полк командирінен демалыс алдым да, Өскеменде тұратын ағамды көріп қайту үшін әкем екеуіміз сонда кеттік. Үлбі өзенінің сағасынан Змеиногорскке дейін жолдың жартысы тау-тасты болатын. Онда мен бірінші

рет нағыз тауларды көрдім және таулар жайында менің балалық түсінігімнің қаншалықты ақиқатпен сәйкес келетініне көзім жетті. Мен бұрын-соңды кітаптар мен суреттерден көріп жүрген таулы алқаптардың өмірде дәл сондай екендігі мені қатты таңғалдырды, сонда да менің ойымды балалық қиял билеп тұрды.

Семейде мен қысты өткіздім де, көктемде мені жорыққа тағайындады. Казактардың екі жүздігі Семейден Қырғыз даласына, Қапалға, Жоңғар Алатауының етегінде орналасқан қыстаққа жіберіледі. Сол жерден олар бір рота солдатпен бірігіп Іле өзенінен оңтүстікке қарай Тянь-Шаньның етегінде жаңа, орыс елдімекенінің, қазіргі Верныйдың негізін қалау үшін аттануы керек болатын. Мен осы отрядтың құрамына тағайындалдым. Мен Іле өлкесінде жарты жыл тұрдым[1]. Верныйдың негізінің қалануы туралы тарихты мен кейін басқа ерекше тарауда айтып бермекпін. Верныйдан мен өзімнің полкіме Семейге қайта оралдым.

П.П.Семенов Тянь-Шанда, Ыстықкөлдің төңірегінде саяхаттап жүрген кезінде, мен Семейде қызмет атқарып, полк командирімен үрсысып[2], Алтайда Өскемен мен Бийскінің ортасындағы орналасқан 9-шы полкке ауысып, ең соңында Омбыдағы әскери басқарма қызметіне орналасып та үлгердім.

Мен Омбыда болған кезімде өзінің саяхатынан П.П. Семенов оралып, менімен танысты. Омбыға келгенінде бірінші Верныйда танысқан Шоқанды тауып алып, сонан соң екеуі маған келді. Ол кезде менің Омбы облыстық мұрағаттарының ең ескі томдарын құрайтын «Генерал Киндерманның әскери-жорықтық кеңсесінің» мұрағатынан көшірме жасаудан қолым босамай жатқан.

П.П. Семенов Орта Азияның жақын бөліктерімен біздің байланысымыздың тарихына мәлімет ретінде қажет болатын құжаттарыма қызығушылық таныта, содан кейін менің Шарыш алқабында жасаған гербариімді қарап шықты. Оның әр өсімдікке латынша атау беруі мені қатты таңғалдырды. Қасымда отырған кезінде ол маған қайта-қайта Петербордағы университетке баруым керек екенін, егер Сібірде қалатын болсам менен ешнәрсе шықпайтынын, осылай қарапайым казак офицері болып қалатынымды айтты. Ол мені Сібірден алып шығу үшін мынандай әдіс ойлап тапты: жазға қарай Омбыға кадет корпусының оқу бөлімін тексеруге келетін ірі шенеушік ағасына маған кепілдеме хат береді; граф Ростовцевпен достық қарым-қатынастағы ол ағасы графтан мені барлық казак әскери басқармасының бұрынғы бастығы генерал Веревкинге таныстырып, ұсынуын сұрайды. Генерал Веревкин мені өзінің жеке адъютанты етіп алады, осылайша заңды бұзбай казак сословиесінен шықпай-ақ казак офицері болып қала берем де, Петерборға қоныс ауыстырамын. «Сіздің қызметіңіз бар болға-

ны генералға түстенуге келесіз де, оның жұбайына қуырылған тауықты бөлуге көмектесесіз», – деп қалжыңдады П.П.

П.П. Семеновке Омбыдағы барған сапарым менің есімде қалды. Мен оның төсекте жатқан жерінің үстінен түстім; иығына жеңіл, әсем альмавиваны жауып шықты. Ол маған өзінің қолжазбаларын көрсетіп, мені жұмыс істеуге үйретті, уақытты үнемдеуді талап етті, майда-шүйделерге көңіл бөле бермеуімді, тек маңыздыларына тоқталуымның қажет екендігін айтты. Осы уақыт бойы мен басқа бір астаналық әлемнің ықпалында болдым. Осының алдында ғана «Географиялық қоғамның хабаршысында» П.П. Семеновтың Тянь-Шанда жазылған жол жазбаларын оқыдым; автор мақалада Байронның далада шарықтаған бүркіт туралы жазған екі жолын ағылшын тілінде енгізіпті; менің алдымда мәдениетке бай әлемнің өкілі тұрды. Омбының алыс түпкірінде сирек кездесетін бұл жоғары мәдениетті адам бұрынғы бір бояриннің ұрпағы еді.

П.П. Семенов Омбыдан кетті, ал мен оның ағасына жіберген хатының нәтижесін күтіп қалдым, бірақ мен ұзақ уақытқа дейін Петербордан ешқандай хабар алмадым да, бұл қолдаудан үмітімді үзуім керек деп ойлай бастадым. Бірақ астанаға кету туралы ойдан бас тарта алмадым. П.П. Семенов бұрын өзімнің крепостнойлық халімді ойлап сөндіріп тастаған арман-тілегтерімді оятты. Енді мен де университет аудиториялары, Кукунор жағалауы жайында армандай бастадым.

Казак сословиесінен шығудың қандайда да бір тәсілін ойлап табу керек болды. Шығудың жолдары өте аз және қиын болды. Офицердің алдында екі жол тұрды: бірі – Бас штабтың Академиясына түсу, бірақ мен бұл жолда жетістікке жетуге үміттенбедім. Сібір әскерінен шығудың бір ғана жолы – Бас штабтың Академиясы арқылы ғана еді. Басқа бір жолы – ауырған жағдайда еді. Бірақ мен, өкінішке орай, денім сау болғандықтан бұл әдісті пайдалана алмайтын едім.

Сол бір азаптанған кездерімде мені бір казак офицерінің туған күніне шақырды. Казак офицерлерінен құралған қонақтардың ортасында әскери бастықтарға өз себебін түсіндірместен офицерлерді отставкаға жіберуге құқық берген әскери министрдің соңғы бұйрығы туралы қалжыңдап айттым; отставкаға шыққан офицер қызметке қайта кіруі құқығын жоғалтады. Егер менің полк командирім осы бұйрыққа сәйкес мені ешқандай сылтаусыз, себебін түсіндірмей отставкаға шығарса, мен осы бұйрықты қуана пайдаланып қалатынымды және оған шексіз алғысымды білдіретінімді офицерлерге айттым.

Қонақтардың арасында болған казак полковнигі біздің әңгімемізге кірісіп кетті. Ол маған: «Сіз амалсыз жағдайдамын деп бекер ойлайсыз, денсаулығыңызға байланысты отставкаға арыз берсеңіз, сізді жібереді», – деді.

– Мен білемін, – дедім мен, – бірақ мен саумын, ол

үшін мен дәрігерге әжептәуір ақша төлеп жалған куәлік алуым керек, менде ондай ақша жоқ.

– Сандырақ, ақшасыз-ақ береді.

– Ондай болса мен ертең-ақ атаманға барамын.

Расында да келесі күні мен қылышымды іліп атаманға бардым. Сол кездері атаман генерал Кринский[3] болды, ол поляк татарынан шыққан, бірақ мұсылман емес, католик, Спасовичтің[4] жақын танысы, жас кезінде генерал «Увражи социалистовты» оқыған, өзінің айтуынша Прудонды[5], Луи Бланды[6] және т.б. оқыған. Генерал Мәскеу университетін бітірген, одан кейін әскери қызметке түскен.

Мен оған өзімнің өтінішімді айтқан кезде ол: «Керемет, мен сіздің айтқандарыңызды мақұлдаймын. Сіз бұны жақсы ойлап тапқан екенсіз, бірақ сізге болмайды ғой, сіз 25 жыл қызмет етуіңіз керек қой», – деді.

– Ал денсаулыққа байланысты болса, сіздің ұлы мәртебеңіз.

– А! Денсаулығыңызға байланысты ма? Бұл дегеніміз өзіңізде жоқ қандай да бір ауруды ойлап табу ғой. Жарайды, мұны істеуге болады. Әскери дәрігерден мен өзім оның бірнәрсе ойлап табуын сұрайын.

Әскери дәрігер поляк Войткеевич деген аққөңіл қарт болатын; генералдың айтуымен, қай бүйірімде екені қазір есімде жоқ, ол маған жара ойлап тапты. Бұл жара маған атпен жүруге кедергі келтіретін болды. Дәрігер маған куәлікті тапсырып тұрып: «Байқаңыз жараның қай бүйіріңізде екенін ұмытпаңыз», – деп бірнеше рет қайталады.

Менің арызым белгіленген тәртіп бойынша қаралды. Басты шешім генерал-губернатор Гасфортқа байланысты болды. Штаб басшысы оған мәлімдемесімен кеткен кезде мен оның келгенін кеңседе күтейін деп шештім. Барлық шен иелері мен хатшылар тарап кетті, ал мен болсам күдіктеріммен азаптанып бос бөлмелерде теңселіп жүрдім. Әйтеуір штаб бастығы келді. Генерал-губернатор отставкаға келісім берді, бірақ сіз азаматтық қызметке өтініш жазсаңыз «келісім беретінін» айтты. Мен отставкаға университетке түсу үшін шығатынымды, мемлекеттік қызметті ешқашан жоққа шығармайтынымды айттым, қызметтен ешқашан бас тартпауға ант етемін деп уәде бердім.

Г.Н. ПОТАНИН

ОМБЫ ҮЙІРМЕСІ [ЖӘНЕ ЖАҢА АҒЫМ]

Ақырында мен Омбыға ауыстырылдым. Соңғы қала менің өмірімдегі алыс түпкірден шет жатқан астана сияқты ерекшеленді. Мұнда кітаптар және адамдар бар, ол жақта

мұндай жоқ еді. Верныйда біздің бастығымыз полковник Перемышльский болды; ол Мәскеу университетінің курсын бітірген, «Современникті» жаздырып алатын либерал және ізгі адам еді, бірақ басқа қоғамнан өзін алыс ұстайтын. Басқа басшылар не тек мейірімді немесе көбінесе жағымсыз тұлғалар болды. Осы алыс түпкірдегі өмірімде менің бірде-бір саналы адаммен кездескен сәттерім болмады.

Семейде мен Достоевскиймен кездестім. Бірақ бір минутқа қана: мен есіктен кіріп келе жатқанда, ол шығып бара жатты. Мен оған жол берейін деп есіктің бір жағына қарай ығыстым. Ол есіктің ар жағында менің бірінші болып табалдырықты аттауымды күтіп тұрды. Ақырында ол маған күлімдеп былай деді: «Қытайдың он мыңдаған сансыз әдеп жоралары»[1]. Одан естігенім осы ғана. Осы уақыт аралығындағы тағы бір кездесуді еске түсіруім керек. Қапал бастығының бүйрығымен менің Құлжаға орыс консулы Захаровке күміс апаруым керек болды. Мен онда бірнеше күн тұрдым. Захаров, шамасы Құлжада зерігіп жатқан болу керек, мен оған жағымды қонақ болдым. Онымен әңгіме барысында Захаровтың Сібір приказчиктері туралы пікірі мені қатты қызықтырды. Ол бұлар Еуропалық Ресейдің приказчиктеріне ұқсамайтын ерекше халық деп айтты. Сібірге жасаған саяхаты кезінде Пекиннен Петерборға бара жатқан жолда ол Ирбиттан және Макарьевский көрмесінен қайтып келе жатқан немесе бара жатқан Сібір приказчиктерімен бірнеше рет кездесіп, пошта бекеттерінде шай ішіп әңгіме-дүкен құрған. Оның айтуынша, олар оны өздерінің ақылды пайымдауларымен және батыстағы жолдастарына қарағанда ауқымды көзқарастарымен таңғалдырған... «Сібір, – деді Захаров, – әзірге еш қамсыз күйде тиін мен құндыз аулап жүр, бірақ ол өз сөзін айтатын кезі келеді». Омбыға қайтқанға дейін, Захаровтың сөзімен айтқанда, тек «тиін мен құндыз аулаумен болдым».

Мені Омбыға шақырды. Мен мұнда кітаптар да, адамдар да таптым; мұнда менің ескі достарым Пирожков пен Чукреев кіретін қазақ үйірмесі болатын. Оларға жаңа ғана офицерлер корпусынан шыққан офицер Ф.Н. Усов қосылды; бұл жерде осы уақытта Шоқан Уәлиханов тұрып жатты. Казактардың үйірмесінен маған қазақтық патриотизм есті; Шоқан өзінің қырғыз халқына қызмет етуді армандады; былайша айтқанда, мен патриоттық ортада қалдым.

Бұл Париж әлемінен[2] Севастопольдық компанияны бітіргеннен кейінгі уақыт еді. Ауада «жаңа рух» лебі есті, журналдар батылырақ айтатын болды, басыбайлылық құқық туралы айтуға салынған тыйым алынды; әрбір айлық кітапша көз алдымызда төңкеріс жасап отырды. Біз ашкөздікпен «Современник» және «Русский вестник» кітапшаларын алдық. Осы уақытта менің қолыма екі мақала түсті: «Жауапты хабарлама-

да» шыққан шығыстанушы Березиннің отар туралы; «Современниктегі» Пейзиннің жер аудару және жер аударылған отарлар туралы мақаласы. Пейзиннің мақаласынан мен Сібірдің айыппұлдық отар екенін білдім. Ол қылмыскерлердің жер аударылуы туралы, батыс еуропа елдеріне жер аударылу туралы және батыс еуропалық айыппұлдық отарлардың метрополиядағы отарға қарсылығы туралы айтады, сонымен қатар ол Франклиннің жер аударуға қарсы памфлеті туралы айтады. «Сендер, ағылшындар, не айтар едіңдер – деді ол ағылшындарға – егер біз өз жағымыздан біздің барлық жыландар мен улы жануарларымызды жинап, сендердің жағалауларыңа апарып тастасақ?» Сібірлік патриот бұл сөздерді өз отанына айта алмайды. Осылайша ақырындап сібірлік публицистің қайраткерлік міндеті айқындалды. Осы уақыт шамасында мен Сібірдің өз әдеби патриоты бар екенін білдім. Бұл «Сібірдің тарихи көрінісі» атты екі томды кітабының авторы, Петерборда айтылған қайдағы бір еркін ойы үшін Сібірге жіберілген Сперанскийдің досы Соловцов еді.

Отанында ол Сібірдегі барлық училищелердің инспекторы болып тағайындалды. Оның сібір патриоты екені сібір қоғамына айқын еді. Оның сібірге деген жақындығын алшақтатқан оның тарихи шолуында екі-үш жер ғана сезіледі. Ал басқа жарқын патриот Ершов – «Конек-горбуноктың» авторы туралы – мен кейінірек, Петерборда білдім.

Омбыда қаланың ішкі өміріне үлкен мағына беретін Капустиндердің үйі болды. Мен бұл үй туралы Географиялық қоғаммен Петерборда шыққан Шоқан Уәлихановтың Шығармалар жинағының алғы сөзінде профессор Н.И. Веселовский енгізген Шоқан Уәлиханов туралы өмірбаяндық хабарламада айтып өткенмін. Капустин Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесшілерінің бірі болды, сондықтан Омбыдағы атаулы шенеуніктердің бірі болды. Ол екінші әйеліне үйленген және екі некесінен де балалары болды. Ол Петерборда қызмет етіп, «Правительственный вестник» газеті бөлімінің редакторы болды[3]. Ол орыс қоғамына өзінің мақалаларымен атақты болып, өмірінің соңына дейін соған сеніп кетті.

Бұл үйдегі ең қызықты тұлға Капустиннің әйелі, тумысында Менделеева, Екатерина Ивановна болды. Петрашевтік Дуров оны құрметпен шақырып, оны «әулие әйел» деп атады. Ол үйді тартымды етті. Оның балалары әлі жасөспірім еді, сондықтан қыздары жастарды қалыңдық ретінде қарата алмайтын; бұл жанұяның достарына жанұяның анасы, өзінің аналық міндетіне байсалдылықпен қарайтын, атақты орыс химигінің туған апасы Екатерина Ивановна ерекше әсер қалдыратын. Менделеевтердің әкесі Тобылда қызмет етті, оның Сібірде жеке ең үлкен кітапханасы болды. Осыларды ойласақ, бұл үй жоғары мәдениетті үй болды.

Бірінші некесінен туған үлкен қызы[4] білімді поляк, Омбыда тұратын полковник Гутковскийге тұрмысқа шыққан. Бірінші некесінен туған Семен Яковлевич заң факультетінің курсын бітіріп Қазаннан қайтқан, Омбыдағы мейірімді шенеуніктердің бірі жас шенеунік болды. Одан соң ол Петербордағы «Правительственный вестник» редакциясында қызмет етті, бұл газеттің земск бөлімін басқарып, публицистикада орыстың жер қауымының көзі жеткен табынушысы және мақалалар мен баяндамалардың авторы ретінде атақты болды.

Екатерина Ивановнаның қонақ бөлмесінде омбы зиялы қауымы жиналады: Бас штабтың жас офицерлері, жоғары мектепті бітірген бас Басқарманың шенеуніктері, ұлы Капустин Семен Яковлевичтің достары, суретшілер, мысалы Бас штабтың офицері Померанцев, саяси жер аударылған, мысалы петрашевтік Дуров. Егер бір жылдан кейін Омбыдан бір ғалым-саяхатшы немесе профессор өтіп бара жатса, мысалы, П.П. Семенов, ол міндетті түрде Екатерина Ивановнаның қонақ бөлмесінен табылатын. Бір сөзбен айтқанда, қызықты, білімді, либералды қоғам жиналатын. Мұнда Чарльз Диккенсті оқып, оған сыйынды; Гейненің аудармаларын ашкөздікпен алып, оның өлеңдерін мәнерлеп оқыды; «Современник» журналының қаңтарлық кітапшасының қабында әдеттегідей жаңа әдеби жаңалықтар басылып тұрды. Капустиндердің үйінде Тургенев жаңа повесінде не айтады деген сұрақ туындап, оларды құлшына күтті. Бұл үй Омбыдағы қоғамдық пікірдің құрылуына үлкен ықпал етті. Мен Капустиндерге шақырылған емеспін, алайда олардың үйінің демін өзімнен сезгендей болдым, онымен қоса олар мен менің арамда байланысшы болып Шоқан пайда болды. Ол кезекпен бірде Капустиндерде, бірде Гутковскийлерде түстеніп жүрді.

Капустиндердің үйі Мокреда форштадта болды, бұл екі қабатты үй форштадтың түкпірінде орналасты. Қаланың осы бөлігін Капустиндердің жақын достары да паналады. Көпірден Мокреға жақындағанда олардың үйлерінің қатарында көзге оғаш көрінетін өңкиген – көпес әйелі Коробейниковтардың үйі тұратын; Шоқан оған «Аббаттық вестминистрлік» деп лақап ат қойған. Оның жанында терезе қақпағында жүрек тәрізді ойығы бар кішігірім үй тұр; бұл петрашевтік Дуровтың пәтері. Оң жақта – Ом өзеніне жақын, көшеге шығатын жер; осы жерден алыс емес көше басының оң жағындағы тапал үйде Шоқан тұрды, ал көшенің түкпірінен Капустиндердің екі қабатты үйі көрінеді. Осында, Мокраның бір жерінде Гутковский тұрды.

Омбыда мен екі рухани бетбұрысты өткердім. Біріншіден, мені Шоқан таныстырған петрашевтік Дуровпен кездескеннен кейін мен өзімнің саяси сенімімді өзгерттім; бұл кездесуге дейін мен император Николай I екінші Ұлы Петрді көргендей

құрметтейтінмін; Дуровпен кездесуден кейін мен петрашевтік болдым. Менің сенімімнің бетбұрысы туралы Н.К. Михайловтың құрметіне шығарылған «Атақты лауазымда» жинағында басылған «Дуров» атты мақаламда айттым. Басқа бетбұрыс менің болашақ туралы жоспарымда болды. Мен бұрын айтқандай, өзімнің казак сословиесінен шығуымды үмітсіздік деп есептедім: мен өмір бақи казак офицері болуға көнген едім, алайда оқырмандарға белгілі болғандай, П.П. Семеновтың келуі менің университетке түсу мүмкіндігіне үміт берді.

Г.Н. ПОТАНИН

[СІБІР ҮЙІРМЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ] (КОЛОНИЯ МЕН МЕТРОПОЛИЯ)

Петерборда өткізген үш жыл мүмкін біздің өмірімізде ең маңызды болған шығар және бұл жылдар біздің саяси тәрбиелену жылдары болды. Бұл жылдары біздің жеке қасиеттеріміз анықталып, біздің сяаси көзқарасымызға бағыт беріліп, қоғамдық қайраткерлікте бізге ерекше орын көрсетілді.

Жоғарыда айтылғандай, Сібірге кетпей түрғандағы Петерборда өткізген үш жылдың тәрбиелік маңызы болды. Бұл 60-жылдардың нағыз қызған кезі еді, мүлде ерекше уақыт уақыт. Жаңа ойлар, жаңа ағым біздің басымызға келіп жатты. Бұл кезде Петербор университетінің орыс тарихы кафедрасын федералист Костомаров[1] алды. Осы уақыт шамасында тағы бір федералист, біздің жерлесіміз Щапов пайда болды. «Век»[2] газетінде Щапов федералистік ойлар айтқан өз мақалаларын жариялады. Біз империяның басқа облыстарымен құқықтары бірдей біз уәкілі болып отырғанды астаналық зиялы қауым ортасын аймағымызда пайдалана ма, Үкімет соларды теңестіру үшін шаралар қолданып жатыр ма, Сібірдің мүқтаждығына немқұрайды қарай ма, соны қарап талқылауымыз керек екенін түсіндік. Әлде басқа да европалық мемлекеттер тәрізді отарға зиян ал метрополия пайдасына шешілетін әділетсіз саясат ұстана ма.

Бізде орыс үкіметінің отарлық саясаты туралы мәселе орын алды, бірақ бұл туралы әдебиетте үлкен трактаттар болған жоқ, тек кішігірім журналдық хабарламалар ғана кезікті. Біз оларды қазіргі және алдында болған әдебиеттен мүқият іліктірдік. 40-жылдардың ортасында Герсевановтың «Отандық жазбаларда» патшалық үкіметке орыс ақшасын Сібір мүқтаждығына шашпау туралы кеңес берген мақаласы шықты. Оның ойынша, Сібір – көк тиынға да түрмайтын Орыс империясының керексіз өсіндісі. Ол бұл елдің табиғатының суретін көңілсіз бояулармен салды, оның ойынша, бұл елдің болашағы

жоқ, бұл елде азаматтық өмірдің өркендеуі мүмкін емес. Сондықтан Мемлекеттік қазынадан Сібірдің мұқтаждығына ақша жіберу – ақшаны пешке өртегенмен бірдей. Бұл мақала сол кезде сібір патриотының бірі Мордвиновтың қарсылығын тудырды.

Біз, әрине, Герсевановтың пікірімен де, Сібір туралы пессимистік көзқарас білдірген және бұл жер метрополия үшін тек тою алаңы ретінде ғана қызығушылық танытады деп айтқан Сперанскиймен де келісе алмадық.

Біздің алдымызда шын мәнінде Сібір дегеніміз не, колония ма әлде провинция ма деген сұрақ тұрды. Колония деп мемлекеттің мұхиттың немесе аймақтың аралығында жасалған, тек кейінгі уақытта мемлекетке қосылған жаңа көбейісін айта ма?

Әдебиетпен танысу біздің алдымызға жаңа мәселе қойды. Сібір Ресейдің мануфактуралық орталығына шикізат нарығы ретінде қызмет етті. Біз өзімізден бұл жағдай жасанды ұсталып тұр ма, әлде шарасыз жазмыш па деп сұрадық. Одан соң тағы бір сұрақ туындады – бұл жағдай Сібірге зиянды ма, егер зиянды болса, мұны қалпына келтіруге бола ма немесе мемлекетті одан ары зиян шектіре ме? Сондықтан да бізді протекционизм және еркін сауда туралы әдебиеттер қызықтыра бастады.

Сонда ғана біз Сібірдің мүддесі мен метрополияның мүддесі қарама-қайшы қойылғанын түсіндік, алайда социалистер болуымызға байланысты бізге Сібір мен Еуропалық Ресейдің арасында кедендік байланыс туралы ой келді; немесе, анығырақ айтқанда, ешқашанда мұндай ойды армандамадық. Біз бұл мәселеге тек теоретикалық нұсқада тоқталдық; облыс аралық қақтығысты талқылай отырып, халықаралық қақтығыс тарихынан көп мысалдар алуға болатынын айттық.

Бізде жер аудару туралы мәселе де орын алды. Мен бұрын да жазғанмын, алғаш рет бұл сауал мені Омбыда, «Современниктен» Пейзиннің мақаласын оқығанан кейін қызықтырды. Петерборда мен білетіне аз нәрсе қостым; бұл туралы бір-ақ кітап – Гельсендорфтың жер аудару туралы ғана оқыдым.

Расында да, осы үш жыл ішінде орыс публицистикасын тыңдап, отанымыздағы болашақ қызметіміз үшін өзімізді дайындауға тырыстық, біздің өзіндік ерекше жұмысымыз көрінген жоқ. Біз тек өзімізді не, қандай мәселелер қызықтыруы керек екенін айқындадық. Біздің Петербордан кетуімізге басты сібірлік сұрақтар белгіленіп қойылды: 1) Сібірге жер аудару; 2) метрополияның Сібірге деген экономикалық қысымы; 3) оқыған жастардың Сібірден астанаға ағылуы. Біз Сібірге үш қауіп тартылып тұрғанын түсіндік: оның жоғары және төменгі сатыдағы, Еуропалық Ресейдің жер аударылған әлеуметтік қалдықтары, түрғындарының бұзылуы; сібірдің экономикалық



Н.Г. Чернышевский

мүддесінің орталық мануфактуралық ауданның мүддесіне бағыныштылығы және бақытсыздыққа ұшыраған отанының мүддесін қорғауға тұратын жергілікті зиялы қауымның жоқ болуы.

'Әрине, сібір бұратаналары туралы мәселе де ұмытылған жоқ, өйткені біздің бұратана достарымыз, біз сияқты Петерборға оқуға келген қырғыз Шоқан Уәлиханов пен бурят Иннокентий Пирожков ол туралы біздің есімізге түсіріп отырды. Инокентий Пирожков философияға, әсіресе поэзияға қызықты, бұл туралы кітаптар оқып, жаратылыстану туралы әйгілі әдебиеттердің аудармасын жібермеді. Ол өзінің қарапайым күшін біле тұрып, атақты бурят Дорджи Банзаровпен бақталаспады, ғалымдық мансапты армандамады, тек өзінен еуропалық білімді адам тәрбиелегісі келді. Ол әрқашанда comme il faut*250 киінді, алайда ол жаяужолмен келе жатқанда, оның бет пішіні мен басындағы цилиндрінің қарамқайшылығы бірден көзге түсетін. Онымен Шоқан Уәлихановтың сыртқы пішінін екі Азияны – демократиялық және аристократиялықты қарам-қаршы қойғандай анықтауға болады. Бірінің бет пішіні жалпақ және қатал өмірдің ізі қалған сүйкімсіз, енді біреуінікі – бет пішіні сәнді және көшпелі өмірдің ойын-сауығымен дағдыланған әдемі мінез-құлқы болды.

Жер аудару туралы бесінші сібірлік мәселеге келсек, онда ол кезде бізде ондай ой мүлде болған жоқ немесе, шындығында, пайда болды, бірақ соңынан болғандағыдай көріністе емес.

Біздің жергілікті жағдайлар туралы барлық ойларымыз орыс баспасөзінің жалпы әсері шеңберінде болды, сол кезде пайда болған екі бағыт туралы «Современник» және «Орыс сөзі» журналдарында айтылды. Бірінші бағыттың қатарында біздің алдымыздан Чернышевский, Добролюбов және Антонович, екіншісінің қатарында – Писарев, Зайцев, және т.б. жүрді. Ядринцев

*250 Яғни, *әдемі.*

пен біздер «писаревщиктерге» қарсы болдық. «Современниктің» бағыты бізге дұрыс көрінді; егер біз өз сезіміміз бен ойымызды жазып журнал редакциясына барсақ, бізді құшақ жая қарсы алады деп ойладық.

Петербордағы ауыр жағдай және ол жақсы жаққа өзгереді деген үміттің жоқтығы мені астананы тастап, отаныма қайтуға шешім қабылдатты.

[Осылайша], Петерборда болған үш-төрт жылда біз, жас сібірліктер, Сібірдегі болашақ іс-әрекеттердің кейбір пункттерін белгіледік. Біздің бағдарламамыздың теоретикалық бөлімінің бірінші жоспарына бізге Еуропалық Ресейге крепостнойлық құқықты жою туралы мәселе сияқты Сібірге осындай негізгі мәселе болып көрінген Сібірге жер аударуды тоқтату туралы мәселені қойдық. Практикалық іске маңызды деп біз сібірлік патриоттық ұйымның баспасөз негізін белгіледік. Біздің ежелгі арманымыздың орындалуына қалай кірісуіміз керек екенін біз әлі білмедік. Жағдай біздің алдымызға міндет қойды – қытай шегарасына ғылыми іссапар, сондықтан сібірлік мәселелерді қоя тұруға тура келді.



Н.А. Добролюбов

Г.Н. ПОТАНИН

ЕУРОПА МЕН АЗИЯ КАДЕТ КОРПУСЫНДА

Сібір кадет корпусы 1845 ж. казак әскери училищесінен құрылған. Бұл училищенің негізі 20-жылдары губернатор Капцевичтің[1] кезінде қаланған. Училище берілетін сабақтардың санымен орта оқу орнына жақын болды, бірақ ондағы балалар түрған (жабық мекеме болды) жағдай кантонистік мектепке ұқсады. Училище тек казак балаларына ғана арналып, казак әскерлерінің қаржысына қамтамасыз етілді. Оқушылардың саны 250 адамға шамаланды.

Омбыда бағдарламасы тең басқа училище болған жоқ, сондықтанда сол казак училищесіне сібір линиясының жаяу әскері

офицерлері және одан басқа азаматтық шенеуніктер де балаларын бере бастады.

Бұл плебейлік мекемеде тәртіп мынандай болды. Таңертең, таң сәріден тұрып, киініп, сүр шинелімізді жамыла салып әскери сапқа тұратынбыз. Дұға қылғаннан кейін бізді аула арқылы асхана орналасқан флигельге апаратын, онда біз жағалай үстелге отыратынбыз; қызмет етушілер бізге сүр бөлке тілімдерін беретін. Әрбір дөңгелек бөлке төрт бөлікке бөлінетін. Қызмет етуші сол қолына осындай оншақты дөңгелек нанды колонна сияқты қойып алып, колоннаның үстін оң қолымен ұстап, үстелдерді жағалап, дөңгелек нандарды үстелдерге тарататын. Тәрбиеленушілер кесілген дөңгелек нанды ұстап алып, бөлігімен бөліп, жейтін. Осы бөлкенің төрттен бір бөлігі тәрбиеленушінің таңғы асы болатын. Асханадан оқушылар сыныпқа барып, онда 3 сағат бойы отыратын; сабақ ортасында үзіліске шығатын.

Сыныптан кейін сол асханада түскі ас ішетін. Түскі ас қарапайым болатын, күнде қайталанатын екі тамақтан тұратын: ащыған қырыққабаттан жасалған щи және май қосылған ботқа. Олар қалайы тәрелкемен, қалайы қасықпен тамақтанатын. Щи мен ботқа қалайы табақтан берілетін. Кімге нан мен квас аздық етсе, тағы да сұрауға болатын. Разы еместер мұндай жағдайда қолдарын жоғары көтеретін; қызмет етушілер есіктерде тұрып, түстенушілердің қимылына қарап тұратын, көтерілген қолдарды көріп, не керек екенін білу үшін жүгіріп келетін. Түскі астан кейін де үш сағат бойы тағы да сабақ болатын. Күн бір ғана май қосылған ботқа берілетін кешкі аспен аяқталатын.

Әскери училищенің кадет корпусына айналуы оның екі бөлікке бөлінуінен басталды: ротаға және эскадронға. Біріншіге жаяу әскер офицерлері мен азаматтық шенеуніктердің балалары кірсе, екіншісіне – казактардың балалары енді. Мен бұл мекемеге түскен кезде ротада 200 адам болса, эскадронда 50-ақ адам болды.

Роталық және эскадрондық кадеттер бір бірінен класста және дортуарда бөлінді; тек біз жалпы асханада бірге тамақтандық. Роталықтардың өз субалтерн-офицері, казактардың өз субалтерн-офицері болды. Тек мұғалімдер ғана жалпы болды. Ротаға Петербор кадет корпустарының офицерлері жіберілді: Музеус пен Штемпель, сол жерден рота командирі Павловский де бекітілді. Казактарға бұрын казак әскері училищесінде қызмет еткен казак офицерлерін қалдырды: Черепановты, Старковты және Угрюмовты; эскадрон командирі болып бұрын геометрия мұғалімі болған Кучковский тағайындалды.

Үйдегідей жағдай, офицерлердің тәрбиеленушілерге қатынасы бірден өзгерді. Тәрбиеленушілермен «сіз» деп сөйлесетін

болды, қалайы тәрелкелер мен табақтар фаянстан жасалғандарға ауыстырылды.

Оқу жағы да өзгерді. Кадеттерді фронттық қызметте жетілдіру үшін Петербордан офицерлер жіберілді. Бұл істе корпусқа ерекше маңызы бар офицер Музеус болды. Ол қатал дауысты, бойшаң, үлгілі майдангер болды. Ұқыпсыздар мен сылбырларға қауіпті болды. Ол басқа офицерлік құрамға да мінез көрсетті.

Әскери рухты дортуардың сыртқы жағдайымен де көтеруге тырысты: оның қабырғаларына Отан соғысының батырларының портреттерімен галерея жасады. Эскадрон камераларының біріне Ертіс толқындарында Ермактың өлімі бейнеленген сурет ілінді. Эскадрон, сол сияқты рота кадеттерінің дортуарларында сыныптан тыс оқуға кітапхана болды. Кітаптарды эскадрон және рота командирлері берді. Бұл кітапханаларда белгілі бір оймен құралды: мұнда Отан соғысының тарихы, Данилевскийдің шығармалары болды. Былайша айтқанда, мұнда жалпы қызығушылаққа тән кітаптар болды: «Манштейннің жазбалары», Карамзиннің «Ресей мемлекетінің тарихы» сияқты тарихи мемуарлар, сонымен қатар жасөспірімдерге өңделген, Ионий архипелагына жүзуді суреттеген теңізші Броневскийдің жазбалары «Дюмон-Дюрвилдің саяхаты».

Кучковский, неге екені белгісіз, кітапты зауықсыз беретін. Кейде, сыныптан тыс оқу сабаққа дайындалатын уақытты алады деген себеппен бермей де қоятын; ол бұл оқуды тектен тек уақыт алатын, білімдік мағынасы жоқ деп білетін.

***

Әскери мектептерде математикаға көп көңіл бөлінеді. Реформадан кейін оқу бөлімін ұйымдастырған Ждан-Пушкин математиканы мүмкіндігіне қарай қойды, бірақ бұл алыс провинцияда оның мұғалімдердің жетіспеушілігімен күресуіне тура келді. Ең жақсы оқытылғаны геометрия болды. Бұл сабақ үшін ол астанадан мұғалім шақыртпай, жергілікті күштерді пайдаланды. Біздің эскадрон командирі Я.И. Кучковский геометриядан әскери казак училищесінде берген. Бұл кафедраны Ждан-Пушкин училище кадет корпусына ауысқаннан кейін одан кейін соған қалдырды. Мен қазір де Кучковскийдің өзінің жарқын баяндаумен таңғалдырған сабағын ризашылықпен еске аламын. Басы артық сөзі жоқ осындай баяндаумен ол кез келген топасты жай ғана сөйлемнен күрделі теоремаға дейін ешқандай зейінсіз апаратын.

Алгебра мен тригонометрия мұғалімдерін таңдау онша сәтті болмады. Әрине, бұл кафедраларда да өзінің білгірлері болды. Арнайы математикамен айналысатын оқушыларға олар пайда әкелді. Менің достарым оларға риза болды, бірақ мені алгебра мұғалімдерінің сабақ беруі, олар [мен оқыған] уақытта

қанша ауысса да, еліктірмеді. Тек бір рет, кафедра босап қалғанда Ждан-Пушкиннің өзінің сабақ беруіне тура келді, сол кезде ғана Кучковскийдің баяндауындай алгебраның ғажайып анық баяндауын естідім.

Артқы жаққа көз тастасам, Ждан-Пушкин сабақ беру тақырыбын орынды пропорциямен бөлген сияқты. Біз оны [үнемі] әскери мундирлі киімінде көрсек те, біз одан әскери адамды ғана емес, қарапайым адамды да көрдік. Орыс тілі, орыс әдебиеті тарихы, география, жалпы тарих, құдай заңы – барлық бұл пәндер басқаларды қажет етпейтін мұғалімдермен оқытылды. Кейбір кафедралардың [құрамының] орнын басу үшін Ждан-Пушкин арнайы ізденістер жасады, алайда кейбір мұғалімдерді бұрынғы реформаға дейінгі құрамнан алып қалды. Кучковскийден басқа тағы екеуін – Старков пен Костылецкийді қалдырды. Біріншісі әскери казак училищесінде географиядан, екіншісі орыс тілінен, ауызша тілдің теориясы мен орыс әдебиетінің тарихынан берді.

Біз курсты бітірген кезде Ждан-Пушкин Старковқа эскадрон кадеттеріне Қырғыз даласының географиясын егжей-тегжейлі оқуды ұсынды. Оның бұлай істеген себебі, Сібір кадет корпусында оқыған казак офицерлерінің қызметі міндетті түрде Қырғыз даласында өтетін. Олардың алдында казак отрядтарымен далаға бару, онда кордондық қызмет ету және оңтүстікте тәуелсіз Түркістан шегарасына дейін баратын әскери экспедицияларға қатысу түрды. Старков класс инспекторларының тілегін орындады, мен корпустан шыққанда басқа аумақ туралы білмесем де, көрші Қырғыз даласының географиясы туралы хабардар болып шықтым. Мүмкін Ждан-Пушкин Омбыдағы педагогикалық лауазымды алып түрған, айналадағы аймақтың географиялық жағдайына енжар қарамаған Сібірдегі жалғыз педагог шығар. Реальное училищенің, мұғалімдік семинарияның гимназия директорына, оқу аймақтарының қамқоршысына бізде, Сібірде, көбінде оларға жүктелген міндетке немқұрайды қарайды. Олар өз міндеттерін жоғарыда айтылған бағдарламаларды орындаумен ғана шектеледі, әкімшіліктен шықпаған нәрсе туралы ештеңе білгілері келмейді. Олар жергілікті аймақтағы сеніп тапсырылған мектеп туралы, олардың тәрбиеленушілері мектеп бітіргеннен кейін қайда баратыны, олардың не істейтіні, ғылымға, қоғамға қандай пайда келтіретіні туралы ойланбайды.

Қоғамдық ойлар бізге екі жолмен жетті: мектептік және мектептік емес. Мектептік жол көрсетушілер орыс ауыз әдебиетінің мұғалімі Ник. Фед. Костылецкий мен тарих мұғалімі Гонсевский болды. Костылецкий бізді Пушкинмен, Лермонтовпен, Гогольмен таныстырды. Ол Пушкинге үлт данышпаны деп қарады; ол оған керемет дарынды адам болып

көрінді. Костылецкий ақынмен кездесуі туралы айтатын. «Пугачев көтерілісінің тарихы» авторы Қазан арқылы өтіп бара жатып университетке келеді. Студенттер ұлы ақынды көру үшін оқу орнына көптеп жинала бастайды, алайда ол кезде студент Костылецкий университетке келе алмайды. Бірнеше сағаттан кейін, ол қазан көшелерінің бірінде келе жатқанда оның жанынан өткен адамнан рухани қуат аңқығаны сонша, Костылецкий еріксіз оны көзбен шығарып салып тұрып қатып қалады. Ішінен студент Пушкин болуы ықтимал деп ойлайды. Ол жанынан өтіп бара жатқан бейтаныс адамның бет-әлпетін, костюмін, көйлек кию манерасын есіне сақтап қалады. Кейін достарынан сұраған кезде, шынында да Пушкинді кездестіргеніне көзі жетті.

Костылецкий бізді Белинскийдің орыс әдебиетіне деген көзқарасымен таныстырды; ол барлық орыс әдебиеті курсын Белинскийдің сын мақалаларымен құрады. Әдебиет тарихы мен жалпы тарих сияқты нәзік пәндер бізге конспирациялы берілді десем қателеспеспін. Костылецкий өз курсын Белинскийден жасады, бірақ Белинскийдің атын оқушылардың көзінше бір рет те айтқан жоқ. Бұл туралы мен тек сегіз немесе тоғыз жылдан кейін, Петербор университетінің ерікті тыңдаушысы болып жүргенде, сол кезде шыққан Белинскийдің Толық шығармалар жинағын оқыған кезде білдім.

Ата-аналары немесе туыстары қалада тұратын кадеттер демалыс күндері үйлеріне жіберілетін. Олар корпустан сенбі күні кешке кетіп, жексенбі күні кешке қайтып оралатын. Осылайша кадеттік топ пен қалалық қоғам арасында қарым-қатынас туды, ол корпустан тыс ортаға ықпал етуге душар етті. Казак балаларының өз жанұяларымен қарым-қатынасының онша маңызы болған жоқ, кадеттерге маңыздысы жанұяларының олардың роталық достарымен қатысуы болды. Біріншіден, казактік контингент онша көп болған жоқ: казактар кадеттердің жалпы санының бестен бір бөлігін ғана құрады; екіншіден, роталық кадеттің ата-аналары әлдеқайда әртүрлі, әлдеқайда зиялы ортаны құрады. Эскадрондық кадеттер тек казак линиясының тумалары болды; олар Ертіс жағалауы, Горький линиясы және Алтай алабынан басқа жерді білмеді, ал ротада тек Сібір кеңістігінен Томскіден Якутскіге дейін ғана емес, мұнда балалық шағы Архангельскіде, немесе Кишиневте, немесе Тбилисиде, немесе Мәскеу мен Петерборда өткен кадеттер болды. Онымен қоса, роталық кадеттердің ата-аналарының қызметтері бірдей емес еді.



Воскресенье, 22-го іюня 1903 года.

Чокан Чингисовичъ Валихановъ.

Чокан Чингисович Валиханов.

Г.Н. Потанинніҥ «Чокан Чингисович Валиханов» атты мақаласы бар «Сибирская жизнь» (1903, 22 маусым) газетіне қосымша.

Кейбіреулері әскери, енді біреулері азаматтық шенеуніктер еді: әрине, балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу бұл отбасыларда әртүрлі болды. Жоғарыда мен эскадрон кадеттерінің әкелері кедейлеу болғанын және олардың балаларының мектепке дейінгі білімдері жұпыны екенін айтқанмын, ротада генералдар мен маңызды азаматтық шенеуніктердің балалары оқитын, олардың үйлеріне де қаланың ең бір көзі ашық жастары жиналатын. Бұл үйлерде орыс әдебиетімен, ішкі саясатымен әуестенетін. Рота кадеттерінің қаладан корпусқа әкелетін жаңалықтары өз мазмұны бойынша эскадрондықтар әкелетін жаңалықтардан мүлде ерекшеленетін еді. Сондықтан да корпус ротадан жарық сәулесін алатын еді. Рота кадеттері өздерінің әр нәрседен хабардар сауаттылығымен, сондай-ақ әлдеқайда түзелген мәнерлерімен ерекшеленетін; олардың мінез жаратылысы да басқаша тәрізді көрінетін. Бітірердің алдындағы соңғы жылда ротада өздерінің қайырымды мінездерімен екі кадет – Людимов пен Ганкин көзге түсті, басқалары бұлармен дос болуды мәртебе санады; олардан біздің бәріміз еліктеуге ұмтылатын Ждан-Пушкиннің қайырымды мінезінің үлгісін көретін.

Біздің дортуарлық, яғни жатақханалық кітапханаларымыз өте кедей еді, оларда мүлде беллетристика болмайтын. Бұндай кітаптарды корпус оқырмандары қаладан, рота кадеттері арқылы алдыратын. Бізге Эжен Сюдің «Вечный жид», Александр Дюманың «Три мушкетера», сондай-ақ, Диккенстің «Давид Копперфильд», «Домби и сын», «Мартин Чодзит», «Записи Пиквикского клуба» романдары және т.б. осындай жолмен жетті. Бұл менің корпустағы соңғы жылымда болды. Мен өзімнің досым Александр Дмитриевич Лаптевпен[2] бірге Диккенсті ерекше әуестікпен оқыдым. Тап осы кезде менің басқа бір досым – Шоқан Уәлиханов та Диккенспен әуестенді. Біз үшеуміз де осы жазушымен тәрбиелендік және оқу орнын аяқтаған соң да ұзақ уақыт оған деген құрметіміз бен алғысымызды алып кеттік. Тургеневті біз корпуста білген жоқпыз. Мен онымен корпусты бітіріп шыққан соң екі жылдан кейін таныстым. Біздің басыбайлық құқық және басыбайлы шаруаларға бостандық берудің мемлекеттік қажеттілігі туғаны туралы ешқандай да түсінігіміз болған жоқ еді. Ол кезде біз декабристер туралы бірдеңе естідік пе, жоқ па, қазір мен ештеңе айта алмаймын. Расын айтқанда, біз олар туралы ештеңе естіген жоқ болармыз. Сондай-ақ социалистердің идеялары да бізге ол кезде белгісіз еді.

Эскадронның кадеттеріне көп жаңалықты Шоқан Уәлиханов әкелетін. Омбының білімді қауымы осы бір кадетке ерекше көңіл аударған еді; бұл қоғамдағы кейбір адамдар оны өз үйлеріне жексенбі күнгі демалысқа алып кететін; бұлар өте бір қызықты үйлер еді. Оның дамуына ерекше әсер еткен

оны жексенбі күндері алып кететін жалпы тарих пәнінің мұғалімі Гонсевский еді. Сондықтан да біз, эскадрон кадеттері, осы бір демократиялық көзқарастары бар қырғыз ақсүйегіне көп қарыздар едік. Корпустан шыққаннан кейін тағы бір оншақты жыл бойы біз сол оқу орнындағы достар үйірмесінің идеяларымен, ықпалымен өмір сүрдік, ең болмағанда, мен өзім туралы осыны айта аламын. Біз корпус қабырғасынан шығып кетсек те, үйірме жұмысы жалғасып, дами берді; кейбір құбылыстармен, мысалы, Гейне поэзиясымен, біз корпустан шыққан соң таныстық, бірақ бұл корпус үйірмесінің ықпалының жалғасы болды.

Г.Н. ПОТАНИН

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ, ОНЫҢ ОМБЫДАҒЫ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мені қоршаған Алтайдағы патриархалды әлем жанымның тереңіне дейін демократияландырып жіберді. Атаманның адьютанты Панков бастықтардың көзіне түсіру мақсатында маған қамқорлық жасауын жалғастыра отырып, менің Омбыға ауысуыма жағдай жасады. Мені әскер басқармасының бақылау бөлімшесіне тағайындады; менің міндетім түрлі бауланған кітаптарды тексеру еді. Осы бір жайлы өлке мен сүйікті алтайлық адамдармен қоштасу өкінішті болды. Бірақ Омбы да мені ынтықтыра түсті.

Антоньевскімен салыстырғанда, Омбы – бұл астана. Онда зиялы адамдар көп, кітаптар көп; кабинеттік әңгімелер қызықтырақ, көңіл көтеру мәндірек болатын еді. Менің достарым, менімен бірге бітірген казак офицерлері казак фордштадынан, офицерлер бұрын Фирсыч деп атайтын Бердников деген бір казактың үйінен ыңғайлы пәтер тауып берді. Оның бір қабатты төмен үйі екі бөліктен тұрды. Біреуінде ас үй, орыс пеші бар жергілікті ағаш үй; мұнда Фирсычтың өзі әйелі Филипьевнамен және кішкентай қызы Онямен тұрды; келесі жартысы қонақ бөлме деп аталды. Мұнда тек екі-үш орындықтан ғана қала белгісі сезілер еді; қалған жиһазды қожайынның үй-іші бұйымымен толтырылып, түмендік полоздармен*[251] (түксіз кілем, яғни палас) жабылған сандықтары ауыстырды. Кереует пен үстел үй ішін толықтырып тұр еді. Осы бөлмеге мені достарым орналастырды. Маған тамақ беруді Филипьевна өз мойнына алды: бұған қоса ол маған шәйға нан, яғни сібір шанегтерін беруге уәде етті. Үстелі бар бөлме үшін мен айына үш сом төлеп тұруға тиіс болдым.

*[251] Яғни, *паластармен.*

Омбыда мен өзімнің досым, кадет корпусы бойынша сыныптасым Шоқан Уәлихановты жолықтырдым. Ол генерал-губернатор Гасфорттың штабына жататын: әлде оның адъютанты, әлде ерекше тапсырмалар орындайтын шенеунігі болатын, генерал-губернатордың үйінде жиі кезекшілікке тұрып, келушілерді қабылдайтын, кезекшілік күндері оның үйінен түстік ас ішетін. Шоқан омбы қоғамының жоғарғы табының ортасында жүретін және мен араласатын казак офицерлерінің ортасына жат еді. Ол бай қырғыздың баласы еді және жағдайда өмір сүрді. Ол соңғы қырғыз ханының немересі еді, бұл қырғыз ақсүйегі болатын. Оны қоршаған орта Comme il faut*[252] генерал-губернаторына жақын жүретін, арасында – Гюббенет, Тургенев тәрізді атышулы фамилиялар үшырасатын жастардан тұратын еді. Омбының бұл алтын жастарының көбі қуыскеуде адамдардан тұратын еді, бәрі де «қырналып, тегістелген» халық еді, бәрі де Comme il faut болатын. Қырғыздың киіз үйінде де, кадет корпусында да Шоқан Уәлиханов сыпайылықты үйрене алмас еді. Омбының алдыңғы қатарлы алтын жастары бұл бағытта ол үшін мектеп болды.

Біз онымен үш жылдай көріспедік, осы уақыт ішінде Омбының «жылтыр беттерінің» арасында айналып жүріп, Шоқан олардың сыртқы пішінін өте жақсы меңгеріп, үйреніп алды. Олардың ішкі жан дүниелері қуыскеуде екенін тамаша біліп тұрса да, олардың сауатсыздығы мен мәнсіздігі туралы ащы қалжыңдар айтып жүрсе де (мысалы, ол, петерборлық аристократ кемпірлердің қолбаласы болып жүрген бір жас жігіттің полковник Гутковскийдің қабылдауында отырып, ағылшын юмор жазушысы Теккерей туралы әңгіме басталғанда, Теккерейдің Омбыда қандай қызмет атқаратынын, оның қабылдауына барудың әдепсіздік болып шықпайтынын сұрап қоймағанын айтып отыратын), бәрібір ол соларша киінетін, солардың мәнеріне еліктейтін, сәнді шаш үлгісін қойып, майда әсем заттар жиып, піл сүйегінен жасалған мазмұнды суреттері бар темекі сауытын жинайтын (бір сауытта жерді құралмен тесіп жатқан егеуқұйрықтың суреті бар еді; Шоқан оны геолог деп түсіндіретін).

Пирожков[1] бастаған казак офицерлері менің пәтеріме өте жиі келетін, Шоқан маған сирек келуші еді, егер мен жалғыз отырғанда келсе, ұзақ отырып қалатын. Егер оны шайға шақыруға тура келсе, мен қысылушы едім, себебі оған Филипьевнаның шанегінен басқа ештеңе ұсына алмаушы едім. Ал кейін осының бәрі де: шанег те, полоз астындағы сандық та, аласа төбе де, еденге жақын тұрған терезе де мені жабырқатып, еңсемді түсіргені сонша, мен сүйікті Филипьевнамен

---

*[252] *Комильфо (фр.)* – тәп-тәуір; бұл жерде – бос жүріс, сергелдең.

және оның қайырымды күйеуі Фирсычпен қоштасып, басқа пәтерге көшуге бел будым. Мен әскери басқарманың бір хатшысы салған жаңа үй тауып алдым да, соның бір бөлмесін үстелімен бірге 6 сомға жалдадым. Ол Фирсычтікіне қарағанда екі есе қымбат еді. Менің бөлмем жарық, терезесі солтүстікке емес, оңтүстікке қарайтын, төбесі биік, сандықтың орнында орындықтар, үстелге жапқыш жабылған. Шайға маған француз бөлкесін беретін, кешкі асқа бәріміз бірге пісірілген тіл жейтінбіз. Бұндай жайлы орын менің жанымды тыныштандарды. Егер Шоқан кешке келіп, біраз отырып қалса, мен оған еркін түрде шай беріп, дәм ұсына аламын және ешқандай сібір шанегтері мені енді ұялтпайтын болды.

Бірақ жаңа пәтерге келгелі бері казак офицерлерінің маған сирек келе бастағанын, сосын мүлде келмей қойғанын байқадым. Өткенде маған екі-үш офицер келгенде, шайға қойылған француз бөлкелері бізге жетпей қалды. Қожайын әйел шайға артық бөлке беруге өзін міндетті емеспін деп санады. Ал сатып алсам, өзімнің қаржылық қорымды азайтып алар едім.

Осылайша біраз уақыт өтті, бірде мен жазу үстелімде отырғанда, тереземнің алдына салт атқа мінген казак офицерлерінің тобы пайда болды. Мен терезе желдеткішінен оларды үйге шақырдым, бірақ олар ештеңе демеді, ең алдында тұрған Пирожков қана маған үнсіз хат ұсынды, содан соң бүкіл топ карьерге қарай шауып кетті. Ол хатта казак офицерлері менің Филипьевнаға қайта баруымды сұрапты, олар француз бөлкесіне тоймай қалып жүргендерін, «ал Филиповнада қандай рахат! Ол шанегтерді үйіп-төгіп береді» деп жазыпты. Мен сонымен Филипьевнаға қайта көшіп баруға тиіс болдым, оның үйінде Петерборға кеткенге дейін қалдым. Казак офицерлері тағы да менің тұрақты қонақтарыма айналды[2].

Шоқан да маған келуін тоқтатқан жоқ. Ол маған қызықты жұмыс тауып берді[3], бұл жұмысты полковник Гутковский оның өзіне тапсырса керек. Бұл бірінші актілері XVIII ғасырдың ортасына жататын облыстық мұрағаттың құжаттарынан жасалатын көшірмелер еді. Мұрағатта орыс шекара басшыларының қырғыз рубасыларымен және көршілес Жоңғар хандығының князьдарымен қарым-қатынасы, сондай-ақ Сібір мен Шығыс Түркістан қалаларының арасындағы сауда-саттық туралы қызықты мәліметтер көп екен. Бұл мұрағатта Жоңғар хандығының ең соңғы күндерінің құжаттық тарихы жинақталған. Ыждағаттылықты талап ететін бұл жұмыс Шоқанның ширақ, сангвиник жаратылысына сай келмей, бұны ол маған берді, ал мен 1645 жылдан 1755 жылға дейінгі мұрағатты қарап үлгердім. Мен көшірмелер жасап, оларды Шоқанға бердім, ол оны Гутковскийге жіберетін.

Кейінірек, маған разы болмаған казак басшылығы мені әскер қатарына, яғни қайтадан Алтайға, Антоньев станицасы-

на қайтаруға шешім жасағанда, менің тағдырымды П.П. Семенов тапсырып қойған қамқоршыларымның бірі полковник Слуцкий (генерал-губернатор Гасфорттың күйеубаласы) мені Омбыда қалдыру рұқсатына қол жеткізді, – мені батыс сібір әскерінің штабына орналастырды және штаб мұрағатындағы істерді іріктеуге, қайсысын қалдырып, қайсысын тастау керектігін анықтауды тапсырды. Бұл көңілсіздеу жұмыс еді: солдаттарға берілген етіктер мен кенептер туралы істерді оқып отыру керек; бірақ мен өзімнің жаңа міндетіммен келісуге тиіс болдым. Бұл уақытша шаруа еді, оның үстіне мен П.П. Семенов уәде еткен астанаға ауысу туралы Петербордан хабар күтуге тиіс болдым.

Жаңа орында мен өзіме жаңа таныстар таптым. Олардың бірі – Копейкин. Ол бұл өлкені маған ерекше көңілмен сипаттап берді. 1000 шақырымға созылған тұтас «орман»*[253] бар. Оның әңгімелерінің маған қызықты көрінгені сонша, мен олардың негізінде тұтас бір мақала жаздым, ол сол кезде «Тобыл губерниясының ведомостерінде» басылып шықты және К. деген әріппен қол қойылды.

Облыстық мұрағаттан көшірмелер жасау жұмыстарынан басқа, Копейкиннің әңгімелерімен әуестенуден басқа, менің назарым Ю. Симашконың «Ресей фаунасы» атты кітабына қатты ауды. Осы кітаптың әсерімен мен «Тобыл губерниясының ведомостерінде» осы тақырыпқа қатысты: менің әкемнің әңгімелері бойынша жабайы есек – құлан туралы, Омбыдан Ташкентке дейін әкелінген, менің әкем алып жүрген піл туралы бірнеше шағын мақала жаздым.

Омбыда мен Шоқанды тауып алдым, ол Орта Азияның белгісіз елдеріне саяхат жасауды армандап, мені өзімен бірге шақырып жүретін. Егер П.П. Семенов Омбы арқылы өткен кездері мен Алтайда қалғанымда, ол мені көрмейтін еді және қатардағы казак офицерінен саяхатшыға айналу туралы тілегімді оятпайтын еді.

Омбыда бір жыл ішінде білгенімді патриархалды Алтайда он жылда да білмес едім. Бұл кездерде журналдарға басыбайлы мәселені талқылауға рұқсат беріліп еді, ал мен Омбыға келгенге дейін басыбайлы шаруалардың кім екенін де білген жоқпын; журналистикада басыбайлық мәселе туралы айтуға рұқсат берілмейтін еді, Сібірде басыбайлық сословие болмағандықтан, мен бұл жамандықпен тікелей қақтығысып көрмеппін. Айдауға жіберілген басыбайлыларды да көрмеппін, себебі мұнда казак шебінде олар болған жоқ. Сол себептен, Тургеневтің «Аңшының жазбалары» маған крепостной шаруалардың тартқан әзабын көзімен көрген кісіге әсер еткендей әсер берген жоқ.

---

*[253] *Орман (түр.)* – орман.

Шоқан мені төңкерістің барабан соғуындай болған Гейне поэзиясымен таныстырды. Бір күні ол мені петрашевтік Дуровқа алып барды, осы жерде мен «саясаткер» деп аталатын ерекше адамдар болатынын алғаш рет білдім. Дуровпен кездескенге дейін мен император I Николайға құдайдай сенетінмін; Николай өлген соң Ресей құлап қалады деген қорқынышым тарады, орыс өмірі II Александр кезінде де оның әкесінің уақытындағыдай тәртіппен жүріп жатты, бірақ менің николайлық тәртіптің артықшылығына деген сенімім бәрібір өзгерген жоқ. Шоқан менімен пікірталастыруға жиі келетін, бұрынғы патшаның билігіне сын көзімен қарауға мені үйретуге тырысатын, алайда Дуровпен танысқанға дейін мен өз пікірімнен айнығаң емес едім. Ол николайлық режімге мүлде қарсы адам еді. Ол маған өзінің тағдырлас досы Григорьевтің[4] тарихын айтып берді. Бес петрашевтіктердің қатарында Григорьев ату жазасына кесілген еді. Григорьев те ең басты айыпкерлер деп табылған басқалар сияқты Сібірге каторгаға айдалған еді, бірақ ол мұнда есі ауысқан күйде келген еді. Көзіне байланған орамалды шешкен кезде көрген нәрсесінің әсер еткені сонша, ол сол сәтте-ақ жынданып кеткен. Ресейге қайтуға рұқсат берілген кезде, Дуров онымен Омбыда жолыққан. Григорьев Дуровтың пәтерінде бір тәуліктен аса уақыт тұрған. Дуров маған Григорьевтің Николай патшаға деген ыза-кектен жынданып кеткенін айтты. Ол қолына өткір қару алып, қабырғаға тақап, оны тесетін және Николайдың жүрегін тесіп жатырмын деп армандайтын. «Міне, мына қабырғаны ол тескен еді», – дейтін Дуров маған өз бөлмесінің бір қабырғасын көрсетіп. Глинка императордың көздерін мүлде жек көретін еді. «Менің оның қалайы көздеріне қарағым келмейді» дейтін. Дуров та бұл әңгімеге қосылып, императорды көшеде кездестірген кезде, оның «қалайы көздерін» көрмеу үшін келесі бұрылысқа түсіп кететінін айтты. Шоқан мені өз сеніміне кіргізу үшін қаншама кештерін жоғалтты, қаншама күш-жігерін жұмсады, ал Дуров бір күні кеште менің ой-пікірімді мүлде басқаша ауыстырып, метаморфоза жасады; оның сөздері өте әсерлі болды, себебі ол николайлық режімнен азап тартқан адамның сөздері еді. Менің Николайға деген көзқарасым ғана емес, жалпы монархияға деген пікірлерім мүлде ауысты.

Мен Петерборға өзімді астанада күтіп тұруға тиісті идеяларды қабылдауға дайын қалпымда келдім. Мен өзімнің өмірімнің бұдан кейінгі ағысына әкелетін бағытқа түсіп едім. Бұл дайындығым үшін Шоқанға қаншалықты қарыздар екенімді оқырман біледі.

Д.А. КЛЕМЕНЕЦ

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ

Уәлиханов, сұлтан Шоқан Шыңғысұлы, Орта жүздің қырғызы, қырғыз сұлтандарының ұрпағы, шығыстанушы, 1835 жылы туған; Омбы кадет корпусын бітірген соң әскери қызметке кіріп, 1858 жылы көпес болып киініп, ең алғаш рет Қашғарды зерттеген, ол жақтан сол өлкенің тарихы мен этнографиясы туралы аса құнды материалдар алып келген. Уәлиханов 1866 жылы өкпе ауруынан қайтыс болды[1], ол жинаған материалдар «Императорлық Орыс географиялық қоғамының Жазбаларының» 1861 жылғы I және III кітабында жарияланды.

Н.А. АРИСТОВ

[Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚЫРҒЫЗДАР МЕН БАТЫС ТЯНЬ-ШАНЬ]

1856 жылы көктемде сарыбағыштар қатты қысым көрсеткен бұғылықтардың жалынышты арызы бойынша Ыстықкөлге пристав лауазымын атқарушы полковник Хоментовскийдің басқаруымен, қырғыздармен жақынырақ танысу және олардың жерлерін түсіріп алу мақсатында казак отряды жіберілді. Екі ай бойы Ыстықкөлдің шығыс бөлігі зерттеліп, Ақсу өзенінің сол жағалауынан Зауқы*[254] өзеніне дейінгі оң жақ бөлігі түсірілді. Өзеннің батыс жақ шетіне қарай ығысқан сарыбағыштықтармен отряд еш қақтығысқа түскен жоқ...

1858 жылы бұғылықтардың жері арқылы Семейден жабдықталған керуен өтті, бұнда керуенбасының туысы, мұсылман саудагерінің кейпінде киінген Батыс Сібір генерал-губернаторының адъютанты, поручик сұлтан Шоқан Уәлиханов бар еді. Керуенге 1858 жылы 28 мамырда (маусымда) Қапалдан 30 шақырым жерде қосылып, Шоқан Уәлиханов Алтынемелден, Іле өзені арқылы Қалқанның бойында, Сөгеті, Торайғыр, Үш-Мерке және Қарқара арқылы 6 тамызда бұғы манабы Шоң-Қараштың Жоғарғы Кегендегі жайылымына келіп жетті.

Жергілікті көшпенділердің жайлауларына тарап кеткен керуеннің жиналатын жері Текес еді, бірақ 27 қыркүйекте (тамызда) мұнда 60 үй жиналған кезде, Бішкектен бұғылықтардан зекет жинау үшін жіберілген жүзбасы саудагерлерден алым-салық талап етті және оны төлемегені үшін олардан 300 қойды

*[254] *Чокан Валиханов.* Очерки Джунгарии // Записки Русского географического общества. 1861. кн. II, С. 44. Автор бұл экспедицияға қатысқан және өзінің қара қырғыздар туралы жазба дайындағанын еске алады. Бұл жазба Омбы мұрағаттарының бірінен табылуға тиіс болар (*Аристовтың ескертпесі*).

тартып алды, саудагерлер оны қайтадан тартып алып, алым жинаушыларды соққыға жыққан кезде, бұл қақтығысқа қатыспаған Уәлихановтың керуені кетуге асығып, Санташ өткеліне жетіп, Ыстықкөлге шығып, көлдің оң жағалауына жылжыды, мұнда қара қырғыздар астық жинаумен айналысып жатыр еді.

9 қазанда (қыркүйекте) керуен Зауқы өзенінің шатқалына келіп түсті, 11-ші күні осы жерде барымташылардың шабуылын тойтарып, аман-есен құтылып, ары қарай Жетісу, Тарағай, Шақыр-Қорым, Келінтайғақ, Көбергенті, Қалмақ-Ұшақ, Шатырташ, Ақсай өзені, Теректі арқылы жолға түсті. «Зауқы асуынан Теректі-Дауанға дейінгі кеңістікте көлбеу алқаптармен бөлінген биіктігі елеулі, шағын жон тәріздес таулы өлке бар».

Жеті-Өгіз өзенінен Теректі-Дауан шоқысына дейін керуен 11 өткелден өтіп немесе шамамен 175 шақырымдай жол жүрді. «Бұл кезде Теректі өткелінде қырғыздың шоңбағыш тайпасының белгілі қарақшысы, біздің алдымызда ғана Ақсудан Қашғарға баратын үлкен жолда қытай бекетінің қазыналық жүк арбасын шапқан, қашғарлық керуендердің қасдұшпаны Атеке көшіп-қонып жүрген еді. Керуеннің артында 200 орыс келе жатыр деген сыбысқа сескеніп, қырғыздар керуеннен тек сегіз қызыл тері ғана алды, алдыңғы керуеннен олар үлкен өтемақы алып, тағы 500 қой үрлап алған еді. Бірақ керуен соңғы Көк-Қия өткеліне жақындағанда, кенеттен әскери айғай естіліп, қырғыздар тобыры алға қарай шауып кетіп, өткелдің бойын жауып тұрып алды: қырғыздар Ақсайға жіберілген разъездерден орыс отрядының жақын жерде жоқ екенін біліп қойған екен. Келіссөздер басталды. Қырғыздар қызыл шұға мен терінің он тоғыздығын, сонша мөлшерде барқыт және шыт, т.б. талап етті. Осы бір сын сағаттарды керуенді құтқару үшін қоқандық бес сыпайлар келіп жетті, қырғыздардың шабуылынан қауіптенген керуенбасының хабары бойынша оларды Қашғардан қоқандық ақсақал жіберген екен.

Жолдағы жиі өткелдер мен суықтардан тұратын көптеген қиындықтардан соң, тең тиеген малды жоғалтып, Керуен Қашғарға 1 қазанда ғана жетті. 101 түйенің Қашғарға тек 36-сы ғана жетті.

Қайтар жолда Уәлихановтың керуені Қашғардан 1859 жылы 11 наурызда шығып, өткелін қар басқан Терекке емес, Тұрығартқа, Шатырқұл мен Ташрабатқа, ол жерден Құртқаға*[255]

---

*[255] Қараңыз: «Очерки Джунгарии» // Записки Русского географического общества. 1861. кн. II, СС. 35-38, 55-56; сондай-ақ, «Поездка в Кашгар» // Известия Русского географического общества. 1868 г., С. 226-278. Уәлихановтың бұл мақалаларында баспа қателіктері мен жаңылыс жазылған жерлер бар, өз бағытының мерзімін дәл көрсетпейді. Бұл соңғы бөліктерді мен түзедім, кей жерлерінде мен солай болуы ықтимал күндерді жақшаның ішіне көрсетіп отырдым.

қарай бағыт алды. Уәлихановтың одан арғы сапары және нарын қырғыздары туралы қызықты мәліметтер төменде баяндалады.

* * *

Ташрабат туралы алғаш рет сипаттап жазған Шоқан Уәлиханов еді, Қашғардан қайтар жолда 1859 жылы 18 наурызда өз керуенімен Шатырқөл өзенінің аңғарына шығып, содан соң «аңғарды солтүстік жағынан қоршап жатқан Ташрабат тауларында түнеді. Келесі күні Ташрабат тауларынан өтіп, Атбаш кең аңғарында лагерь тіктік» (негізінде Атбаштың тармағындағы Қара-қойын аңғарында). «Шатқалдан шығатын жолға жақын жерде Ташрабат тас ғимараты бар, таулардың атауы осыдан шыққан. Рабат деп шығыста үлкен жолдарда саяхатшыларға баспана үшін салынған ғимараттарды атайды... Бұхара хандарының бірі Абдулла осындай құрылыстарды ерекше жақсы көрген, сондықтан да бұл рабаттың салынуын оның атымен байланыстырады. Ғимарат сазбалшық қатпарлы тас тақталарынан құрастырылған, ұзындығы 12, ені 7 сажын болады. Ұзын дәліз сфероидалды күмбезі бар дөңгелек залға (радиусы 5 аршын) апарады, дәліздің бүйірлерінде еңкейіп кірмесе болмайтын төмен есіктер бар; бұл есіктер ұзындау келген шағын ғана бөлмелерге апарады. Ғимараттың іші және сырты бір кезде сыланғаны көрініп тұр; қуыстарды қоршаған ою-өрнектердің кей жерлері көрініп тұр. Өздерінің жалқаулығы мен қараңғылығынан азиаттықтар үлкен өнер мен еңбекті талап ететін жұмыстың бәрін таңғажайып жұмбақ бірдеңе деп санайды. Ташрабаттың да өз аңыздары бар. Бөлмелердің санын нақты білу мүмкін емес көрінеді, бірінші рет санағанда қырық болса, келесі жолы қырық бір болып шығады және т.б. Қара қырғыздар үшін ғимарат құрбандық шалып, ғибадат орын болып табылады»[*256].

Шоқан Уәлихановтың 1859 жылдың бас жағына жататын деректері бойынша, шеріктер өз жайылымдарында екіге бөлінеді: «Біреуі Атбашта, Арпада және Ақсайда, ал екіншісі – Көкшеалу өзенінің бойында көшіп жүреді. Біріншісінде әр рудың өз көсемі бар; олардың ең ықпалдысы Ұрыс би, Сасықұрыс, Коңджес (?) және ең күштісі Сарыжақ би. Екінші бөлімше бір ғана бас би Түрдыкенің[1] билігін мойындайды... Ол атақты қарақшы, қоқандықтарды тыңдамайды, зекет пен алым-салықты өзіне алады...

Шеріктер... ханнан оларды құртқалық комендантқа бағынбайтындай тәуелсіз болу үшін Атбаш өзенінің бойындағы бұлардың жайылымында бекініс салуды сұраған, бірақ олар-

*256 «Поездка Ч. Ч. Валиханова в Кашгар» // «Известия ИРГО», 1868, IV, С. 277.

дың өтініші аяқсыз қалды» ... «Құртқа бекінісі Нарынның оң жағалауында тұр, көлденеңі 200 сажын, үш жағынан қабырғамен қоршалған, ал төртінші жағы тік жарқабаққа барып тіреледі. Қабырғалардың ұзындығы үш сажын, ені 2 аршынға дейін жетеді; шығыс жағындағы қабырғаға бас қақпа жасалған, ал солтүстіктігінен – бұрынғы Жәңгірқожаның үйшігіне апаратын қақпалар жасалған; мұнда ғибадатхана орналасқан, бірнеше ағаш отырғызылған және барлық қасиетті жерлердегі сияқты бүншіктер тігіліп, құрбандыққа шалынған қойлардың бастары ілінген. Қақпаға енген соң біз топырақ дуалмен қоршалған киіз үйлерді және қабылдау бөлмесі, гарем, мешіт деп аталатын бірнеше саман үйлерді көрдік. Саздан жасалған шағындау қырқада ескі қағаз халат және қырғыздың қызыл тері етігін киген қараторы сарт отырды. Бізге оның Мамыразақ датқаның өзі екенін айтты... Зекетке екі жамбы алды...

Құртқа бекінісін 1832 жылы, «айдаһар жылы» қоқандық мыңбасы Хаққұлы салған, ол осы жылы «саяқтарды шауып алып, олардың басшыларын Атантай мен Тайлақты түтқынға алып, Қоқанға әкелген, шеріктерді, бассыздарды, моңылдырларды жасақпен айналдыра қоршап, Құртқаның негізін салған». Тоғызторау бекінісі одан бұрын салынған. Атантай мен оның бауыры Тайлақ қоқандықтарға бағынғысы келмей, түтқыннан босанған соң Іле бойындағы Ұлы жүз қырғыздарына қарай көшіп кеткен, бірақ оларды соңынан қайсақтар тонап, өз руларының жайылымына қайтып келген. Бекіністе әндіжан қырғыздарынан құралған шамамен 200 дей сыпай бар, қоқандықтар 50 адам ғана...

Оның қоластына: саяқ, шерік тайпасынан үш ру және бұғы руының шағын бөлігі кіреді. Құртқаға бағынатын саяқ рулары, сүт шора, оны Тайлақтың ұлы, ең күшті рубасы Осман басқарады; құлшығаш руы, оны Ералының ұлы Төлеке басқарады; иман руы, оны Байторы Жалаңақов басқарады. Осы үш ру өзара күрес жүргізеді...

Құртқа ведомствосына сондай-ақ, Нарын биігінде және Тарағай үстіртінде көшіп жүретін қалмақ бөлімшесінің бұғы руының теңімсейіт атты қырғыздары да бағынады. Оларды Мәмек-Шопақ үйелмені басқарады. Олардың ең ықпалдысы Бүйдаштың ұлы Найман, Әлекенің балалары Алжан мен Тобыл. Құртқа моңылдыр, бассыз және басқа да руларынан зекет алады.

Тоғыз торау және Жұмғал бекіністері бұрын құртқа комендантына бағынатын, қазір оларды жеке ведомостволарға бөлді. Бұрынғы Сібірде жасақ үшін жауласқан мангазейлік және красноярлық казактар тәрізді, бұл бекіністердің гарнизондары арасында да жиі зекет үшін ұрыс-керіс болады.

Құртқаға бағынатын саяқтар 600 киіз үйді құрайды, шеріктер Түрдыкенің иелігінде – 1500 және... Атбашта, Арпа-

да 1300-ге дейін және бұғыда 1200 үй бар. Қырғыздардың өздерінің бұйрығы бойынша Құртқа бұл қырғыздардан санау жолымен зекет алады (40 бас – бір, 100 бас – екі). Бұған қоса қырғыздар гарнизонды нанмен қамтамасыз етулері керек. Жыл сайын бір рет, кейде екі рет белгісіз мөлшерде салық алады. Биыл бұғылардан осы алым-салыққа 60 жылқы алынды.

Комендантның аманаты бар... және рубасылар арасында үнемі дүшпандықты қолдап отырады. Мамыразақ Османды көтермелеп, оның көмегімен басқа қырғыздарды жазалау үшін онымен туыс болды... Османда комендантты қызметіне әрқашан дайын тұратын 500 адам бар... Соңғы кездері Түрдыке зекет төлеуін мүлде тоқтатты, басқа шеріктер де дұрыс емес. Мамыразақ екі жылдан бері әндіжан билеушісінің орынбасарынан қырғыздарды жазалау үшін 700 адамнан тұратын жасақ беруді сұрайды, бірақ еш нәтиже жоқ...

Құртқаға бағынышты қырғыздар, бұғы мен сарыбағыштықтарға қарағанда кедей әрі аз, ал өзара үрыс-жанжалдар оларды одан әрі әлсіретеді. Біздің бұғылықтар оларды үнемі жеңіп шығады және саяқтар мен шеріктерді бірнеше рет қатал жазалаған».

Сауда керуендеріне қатысты «қырғыз рубасыларында уақыт айқындаған жүйелі ережелер пайда болды: 1) қырғыз рубасының ұлысы арқылы өткен керуен зекет төлеуі керек; 2) еркін өтуі үшін төлем төлеуі керек; 3) рубасының күші мен маңызына сәйкес сыйлықтар беруге тиіс; 4) атақты көсемдердің ауылынан айналып өтпей, олардың қонақжайлығын пайдалану үшін ұлыстарына тоқтауға міндетті».

Құртқадан 1859 жылы 24 наурызда шыққан Уәлихановтың керуені Осман Тайлақовтың ауылына тоқтамастан өтіп кетуді ойлаған еді, бірақ ол өзінің жігітін жіберіп, «қонаққа» шақырды, керуен оны тыңдамай кете берген кезде, күш қолданып оны ауылына бұрғызды. Бақытқа орай, сол күні Құртқадан Османды әкетуге солдат келіп, ол 25 сомдық сыйлықпен қанағаттанды. Ол қоқан ханынан қорықпайтындығын, бірақ Мамыразақпен керіскісі келмейтінін, ол бұған туыс және керек адам екенін айтты. Керуен ауылға түнеген кезде бұғының Тобылды ауылында дабыл көтерілді: шеріктер көрші ауылдан бірнеше жүз атты айдап алып кетіпті. Тобылды ұрыларды қуып жетіп, аттарды қайта тартып алып, бірнеше адамды тұтқынға алып, өзі шеріктерге қарай шабуылға кетті. Нарындық бұғылықтардан басым түсуге үмтылатын бұл Тобылды екі жыл бойы Мамыразақпен араз болып, Верныйға орыстардың қамқорлығын сұрауға барғысы келген, бірақ кейін онымен татуласқан.

Нарынның бойымен жоғары өрлей отырып, керуен бұрынғы жолға шықты және Зауқы шатқалымен Ыстықкөлге келіп түсті. Көлдің жағалауын Төрегелдінің сарыбағыштықтары алып

қойған екен. Олар керуенді тоқтатып, оны тонаймыз және Уәлихановты танып қалған біреу оны қоқандықтарға ұстап береміз деп қорқытты, оны сарыбағыштықтардың біреуі Верныйда көрген екен. Бірақ, Жантаймен араздықта болған және орыстарды өзіне қарсы қоюдан қорыққан Төрегелді керуеннің алдынан жіберілген орыс отрядының жақындап қалғандығын біліп, керуенді еш кедергісіз босатуға мәжбүр болды. Верныйға Уәлиханов 1859 жылғы 12 сәуірде келіп жетті*[257].

* * *

«Халықтың білімі мен құрамын көрсететіндіктен», қырғыз-қазақтар мен қара қырғыздардың тектік-генеологиялық аңыз әңгімелерін маңызды деп санайтын Шоқан Уәлихановтың (1856–1859) сөздері бойынша, «қара қырғыздардың генеологиясынан олардың халқының басым бөлігін қырғыздардың түрік тайпасы құрайды, оларға кейінгі кезде екі бөтен бөлімше қосылған. Осы екі бөтен бөлімшенің бірін қыпшақ, найман рулары... құрайды, тектік жағынан олардың қырғыз халқына жататындығын бұлардың бәріне ортақ рубасы қойылуынан көруге болады, ол Қырғызбайдың баласы болды. Келесі бөтен бөлімше – ішкілік, өз рубасын Қырғызбай деп санаса да, басқа рулар оларды мойындамайды. Үшінші бөлімді *оң, сол* қанатқа бөлінетін нағыз қырғыздар құрайды. *Оң қанат* екі бөлімге – әдгене мен тағайға бөлінеді, соңғысы жеті рудан тұрады: бұғы, сарыбағыш, солту, саяқ, шерік, шоңбағыш және бассыз; әдгене бөлімі жазды Оштан Қоқанға дейінгі тауларда өткізеді; *сол қанат* Талас бойында көшіп жүретін үш кішкентай тайпадан: сару, көщі және мұндыздан тұрады. Наймандар мен қыпшақтар, қырғыз халқына кейіннен қосылған тайпалар Оштан бастап Памир жазығының бойымен Бадахшанға дейін көшіп жүреді; олармен бірге ішкілік және әдгене тайпаларының кейбір рулары көшіп жүреді; торайғыр-қыпшақ рулары Қашғардың Ташымалық қаласының маңында көшіп жүреді. Аталған рулар көптеген ұрпақтарға бөлінеді, ол ұрпақтардың әр қайсысы өз ішінен тағы да бөлінеді және т.б.»*[258].

С.Я. КАПУСТИН

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ

Ақыры мен өзімнің ежелгі тілегім мен берген уәдемді орындауға – Шоқан туралы барлық білгенімді жазуға отырдым. Отыруын отырдым – бірақ кенеттен не жазарымды

*[257] «Поездка в Кашгар» // «Известия ИРГО», 1868, IV, С. 278-287.
*[258] Қараңыз: Очерки Джунгарии // Записки РГО. 1861. кн. II, С. 49, 50, 54.

білмей қиналып, абдырап қалдым. Түрлі жағдайлардың естелігі басымда анық тұрғаны және олардың көптігі сонша, олардың кез келгенін таңдап алып, қағазға түсіруге болатын сияқты. Бірақ басты бөгет солардың өзінен келіп шықты: олардың қайсысы қай қырынан алғанда маңызды, қайсысы Шоқанның жалпы өмір тарихы үшін, қайсысы жекеше алғанда маңыздырақ, қайсысы кімдер үшін қызықты? Бұлардың барлығы да менің өзім жауап беруге тиісті сұрақтар. Әрине, менен Шоқанның қызметінің толық тізімін баяндап беру талап етілмейді, себебі бұл туралы мәліметтер осыған дейін жиналған және жарияланууда[1]. Уәлихановтың өміріндегі ірі оқиғалар туралы да айтудың қажеті жоқ, себебі бұл тақырыппен Шоқанның басқа таныстары айналысуда[2], оның ғылыми қызметін де мен зерттемеймін, бұл туралы менен ешкім түсініктеме талап етпейді.

Осылайша, менің үлесіме Шоқанның қоғамдық (тар мағынасында) өмірі туралы, оның үйдегі тұрмысы, оның өз таныстары және дос-жаранымен ізгілікті қарым-қатынасы туралы жазу міндеті тиіп отыр. Өмірі туралы мәліметтердің көптігінен және әртүрлілігінен, оған кіретін фактілердің көбінің ұсақтүйектігі, көбінің тым қарабайырлығынан келіп мен үшін қиын сұрақ туады: мен нені алдыңғы қатарға шығарып, неге баса назар аударуым керек. Мен табиғатымнан суреткер (жазушы) болсам, онда мен үшін ешқандай қиындық тумас еді, бос сөйлеп отырмын ба, құнды оқиғаны сипаттадым ба, еш күмән тумас еді.

Сонымен, мен бастаған ісіме, қорқынышпен емес үмітпен – Шоқан Уәлихановтың зерттеушісі үшін пайдалы боламын деген тілекпен кірістім, аз жазамын ба, көп жазамын ба, білмеймін. Егер менің қолыма бұған дейін дайындалған өмірбаянын берсе, басқаша болар еді, мен оны оқи отырып, менің естеліктерім толықтыратын жерлерін тауып, жалпы мұндай жұмысты ескертпелермен, түсініктермен толықтыруға болар еді. Бірақ, не болса да, мен бастаймын.

* * *

Моңғол нәсілі, жалпы, ажарсыз, сұлу емес болып келеді, ал Шоқан, бет-пішінінде таза монғолдық белгілер (қалың қара тік шаштар, қысықтау қара көздері, кішкентай аздап жалпиған мұрыны – бәрі де монғолдық еді) айқын білінсе де, аса тартымды еді, тіпті сұлу деп айта аламын. Өңіндегі барлық белгілер өзіне жарасып, мейірімділігін, жұмсақтығын көрсетіп, бүкіл бет-пішіні асқан бір сүйкімділікпен өзіне тартып тұратын еді. Онымен араласып, әңгімелескен кезде, алдында қырғыз (ал оның өңі мен дене түлғасы мүлде орысқа ұқсамайтын еді) отырғаны мүлде есіңнен шығып кететін еді.

Жергілікті сібірлік болсын, Сібірге кейін келген орыс ада-

мы болсын, қырғыздарды тап өзімен тең түрғыда неміске, французға, еврейге, итальяндыққа қарағандай қабылдай алмайтындығын осы жерде айта кету керек. Ең бір ізгіжанды сібірліктің немесе ресейліктің өзі бұратанаға үлкен адамның кішкентай балаға қарағанындай қарайтын еді. Бұның өзі белгілі бір жандарға ғана тән өте бір христиандық қатынас еді; ал жалпы орыстардың көбісі қырғыздардарға жиіркеніп қарап, тартымсыз деп қабылдаушы еді. Бірақ Шоқан Уәлиханов өз сыпайылығымен сізге өзін бауыр ретінде қабылдауға мәжбүр ететін еді, ол өз ортаңыздағы орыс адамынан, бала кездегі немесе кейін бірге оқыған досыңыздан да жақын болып кететіндей еді. Оның әр пішінінен сіз өзіңізге ұнамды (көзқарасы, бет әлпетіндегі қимылдар, дауыс ырғағы, жұмсақ үні, сөздерінің бейнелілігі) нәрсе көретін едіңіз, одан сезімнің ең бір нәзік реңдерін табуға болады.

Оның бойында жалпыадамдық қасиеттер көп болды. Ол маған Омбы кадет корпусын бітіріп шыққанда сондай боп көрінді және ол сондай еді. Мен бұл кезде Қазан университетіндегі курсты бітіріп, Сібірге келген едім. Бұл екі оқу орнының оқу бағдарламасының әртүрлілігіне қарамастан, көзқарастарымыз көбіне ұқсап, көп тақырыпта ойымыз бір жерден шықпаған кез жоқ еді. Шоқаннан мен әдеттегі орта білім орнының тәрбиеленушісінің түсініктерін емес, аса білімді, жан-жақты адамды таныдым. Әсіресе оның тарихи білімі көп еді, жалпы ол ғылым саласында да, әдебиет саласында да өте сауаттылығымен ерекшеленетін.

Уәлихановпен әңгімелескенде оны оның бойындағы ерекше сөз өнері, ұтымды да бейнелі сөйлеу қабілеті керемет тартымды етіп көрсетуші еді; бұған оның өз әңгімесін әрқашан мысқылға бұрып отыруы, әңгімедегі адамдардың іс-әрекетіне епті түрде икемделіп отыруы және осының бәрін бет әлпетіндегі керемет қимыл-қозғалыспен жеткізуі қосылатын.

Өз таныстарының және бір көрген адамының бір де бір мәнері, мінезінің бірде бір сипаты оның назарынан тыс қалмайтындай көрінетін еді және оны ол белгілі дәрежеде пайымдап та үлгеретін. Адамның бет әлпетіндегі аз ғана бір қимыл-қозғалыстан, өзін ұстау мәнерінен, жай ғана айта салған сөздерінен Шоқан оның тұтас мінез-құлқын сипаттай алып, оның өткен өмірі мен болашақтағы әрекеттері туралы өте бір тапқыр болжамдар айта алушы еді.

Сібір қалаларының, әсіресе біз Шоқанмен жиі кездесіп, бірге тұрған Омбының өмірінде ерекше мінезді тұлғаларды бақылауға болатын жағдайлар өте көп кездесетін еді. Мұнда астанадан, Орталық Ресейден және оның барлық шет аймақтарынан – Финляндиядан, остзей губерниясынан, Польша патшалығынан, Қырымнан, Кавказдан жаңа тұлғалар ағылып келіп жататын. Өз еркімен келмеген адамдардан басқа, мұнда

мансап қуған, қаржылық жағдайын түзегісі келген, қандай да бір жағдайға ұшырап, соны ұмыту үшін келген т.б. адамдар ұмтылатын. Бұған қоса, сібірлік-түземдіктердің қатарынан ресейдің алыс түкпірінің меңіреу тұрғыны секілді адамды сирек кездестіресің. Сібірліктердің жасы да, кәрісі де ширақ, өмірдің түрлі жағдайларына бейімделе алатын пысықтығымен ерекшеленетін еді. Мұнда кертартпалық, ескішіл, жалықтыратын ештеңе болмаушы еді. Әртүрлі және әр текті халықтың ағылып келуімен үнемі жаңарып отыратын сібірлік қоғам, шынына келгенде, өте бір ақылды, білімді қоғам еді. Кейінгі жылдары біздің кең империямыздың түрлі өлкелеріне сапар шегіп жүргенде, сібірдегідей кітапты көп оқитын, энциклопедиялық мәліметтер алуға ұмтылатын, жан-жақты, қызықты тұлғалары көп, Ресей және бүкіл әлем туралы соншалық көп нәрсе білетін қоғамды кездестірмедім. Ресейдің деревнялары мен уездік қалаларының, привилендік губерниялары мен шекарадаға неміс елдімекендерінің түземдік түрғындары және басқалар – бұлардың ешқайсысы да сібір қаласының түрғындарымен салыстыруға да келмейтін еді. <Сібірде [шектен шыққан іс-әрекеттерімен белгілі болған] өте бір оқыс бұзақылығымен көбіне әдеттегі қалыптан шығып кететін адамдар толып жүретін еді.>*259. Сібірлік қала өмірінің осындай ерекшеліктерінің бәрі де дарынды бозбалаға әсер етпей қалған жоқ және оның байқағыштығына азық болды. <Мұндағылардың арасында пайда ғана көздеген арсыз жандар, жаман жағдайларға ұрынғыш, көргенсіздер [көп] бар еді>. Түрғындарының*260 құрамының соншалық әртүрлілігінен, мысалы, Омбыда генерал-губернаторлық басқарманың орталығында үнемі өршіп жататын жанжалдарда сыртынан қарағанда бейбіт көрінетін түрлі партиялар, қоғамдар мен үйірмелердің мүшелері бірін-бірі жеп қоярлықтай болып араздасып, күресу немесе қорғану үшін жеке-жеке ұйымдарға бірігіп жататын. Өз мүдденді өзің тектес адамдармен байланыстырмай түрып, артыңда сөзіңді сөйлер адамың болмай түрып қызмет етуің, сауда жасауың, бірнәрсе жасауың, тіпті жай ғана өмір сүруің мүмкін емес еді.

Алпысыншы жылдардың басына дейін мұнда үш түрлі партия анық бөлінетін: біріншісі, өз шенін көтеру үшін, қалтасын толтыру үшін неге де болса, тіпті ауыр қылмысқа баратындар; екіншісі аса бір ұятсыздықтан жиренетін ұстамдырақ жандар; үшіншісі құдай жолымен жүретіндер еді. Соңғысына

---

*259 < > жақшаның ішінде сызылған мәтін берілген.

*260 Оқылуы әртүрлі: *Осындағы генерал-губернатор басқармасының орналасқан жерінде үнемі өршіп отыратын, генерал-губернатор басқармасынан тығыз байланысқан дау-жанжалдар орталығында.* Екінші нұсқасы: *Түрғындарының құрамының өте әртүрлілігінен, мысалы Омбыда, өз араларында түрлі партиялар мен үйірмелер [құрып алған] терең білімді кісілерді үнемі кездестіруге болатын еді.*

көбіне ескі сібірліктер[261*112], ертеректе, шенеуніктердің аз кезінде және олардың бүкіл қызметі белгілі бір міндеттерді орындаудан, мысалы салық жинаудан, жолдар жүргізуден аспаған кезде, шенеуніктер ауылдар мен қалалардың ешқандай іс-тәртібіне, қай жерде не салынып жатыр, үйде, көшеде не істеу керектігіне араласа бермейтін, бір сөзбен айтқанда, адамдардың бас еркіндігі барлық жағынан алғанда тәуелсіз кезде қалыптасқан байырғы түрғындар жататын еді. Бір таңғаларлығы, осы партияның ішінен бұрынғы күнәларынан арылып, тәубесіне келген, сібірдің рухы сау, таза қоғамдық ортасымен емделген, түзелген жандарды да көп кездестіресің. Әсіресе өз кездерінде күнә жасаған бұрынғы шенеуніктер, бұрынғы уездік полиция бастықтарын-исправительдер осы топта көп еді. Оларды шындықтың нағыз қамқоршылары, ең төмен адамның құқығын қорғаушы деп қабылдау біртүрлі қызық еді. Бірақ мен осы бір қарт кісілердің арасынан өз балаларын ар-намысқа, жауапкершілікке, батылдыққа баулып жүргендерді, қандай да бір жағдайы төмен жұмысшының, қысым көрген әйелдің қайғысына жәрдемдесуге шын ниетімен ұмтылып жүргендерді көрдім. Менің ойымша, сібір өміріне басым екпінді кім-кімнің болса да қамқорлығын аз көрген, еркіндік алған крестьяндық түрмыс беретін еді. Онымен тікелей жанасқан шенеунік бұның адамгершілік ықпалына еріксіз беріліп, бұл жерден жөнді білуге, әр нәрсенің парқын тануға үйренеді, осындай өнегенің арқасында Сібір шөл даладан жайлы өлкеге, өркениетті қабылдауға қабілетті елге айналды; ол мәдениеттене, өркениеттене түсті.

Мен өзімнің бала кезімді, кішкентай байбатша, қалада болса да, өзінің жағдайы бойынша нағыз деревнялық мекенді еске салатын үйімде жүрген кезімді еске аламын, бақта, бақшада, мал қорада, деревнядан жиналған қызметшілер шамамен жиырмаға жететін еді. Анамнан ерте айрылған, әкем болса үнемі қызметте немесе сыртта жүретіндіктен, мен еркін өстім, әжем де, тәтем де, басқалар да маған тоқтау сала алмайтын еді. Бұндай жағдайда менің бұзылып кетуім немесе ең бір мақсатсыз жанға айналып кетуім мүмкін еді. Бірақ бәрі де керісінше болып шықты. Әділеттілік туралы ұғым, осы сөзге деген ең бір қатаң көзқарас, арамтамақтарға < артылықшылықтарға деген жеккөрініш сезім өзіме де белгісіз бір жолдармен менің жаныма ене бастады. Сол кездегі қалалықтар сияқты ақсаусақ, әлсіз, сәнқой болудың орнына, мен басқаша тип болып өстім. Спартандықтар туралы мен, әрине, ол кезде ештеңе де естімеген едім, оған қарамастан спартандықтың типі менің жеткіншек кездегі таңдауым болды. Осы кезден бастап

*261 Оқылуы әртүрлі: соңғысына басым көпшілігіне бұрынғы адамдар жиналды.

менде адамдардың теңдігі туралы түсінік қалыптаса бастады, көпшілік дегенді мен біртұтас күш деп танып, оған бағыну керектігі, одан имену керектігі, оның сеніміне ие болудың құрмет екені туралы ойлай бастадым. Сол кездегі мені қоршаған крестьяндықтың менің бойыма осындай түсініктерді енгізгенін мен кейініректе ұға бастадым, бірақ, шынын айтқанда, мұның бәрін мен енді ғана, халық өмірін ғылыми тұрғыда мұқият зерттеген соң дұрыстап ұғына бастадым. Ал бұған дейін мен бұның қайдан шыққанын білген де жоқ едім*[262].

И.И. ИБРАГИМОВ

ШОҚАН ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

1861 жылы Шоқан Уәлиханов Петербордан үйіне қайтып келді, ауылдар қыстаудан жазғы жайылымдарға қозғала бастаған кезде [қайтып келді]. Көкшетауға келгені туралы Шоқанның әкесіне, ауылға хабарлады, әкесі ауылды жақсы бір жайылымға бұрып, ұлын күтіп алу үшін тоқтады. Шоқан Уәлиханов бірнеше күн Көкшетауда болып, сондағы жергілікті билікпен танысты, науқас күйінде тарантаспен ауылға, әкесіне қарай шықты.

Онымен бірге Мәскеуден бай помещиктің ұлы, өкпе ауруына шалдыққан жас жігіт келе жатты, Шоқан оны өкпе ауруынан емдеу үшін алып келген еді. Ары қарай дала басталатын және одан ары экипажға жегілген қырғыз аттарымен жүруге тура келетін сібір казак станицасына үш тарантаспен жеткен кезде, Шоқан Уәлиханов сол жерге түнеу үшін тоқтады, ол таңертең қозғалу керек деп шешкен еді. «Ең болмағанда, қараңғыға қарағанда, жарықта мойын сындыру оңайлау ғой», – деп қалжыңдады ол жолдастарына. Ақ патшадан қайтып келе жатқан жас сұлтанды көруге келген салт атты қырғыздардың санында шек жоқ еді. Ұйқыға жатқанда, менің есімде, Шоқан денесін арақпен ысқылап беруді өтінді, себебі жолдағы жауыннан оған суық тиіп қалған еді; жолда кездескен қырғыздардың бәрімен амандасу үшін тарантастан бас шығара беріп, оның үсті су болды және бекеттерде тарантастан сыртқа шығып тұрғанда табанына су өткізіп алған еді. Оның қасында татар қосшысы бар еді[1], ол тарантас пен бөлме арасында жүгіріп барып-қайтқан сайын сырттағылар одан үнемі төренің не істеп жатқанын, не қалайтынын сұрап отырды.

«Төре» деп тек сұлтандарды айтады, жай қырғыздарды олай атамайды. Татар өз қожасын жатқызатынын және арақпен сылайтынын айтты. «Арақпен! Неге?». Кейбір қыр-

*[262] Мәтін осы жерден үзіліп қалған.

ғыздар сол жерде-ақ: «Демек, ішкені аз екен ғой, бұған қоса сылау да керек, міне, төре! Орыстардың арасында соншама уақыт бекер түрмаған екен» деп жатты. Бір қарт кісі мысқылмен: «Жақсы нәрсеге үйренген екен, айтатыны жоқ» деді.

Ол әкесінің ауылына баласының ауылға жақындап қалғанын сағат сайын хабарлап отырған қырғыздардың ортасында жетті, халық өте көп еді.

Шоқанға арнап ауылдан алысырақ жерде киіз үйлер мен палаткалар тігілді, мұнда ол өзінің Мәскеуден ертіп келген қонағымен бірге орналасты. Ауылға келген соң, ол әдеп жолымен, әкесінен өзін қабылдауын сұрады, әкесі көп күттірмей-ақ оны шақырып алды. Шоқан өз бауыры Жақыппен және басқа да немерелес бауырларымен бірге әкесі мен шешесінің үйіне қарай жүрді.

Әкесі мен шешесі киіз үйдің ішінде, жерде, әдеттегі өз орындарында отырды. Әкесінің үйінің есігін Шоқан өзі итеріп ашуға тиіс еді (құрмет белгісі ретінде), бірақ ол есікке жеткен кезде інісі Жақып есікті итерді де, оны өткізіп жіберді. Қаптап тұрған қырғыздардың бәрі де сол сәтте-ақ осыны байқап қалып, дереу оған кінә тақты: «Әне, көрдіңдер ме, есікті итеруге де құлқы жоқ, әбден бұзылған, барлық жағынан да бұзылған болар», – десті қырғыздар.

Шоқан алдымен әкесіне жақындап, оның алдына тізерлеп отырды, әкесі малдас құрып отырған еді; әкесі оны қос қолымен құшақтап, маңдайынан сүйді. Бұл кезде анасы Зейнеп, күйеуінен екі-үш қадам жерде отырған толық әйел, ұлын құшақтауға асығып: «Шоқан, Шоқаным, өзімнің балам, кел, кел маған» деп айғайлап жіберді, ол шешесіне жеткенде, анасы жылап жіберді де, ұлының бетінен сүйе бастады. Содан соң әкесі оны өзінің оң жағына отырғызды, алдына дастарқан жайылып, қымыз әкелінді, содан соң әдеттегідей жол туралы, денсаулығы туралы және т.б. сұраулар басталды.

Біраздан соң Шоқан қоштасып, өз үйіне кетті. Оның киіз үйінің жанында көп қырғыздың ортасында қолында домбырасы бар қырғыздың белгілі суырыпсалма ақыны Орымбай[2] отыр екен. Шоқан оны киіз үйге шақырды, Орымбай жас сұлтанның әкесінің ауылына келуін, оны ұлы адамдардың ұрпағы ретінде ұнатқан ақ патшаны, оның данышпандығын және тағы басқаны мадақтап, әдемі, мәнерлі сөздермен төгілтіп жырлай бастады.

Шоқан жырауға қырғыз тіліне татар сөздерін араластырмау туралы бір ғана ескертпе айтты.

Шоқан кештерде қырғыздардың әңгімелері мен өлең-жырларын тыңдап ұзақ отыратын. Таңертең кеш тұрып, қымыз ішетін, шай ішпеуші еді, пісірілген қойдың етін сорпасымен, ысталған жылқы етін жейтін. Помещиктің ұлы бөлек киіз

үйде тұрды, оған да қой еті мен қымыз, сондай-ақ ірімшік берілетін.

Жас помещик аз ғана уақыт ішінде тез сауыға бастады, Шоқан бұған қатты қуанып, қымыздың, қой еті мен сорпасының, ірімшіктің пайдасы туралы мақтай отырып, оны асқа тойдыратын. Мәскеуліктің қанша уақыт болғаны есімде жоқ, бірақ оның құлан-таза айығып, толысып кеткеніне шамасы бір ай да болған жоқ, сұмдық жөтелмен үнсіз келген ол өзі әкелген қаруларын сыйға тартып, әбден сауығып қайтты.

Бірде, менің есімде, Шоқан бір қырғыздың шақыруымен «қыз ойнаққа»*[263] барып, өте көңілді кеш өткізді. Киіз үйдің бір жағында қыздар, оған қарама-қарсы жігіттер отырады. Қыздар таңдаған жігітіне орамал лақтырады, ал жігіттер сол қызға жақын келіп, оны сүйеді. Өз кезегінде, орнына қайтып келген жігіт қолында қалған орамалды өзі таңдаған қызға лақтырады. Ол қыз орнынан тұрып, сол жігіттің алдына келіп отырады да, бетінен сүйеді. Қыздар мұндай кезде көбіне ауыздарынан қант немесе қалампыр алдырады. Ойынның соңында Шоқан жігіттерге таңдап алған қызының алдына отырып, оған ән салып беріп, содан соң ғана оны сүюге бұйрық етті. Қыздарға да осындай заң орнатты. Содан соң жігіттерге әнді таңдаған қызының айтқан әуенімен ғана айтуды ұсынды; қыздарға да, осы ойынға қатысып отырған жас әйелдерге де осындай тәртіп ұсынды.

Түнге қарай кешкі ас әкелінді, содан соң біз ән салып ауылға қайттық. Бәріміз де салт атты едік.

Жазда Шоқан Уәлихановтың өз әкесінің ауылынан кетуіне себеп болған тағы бір оқиға болды, осыдан кейін ол өз әкешешесімен мүлде қоштасып, олардың үйіне бармай қойды.

Шоқанның шешесінің қызметінде бір төленгіттің әйелі бар еді (елдің айтуынша, баяғыда Абылай хан өзінің ауылындағы кеңеске келген сұлтанның қасындағы адамдарына айтқан екен деген *төреңді күт* [өз мырзаңа қызмет жаса] деген сөз бар, яғни, басқаша айтқанда, өз орындарыңа барыңдар, кеңесте отырмаңдар деген сөз), ал бұл әйелдің байғұс күйеуі ауыл шетінде өз үйін тігіп, сонда тұратын. Әйел күнде өз ханымының үйіне ерте келіп, су жылытатын, түндікті*[264] ашып, ас дайындап, тиісті жұмыстың бәрін істейтін, күні бойы жүріп, кешке ғана күйеуіне қайтатын.

Сол қызметші әйел күнде таңертең сұлтаншаның өзі құйып берген қымызды кесемен Шоқанға әкеліп тұратын болды және ыдысты босатқанша күтіп, қайта әкетуші еді.

---

*[263] Дәлірек айтқанда, тек көңіл көтеріп қана қоймай, ас ішетін кешкі сауық.

*[264] Киіз үйдің ішіне жарық беруді реттеп тұратын киіздің төрт бұрышты үзігі.

Күндіз таңертеңгі асты, түнге қарай кешкі асты да әкелетін. Таңертеңгі қымызды Шоқан төсегінде жатып ішетін. Міне, осы қызметші әйелге Шоқанның ғашықтық сезімі ояна бастады, таңертең ояна бастағаннан оның келуін күтетін болды. «Ол мені оятып алмау үшін жайлап қана, сақтана кіретін, кейде менің оянуымды күтіп отыра тұрады; жоқ, бұл ғажап әйел, ақылды, ешқандай артық ойы жоқ; оның жоғары жаққа қарай түрілген үстіңгі ерні қандай еді – бұл сондай керемет, тәтті сүйістің не екенін кез келген адам түсіне бермес» деп маған Шоқан жиі айтатын.

Ол әйелдің Шоқанға кеткенде ұзаққа жоғала бастағанын және мүмкін басқа қызметші әйелдер де сыбырласа бастағанын тез байқаған ақылды анасы ол әйелге Шоқанға баруға тыйым салды және оған тамақ тасуға бір кемпірді жіберді. Шоқан бірден шешесіне адам жіберіп, бұрынғыдай болуын, яғни, «асты мына таңқы мұрын әйел емес, бұрынғы әйел әкелуін» талап етті.

Шешесі бұған келіспеді, Шоқан да көнгісі келген жоқ, сөйтіп олар бір-біріне суи бастады. Шоқан өз күпиясын інісіне және өзі жақсы көретін ағасына айтты[3]. Бұл аралықта сол қызметші әйелдің киіз үйі Шоқанның әкесінің ағасы Шепенің[4] ауылына көшірілді, ол күйеуі екеуі Шоқанның әкесінің ауылынан мүлде кетті. Шоқан бір-екі рет оны өзіне қайтаруды талап етті, бірақ еш нәтиже болмады. Сол кезде ол ашуланып, ағасына өзінің көмелетке толған адам екенін, кімді қаласа, соны жақсы көретінін, әкесі де, шешесі де оған тыйым сала алмайтынын, ал егер ата-анасы көп сөйлеп, ол әйел туралы шу көтерсе, оны уландырып өлтіргісі келсе, сол әйелді қорғау үшін қолынан келгеннің бәрін жасайтынын айтты. Әке-шешесі Шоқанға қатты ренжіп, оның үн шығармауын талап етті, ол әйелдің мұнда жоқ екенін, оны енді мүлде көрмейтінін ескертті. Бұл кезде ауылда ол әйелдің күйеуімен Баянауылға, Шыңғыс Уәлихановтың әйелінің ағасы – Мұса Шормановтың ауылына жіберілгені туралы сыбыс тараған.

Шоқанның өз әкесіне үлкен параққа хат жазғаны және егер әкесі сұраса, оны оқып беруді менен өтінгені есімде. Әкесі оны оқыды да, маған көрсетпей, қалтасына тығып қойды.

Бізге жеткен сыбыстар бойынша, ол әйелдің күйеуімен Шепенің ауылынан кететін күні де жетті. Шоқан оны ешқайда жібермейтінін, оны күйеуінен айырып, ешкімнен де, ештеңеден де ұялмастан, сол жерде үйленетінін жариялады. Қатты толқыған Шоқанды ағасы ұзақ үгіттеді, ал бұл кезде оның ата-анасының да әбден мазасы кеткен еді. Ақырында бауыры Жақып Шоқанды ол әйел ауылдан кеткенше бір-екі күн осында қала тұрып, содан соң Көкшетауға баруға көндірді, сол жаққа әйелді аман-сау жеткізіп беруге уәде берді. Егер

Шоқан бұл ақылды тыңдамаса, бұл іс үлкен жанжалға ұласатын еді, істі шешуге Шыңғыстың үлкен ағасы Шепе және басқа да бауырлары шақырылып, ерттеулі аттар дайындалды және егер Шоқан жаңағы қызметшінің артынан өз киіз үйінен шығатын болса, оны тірі жібермейтінін Шыңғыс кесіп айтты.

Шоқан өз әке-шешесімен қоштасты ма, жоқ па, есімде жоқ, бірақ ол көп кешікпей Көкшетауға кетті. Ол әйел сол жақта біраз уақыт оның үйінде тұрып, бір бөлмеде жатып, содан соң Шоқан, неге екені белгісіз, оған риза болмай қалып, әйел әкесінің ауылына қайтып кетті.

Бұдан соң Шоқан Ұлы жүз жеріне[5] кетті, ол жақта полковник Тезектің қарындасына үйленіп, соның ауылында 1865 жылы қайтыс болды. Оның жесір қалған әйелін кейіннен бауыры Жақып алып кетіп, қырғыз дәстүрі бойынша оған үйленді. Ол ажарсыздау, бірақ ақылды әйел еді.

Қапал мен Верныйдың арасында, Алтын Емел пошта бекетіне таяу жерде, пошта жолынан арырақ жердегі Ұлы жүздің қырғыз сұлтаны, орыс армиясының ротмистрі Шоқан Уәлихановтың зиратына генерал фон Кауфман барды. Марқұм ғылым әлемінде өзінің Қашғария туралы шығармаларымен белгілі еді, жалпы ол өте білімді және қырғыздар арасынан шыққан алдыңғы қатарлы адам болып саналатын.

Константин Петрович оның зиратының басында бас киімін шешіп, оның рухына тағзым етті, менен осындай кезде оқылатын мұсылмандық дұға оқуды өтінді. Кейіннен К.П. ол жерге қырғыз тіліндегі мынадай жазуға тапсырыс берді: «Бұл тастың астында 1865 жылы қайтыс болған Ұлы жүз сұлтаны Шоқан Уәлихановтың денесі жерленген. Ол патшаның адал қызметшісі, шындықтың қорғаушысы еді. Адал да ыждағатты қызметі үшін, жақсылық пен тәртіпке деген сүйіспеншілігі үшін, ғылымдағы үздік табыстары үшін император тақсыр оған ротмистр шенін берді. Құдай тағалам оны өзіне ертерек алып кетті. Алла енді оның жанына тыныштық берсін. Бұл тас түркістандық генерал-губернатор, генерал-адъютант фон Кауфманның бұйрығымен 1871 жылы бәрімізге сүйікті, құрметті марқұм Шоқан Уәлихановтың рухына арнап қойылды»*[265].

Өлкенің жаңа бастығының зиратқа келгені туралы хабар қырғыздың жалпақ даласына найзағайдай жылдам тарап кетті және бұл жердегі бүкіл мұсылман қауымына аса бір қуанышты әсер етті

---

*[265] Бұл тас Шоқанның зиратында сақталды ма, жоқ па, мен білмеймін, бірақ менде зираттағы осы жазудың мұсылмандық мәтінінің көшірмесі және бұл мәтіннің қырғыз тіліндегі өзім жасаған аудармасы, тастың шетіндегі өз қолыммен жазылған: «Жоғары мәртебеліге 1871 жылы 27 қарашада ұсындым» деген жазуы бар *(Ибрагимовтың ескертпесі).*

Г.Н. ПОТАНИН

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ

Шоқан Уәлиханов Сібір кадет корпусына 1847 ф... жылы түсті, демек ол 1837 жылы немесе соған таяу жылдары дүниеге келген[1]. Ол шығу тегі жағынан ақсүйек, қырғыздың соңғы ханы Уәлидің немересі және оның тұсында қырғыздардың Орта жүзі Ресейдің қол астына енген, қырғыздың атақты ханы Абылайдың шөбересі еді.

Шоқан өз атасының атынан Уәлиханов болып жазылған еді. Шоқанның әкесі, Шыңғыс Уәлиевич, Уәли ханның екінші ұлы еді. Уәли ханның үлкен ұлы Ғұбайдолла саяси себептермен өз өмірін айдауда аяқтағандықтан, Сырымбет атамекені Шыңғыстың меншігіне көшкен еді. Бірақ, Шоқан мұнда емес, Тобыл өзенінің жоғары жағындағы Құсмұрын деген жерде туған, себебі Шыңғыс Уәлиевич қызмет бабымен осы жерлерде тұрған еді (ол Құсмұрын округінің аға сұлтаны болды). Қырғыз даласы ол кезде бірнеше округке бөлінген еді; әр округтің басында сұлтандардың*[266] бірі тұрып, сол кезде ол аға сұлтан деп аталатын.

Шоқанның мұсылманша есімі Мұхаммед-Ханафия; Шоқан деп үйіндегілер атап кеткен. Шоқан 10 жасына дейін өз отбасында[2], қырғыздың киіз үйінде тәрбиеленді. Оның әкесі бір кезде өзі де сол училищеде оқыған еді, кейін оған Шоқан түсті, бұрын ол Әскери казак училищесі болды, ал кадет корпусы болып 1845 жылы ауыстырылды.

Шоқан кадет корпусына орысша бір ауыз сөз айта алмайтын қалпында түсті, бірақ та сол кезде ол қарындашпен сурет салатын еді. Ол корпуста 1853 жыға дейін болды, заң бойынша бұратана ретінде оған арнайы әскери ғылымдарды: артилерияны, әдісті және басқаларын тындауға болмайтындығынан, оқуды өзінің құрдастарынан бір жыл бұрын бітіріп шықты. Мінезіне қарай оның әскери ерліктерге икемі жоқ еді. Офицер болып шығарылды да, сол кездегі Батыс Сібір генерал–губернаторы Гасфортқа адъютант болып тағайындалды.

Шоқанның дамып-жетілуіне оның өзінің үлкен дарынымен қоса, бұратана болғандығынан оған ерекше назар аударылуы да себеп болды, қырғыздың ақылды баласы барлығын да қызықтырған еді. Сондықтан, мейрам күндері оны қалаға қандай да бір сауатты адам өзімен бірге алып кететін; бірде Қазан университетінің шығыс факультетін бітірген Сотников дейтін біреу, енді бірде сол кадет корпусының білімді, өте сауатты тарих пәнінің мұғалімі, поляк Гонсевский; ақырында, кадет корпусында болған соңғы жарты жылында оны полков-

*[266] Ақсүйектердің барлығы да сұлтан деп аталатын, олар Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын. *(Потанинның ескертпесі).*

ник Гутковский отбасына қабылдады. Осы таныстықтар арқасында Шоқан орыс құрдастарына қарағанда тез жетілді және де ол өз идеяларымен сыныптастарын ғана емес, өзінен екі жыл үлкен сыныптарды да басып озды. Әсіресе, Гутковский және оның жақын туысы Капустиндер әулеті (әйелдері атақты Менделеевтің тегін алып жүрген)*[267] оның дамуына және бүкіл тағдырына ерекше әсер етті.

Олар сол кездегі Омбы қаласындағы ең бір өте сауатты әулеттер болатын; олардың үйлерінде ең үздік, ең білімді жастар жиналатын еді. Бірде-бір ғалым-саяхатшы бұл әулеттерге соқпай кетпейтін еді; егер Омбыда жер аударылған саяси адам өмір сүрсе, ол осы жерде демалатын еді.

П.П. Семенов Омбы арқылы өтіп бара жатып әрдайым Гутковский және Капустиндерде болып жүрді; олар жер аударылған (петрашевтық) Дуровты өте жақсы қарсы алды. Кадет корпусын бітіріп шығар кезінде Шоқан бұл екі үймен қатты жақындасып кетті; екеуі де оны туған баласындай қабылдаған еді. Өз кезегінде, ол да осы әулеттерге туыстық сезіммен қарайтын.

Кейіннен Гутковский сібір қырғыздары Облысын басқарған губернатор жолдасының орнын алды. Бұл Шоқанды Гутовскиймен одан әрі жақындата түсті. Гутковский Шоқанға қырғыздарды басқару мәселесі туралы жазбалар құрастыруды тапсырды.

П.П. Семенов Батыс Сібірге келгенінде, алыс түкпірдегі Шоқанға таңғаларлық құбылыс ретінде қызығушылық білдірді. Ол Шоқанның оқымыстылығына таңғалды, ондайды кітапқа бай емес Омбыдағы провинциядан күтуге болмайтын да еді. Оқымыстылығы, әрине, өлкетанушылықтың тар шеңберінде және де оның үстіне тар мағынада: түркістандық өлкетануда ғана шектелген еді.

Сол кездің өзінде-ақ Шоқанның кітапханасында қырғыздар туралы орысша жазылғандардың бәрі де жинақталған еді. Ол шет түкпірдегі тіптен сирек кездесетін шығармаларды да тауып алатын еді.

«1858 жылы (Шығыс Түркістандағы тоқтамайтын бүліктер мен көтерілістерге байланысты батыс сібір басшылығымен), өлкенің жағдайы туралы шынайы мәліметтерді сол жақтың өзінен алу үшін, сонымен қатар Орта Азияның осы бөліктерінің сауда жолдарын қолдан келгенше зерттеу үшін Қашғарға сенімді адамды жіберу қажет болды – деп П.П. Семенов хабарларының негізінде құрастырылған, «Отчет Русского географического общества за 1865 г.»*[268] жарық көрген

---

*[267] Марқұм Семен Яковлевич Капустин Ш. Уәлихановтың ең жақын досы болған (*Потанинның ескертпесі*).

*[268] «Отчет Русского географического общества за 1865 г.», СПб, 1886, С. 9-11.

Уәлихановтың қазанамасында айтылды. Тапсырма өте қауіпті болды және де оны орындау үшін шешім қабылдай алатын, қайсарлығы, байқағыштығы, ақылы бар және сонымен қатар азиялықтарша киім киіп баруы керек болғандықтан, татар тілі мен шығыс салт-ғұрыпты білетін адам қажет болды.

Бұл шарттардың барлығына Уәлихановтан басқа толық сай келетін адам табу оңайлыққа соқпайтын еді. 1858 жылдың маусым айында ол сауда керуенімен бірге жолға шықты.

Семейде бай саудагер сарт Бұқаш өмір сүрген еді. Ол осы жұмысты іске асыруға бел байлады. Он жылдан астам уақыт бұрын бір саудагер сарт өз отбасымен Қашғардан Семейге кеткенін, ол кісінің Әлім есімді кішкентай баласы болғанын есіне түсірді. Семейде аз ғана уақыт тұрып, Әлімнің әкесі Саратовқа көшіп кетті және оның кейінгі тағдыры туралы ешнәрсе белгісіз. Бұқаш бұл отбасының Қашғарға қайта оралмағандығын нақты білетін еді. Бұқаш Шоқанға сарт болып киініп, Әлім есімін алу туралы ұсыныс жасады; есептеп қараса, ол екеуінің жастары сәйкес келді; Әлім осы уақытта 21 жасқа келіп қалған болатын.

Уәлиханов шашын қырып тастап, азиаттық киім киіп алды да, Бұқаштың керуенімен бірге Семейден шықты. Керуен Қашғарға аман-сау жетті, ал көктемде, 1859 жылдың 12 сәуірінде Уәлиханов қазіргі Верный қаласына оралды».

Қазанамада: «Бұл сапар географиялық ерлік болды. Марко Полоның уақытынан бері Қашғарға осы қалада өлтірілген бақытсыз Адольф Шлагинтвейттен басқа бір де бір еуропалық барған емес» делінген.

Әлімнің туысқандары Шоқанды өз туысы деп қабылдады. Оны бәрі қуанышты қарсы алып, жалған Әлімнің қайта оралғанына той жасап берді, ағайындары сұлу келіншек тауып, Шоқанды үйлендірді (жергілікті дәстүр бойынша қалада болған уақытында), бұл қуанышты хабарды сол кезде қарлы жотаның ар жағындағы Қоқанда тұратын Әлімнің әжесіне жеткізді, ал әжесі сол жерден Әлімге алтынмен өрнектелген тақияны сыйға беріп жіберді. Бұл кезеңде Қашғар өлкесі көтерілісші Жақып-бек*[269] жасаған төңкерісті жаңа ғана бастан өткерген еді және де талқандаудың іздері әлі де көрініп тұрды.

Уәлиханов Қашғар алаңындағы адамдардың басынан жасалған пирамиданы көрді, қала тұрғындары бұлардың арасында Адольф Шлагинтвейттің де басы бар екенін айтты. Қашғар басшылығы Әлімнің атын жамылған орыс офицері туралы хабарды өте кеш, Бұқаштың керуені Ресейге қайтып бара жатқанда ғана алды. Қашғардан қуғыншылар жіберілді, бірақ олар шегарадан (аман-сау) өтіп кеткен керуенді қуып жете алмады.

---

*[269] Дұрыс емес, *Жақып бектің* орнына Уәлихан төре деп оқу керек.

Уәлихановтың еңбектері 1861 жылғы «Географиялық қоғамның Жазбаларында» 1) «Жоңғария очерктері» (I кітап) және «Қытайдың Нань-Лу провинциясының алты шығыс қаласының жағдайы туралы» (III кітап)*[270] басылды. Онда қара қырғыздардың портреттері және Шоқанның өзінің салған суреттері де берілген.

Бәлкім, кадет корпусының тас қабырғаларындағы өмір оның денсаулығына жаман әсер еткен болар, Шоқанды әр жаз сайын қырға, туған жеріне жіберіп тұрғанына қарамастан, бұл сапарлар оның ағзасының қыс бойы жоғалтқанын қайтара алмады.

Қашғар экспедициясы аяқталған кезде, оны Петерборға шақырды, бірақ астананың ауа райы мен өмірі оның денсаулығына одан бетер зиян келтірді. Одан өкпе ауруының белгілері табылып, дәрігерлер оны келесі жылы жазық далаға жөнелтті. Қалған уақытта Шоқан қырда, Көкшетау аймағындағы Сырымбет жерінде өмір сүрді, қыс кезінде Омбыға барып тұрды.

Генерал Черняев Ташкентке алғашқы сапарына аттанар кезде, генералдың ғалымдар мен әдебиетшілерден (Северцев, Южаков, «Искраның» қызметкері, тоболдық суретші Знаменский) құралған тамаша нөкерінің құрамына қатысуға Уәлиханов та шақырылды. Бірақ сапардың ең басында-ақ Уәлиханов әскери көріністерге шыдамай, генералмен тіл табыса алмай, Верныйға қайта оралды; оның ауруы өршіп кетіп, 1864 жылы*[271], 31 жасында албан руларын басқаратын Тезек сұлтанның (Құлжа өлкесінің шекарасындағы) қырғыз ауылында көз жұмды.

Уәлиханов жинаған еңбектердің барлығы дерлік басылып шыққан жоқ. Оның қолжазбалары із-түзсіз жоғалып кеткен. «Орта Азияның тарихы, этнографиясы және географиясы туралы деректер жинау үшін, – делінген қазанамада – Уәлиханов өз еңбек күшін де, қаржысын да аямады: өз халқының әңгімелерін, аңыздарын және де дастан-қиссаларын мұқият жазып алып жүрді, ежелгі заттарды сатып алып және де өміріне қауіпті болса да қолжазбаларды тауып жүрді».

«Уәлиханов, – деп жалғастырады сол қазанамада – өз еліне деген адал берілген көңілін сақтады, ол қырғыз өмірін жақсы көрді, дегенменде сонымен бірге Ресей қамқорлығындағы батыс өркениетін жоғары бағалай білетін еді».

Ресми буынмен айтылған, бірақ шын мәнінде өзінің ақылой бағыты мен ізденістері бойынша Шоқан орыс батысшылы болды.

---

*[270] Бұл мақала Берлинде шығарылған Эрмановтік Archive аударылды (*Потанинның ескертпесі*).

*[271] Дұрыс емес, Ш. Уәлиханов 1865 ж. 10 сәуірде қайтыс болды.

Ол Ресейді шын жақсы көрді, оның кемшіліктерін көрді және оның ең үздік адамдарымен бірге қызу түрде жаңаруын тіледі. Оны 60-жылдардың қимыл-қозғалыстары қызықтырды, ол либералдарға жататын еді. Діни түрғыда ол еркін ой иесі болды, бірақ өз халқымен байланысты үзбеу үшін мұсылман болып қалды.

В.В. БАРТОЛЬД

(Ш. УӘЛИХАНОВ ҚЫРҒЫЗДАР ТУРАЛЫ)

XIX ғасырда Шығыс Түркістанға Сібірден және Орта Азиядан бірнеше экспедиция мен елшіліктер жіберілді. 20-жылдардың өзінде-ақ Ертіс бойындағы қалаларға қытайлықтарға қарсы сол кезде болып жатқан көтеріліс жөнінде мәліметтер жетті; Семей қаласының мұрағатында сақталған осы көтеріліс туралы мәліметтер кейіннен Семей комитетінде жарық көрді[1]. Шығыс Түркістан Қытайдан аз уақытқа ғана мүлде бөлініп шыққан 50-жылдардағы көтеріліс маңыздырақ еді. Бұл оқиғалар туралы және сол елдің өзі туралы мәліметтер алу үшін Сібірден орыс қызметіндегі қырғыз Шоқан Уәлиханов іссапарға жіберілді, бұл елге ол саудагер ретінде барды (1858-59). Дарынды қырғыз сұлтанының осы ел туралы жазған сипаттамаларынан басқа да еңбектері үлкен үміт ұялатты, бірақ осыдан кейін көп уақыт өтпей-ақ Уәлиханов мәдени өмірдің жағдайынан бас тартты да, өзінің туған ауылына қайта оралды және сол жақта дүниеден өтті.

...Уәлиханов сөздеріне сүйенсек, Омбыда, сібір қырғыздарының облыстық басқармасының мұрағатында 1746 ж. жазында әйелдері мен бала-шағалары бар 12 адамнан тұратын қырғыз-қалмықтардың[2] Өскеменге келгендері туралы құжат бар; олардың айтуынша, 3000 түтін болатын (Козьминнің пікірінше – 2500; құжатта үш жарым мың) қырғыздарды «50 немесе одан да көп жыл бұрын» үш қалмақ зайсандары: Дұқар, Сандық және Чиньбинь (басқа көсеткіштер бойынша Зұқар, Сандық, Бенбень, Козьмин сүйенетін құжаттар бойынша – Чинбиль) 500 адамнан тұратын отрядпен келіп, «күштеп, бірақ ұрыс-соғыссыз»[3] алып кеткен.

Жергілікті халық Абакандағы молаларды қырғыздардікі дейді және де бұл жерде ержүрек қырғыздар өздерінің жауларымен шайқасып, шайқаста мерт болғандарды осында жерледі деген аңыз бар.

Орыс әскерінің Іледен шет өлкеге бірінші рет жер жағдайына алдын ала барлау жасау 1852 жылға жатады; 1854 ж. бұл аймақ басып алынып, Верный бекінісі, кейіннен Верный деп аталған қала (қазіргі кезде Алма-Ата) салынды. 1855 ж. 10 000 аса түтін бар бұғу тайпасының жоғарғы ма-

набы Боранбай немесе Борамбай орыстарға бағынатынын білдірді.

Боранбай 1858 жылдың басында, орыс үкіметінің тапсырмасымен Қашғарияға барған қазақ*[272] Шоқан Уәлиханов Іледен шет өлкеге немесе ресми түрде Алатау округі деп аталатын өлкеден өтердің алдында үш ай бұрын қайтыс болды, ал сол Уәлихановтың басқа жазбаларында Боранбайдың өлген жылы 1875 деп көрсетілген[4].

Уәлиханов «қара қырғыздар» туралы, олардың тайпаға бөлінуі, тайпааралық қарым-қатынасы туралы толық мәліметтер береді. Моңғолдар тәрізді қырғыздар да екі қанатқа – оң және сол қанаттарға бөлінді; біріншісі сан жағынан едәуір көп еді, сол жақ қанаттағылар қырғыз жерінің ең бір шеттегі батыс аймағын, атап айтқанда Талас бойын мекен етті. Бұдан мынадай қорытынды жасауға болады: қырғыздар дүниенің төрт бұрышын көне түркілер сияқты шығысқа емес, моңғолдар секілді оңтүстікке емес, солтүстікке қарап анықтады.

1816 жылы олар қытайлықтарға қарсы Зияддин ахун бастаған Ташмалықта немесе Ташбалықта көтерілісті қолдады, кейін бұл жер торайғыр-қыпшақ руына жататын қашғар қырғыздарының орталығы болды. Ташбалық Қашғардың оңтүстік батысында, Яманар, немесе Гез өзендерінің таудан шығар сағасында орналасқан.

...1864 ж. Уәлиханов орыс билеушілерін «барып тұрған пасық, өтірікшілігімен белгілі болған» Сарынбекке (немесе Сарымбек)[5]аға манап дәрежесін бергені үшін айыптады, ол кезде қырғыздарда ақсүйектер жоқ еді, тек Орман[6] мен Борамбай (Боранбай) секілді бірнеше адамдар ғана жеке адами қасиеттерімен танылып, басшы болған, біріншісі өзінің батылдығымен, екіншісі – керемет ақылымен танымал еді. Қуыс кеуде пасық адамды бас манап етіп сайлап, орыстар «кейдейсоқ құбылысты тұрақты абыройға айналдырды»: осынысымен де олар өздеріне «бізден емес Сарымбектен кеткен» басқа манаптарды (бұғылықтардан Мұрат Әли мен Болы-Қарайды*[273]) қарсы қойды. Бұл Талас еліндегі Қарабурада Черняевпен істес болған Сарамбек немесе Сарымбек пе, әлде Тулизиннің естеліктерінде айтылатын, 1868 жылы уезд басшысының кіші көмекшісі қызметін атқарған және ол туралы 1867 жылдың өзінде-ақ «Тынай болысының құрметті қариясы» (сарыбағыштықтардан) атанған манап Саурамбай Құдаяров па, ол жағы маған белгісіз.

---

*[272] Дұрысы: *қазақ*.
*[273] Дұрысы: *Шоң Қараш*.

А.Г. ДОСТОЕВСКАЯ

ҰМЫТЫЛМАС КҮН

1866 жылдың сегізінші қарашасы – менің өмірімде ең бір елеулі күндердің бірі; бұл күні Федор Михайлович маған өзінің сүйетіндігін айтып, түрмысқа шығуымды өтінді. Сол уақыттан бері жарты ғасыр өтсе де, сол күн бүге-шүгесіне дейін менің жадымда айқын сақталғаны сонша, бейнебір бір ай бұрын ғана болған тәрізді.

Ашық, аязды күн болатын. Мен Федор Михайловичке жаяу барғандықтан, белгіленген уақыттан жарты сағат кешіктім. Федор Михайлович, сірә мені ұзақ күткен, менің даусымды естісімен-ақ бірден кіре беріс бөлмеге шықты.

– Келдіңіз-ау әйтеуір! – деп көңілдене сөйлеген ол, менің башлығым мен пальтомды шешуге көмектесе бастады. Біз кабинетке бірге кірдік. Бұнда әдеттегіден жарық еді, Федор Михайловичтің бірденеге қобалжып түрғанын байқап таңғалдым. Толқыған өңінде оны жасартып түрған шаттықтың ізі бар еді.

– Сіздің келгеніңізге қандай қуаныштымын, сіз өз уәдеңізді ұмытып кете ме деп қорқып едім, – деді.

– Федор Михайлович, сізді көргеніме және осындай көңілді күйде көргеніме мен де қуаныштымын. Сізде жақсы бір нәрсе болған тәрізді ғой?

– Иә, болды! Мен бүгін ғажайып түс көрдім.

– Сол-ақ па! – деп, мен күліп жібердім.

– Күлмеңіз, өтінемін. Мен түстерге үлкен көңіл бөлемін. Менің түстерім әрқашан орындалады. Мен түсімде марқұм ағам Мишаны көрсем, әсіресе әкемді көрсем, маған бір жамандық төніп түрғанын бірден білемін.

– Түсіңізді айтыңызшы, кәне!

– Мына үлкен полисандр қобдишаны көріп түрсыз ба, бұл менің сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы, мен оны қатты бағалаймын. Бұған мен өзім үшін қымбат жазбаларымды, хаттарымды, басқа да қадірлі заттарымды сақтаймын. Міне, түсімде мен осы қобдишаның қасында отырып қағаздарымды реттеп жатырмын. Кенеттен олардың арасынан бірнәрсе, бір жарық жұлдызша жылтырағандай болды. Мен қағаздарды ақтарып жатсам, жұлдызша бірде көрініп, бірде жоғалады. Бұл мені қызықтыра бастады: мен қағаздарды ақырын жинастыра бастадым да, олардың арасынан титімдей ғана, бірақ ерекше жарқыраған гаухар тас тауып алдым...

Б. ГЕРАСИМОВ

Ф.М. ДОСТОЕВСКИЙДІҢ СЕМЕЙДЕ БОЛҒАН КЕЗІНДЕ ТҮСІРІЛГЕН ФОТОЛАРЫ ЖАЙЛЫ

Семейде Достоевскийдің 1858 жылғы офицер мундирінде түскен суреті сақталған. Суретте Федор Михайлович оң қолына фуражкасын ұстап, орындықта отыр. Сонымен бірге Ф.Михайловичтің Семей жері арқылы ғылыми іссапармен Қашғарияға кетіп бара жатқан Орта жүздің ханы Уәлидің белгілі ұрпағы офицер Шоқан Уәлихановпен бірге түскен суреті де бар. Достоевский Уәлихановпен ол Петербордағы университетте дәріс тыңдап жүрген кезде-ақ танысқан болатын. Уәлихановтың өзгелерге ұқсамайтын ерекше тұлғасы оның көңілін аударды, сөйтіп олардың арасында достық қарым-қатынас орнап, тіпті бірге суретке де түсті. Суретте екеуі де офицер мундирінде, Шоқан отыр, Достоевский тұр*[274].

Г.Н. ПОТАНИННІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН

(М.Х. Свентицкаяның жазбалары негізінде[1])

Он жастан асқанымда мені Омбыдағы кадет корпусына оқуға берді, сол жерде мен оны бітіріп шықтым.

Корпустағы алғашқы екі жылда мен өзімді өте жалғыз сезіндім. Қалада туысқандарым мен таныстарым болмаған соң, демалыста баратын жерім жоқ еді, ұялшақ, түйық болғандықтан жолдастарыммен де бірден араласа алмайтынмын, олардың шулы ойындары мен тентектіктеріне қатыса алмайтынмын. Барлық бос уақытымды жіберіп оқитын кітаптар ғана менің өмірімнің қызығы еді. Әсіресе, саяхат туралы оқығанды ұнататынмын, көбіне теңіз жайлы («Робинзон» естен шыққан емес) оқып, міндетті түрде жер шарын айналып жүзуді армандадым. Теңіз туралы көптеген романдарды оқып шығып, теңіз кемелерінің құрылысын жақсы біліп алдым. Кейіннен, жасым өте келе, кememен саяхаттаудың іске аспайтындығын ұғынып, мен құрылықтағы саяхат туралы армандай бастадым.

Екі жылдан кейін тағдыр маған корпусқа оқуға түскен кішкентай ғана қырғызды, атаманның*[275] ұлы, саяхат жасау туралы ойлармен әуестенген Шоқан Уәлихановты дос етіп жібергенде, менің осы арманым күшейе түсті.

Шоқан өз даласын сүйетін, маған қырғыздардың тұрмысы

---

*[274] Дұрыс емес, екеуі де отыр.

*[275] Қате кеткен, *сұлтан* болып оқылуы керек.

жайлы көп әңгімелеп беруші еді. Оның әңгімелері мені қызықтырғаны сонша, мен оларды жазып жүретін болдым, сөйтіп оның әңгімелері менде қалың дәптер болып шықты.

Сол уақыттарда ол орысша нашар сөйлеп, әрең жазатын, бірақ ол сурет сала алатын, менің дәптерімді қырғыздардың қаруы, аңшылық жабдықтары, теріден жасалған ыдыстар және басқа суреттермен безендіріп тастайтын. Талай кештерді Шоқан екеуіміз біздің болашақ саяхатымыз бен ашатын жаңалықтарымыз жайлы әңгімемен өткізіп, одан ары жақындаса түсетінбіз.

Шоқан талантты еді, тамаша оқыды, кадеттер арасында өзінің ақылымен, ширақтығымен және өзгеше бір ашық та еркін батылдығымен ерекшеленетін.

Мен ынталанып оқитынмын, әсіресе географияны ұнатып, жақсы білетінмін, бірақ бағаларым нашар болатын. Шамасы, өз білімімді анық көрсетіп, батыл жауап бере алмайтынмын.

Тап осы кезде Омбыға Эллизендер отбасы көшіп келді, бұл менің өмірімде үлкен бір оқиға еді. Мен оларға қонаққа барып тұрдым және олардың тарапынан өзіме деген жылы ықыласты сездім. Лидиямен кездесу мен үшін үлкен қуаныш еді. Менің ықылас-құрметім жаңа бір күшпен оянды; осыны сезген ол маған біртүрлі қарай бастады: біресе ерке назды болады да, біресе салқын оғаш қылық танытады. Кадеттердің әдеті бойынша бізді «қалыңдық пен күйеу» деп әжуалай бастады, бұл оны ұялтып, ал мені азапқа салды. Сонда да туғанымдай болған осы отбасының жақындығы мен Шоқанмен достығы менің корпустағы өмірімнің бар қызығы еді.

Осылай жылдар өте берді. Шоқанмен достығымыз да, болашақтағы саяхат туралы ортақ армандарымыз да нығая түсті.

Шоқан шығыстанумен көп айналысатын, корпустағылар оған бейнебір келешек данышпан және саяхатшы ретінде қарайтын еді. Мен оның барлық сабақтарына бірге қатыстым, ол көптеген Шығыстың кітаптарын алып, оларды менімен бөлісетін. Екеуміз бірге Палластың саяхатын көне орыс тіліндегі аудармасынан оқып шықтық, бұл оқылым маған қатты әсер етті. Паллас менің теңізде саяхаттау туралы армандарымды құрлықта саяхаттауға ауыстырды.

1852 жылы мен курсты аяқтап, кадет корпусынан хорунжии (офицер) болып шықтым да, Ертіс арқылы Бұқтырманың сағасынан Семейге дейінгі жерде орналасқан 7-і казак полкына түстім. Полк кенттер мен станциялардан құралған.

Шоқан корпуста тағы бір жыл қалуы керек болатын.

Семейдегі, Верныйдағы және қайтадан Семейдегі бес жыл қызметтен кейін мен Омбыға, әскери басқармаға ауыстырылдым, мұнда мен мұрағат жұмысымен айналыстым.

Бұл қала менің өмірімнің бұған дейінгі бекеттерімен салыстырғанда, алыс түкпірден ерекшеленетін астана тәрізді еді –

мұнда адамдар мен кітаптар бар еді. Рас, Верныйда да ақылды және зиялы бір ғана кісі болды, ол біздің басшымыз полковник Перемышльский (Мәскеу университетінің курсын бітірген) еді, либерал жан болатын, өзін офицерлерден алыс ұстайтын. Верныйда да, Семейде де қалған адамдардың бәрі де жағымсыз тұлғалар еді де, мен бұл жерлердегі бүкіл өмірімде үлгілі адамды кездестірген емеспін. Мен ол жақта өмірмен танысып, көпшілік халыққа көз тастап, қарай бастадым, Омбыға дейін ешқандай «сібірлік» ойлар менің басымда қалыптаспаған да еді.

Омбыда менің ескі достарым Пирожков пен Чукреевтер кіретін казактардың үйірмесі[2] болды, оларға корпустан жаңадан ғана бітіріп шыққан Усов пен генерал-губернаторда адъютант болып қызмет істейтін менің ең жақсы ескі досым Шоқан Уәлиханов та қосылды. Шоқанмен Омбыда кездесу мен үшін орасан зор қуаныш болды. Үйірмеде отаншылдық рух күшті еді – олардың бәрі де Сібірге қандай жағдайда болса да қызмет еткісі келетін.

Бұл Севастополь кампаниясының жаңа аяқталған кезі болатын. Қоғамда «жаңа рух» пайда болды; ол кездегі «Современник», либералдық «Орыс хабаршысы» және «Отандық жазбалар» журналдары батыл жаза бастады, басыбайлы құқық туралы жазуға тыйым алынып тасталғаннан кейін, қиянат етушілерді барынша әшкерелей бастады. Біз бұл журналдарды асқан қызығушылықпен оқыдық, олардың әрбірі біздің көзқарастарымызға төңкеріс әкелгендей болатын.

Бұл уақытта менің қолыма өте қатты әсер еткен Березиннің «Отандық жазбалардағы» колониялар туралы және Пейзиннің «Современниктегі» жер аудару мен жер аударылғандар туралы мақалалары түсті. Бұл мақалалар менің жергілікті түйсігімді қобалжытты. Березиннің мақаласынан мен колонияның саудалық және егіншілік болатынын білдім және соңғысының тарихы метрополиядан бөлінеді. Сібір – егіншілік колония, менде метрополиядан бөлінуі үшін ол да өздерімен теңдестермен тағдырын бөлісуі керек деген бір ой пайда болды. Пензиннің мақаласынан батысеуропалық айып колонияның оларға метрополиядан қылмыскерлерді жер аударуға қарсы екенін білдім және осы сияқты қарсылық Сібірде де, оның айып колониясында да бар екенін ойладым.

Осылайша біртіндеп маған Сібір публицисінің іс-әрекеті түсінікті бола бастады.

Бұл уақытта Шоқан мені оның ықпалымен өзімнің саяси көзқарасымды бірден өзгерткен петрашевтік Дуровпен таныстырды.

Бұл кездесуге дейін мен император Николай I-ден саяси бостандық туралы еуропалық ойды құлшына қорғайтын Ұлы Петрді көргендей болып, оның алдында құрмет көрсететінмін. Кейін өзім де сеніммен петрашевтік болдым.

Омбылық танысулар мен алдыңғы қатарлы журналдарды оқудың ықпалымен саяси сенімнің үзілісі, либералға және реформаның жақтаушысына айналу менің болашақ мақсатым туралы армандарымды өзгертті. Менің қазақтік патриотизмім суынып, басқа сипаттағы Сібір патриотына айналдым.

Жеті жыл қызмет ету кезінде мен Сібір әкімшілігінің жағымсыз жақтарымен таныстым: полкта мен оларды полк командирі Мессарош, ал Омбыда генерал-губернатор Гасфорт тұлғасы арқылы бақыладым. Бірінші жағдайда әкімшіліктің қатыгездігінен бес мың қазақ, екіншісінде – биліктен көзін шел басқан генерал-губернатордың басқаруымен миллиондаған тұрғындар азап шекті. «Искрада» – алпысыншы жылдардың сатиралық газетінде – «Окзенкопф» (Гасфорттың герібінде – үш бұқаның басы) деген лақап атпен Гасфорт туралы анекдоттар айтылды.

Гасфорттың кезінде оған бағынатын биліктің жабайы озбырлығы үстем болды. Барлық лауазымдар бағаланып, белгілі бір сомаға сатылды. Ол пайданың көп бөлігі Гасфортқа жақын Бас басқарманың кеңесшісі Почекунинге түсетін, Пара ашық алынды. Кіші биліктер өздеріне барлығы жазалаусыз болатынын біліп, неше түрлі оңбағандық жасады. Және осының бәрі барлығының көзінше жасалды. Омбының барлық әкімшілігі байлықта өмір сүрді, жақсы үй, жайлылық, ал төмендегілер азап шекті.

Мен осының барлығын түсініп, ілгері даму, білім алу, ғылым және бостандық туралы ойлармен шырмалған жас сібірліктің мақсатын былайша анықтадым: ол міндетті түрде жоғары білім алуы тиіс, сібір өмірінің заңсыз патшаларының біліміндей білімді университеттен алып, содан кейін Омбыға қайтып оралып, оларға қарсы шығып, солардың қаруымен өздерін жеңу. Мен бұдан ары бармадым...

Бірақ университетке қалай түсу керек? Маған, қазақ офицеріне, отставкаға шығуға тыйым салынған, сонымен қатар қаражаты да жоқ? Сонымен қатар ол кезде мені саяхат еліктіретін.

Мен Шоқанмен жиі көрісетінмін. Бұл уақытта ол екеуіміздің бірге баратын саяхатымызды жоспарлайтын. Алдымен біз Петерборға барып, университетке түсуіміз керек болатын. Ол – шығыстану факультетіне, мен – барлық уақытта жаратылыстанумен айналысқандықтан, жаратылыстану бөлімінің физика-математика факультетіне. Саяхат кезінде ол шығыс тайпаларының филологиясымен айналысуы керек, ал мен Петербордағы Ботаникалық бақ және ғылым Академиясының Зоологиялық мұражайына өсімдіктер мен жануарлардың коллекцияларын жинаймын. Біз Орта Азияға барамыз, қайтсек те Аспан асты еліне (Қытай ол кезде шетелдіктерге ашылмаған еді)

еніп, Кукунор өзенінің жекелеген жағалауы мен оны қоршап тұрған патриарх-тауға жетеміз, ол туралы Гумбольдтың «Asie Centrale»*[276] оқыған.

Шоқан өзінің қызығарлық жоспарын айтқанда беріліп айтатын, алайда оның арманы маған қозғау салмады; онымен бірге саяхат жасау мүмкін емес деген сенім менің қиялымды құрдымға жіберді. Мен өзімді Ботаникалық баққа және ғылым Академиясының Зоологиялық мұражайына коллекцияларды тек Сібір әскерінің казактарының жорық жасайтын аймақтарында ғана жинаймын деген ойға көндіруге тырыстым.

Сол уақытта Сібірде П.П. Семенов саяхаттап жүрді. Ол кезде Верный Аспан тауының етегіндегі Алматылық станица деп аталатын, менің бар екенімді біліп, станицада тұрып өсімдіктер жинап, қолжазбалы журнал шығарғанымды, Географиялық қоғамның журналын жаздырғанымды, жалпы ғылыммен айналысқанымды білді. Мұның барлығы оны қызықтырды.

Верныйда ол Шоқанмен танысты, одан екеуіміздің дос екенімізді білді. Омбыға келісімен ол Шоқанды тауып алып, онымен бірге менімен танысу үшін маған келді.

Менде ол менің гербарийімді ықыласпен қарап, Омбы мұрағатындағы менің жұмыстарыма қызығушылық танытып, менің ары қарайғы жұмыстарым туралы көбірек сұрады. Ақырында ол мені міндетті түрде Петерборға, университетке баруға көндіре бастады.

– Мұнда, – деді ол, – сендер рухани қолдаусыз қаласыңдар. Семенов менің казак ретінде өз тағдырымды өзім билей алмайтынымды біліп мынандай жоспар ойлап тапты: өзінің ағасы, барлық әскери оқу орындарының бастығы Я.И. Ростовцев арқылы ол мені барлық казак әскерінің бастығының адъютанты қылып орналастырады және бұл қызмет жеңіл болғандықтан мен университетке бара аламын.

Осы әңгімелесуден кейін менің көңіл күйім күрт өзгерді. Мені Шоқанның Орта Азия астанасы туралы арманынына деген немқұрайдылық тастап қана қоймады, бірақ бұл көрініс туралы ойлар жай ғана мас қылды.

П.П. Семенов Петерборға кетті, мен Омбыда қалып, оны күттім. Алайда ай артынан ай өтті, ал Семеновтан еш хабар болмады. Мен ұмытылып қалдым деген ойға келдім. Алайда мен Шоқанның арманы мені немқұрайды қалдырған күйге келе алмадым, сондықтан отставкаға шығудың жолдарын қарастырдым.

---

*[276] А.Гумбольдтің шығармасы «Центральная Азия».

М.Х. СВЕНТИЦКАЯ

Г.Н. ПОТАНИН ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

...Бірде тымық күзде қақпаға қоңыраулы аттар келіп тоқтады. Мен: «Тағы бір жерге апарады» деп ойладым. Алайда Потанинді сұрағанын естідім, үй иесі әйел маған біреуді ертіп келе жатыр... Не? Шоқан Уәлиханов! Маған Петербордан Шоқан келді! Өтіп бара жатып емес, арнайы маған келіпті. Шоқан, менің абзал, ескі досым!..

Мен қуаныштан аңырап қалдым. Түні бойы жатпастан отырып әңгімелесе бердік, әңгімелесе бердік... Шоқанға келесі күні кету керек болды, оның қызметтік жұмысы солай болды (ол қырғыз полковнигі еді)*[277]. Ол кеткеннен кейін мен, сенесіз бе, жас балаша жыладым. Күн батып кеткендей болды...

М.К. АЗАДОВСКИЙ

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-66), саяхатшы және этнограф, қазақ руынан шыққан, Омбы кадет корпусында оқыған, Іле аймағында географ П.П. Семеновпен танысқан, оның ықпалымен ғылыми жұмыстармен айналысқан; Петерборға кетіп, университет лекциясын тыңдаған. 1858 жылы сауда керуенімен Шығыс Түркістаннан Қашғарға дейін байқатпай сәтті өтті. Белгісіз аймақтан кең ауқымды материалдар әкелді, оларды өңдей бастады, бірақ жұмысын аяқтамай қайтыс болды. Оның «Жоңғар очерктері» («Записки РГО», 1861, кн. 1 и 3) және «Алтышар жағдайы немесе қыт. Нан-лу (Кіші Бұхара) пр. Алты шығыс қаласы» 1858-59 жылдары (сонда, 3 кітап) Орта Азияны зерттеу жұмысында ірі құбылыс болды. Уәлихановтың басқа жұмыстары 1868 ж. және 1905 ж. «РГО жазбаларында», Остен-Сакеннің ол туралы қазанамасы «РГО есебінде» 1865 ж., «Сібір хабаршысында» 1866 ж. басылды.

Л.С. БЕРГ

[ҚАШҒАРДЫ АШУШЫ]

Географиялық қоғамға Қашғар туралы толық ақпарат берген бірінші саяхатшы штабс-капитан Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов[1] болды. Ол тегі қазақ, Орта жүз қырғыздарының

*[277] Қате, дұрысы: *штабс-ротмистр.*

(шындағында қазақтың) соңғы ханы Уәли-ханның немересі және атақты Абылай ханның шөбересі. Уәлиханов, өкінішке орай, ерте 1865 ж. өкпе ауруынан қайтыс болған талантты саяхатшы. Ол 1858-59 жылдары Қашғарға барған*[278]. Ол Қашғарға Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорпен ол жерде қаскүнем Уәлихан-төре (ол 1857 жылы еш себепсіз саяхатшы А. Шлагинтвейттің басын шапқан) билікті басып алғаннан кейін не болып жатқаны туралы білу үшін жіберілді. Шоқан Қапалдан шыққан құрамында 42 адам, 101 түйе және 65 ат бар сауда керуеніне қосылды. Саяхатшы өзін Маргеланнан шыққан ұлы қоқан құзырындағы Әлімбай деп атады. Үш айлық жолдан кейін керуен Қашғарға келді. Қашғарда шетелдіктер шариат бойынша уақытша некеге отыруға болатын дәстүр болды. Уәлиханов та үйленді; ол өз әйелінен көптеген пайдалы мәліметтер алды. Семей арқылы Қашғарға келген ташкенттіктердің арасында орыс тыңшысы бар деген қауесет тарады. Сондықтан керуен тауарларын сатып бітіріп, үйге қайтуға асықты, 1859 ж. көктемде Верныйға он жарым айдан кейін оралды.

Керуенде 19 мың күміс сомға бағаланатын тауар болды. Қырғыздардың тауарға ауыстырған 3026 қойы Қашғарда әрқайсысы 3 сом 70 тиын тұратын 4068 қоқандық алтынға сатылған. Қашғардан Ресейге шай, дабы, жартылай жібек маталар және ямбадағы күміс әкелінді.

Уәлиханов Қашғар тұрғындары, саудасы және бұл мемлекеттің саяси жағдайы туралы тыңғылықты мәліметтер жинады. Өз уақытында құпия болған толық есепті тек 1904 жылы Географиялық қоғам басып шығарады. Саяхатшымен жеткізілген этнографиялық мәліметтер өте қызықты. Қашғариянын немесе Кіші Бұхардың түземдік халқы түркі тамырлас тілдердің ерекше түрі – үйғыр тілінде сөйлейді. Олардың төл әдеби шығармалары бірнеше тарихи және діни кітаптармен ғана шектеледі; соңғысы «мұсылмандық шығармаларға жататындардың ішіндегі ең жақсылары екенін, фанатизмге берілмегендігін және салт-жоралғыларға қарсы жек көрінішімен ерекшеленетіндігін айта кету керек». Уәлиханов та, одан кейін Певцов та, қашғарлықтардың мінезін мақтаған – олар мейірімді, көпшіл, жарқын жүзді, еңбекқор және аса сыпайы келеді. Әйелдер үйде және қоғамдық тұрмыста қадірлі орын алады. Әрқашан үйдің қожайын әйелі де қатысатын қашғарлардың атаўлы кештерінде (машреб) ән айтылып, көпшілік би биленеді. Орыстардың тауарлары Қашғарға Құлжа

*[278] Есеп «Геогр. қоғ. жазб», 1861 ж., 3 кітапта басылған; «Сочинения Ч.Ч. Валиханова қайта басылған». «Зап. Общ. по отд. этногр.», 1904, XXIX, СС. 70-150; С. 329-484 (*Л.С. Бергтің ескертпесі*).

немесе Қоқан арқылы жеткізілетін. Петропавл немесе Семейде оларға тауар құнының 1½ % көлемінде шетке шығарылатын тауар үшін баж салығы салынатын: Ташкенде мұсылмандардан 1,5%, ал христиандардан 5% көлемінде зекет алынып, Қашғарда да тап осындай салық салынатын.

В.А. ОБРУЧЕВ

АРМАНШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ ДОСТЫҒЫ

Элизеннің үйінде Гриша үш жыл өткізді. Кейінірек, сол уақытты есіне ала отырып ол өзінің ғылым мен әдебиетке сүйіспеншілігі үшін өзінің рухани анасы деп санаған Эллизеннің әйеліне қарыздар екенін айтатын. 1846 жылы Элизеннің отбасы үлкен қызын жоғарғы офицерлер мен шонжарлардың қыздары тәрбиеленетін Смольный институтына орналастыру үшін Петерборға көшіп кеткен кезде, әкесі Гришаны кейін Сібір кадет корпусы болып қайта құрылған Омбыдағы әскери казак училищесіне түсіреді.

Бұл училищенің өмір тәртібі мынадай болатын. Балаларды күн шықпай тұрып ерте ұйқысынан оятатын. Үстеріне сұр шинельдерін жамылып алып, олар фронтқа тізіліп, таңертеңгі дұғаларын оқитын; содан соң оларды аула арқылы асханаға алып барып, қара бөлкенің бір тілімін беретін. Әр дөңгелек бөлке айқастырылып төртке бөлінетін; сол қолымен осындай бөлке нанның он шақтысын бағана түрінде маңдайына дейін жететіндей етіп көтеріп келе жатқан қызметші, балалар отырған үстелді бойлай отырып, оң қолымен нан бөліктерін үстелдерге үлестіретін. Балалар бөлке нанды қағып алып, оны төртке бөліп жейтін. Таңғы астары қара бөлкенің осы ширегі ғана болатын, содан кейін балалар сыныптарына барып, бір рет қана үзіліске шығып, үш сағат бойы оқитын. Содан кейін түскі ас ішетін. Түскі асқа күн сайын сол екі тамақ – қышқыл орамжапырақтан жасалған сорпа және сары май қосылған ботқа. Екеуі де қалайы тостағандармен берілетін. Түскі астан кейін тағы да үш сағат бойы сабақ жүретін. Күннің соңы май қосылған ботқа және бір саптыаяқ квaспен аяқталатын.

Училищені кадет корпусы етіп өзгерткенде, тәрбиеленушілерді: рота және эскадрон етіп екіге бөліп тастады. Ротаға шенеуніктер мен жаяу әскер офицерлерінің балалары, ал эскадронға казақтардың балалары жіберілді; біріншілердің саны шамамен 200, ал соңғылары – 50-дей болатын. Бұндай бөлініс сыныптарда да, жатын бөлмелерде де жүргізілді, тек қана тамақ ортақ асханада ішілетін. Рота екінші қабатта, ал эскадрон төменгі қабатқа орналастырылды. Роталықтар темір түймелері бар екі жағына бірдей қусырылатын сүртік, үкі қауырсыны

бар дулыға қалпақ және дорба-сөмке алды, ал қазақтар ілгегі бар кезекей, домалақ шашағы бар кизерлер және қылыштар мен тепкілер алды. Ротаға астанадағы корпустан офицерлер жіберілген болатын; оларға ротада астанадағы корпустердегідей тәртіп орнатып, оның ішіндегі «казактық рухты» жою міндеттелген болатын. Кадеттерге қарым-қатынас жұмсарып, оларға «сіз» деп айтылатын болды. Эскадронда бұрынғы құрамдағы ең жақсы казак офицерлері қалды; оларға екінші қабаттың тәртібін қадағалау және оларды эскадронның бөлмесіне көшіру бұйырылған болатын.

Осының бәрі рота мен эскадронның арасындағы керісті күшейтті. Рота өзін корпустың еркше артықшылығы бар бөлігі деп санады, ротаның басым бөлігі дворяндықтардан тұратын. Эскадрон өзін корпустың демократиясы деп есептейтін.

Барлық казак балаларының лашықтың сөре төсегінде, станица көшелерінде топайы, доп немесе өзендегі мұздың бетінде доп таяқ ойындарын ойнап өткізген балалық шақтары естерінде еді. Рота әртүрлі губернияларда туып-өскендерден тұратын, корпустадағылардың көбісі Оралдың ар жағында тұратын. Эскадрон тек қана Горький казак станицасы мен Ертіс желісінде туылғандардан тұратын. Екінші қабат өзін «Еуропамыз» деп, ал төменгі қабат өзін «Азия» деп сезінді. Біріншісінде би және неміс тілі, ал казак балаларына дәл сол уақытта атқа салт мініп жүру мен татар тілі үйретілді. Егер корпусқа қазак балалары берілсе, олар казактардың ортасына түсетін (яғни эскадронға).

Эскадрондық кадеттер роталықтарға қарағанда ынтымағы берік, ұйымдасқан отбасы болып табылатын. Олардың саны біршама азырақ, құрамы біртектес еді.

Роталық және эскадрондық кадетшілердің жекеленушілігі олардың ойындарына да әсер еткен болатын. Үзіліс кезінде оларды қалашық, лапта, ботқа пісіру және тағы басқа ойындар ойнайтын аулаға жіберетін. Және де қазақтар мен орыстардың соғысы ойыны ойналатын, казақтардың рөлі әрине казак балаларына түсетін. Қарсыластар бір-біріне, сап-сапқа шабуыл жасап, тұтқындар ұстап, оларды оқшау жерге алып барып, сол жерде қарауылдың қасында ойынның аяғына дейін ұстайтын.

Оқу бөлімін корпустағы реформадан кейін офицер Ждан-Пушкин ұйымдастырды. Орыс тілін, әдебиет тарихын, географияны, жалпы тарихты жақсы мұғалімдер беретін. Әскери училищенің мұғалімдерінің ішінен ең жақсылары қалдырылған болатын: географияны берген Старков. Орыс тілін, орыс тіліндегі әдеби шығарма теориясын және әдебиет тарихын беретін Костылецкий және геометрияны беретін Кучковский. Соңғысының сабақтары анық және нақышты мазмұндалуымен ерекшеленетін және топастар да оның пәнін жақсы түсінетін.

Костылецкий кадеттіктерді Пушкин, Лермонтов және Гогольдің шығармаларымен таныстырды; өзінің орыс әдебиеті курсын ол Белинскийдің сыни мақалаларының негізінде жазғанымен, оқушылардың алдында бірде-бір рет оның есімін атаған жоқ. Николай I патшалық құрған жылдары Белинский ресми шеңберлерде зиянды жазушы деп есептелгендіктен, осылайша ол өзінің курсын білім беру бөлімінің басшыларының тыйым салуынан қорғайтын.

Оқу аяқталғаннан кейін Ждан-Пушкин Старковқа эскадрондық кадеттіктерге Қазақ даласының географиясы туралы тереңірек оқуды ұсынды. Ол казак офицерлеріне болашақта жасақтармен бірге қырға бару, шекаралық қызмет атқару және оңтүстігінде шекарасы Қоқан хандығына дейін жететін жерлерге әскери экспедицияға бару керектігін білді. Старков Ждан-Пушкиннің бұйрығын орындады; және эскадрон кадеттері корпусты Қазақ даласы туралы басқа ешқандай ел туралы білмейтіндей мағлұматпен бітірді.

Кадеттіктерді майдан қызметінде жетілдіру үшін астанадан офицерлер жіберілді; солардың ішінде үлгілі майданшы Музеус ерекшеленетін. Ол мұғалімдерге де өнеге болатын.

Ата-аналары немесе туысқандары Омбыда тұратын кадетшілер жексенбі күнге үйлеріне жіберілетін; олар корпустан сенбі күні кешке кетіп, жексенбі күні кешке қайтып келетін. Осылайша кадетшілер қаладағы қоғаммен байланыс жасайтын. Көбінесе осы жексенбі күнгі демалыстардың арқасында кадетшілердің ортасына жаңалықтар мен жаңа кітаптар енетін. Роталық кадетшілер арқылы корпусқа Сю, Александр Дюма, Диккенс шығармалары келетін. Бірақ социалистік идеялар корпусқа енбейтін. Тіпті, декабристердің көтерілісі және крепостнойлық құқықтың жойылуына байланысты елде өрістеген қозғалыс туралы да кадеттіктер, Потаниннің еске алуы бойынша, еш хабардарсыз еді.

Казак-кадеттіктердің арасында Шоқан Уәлиханов ерекше көзге түсетін. Ол қазақ және сұлтанның баласы болатын. Оған болашақ Түркістан немесе Қытайға саяхатшы ретінде қарайтын. Ол өте талантты болатын және қазақтың тұрмысы жайында көп әңгімелейтін. Оның әңгімелері Гришаны қызықтырғаны сонша, ол оларды жазып ала бастады, тез арада оның әңгімелерінен толық дәптер шықты. Осылайша ол кейін саяхаттары кезінде көп айналысқан этнографиялық жазбаларының негізін қалады. Ол кезде Шоқан орысша нашар сөйлейтін, сондықтан өзі жаза алмайтын, бірақ ол суретті жақсы салатын және де Гришаның дәптерін қазақтың қаружарақтарының, аңшылық құрал-жабдықтарының суреттерімен көркемдейтін.

Корпустағы уақытының соңына қарай Шоқан оған мұғалімдері айтып жүрген міндетіне байсалдылықпен дайында-

ла бастады; ол Қазақ даласы мен Түркістанға жасалған саяхаттардың суреттелуін оқып, Шығыстың тарихын зерттеді. Оған оқуға Шығыс туралы қызықты кітаптар жіберілетін және ол оларды Гришамен бөлісетін. Екі бала да Паллас саяхатының суреттемесінің орысша аудармасын оқып шықты, Гриша болса оған қызыға қарады. Оған осы кітаптың беттерінен Орал даласындағы жусан мен қыр гүлдерінің иісі келді; ол Жайық өзенінің үстінде ұшып жүрген шағалалардың, қаздар мен үйректердің даусын естіп жатқандай болды. Оның саяхат туралы арманы жаңа қалыпқа енді. Палластың кітабы Гришаның арманын оның өмірі мен қызметі өту керек жерге жақындатты.

Гришаның Шоқанмен достығы бүкіл өміріне созылды. Уәлиханов көрнекті саяхатшы, қазақтың бірінші ғалымы болды. Ол жас кезінде, отыз жасында өкпе ауруынан қайтыс болды. Шоқанның қайтыс болғанынан отыз жылдан кейін Потанин оның отанына барып, өзінің сол сапарын «Қырғыздың соңғы ханзадасының киіз үйінде» деген еңбегінде бейнеледі.

Гоголь повестерінің үзінділерін казак-кадеттіктерге Костылецкий керемет оқитын, әсіресе «Тарас Бульба» оларға демократиялық көңіл-күй тудыратын.

Оқудың соңғы жылында, кадеттер фортификацияны оқып жатқанда, жаздыгүні лагерьде оларға окоп қаздыртатын. Эскадрондықтар роталықтардан бөлек жерде, олармен жарыса отырып және жұмысты татуырақ және тезірек жасайтын. Осы сабақтардан Потаниннің есінде, кейін ол өзінің саяхаттарында ландшафттарды суреттеуге қолданған фортификациялық терминдер қалды.

Корпус жабық оқу орны болғанымен де кадеттіктер сыртқы әлеммен байланысатын. Сондықтан да оларға алдыңғы қатарлы орыс зиялы қауымының ықпалы әсер ететін. Оның үстіне оларға 1848 жылдағы революциялық оқиғалардың жаңғырығы жеткен болатын. Ақырындап кейбір кадеттіктерде орыс шаруашылығының басыбайлық кабалада тұрғандығының айқын айғағы және «бұратана» деп аталған жергілікті ұлттардың жойылып кетуіне себеп болған орыс патшалығының ұлттық саясатына қарсы қызу қарсылық қалыптаса бастады. Корпуста оқып жүрген кезінен-ақ Гриша атасы Ильяның көп үйірлері мен табындары адал еңбекпен немесе офицерлік мардымсыз айлыққа емес, қазақтармен жыртқышша сауда жасау арқылы табылғаны туралы және Илья атаның барлық шаруашылығы қазақтың кедейленіп қалған малшыларын пайдаланудың арқасында көтеріліп тұрғаны туралы ойланатын. Барлық казақтың қорасында өздерінің малы жоқ қазақ жатақтарының киіз үйі болатын. Бұл бейшаралар сауылып қойылған сиырды соңына дейін сауу және басқа да садақалар үшін казақтың шаруашылығында көптеген жұмыстар жасайтын: мал бағатын, отын

шабатын, өзеннен су таситын, орманнан отын әкелетін, бір сөзбен айтқанда, сарай крестьяндарының қызметін атқаратын.

[Кадет корпусын бітіргеннен кейін Потанин Жетісу өлкесінде жұмыс істеді]. Қапалда ол өзінің кадеттегі екі досын кездестірді. Содан соң Потанин олармен бірге ынталы түрде «Современникті» оқыды.

Осы журналда ол алғаш рет Тургеневтің «Аңшының хаттарын», «Асясын», Толстойдың «Балалық және жігіттік шағын» оқыды. «Современниктегі» Кавелиннің[1] мақаласы оның Шоқанның қазақтың түрмысы туралы әңгімелерінен басталған және оның Алматыға жасаған сапарындағы байқауларымен жалғастырылған этнографияға деген сүйіспеншілігін нығайтты.

1857 ж. Г.Н. Потанин даладан оралды. Омбыда ол өзінің досы Ш. Уәлихановтың және корпустағы басқа да жолдастарының үстінен түсті. Шоқан генерал-губернатор штабында қызмет ететін зиялылар ортасынан көрініп, бақуатты өмір сүрді, айтып кеткеніміздей, ол қазақ сұлтанының ұлы, тіпті соңғы қазақ ханының немересі болатын. Демократиялық бейімділігі бойынша Потанинге корпустағы басқа жолдастары — жұпыны өмір сүретін қарапайым казак офицерлері сай келетін. Олар оған казак форштатындағы бір казактан бөлме тауып берді. Бөлмеге түмендік түксіз кілемдермен жабылған қожайын сандықтары қойылған. Кереует, үстел мен екі-үш орындық осы қатарды толықтыра түскен. Бөлме мен сібір шанегі секілді нан мен шайдан тұратын асқа Потанин айына 3 сом төлейтін.

Баумен байланған кітаптарды тексеретін көңілсіз жұмысты Г.Н. Потанин Шоқанның тапсырмасы бойынша облыстық мұрағат материалдарының көшірмесін жасау арқылы түрлендірді. Шоқанның көп еңбекті қажет ететін мұндай жұмысқа уақыты да, бейімділігі де болмады. Жазбалары XVII ғ. ортасынан басталатын бұл мұрағатта орыстардың қазақ рубасылары мен көрші Жоңғар хандығы князьдарымен ел өмірінің соңғы күндеріне дейінгі қарым-қатынасы туралы, сондай-ақ Сібірдің Түркістан қалаларымен сауда байланысы жөнінде көптеген қызықты мәліметтер бар еді. Көшірмелерді Потанин Шоқанға беретін.

Потанин жолдастары арасынан офицер Копейкин ерекше көзге түсетін, ол Ертіс пен Обь арасындығы үлкен Васюган батпағын суретке түсірген бұрынғы топограф және оның осы елдің табиғаты туралы әсерлі әңгімелегені соншалық, тіпті Потанин оның әңгімелерінен кейін «Тобыл губерниялық ведомоствасында» газетінде жарық көрген мақала құрастырды.

Омбыда Потаниннің саяси көзқарасы өзгерді. Омбыға келмей тұрып Потаниннің елде белең алған крепостнойлық құқықты жою қозғалысы жөнінде хабары болса да, бұл қозғалыстың күші мен патша өкіметінің азаттықты талап еткен ке-

дей шаруалар бүлігін зұлымдықпен түншықтыратыны туралы толық білмейтін еді. Басыбайлықтың ауыр халі туралы да жете білмеген. Өйткені Сібірде басыбайлық сословие болмады, сондай-ақ сібір казак станицаларында мұндай сұмдық жағдайларды толық баяндайтын жер аударылған басыбайлық шаруалар да болмады.

Омбыға келіп, достарынан да, Николай патшаның өлімінен кейін бәсеңдеген цензура ықпалындағы журнал беттерінен де помещиктік жер иелену езгісі туралы, патша мен оның өкіметі өздері де помещиктер екендігі және шаруалардың бүлігін қару мен қылыш арқылы басып, помещиктердің мүддесін қорғайтындығы туралы ащы шындықты білгенде, қатты күйзелген еді.

Потанин кезінде Тургеневтің «Аңшы жазбаларының» әшкерелеуші сипатын толық бағалай алмағандығын түсінді. Потаниннің саяси ой-өрісін кеңейту мақсатында Шоқан оны Гейне — «1848 ж. революция дабылшысының» шығармаларымен таныстырды. Сондай-ақ Шоқан оны Омбыға жер аударылған петрашевтік Дуровпен таныстырды.

Дуровпен таныспастан бұрын Потанин Николай патша алдында басын иетін, тіпті Антоневскийде патшаның өлімі туралы естіп, жылап жіберген. Бұрын оның Николайға деген теріс сезімі мен жалпы патша өкіметіне сыни көзқарасын тудырмақ болған Шоқан бұл істе жетістікке жетпеген еді. Дуровпен кездесу Шоқанның ұзақ уақыт бойы орындай алмай жүрген мақсатына бір-ақ кеште жеткізді. Дуров ату жазасына бұйырылған бес петрашевтіктің бірі, жолдасы Григорьевтің тағдыры туралы Потанинге әңгімелеп берді. Көзі таңулы Григорьев солдаттар взводының алдында тұрғанда таңғышы түсіп кетеді, сонда ол өзін атуға міндетті солдаттардың өз ротасынан алынғандығын және оларға пәрмен беруші Григорьев өте жақсы көрген фельдфебель екендігін көреді. Мұның Григорьевке әсер еткендігі соншалық, ол сол жерде ақылынан адасады. Жаза орындалмайды. Петрашевтік қозғалысқа қатысушылармен бірге есінен адасқан Григорьев Сібірге каторгаға айдалады. Мерзімін өтегеннен соң, оларға Ресейге оралуына рұқсат берілген кезде Григорьев біраз уақыт Дуровтың үйінде Омбыда тұрады. Ол Николайға деген кектен жынданып кеткен еді. Григорьев қолына қандай да бір өткір қару алып, қабырғаға қадайтын да, оны бұрап, Николайдың жүрегіне пышақ сұқтым деп қиялдайтын еді.

Дуровтың Николай туралы айтқандары Григорий Николаевичті патша жөніндегі ойынан тайдырды. Ол Дуров болмысынан николайлық режимге жан-тәнімен қарсы шыққан және сонысы үшін ауыр азап шеккен патриотты көрді. Потаниннің тек Николайға ғана емес, жалпы монархизмге деген көзқарасы да өзгерді.

Шоқан Потанинмен әңгімелесіп отырып, өздеріне Петерборға барып, сапарларға дайындалу үшін университетке түсу керектігін жиі айтатын. Оның шығыс факультетіне түсіп, кейін шығыс тілдерін үйрену үшін еуропалықтарға әлі жабық болған Қытайға өтіп кеткісі келді. Ол Гумбольд шығармаларынан білетін Кукунор көлінің жағасы мен оны қоршаған тау баурайына жетсем деп армандайтын. Григорий Николаевичке жаратылыстану-тарих бөліміне түсіп, сапарларында ботаникалық бақ пен Ғылым Академиясының Зоология музейіне коллекциялар жинауға кеңес беретін еді.

Бірақ Шоқанның жоспарлары Григорий Николаевичке әсер етпейтін, олар оған орындалмас арман болып көрінетін. Ол қазақ офицері болатын, ал казактар өкіметтің басыбайлы шаруалары еді. Олардың бәрі ұзақ мерзімді қызмет атқаратын. Казак офицері қызметін мардымсыз ақымен тек өз әскерінде жиырма бес жыл ауыспай өтеуге міндетті болатын. Бір корпустан шыққан жаяу әскер офицері жылына 250 сом пәтерақы, жем-шөп ақысын және т.б. алатын, ал казак офицері жылына ешқандай үстемесіз 72 сом алатын, ал қызметінің соңында ол зейнетақы да алмайтын. Сонымен қатар, казак қызметі азғындалған еді. Казактардың басты қызметі полицияға көмек көрсету болатын. Бұған жағдайдың лажсыздығы да әкеп соқтырды. Әскери офицер басшылықпен қақтығысқан жағдайда отставкаға кете алатын, ал казактың мұндай құқығы болмады, оның кез келген зорлық-зомбылық пен қысым көрсетушілікке шыдамдылық танытуы керек еді. Сондықтан тек аздаған казак офицерлері ғана қызметтерінде көрер көзге тәуелсіздігін сақтаған кейіп танытатын, ал қалғандары өздерінің құқықсыздықтарына мойынұсынып, басшылығының қорқақ құлдарына айналған. Шоқан екеуінің орындалмас сапары Григорий Николаевичті сарыуайымға түсірді, ол коллекцияларды өмір бойы тек Сібірдегі казак әскеріндегі қызмет орнынан ғана жинау туралы оймен келісе алмады.

Бұл уақытта Омбы арқылы Географиялық қоғамның тапсырмасы бойынша Тянь-Шань экспедициясынан географ П.П. Семенов қайтып бара жатқан. Іле өлкесінде Шоқанмен кездескенінде-ақ, ол одан гербарий жинап, өзінің мардымсыз жалақысына Географиялық қоғамның журналын жаздырып алатын жас казак офицері – Потанин туралы білген болатын. Шоқан мен сол офицер оны қатты қызықтырды, сондықтан Омбы арқылы өткенінде П.П. Семенов Шоқанды іздеп тауып алады да, екеуі мұрағат құжаттар көшірмесінің ісі үстіндегі Потанинге келеді. Семеновты Орта Азиямен қарым-қатынас тарихы жөніндегі көшірмелер қызықтырады, ол Потанин Шарыш алқабынан жинаған гербарийді қарап, соңғысын барлық дерлік өсімдікке латынша атау беріп таңғалдырады. Ол Григорий Николаевичті Петерборға, университетке баруға көндіріп,

Омбыға корпустың оқу бөліміне ревизияға келмек болған ірі шенеунік ағасына ұсыныс хат беру туралы уәде етеді. Ол немере ағасы Потанинді астанаға казактар туралы заңды бұзбай ауыстыра алады деп ойлады.

Бірақ П.П. Семеновтың шенеунік ағасы Омбыға келмеді де, университетке түсуді ойына алған Потанин өзінің басыбайлы жағдайынан құтылудың басқа жолдарын іздей бастады. Мұнда оған достары көмектесті. Ол казак әскеріндегі аққөңіл қарт дәрігер растаған ауруға байланысты отставкаға кету жөнінде өтініш берді. Генерал-губернатор отставкаға Потанин келешекте мемлекеттік қызметке араласпайды деген шартпен келісім берді. Григорий Николаевич оны уәде етті де, қызметтен босатылды.

Потанин Ломоносовты есіне түсіріп, Петерборға жаяу баруды ойластыра бастады. Бірақ оған Бакунин көмектесті, ол таныстары арқылы Григорий Николаевичке алтын керуенімен баруға рұқсат алып берді.

Керуендер Барнаулдан шығатын болды...

Олар жылдам жүрді, күндіз-түні... Осылай Қазанға дейін барды, ол жерде пошта аттарын қосу үшін керуенді үш топқа бөлуге тура келді. Қазаннан Мәскеуге дейінгі жолдың лайсаңдығы мен жайсыздығынан Потанин теңіз ауруына шалдықты. Мәскеуден ары қарай теміржолмен барды.

Петерборда 1859 жылдың күзінде Потанин жылдам орналасты. Бакунин одан немере әпкесіне хат берген еді, ол оны профессор Кавелинге әкелді, ал соңғысы Григорий Николаевичті кейін оған пәтер табуға көмектескен бірнеше студентпен таныстырды.

Потанин университеттің физика-математика факультетіндегі жаратылыстану бөліміне оқуға түсті, оны ботаника дәрістері ерекше қызықтырды. Петерборда ол тағы бірнеше сібірліктермен – алғашқы сібірлік жерлестер үйірмесін ұйымдастырған студенттер мен суретшілермен танысты. Григорий Николаевичтің жалақысы өте аз болатын, ол ақшасын кітап алу үшін жинап, жұпыны өмір сүрді.

...Потанин университетті аяқтай алмады. Оқуының үшінші жылында университетте студенттердің толқулары басталды, 1862 ж. көктемінде оқу тоқтатылды да, университет белгісіз мерзімге жабылды. Туған жерге оралу туралы ойлау қажет болды.

Университет қабырғасында жүргенде Григорий Николаевич кім болу керек – натуралист па, әлде публицист пе деген сұраққа көп толғанатын. Ол Гумбольдың француз тіліндегі «Орта Азия» кітабын оқып шықты. Кітапта Қытай саяхатшыларының деректері бойынша суреттелген Азияның түкпірінде орналасқан Кукунор көлі мен оны қоршаған, жергілікті тұрғындар патриарх деп атаған қар басқан тау шыңдарын

ойша елестететін. Кукунор топырағына әлі ешбір еуропалық саяхатшының табаны тимеген. Осы аймақтың суреттемесіне арналған Гумбольд кітаптарының осы белгісіз елдің құпиясын ашуды аңсау сезіміне берілгендігі соншалық, оқырман Кукунор жағалауы мен оны қоршаған қарлы шыңдарды бір көруге асық болатындай.

Осы кітапта Потанин назарын қытай деректері бойынша Гумбольд сөнбеген жанартау деп санаған Тянь-Шаньдағы тағы бір тауға аударды. Григорий Николаевич Кукунор жағалауына барып, жанартау мәселесін шешкісі келді.

Бірақ, екінші жағынан, Сібірді басқарудағы сорақы бейберекетсіздіктер туралы сібірлік студенттер арасындағы әңгімелер мен айтыстар және өзіне жақсы таныс Гасфорт генерал-губернаторындағы ахуал мен казак сословиесінің құқықсыздығы Потанинді басқа істерге итермеледі.

Ерекше кезең болғандықтан, қоғамды жаңа идеялар толқытты. Университетте орыс тарихы кафедрасын федералист украин Костомаров басқарды, «Ғасыр» газетінде де сібірлік Щапов федералисттік идеяны уағыздады. Потанин мен оның жолдастарын Сібір Ресей мемлекетінің провинциясы ма, әлде Британия империясының колониялары болып табылатын Австралия, Үндістан, Канада секілді отары ма деген сұрақ мазалады. Олар Сібір тек колония емес, бірақ Ресей империясының айып колониясы, қылмыскерлердің жер аудару тұрағы және Сібірді кездеме матамен және басқа тауарлармен жабдықтап тұрғаны үшін байлықты алтын, күміс және ақша түрінде алатын орын деген қорытындыға келді.

Қылмыскерлердің жер аударылуы отырықшы тұрғындардың мәдени өсуіне әсер етті. Сібірдің экономикалық артта қалғандығы метрополияның арзан тауарларына бәсеке болды. Өз университетінің болмауы жастарды отанынан айырды, Сібірдің өндірістік және мәдени өсуіне үлкен рөл атқаратын сібір зиялыларының қалыптасуына кедергі жасады.

Григорий Николаевичпен бір уақытта кейін Сібірге кетуге оның досы казак офицері, Әскери академияның тыңдаушысы Ф.Н. Усов, жазушылар Шашков, Наумов, Ядринцевтар жиналды. Олар өз отандарында мәдени жұмысты тезірек бастауға шыдамсыздана бара жатты. Олар көпшілік кітапханалар ұйымдастырамыз, көпшілікке лекциялар оқимыз, сібірліктерге көмектесу үшін садақа жинаймыз, астанадағы оқушыларға ел бойынша ғылыми сапарлар жасаймыз, музей коллекциялар жинаймыз, жергілікті газеттерге Сібірдің мұқтаждығы туралы жазамыз деп армандады.

ҚОСЫМША

ШОҚАН УӘЛИХАНОВҚА ЕСКЕРТКІШ ОРНАТУ ТУРАЛЫ

(Түркістан уәлаяты газетінен)[1]

غینرال کوبیرناطر آلتون ایمیل بیکیتی بیلان قویان کوز بیکیتینی اورتاسیده اوتوب باره یاتقان وقتده ۱۸۶۶ نچی یلده یاش کونیده وفات بولغان سلطان چوقان چنکیز سلطان اوغلی والی خانوف نی قبریغا باردیلار عقلی دیانت لیك آدم نی دنیاده بارلیغیده وهم وفات بولغاندین صونك هم قدر ورعایت قیلورلار سلطان چوقان والی خانوف نینك اغا اینی لاری هم قزاق هم اوروس هرکیم یخشی کوروب حرمت قیلورلار ایدی مذکور چوقان اومبو شهریده کورفیس دیلمیش مدرسه ده تربیت وتعلیم نافیب یخشی اوقوغانی اوچون ینه اوزینی یخشی اوشلاغان اوچون چین آلیب توره بولیب جقسغان ایدی کوب وقت اوتماسدین عقل لیك ودیانت لیك وکوب عالم آدم ایکانی برچه خلایقغه اشکارا بولدی یاش وقتیده دنیادین اونکانیغه کوب کشی خفه بولیب افسوس یدیلار چوقان توره اوزی نینك قین اغاسی سلطان تیزاك آولیدی بر نیچه وقت آغریب یاتیب وفات بولیب دور قبری پیشیق خشتدن سالینغان امّا مذکور قبری یخشی استحکام بولماکان ایکان بیش آلتی یلده بوزولیب قالسه احتمالی بار یغاچدین قیلغان قبرینی ایشیکیغه وفات بولغان کشی نینك اسمی یازیلیب دور بر نچه وقت اونکان صونك یازیلغان خطی یامغوردین وایسکی لیکدین نامعلوم بولوب کینسه کیراك وینه بر نچه یل لار اونکاندین صونك برچه خلق حرمت قیلغوچی چوقان توره والی خانوف اوزی هم یاددین چقسه کیراك وفات بولغان والی خانوف نینك سویاکین حرمت قیلوب وینه اوروس وقزاق لارنی یادلاریدین چقماسلیك اوچون غینیرال کوبیرناطر قالیب تاش دیکان تاشنی مصفا قیلیب طیارلامقغه بیوروق قیلدیلار مذکور تاشغه قبرغه کیم قویولغا نی ونیمه اوچون عزت وحرمت تایقانی یازیلور اوشبو قالیب تاش نی آلماتیداکی بر هنرمند اوستاغه وقت لیك طیار قیلیب تاپشورماقغه بیوروق قیلیندی.

Генерал-губернатор[2] Алтынемел және Қоянкөз бекеттері арқылы өтіп бара жатып, 1866 жылы[3] дүниеден ерте өткен сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың ұлы Шоқанның бейітіне соқты. Өмірде зиялы және адал болған Шоқан қайтыс болғаннан кейін де құрмет пен сыйға ие болды. Сұлтан Ш. Уәлихановты тек туған-туыстары ғана емес, қазақ және орыс халқы да қайғырып, құрметпен еске алады. Омбыдағы Кадет корпусында[4] білім әрі тәрбие алған марқұм Шоқанға оны бітірісімен, зеректігі және үлгілі тәртібі үшін офицерлік шен беріледі. Көп ұзамай оның ақылдылығы, адалдығы мен білімін бәрі мойындады. Жарқ етер түста мезгілсіз қайтыс болуы халықты қайғыға батырды. Ауруынан айыға алмаған ол Тезек сұлтанның аулында қайтыс болды. Оның бейітін күйдірген кірпіштен қалап, күмбез орнатты. Бірақ бұл мазар берік емес, бес-алты жылдан кейін бұзылуы мүмкін деген қауіп те жоқ емес. Күмбездің ағаш есігіне марқұмның ататегі жазылған. Бұл жазу кейін жаңбыр мен ескірудің салдарынан түсініксіз болуы әрі өшіріліп қалуы мүмкін. Бұған қоса, бірнеше жылдардан кейін Ш. Уәлихановтың бейнесі халықтың есінен шығуы да ғажап емес. Марқұм Ш.Уәлихановқа құрмет белгісі ретінде және оның бейнесін мәңгі есте сақтау үшін генерал-губернатор мәрмәр тақтатас – құлпытас[5] орнатуға және Алматы [мекенінен] шебер-суретші алдырып, кімнің бейітіне қойылғанын, қандай еңбегі үшін құрметке ие болғанын осы тасқа шұғыл жаздыруға бұйрық берді.

Түркістан генерал-губернаторының кеңселік журналынан үзінді

14 қараша 1871 жыл

Жетісу әскери губернаторынан маған Жаман Алтынемелден В.П. Кузнецов[1] дайындап беруге уәде еткен мәрмар тасқа орыс және қырғыз тілдеріндегі жазуды ойып түсіруге бұйрық беруін сұрайды. Жазудың сөздерін мұқият және қатесіз оюға шебер адамды іздестіру керек. Мұны жасап бітірген соң, тасты орнына қойдырып, мұқият тексеру керек. Қанша қаражатқа түскенін маған мәлімдеуді өтінемін.

Түркістан генерал-губернаторы *фон Кауфман*

Генерал Кауфман ұсынған құлпытастағы жазудың мәтіні

Бұл жерде 1864 жылы*[279] қайтыс болған, Ұлы жүз сұлтаны, штаб-ротмистр Мұхаммед Ханафия (Шоқан) Уәлиханов-

*[279] Дұрыс емес, 1865 ж. деп оқу керек.

тың сүйегі жатыр. Ол Құдайды сүйіп, қызметіне адал болды және ғылыммен айналысты. Дүниеден ерте кеткен марқұмның жаны жаннатта болсын.

Бұл құлпытас 1871 жылы Түркістан генерал-губернаторы, генерал адъютант Кауфманның бұйрығы бойынша бәріміздің сүйікті және құрметтіміз марқұм Ш. Уәлихановқа қойылды.

[Кауфманның тілегі бойынша жазу төмендегідей болып ойылуы тиіс]:

Егер тас төртбұрышты болса

Ұлы жүз сұлтаны...	اولی جوزدنك سلطانی

Егер тас тігінен қойылса

Ұлы жүз сұлтаны...
اولی جوزدنك سلطانی

Түркістан генерал-губернаторының Жетісу облыстық әскери губернаторына қатынас хаты

26 қараша 1871 жыл, № 3415

1864 жылы қайтыс болған ротмистр Уәлихановтың бейітінің басына қойылуға тиісті жазуды сіздің мәртебелі құзырыңызға жөнелте отырып, маған Жаман-Алтынемелден В.П. Кузнецов дайындап беруге уәде еткен мәрмәр тақтаға орыс және қырғыз тілдеріндегі жазуды ұқыпты да қатесіз ойып жазып бере алатын шеберді іздестіруге бұйрық беруіңізді сізден сұрау мәртебесіне ие болып отырмыз.

Осы жұмыс аяқталған кезде, тақтаны орнына қоймас бұрын жазуды мұқият тексеруге бұйрық беруіңізді сұраймын. Барлық жұмыстың қанша тұратыны туралы маған мәлімдеуді өтінемін.

Түркістан генерал-губернаторы *фон Кауфман*

Түркістан генерал-губернаторы кеңсесінің Жетісу облыстық әскери губернаторына қатынас хаты

1872 жылғы14 маусым, № 3912

Қайтыс болған ротмистр сұлтан Уәлихановқа арналған орыс және қырғыз тілдерінде жазылған зират жазуын өлкенің жоғары бастығының өткен жылдың 26 қарашасындағы № 3415 жазбаша өкімімен сіздің мәртебелі құзырыңызға жөнелте отырып, ескерткішті орнату жұмысы біткен кезде барлық

жұмыстың қанша тұратыны туралы мәлімдеуді Сізден сұраған еді.

Әлі күнге дейін осы мәліметтерді ала алмай, генерал-губернатордың кеңсесі Сізге, қайырымды тақсыр, мынаны мәлімдеу мәртебесіне ие болып отыр: Түркістан генерал-губернаторы мырза Уәлихановтың бейітіне зират тасты орнату мен жазуды ойып-кесу шығынын санмен көрсетуді сұрайды.

Жетісу облыстық әскери губернаторының Түркістан генерал-губернаторы кеңсесіне қатынас хаты

20 маусым 1872 жыл, №16, Ташкент

14 маусымдағы № 3912 қатынас хатқа орай кеңсеге мынаны мәлімдеу мәртебесіне ие болып отырмын: қайтыс болған ротмистр сұлтан Уәлихановқа ескерткіш орнатуды марқұмды сыйлайтын қапалдық бірінші гильдиялы көпес В.П. Кузнецов өз міндетіне алды, техникалық жағына облыстық архитектор-сәулетшінің лауазымын атқарушы Зенков[1] жәрдемдеседі. Бірақ ескерткішті орнату жұмысының біткені жөнінде және оған қанша шығын жұмсалғаны қазір маған белгісіз болып отыр, сондықтан да мен В.П. Кузнецовтан осы мәліметтерді сұраймын және оларды алу бойынша Түркістан генерал-губернаторына жедел жеткізетін боламын.

Генерал-лейтенант *Колпаковский*
Жол кеңсесінің меңгерушісі (қолы)

Г.А. Колпаковскийдің бірінші гильдиялы көпес В.П. Кузнецовқа хаты

Жоғары мәртебелі Евсей Андреевичтің 1873 жылғы 6 наурыздағы хатында қайтыс болған сұлтан, ротмистр Уәлихановқа ескерткіш орнату жұмыстары бойынша сіздің сенімді өкіліңіз Пахотин, өткен жылы сіз жіберген шаруа Крючков ескерткішке жарайтын тақтатасты таба алмағанын, сондықтан осы жылғы көктемде осыны іздеуге оны екінші рет жібергенін, аталмыш тақтатас табылып, дайындалған кезде жоғары мәртебеліге бірден мәлімдейтінін жазған еді.

Бірақ осы аралықта зират тасты табу мүмкін болатындай көп уақыт өтті, әйтсе де, мен Алтынемелде болғанда естіп білгенімдей, бұл бағытта ештеңе істелген жоқ. Осыған орай, мен, қайырымды тақсыр, берген уәдеңізге сәйкес аталмыш мәрмәр тақтатасты дереу іздеудің, тіпті болмаса гранит тас алып, өлкенің жоғары бастығының бастамасымен жасалып жа-

тқан осы бір жұмысты бітірудің қамын ойлауыңызды сізден сұрау мәртебесіне ие болып отырмын.

Менің нағыз құрметім мен адалдығымды сеніммен қабылдай көріңіз.

Генерал-лейтенант *Колпаковский*[*280]

Түркістан генерал-губернаторының жанындағы әскери-халықтық басқарманың бастығы лауазымын атқарушыға Жетісу облысы әскери губернаторының хабарламасы

6 қазан 1875 жыл, №5858, Верный қ.

Өлкенің жоғарғы бастығы, жоғары мәртебелі мырза Верныйда болған кезде, неге әлі күнге дейін ротмистр сұлтан Уәлихановтың бейітінде, сонау 1871 жылы қазір қайтыс болған құрметті азамат В.П. Кузнецов әкеліп беруге уәде берген мәрмәр тас ескерткіш орнатылмағандығын білуді маған ауызша жүктеді.

Осыған орай мен құрметті азамат В.П. Кузнецовтың сенімді өкілі, тоқмақтық екінші гильдиялы көпес Пахотиннен ескерткішке қажетті мәрмәр тақта табылды ма және Уәлихановқа ескерткіш орнатылды ма деп сұрадым. Көпес Пахотин өткен қыркүйектің 29 жұлдызындағы хатында маған мынаны мәлімдеді: аталмыш тақтатасқа 1873 жылы Екатеринбургтегі көпес Беденинге тапсырыс берілген, ол өткен жылдың желтоқсан айында тақтатас жасалғанын және ағайынды Каменскийлердің жол-көліктік кеңсесі арқылы Омбыға жіберілгенін хабарлаған, бірақ Верныйға әлі жеткізілмеген, сондықтан да Пахотин мырза қазіргі уақытта И.В.Кузнецовтың омбылық пошта кеңсесімен байланысқа шығып, Каменскийлердің кеңсесінен осы туралы сұрап-біліп, бізге мәлімдеуді сұраған.

Жоғарыда айтылғандар туралы сіздің мәртебелі құзырыңызға жеткізіп, Уәлихановтың ескерткішіне арналған тақтатас туралы Пахотин мырзадан алатын бұдан кейінгі мәліметтерді сіздің мәртебелі құзырыңызға өз уақытында мәлімдейтінімді және тақтатастың Екатеринбургте жасалатынын, себебі Верныйда мұсылман тілінде ойып-кесушілер жоқтығын[*281] қосымша хабарлау мәртебесіне ие болып отырмын.

Әскери губернатор лауазымын атқарушы (қолы)
Бөлім бастығы *Хлынов*

[*280] Шетінде: *Сұлтан Уәлихановтың бейітінің басына ескерткіш орнату жөніндегі іске* деген жазу бар.

[*281] Мәтінде осылай жазылған.

Мәрмәр тақтаны дайындау туралы міндеттеме



Шоқан Уәлихановқа арналған обелисктің жобасы (1880 ж.)

1880 жылы, қарашаның 29 жұлдызында, мен, төменде қол қоюшы, Жетісу облыстық басқармасының есепшісі Калачев мырзаға ротмистр Уәлихановтың бейітіне мөлшері екі немесе одан да жоғары, ал томорині алты вершоктан кем емес аршын болатын жазуы бар мәрмәр тақтатас орнатуды және оны 40 сомға орнына жеткізіп беруді міндетіме алғаным туралы қолхат беремін. Егер менің бұрын алған 50 сомым келесі 1881 жылы менен талап етілмесе ғана, себебі № 1 суретте көрсетілген мәрмәртасты қазір табу мүмкін емес.

Дворянин *Л. Ластовский*

Қолхат


1881 жылы мен, төменде қол қоюшы, штабс-ротмистр Уәлихановқа мәрмәрдан ескерткіш жасағаным үшін алуға тиісті қалған қырық сомды алғаным туралы осы қолхатты Жетісу облыстық басқармасының шығын есептеушісі Калачев мырзаға беремін.

Дворян *Л. Ластовский*

Уәлихановқа ескерткіш

Қашғарға саяхатымен аты шыққан, қырғыз төресі Шоқан Уәлихановқа арнап, оның Қоянкөз бекетіне (Қапал мен Верный арасындағы) таяу жердегі бейітіне мәрмәр тақтадан жасалған ескерткіш қойылды. Жазулар орысша және қырғызша жазылды: 1) «Мұнда 1865 жылы қайтыс болған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың сүйегі жерленген» [жазу мәрмәр тақтаның үстіңгі жағында];


2) «Түркістан генерал-губернаторы, генерал-адьютант Кауфман І-нің тілегі бойынша Уәлихановтың ғылымға сіңірген еңбегін ескеріп, осы ескерткішті 1880 жылы генерал-лейтенант Колпаковский орнатты» [жазу мәрмәр тақтаның бүйірінде]. Бұл ескерткіш Уәлихановтың жерленген жеріне әкелінген. Марқұм таланты мен білімі жағынан қырғыздардың ортасындағы көрнекті тұлға болған.



Мәрмәр тақтаның үстіңгі жағындағы жазу

Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың ескерткішінің сипаттамасына ескертпелер

Н.Н. Пантусов Археологиялық комиссияға 1899 жылы 22 ақпанда жазған қатынас хатында (№ 172) Шоқан Уәлихановтың құлап, бұзылған зират ескерткішінің фотосуретін салып жіберген. Қырғызша аудармасы мен орыс жазуы бар мәрмәр тақта сақталған.



Мәрмәр тақтаның бүйіріндегі жазу

Шоқанның және басқа сұлтандардың бейіті Ералы Көшеннің есімімен аталатын Көшентоған шатқалында*[282] орналасқан.

Түркістан археология әуесқойлары үйірмесі (Ташкенті, 1899 ж.) мәжілістерінің хаттамаларында және үйірме мүшелерінің хабарламаларында Н.Н. Пантусовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың бейіті» деген мақаласы бар, мұнда бейіттің орналасқан жері және зират ескерткіші сипатталған. Бейіт Қапал уезінде, Қоянкөз бекетінен бес шақырымдай жерде, Көшентоған шатқалында, көптеген басқа сұлтандардың бейіттерінің арасында орналасқан.

Ескерткіш күйдірілген кірпіштен түрғызылған төрт бағанадан тұрады, олардан жоғары күмбез көтерілген, бірақ қазір олардың ізі де қалмаған. Бейіттің үстінде төртбұрышты биіктіктің үстіндегі ақ мәрмәр тақтада қырғызша аудармасы бар орысша жазу бар: «Мұнда 1865 жылы қайтыс болған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың мәйіті жерленген. Түркістан генерал-губер-

*[282] Көшпелілердің суландыру каналы (*Пантусовтың ескертпесі*).

наторы, генерал-адьютант фон Кауфман 1-нің тілегі бойынша Уәлихановтың ғылымға сіңірген еңбегін ескеріп, осы ескерткішті 1880 жылы генерал-лейтенант Колпаковский орнатты».

Шоқан Уәлихановтың ататегін Пантусов былайша ұсынады:

Сұлтан Абылай хан (әйелі Сайман, қарақалпақ)
↓
Уәлихан
↓
Шыңғыс (әйелі Зейнеп, Шорман бидің қызы)
↓
Жақып (Якуб), Шоқан (Мұхамед-Ханафия), Махмұд

ТҮСІНДІРМЕЛЕР

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ОТБАСЫ ТУРАЛЫ ҒҰМЫРБАЯНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

УШЖ (Уәлиханов шығармалары жинағы) 4 томындағы 127–137, 143–144, 147, 149–150, 155, 158, 160–163, 167–169, 174–175, 177–180, 183, 186–190, 194, 200–201, 204–205, 222–223, 231–233, 235–246 беттерде бойынша басылған мәтіндер.

ШОҚАННЫҢ АТАСЫ УӘЛИ

Орта жүз қырғыз-қайсақ сұлтандарына, старшындарына және барлық халыққа арналған 1782 жылғы 25 ақпандағы жарлық грамотасы

Түпнұсқаның көшірмесі Омбы өлкетану музейі кітапханасының мұрағатында сақталған, № 45 (Выписка из Полного собрания законов, ЛЛ. 37-39; ЦГА КазССР, Ф. 388, Оп. I, Д. 764, ЛЛ. 30-31). Ең алғаш рет А.И. Дмитриев-Мамонов жариялаған (қараңыз: «Киргизская степная газета», 1896, №12).

Уәлиді Орта жүздің ханы етіп бекіту және оны ант беруге әкелу салтанатының рәсімі.

Түпнұсқаның көшірмесі Омбы өлкетану музейі кітапханасының мұрағатында сақталған, № 45 (Выписка из Полного собрания законов). Ең алғаш рет «Киргизская степная газетада» жарияланған (1896, № 14).

ШОҚАННЫҢ ӘЖЕСІ АЙҒАНЫМ

Айғаным – Уәли ханның екінші әйелі, Шоқанның бала қиялында көптеген жарқын әсерлер қалдырған әжесі.

Мұрағаттық құжаттарда Айғаным күйеуі Уәли ханның қазасынан кейін оның орнын басқан қоғам қайраткері ретінде сипатталады. Оның қызметі Орта жүздегі хандық биліктің жойылған, Ресеймен байланыстың күшейген, «Сібір қырғыздары туралы Жарғының» қабылданған кезеңіне тап келді.

Батыс Сібірдің Бас басқармасының Сібір комитетіне ұсынысы.

Түпнұсқа ЦГИАЛ-да сақтаулы, 1264 қор, I тізбе, 246 іс, 1-3 пп.

[1] *Айғаным...өзінің тұратын мекежайын біздің шекаралармен жақындатқысы келген тілегін білдіре отырып...* – Дұрыс жазылмаған, себебі Уәли ханның қазасына дейін де, одан кейін де бұл әулет ешқайда

көшпеген. Ханша барлық уақытта өзінің әулеттік үй-жайы Сырымбетте (қазіргі Көкшетау облысы) тұрды. Айғанымның Ресеймен жақынболуға деген ұмтылысын негізінен мемлекеттің саяси және мәдени өміріне араласу деп түсінген жөн.

Айғаным ұстанған басты мақсат құжаттарда жақсы көрсетілген. Ол мақсат ата-бабасынан мұраға қалған жерді (Сырымбет, Бұрұлық, Саумалкөл және т.б.) өз ұрпақтарына бекітіп беру тілегінен туған. 1846 жылы оған осы жер бөліп берілді.

[2] *Құдайберді-Атығай болысы* – хандық билік жойылып, «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» қабылданғаннан кейін ұйымдастырылған қазақ қауымдастығы. Болыстарға бөлуде аймақтық емес, тайпалық-рулық қағидатты ұстанды. Орта жүзге кіретін атығай және қарауыл руларының тайпалық бірлестіктері Көкшетау округінің негізгі тұрғындарын құраған еді.

[3] *Уақ-Керей болысы* – Орта жүзге кіретін уақ пен керей тайпаларының жерін иемденді.

[4] *Преснов бекінісі (қазіргі Преснов ауылы)* – XVIII ғ. тұрғызылған, Усть-Уйск бекінісінен Омбыға дейін созылған оның Горькая линия деп аталатын бөлігінде Жаңа Сібір шебінің негізгі бекінісі болған.

[5] *Рысай мен бәйімбет* – атығай тайпасына кіретін екі ру.

[6] *Ноғай-Қарауылды (Қылды-Ноғай) болысы* – Көкшетау округінің солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігін иемденді.

Айғаным Уәлиеваның үйін салу туралы Сібір комитетінің шешімі

Түпнұсқасы ЦГИАЛ-да сақтаулы, 1264 қор, I тізбе, 246 іс, 7-8 пп.

Билігі шексіз бүкілресейлік ұлы мәртебелі императордың билік етуші сенатынан берілген Жарлық

Түпнұсқасы ГАОО-да сақтаулы, 3 қор, 1 жазба, 422 іс, 2-5 бб.

Айғаным Уәлиева ханшаның Көкшетау округтік приказына жолдаған үндеуі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 1 п.

Омбы облысы бастығының Батыс Сібір генерал-губернаторына үсыныс хаты

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 3-4 пп.

Аса қадірменді ханша Айғаным Уәлиеваға хат

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 10 п.

Аса қадірменді Айғаным Уәлиева ханшаға хат

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 14 п.

Ханша Уәлиеваның Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант мырзаға және кавалер Василий Иванович де Сент-Лоранға хаты

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 20-21 пп.

Уәлиева Айғаным ханшаның Омбы облыстық бастығына хаты
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 410 іс, 140 п.

Уәлиева Айғаным ханшаның Омбы облыстық бастығы де Сент-Лорранға өтініші
Қолтаңбасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 302 іс, 2-3 пп.

[7] *Броневский Семен Богданович* – генерал-мойор, Жеке Сібір корпусы штабының бастығы, «Орта орда қырғыз-қайсақтар туралы жазбалар» жұмысының авторы (қараңыз: «Отечественные записки», 1830, Ч. 41, С. 400-420; Ч. 42, С. 75-88, 162-194, 357-364; Ч. 43, С. 70-97, 194-285).

де Сент-Лоранның Петропавл округтық бастығына жазбаша өкімі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 47 п. теріс беті.

Батыс Сібір генерал-губернаторға Омбы облысының бастығы де Сент-Лоранды таныстыру
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 64-65 пп.

Батыс Сібір Бас басқармасының Омбы облыстық бастығына қатынас хаты
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 41-42 пп.

Төрежан мен Шыңғыс Уәлихановтардың Омбы облыстық басқармасының бастығына хаты
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 73-74 пп.

Айғанымның қайтыс болғаны туралы хабар
Қолтаңбасы ЦГАЛИ де сақтаулы, 118 қор, 1 тізбе, 469 іс, 9 пп.

ШОҚАННЫҢ ӘКЕСІ – ШЫҢҒЫС УӘЛИХАНОВ

Қаржы министрінің Батыс Сібір генерал-губернаторына мәлімдемесі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 100 п.

Сібір әскери казак училищесінің тәрбиеленушісі сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың хаты
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 690 іс, 140 п.

1834 жылы тамыздың 30 жұлдызындағы қырғыз ақсүйектері

сеймінің Аман Қарағай округінің аға сұлтаны ретінде Шыңғыс Уәлихановты сайлау жөніндегі шешімі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 338 қор, 1 тізбе, 872 іс, 1-17 пп; 374 қор, 1 жазба, 3835 іс, 1-39 пп.

Шекара бастығының Аман-Қарағай округінің аса қадірменді сұлтаны, майор Шыңғыс Уәлиев мырзаға қойған талабы

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 297 іс, 4 п.

Шекара бастығының Аман-Қарағай приказына жазбаша берген өкімі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 297 іс, 5 п.

Батыс Сібір генерал-губернаторының Аман-Қарағай округінің аға сұлтанына жазбаша берген өкімі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 297 іс, 3 п.

Шекара бастығы лауазымын атқарушының Аман-Қарағай басқармасына жазбаша берген өкімі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 297 іс, 7 п.

Ладыженскийдің Шыңғысқа жазған хаты

Қолтаңбасы АН СССР Мұрағатында сақтаулы, 23 қор, 1 жазба, 17 іс, 1 п. Қағаз бетінде үқыпсыз жазумен жазылған. Қазақ тілінде жазылған төлқұжаты бар.

М.В. Ладыженский өз заманының оқыған, білімді адамы болған. Оның ынтасымен қазақ фольклоры мен құқығы жөнінде кең түрде мәлімет жиналды. Оларды жинауға Беленицын, А.А.Сотников, Уәлихановтар, Құнанбай Өскенбаев, Шыңғыс Түрсынов, А.Құдайменди сияқтылар, ал Торғай даласында – Ахмет Жантөрин, Андре, Бонч-Осмоловский және басқалары ат салысты. Солтүстік-Шығыс Қазақстанда жиналған мәліметтер өкінішке орай әлі күнге дейін табылмады және олар қайда сақталғаны белгісіз.

Аман-Қарағай округінің аға сұлтаны майор Уәлиевтің шекара бастығына хабарламасы

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 1083 іс, 1 п.

Аман-Қарағай округінің аға сұлтаны майор Уәлиевке

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 жазба, 1083 іс, 2 п.

Сібір қырғыздары шекаралық басқармасының аға сұлтан Уәлиевті алтын медальмен марапаттау туралы хабарламасы

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 3907 іс, 1-2 пп.

Әскери мекендер Департаментінің Шыңғыс Уәлихановты марапаттау туралы Дербес Сібір корпусы командиріне хабарламасы

Түпнұсқасы ЦГА ВМФ те сақтаулы, 4 қор, 10 тізбе, 13 іс, 3п.

Құсмұрын сыртқы округтік приказының сібір қырғыздарының шекаралық басқармасына мәлімдемесі

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 5119 іс, 1-2 пп.

Құсмұрын сыртқы округтік приказының сібір қырғыздарының шекаралық Басқармасына мәлімдемесі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 4306 іс, 4 п.

Сібір қырғыздары Облысының шекара бастығы лауазымын атқарушы мырзаға Шекара басқармасының кеңсесінен
Түп нұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 жазба, 2191 іс, 2 п.

Қайсақтардың ерлер киімінің жеке заттарының регистрі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2191 іс, 4 п.

Орыс географиялық қоғамы кеңесінен Сібір қырғыздары облысының шекара бастығы лауазымын атқарушы мырзаға
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2191 іс, 8 п.

Сібір қырғыздары шекара бастығы лауазымын атқарушы мырзаға сұлтан Ш. Уәлиевті Көкшетау округіне тіркеу туралы Шекара басқармасының үсынысы
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2729 іс, 4 п.

Шекара басқармасының Көкшетау округтік приказына берген жазбаша өкімі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 1687 іс, 1-2 пп.

Сібір қырғыздарының облыстық кеңесінің баяндамасы
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 1909 іс, 8-11 пп.

Шыңғыс Уәлихановтың ұлы Мақыны Петербургтегі саңырау-мылқауларға арналған училищеге орналастыру туралы князь А. Чернышевтың патша алдындағы өтініш хаты
Түпнұсқасы РГВИА де сақтаулы, 1265 қор, 4 тізбе, 38 іс, 1-2 пп.

Құсмұрын округтік приказының аға сұлтаны, майор Шыңғыс Уәлихановтың қызметі туралы №1 формулярлық тізім
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2399 іс, 11-15 пп.
Көкшетау округінің аға сұлтаны полковник Уәлихановтың Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторының лауазымын атқарушыға берген мәлімдемесі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 476 іс, 321-323 пп.

Көкшетау округінің аға сұлтаны полковник Уәлихановтың қызметі туралы №2 формулярлық тізім

Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 4306 іс, 3-6 пп.

Әскери губернатордың Көкшетау округінің аға сұлтанына жолдаған хабарламасы
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 817 іс, 22 п.

Дала комиссиясы төрағасының Ш.У. Уәлихановқа арнаған сөзі
Түпнұсқасы РГВИА да сақталуда, 1450 қор, 2 жазба, 12 іс, 102 п.

Батыс Сібір генерал-губернаторының Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторына берген жазбаша өкімі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 64 қор, 1 тізбе, 4051 іс, 16-19 пп.

Полковник сұлтан Шыңғыс Уәлихановтың Батыс Сібір генерал-губернаторына өтініші
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 64 қор, 1 тізбе, 4051 іс, 16-19 пп.

Көкшетау, Сарысу және Ақмола уездерінің қырғыздарына ориенталистер конгресін ұйымдастыру комитеті жолдаған хат
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 369 қор, 1 тізбе, 6934 іс, 76 п.

Көкшетау уездік болыстық басқарушыларының Санкт-Петербургке көрмеге жіберу үшін ұсынған заттарының тізімі
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 369 қ., 1 тізбе, 6934 іс, 320-321 пп.

Шыңғыс Уәлихановтың суретші М.С. Знаменскийге жазған хаты
Қолтаңбасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 369 қор, 1 тізбе, 6334 іс, 13-15 пп.

[8] *Михаил Степанович Знаменский* – тобылдық суретші, Шоқанды генерал Черняев экспедициясындағы ортақ жұмыстары нәтижесінде жақсы біледі. Жан-жағынан алып қарағанда, ол Шоқанның әкесі Шыңғыспен байланысты ұстап тұрды.

Ақмола облыстық әскери губернаторы мырзаға Көкшетау уезі бастығының рапорты
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 369 қор, 1 тізбе, 6934 іс, 194 п.

1876 ж. тамыз айының соңында С.-Петербургте өтетін шығыстанушылар көрмесіне Шыңғыс Уәлихановтың ұлдарымен бірге жеткізуге тиісті заттарының тізімі
Түпнұсқа ЦГА КазССР-да сақтаулы, 369 қор, 1 тізбе, 6334 іс, 30-32 пп.

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ӨМІРБАЯНЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

Батыс Сібірдегі қызметі

УШЖ, т. 4, 331-337 беттер бойынша басылып отыр

Әскери елді мекен департаментінің Әскер министрлігі Инспекторлық департаментіне жіберген хабарламасы.
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы, 395 қор, 45/525 тізбе, 525 іс, 1 п. және теріс беті.

Сібір қырғыздары шекаралық бастығының міндетін атқарушы генерал-майор Клейстке Дербес Сібір корпусы штабының берген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2812 іс, 1-2 пп.

Сібір линиялық казак әскері бойынша берілген бұйрық.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР-да сақтаулы, 374 қор, 1 тізбе, 2949 іс, 267 п. және теріс беті.

Сібірлік линиялық казак әскерінің бұйрығынан үзінді.
Түпнұсқасы ГАОО да сақтаулы, 67 қор, 1 тізбе, 19 іс, 2п.

Корнет Шоқан Уәлихановты Әскери министр алдында марапаттау туралы Дербес Сібір корпусы командирінің ұсынысы.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ де сақтаулы, 4 қоры, 23 тізбе, 24 іс, 28 п.

Әскер министрлігі Инспекторлық департаментіне Әскери елді мекен Департаментінің жазған қатынас хаты.
Түпнұсқасы РГВИА де сақтаулы. 395 қор, 165/550 тізбе, 18 іс, 2 теріс беті.

Инспекторлық департаменттің Әскери елді мекен Департаментіне берген жауабы.
Түпнұсқасы РГВИА де сақтаулы. 395 қор, 165/550 тізбе, 18 іс, 64 теріс беті.

Әскери министр князь Долгоруковтың Шоқан Уәлихановты марапаттау туралы өтініші
Түпнұсқасы ЦГАВМФ де сақтаулы. 4 қор, 23 тізбе, 23 іс, 38 п.

Сібір комитетін басқарушы В. П. Бутковқа әскери елді мекен департаментінен мәлімдеме.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ те сақтаулы. 4 қор, 23 тізбе, 24 іс, 15 п.

Марапаттау қағазы.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ те сақтаулы. 4 қор, 23 тізбе, 24 іс, 2 п.

БАС ШТАБТЫҢ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

УШЖ (Уәлиханов шығармалары жинағы) 4 томындағы 343-350, 356-359 беттерде басылған мәтіндер 1985 ж. жарық көрген Ш.Ш.Уәлиханов. Бес томдық шығармалар жинағының 5 томында 61–70 беттерінде орыс тілінде жарияланған.. Осы соңғы басылымда жарияланған мәтін қазақ тілінде беріліп отыр.

Қашғар экспедициясы табысты аяқталғаннан кейін Ш.Ш.Уәлихановты марапатқа ұсыну.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ те сақтаулы. 395 қор, 45/529 тізбе, 525 іс, 1 п. және мұқаба; 395 қоры, 162/550 тізбе, 18 іс, 64 п.

Әскер министрлігі Бас штаб департаментінің қаржы министріне жазған қатынас хаты.
Түпнұсқасы РГВИА де сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 234-235 пп. және теріс беті;

А.М. Горчаковтың өтініш хаты.
Түпнұсқасы ЦГАВМФ те сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 84 іс, 5 п.

Тұрақсыз әскер басқармасы бойынша мәлімдеме.
Түпнұсқасы ЦГАВМФ те сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 84 іс, 4 п.

Әскер министрлігі Бас штабы Департаментінің қаржы министрі мырзаға жіберген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, іс 4, 240 п.
Әскер министрліктің Бас штабы Департаментінің Ресейлік императорлық және патшалық ордендер канцлеріне жіберген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, іс, 241 п. және теріс беті.

Жоғары мәртебелі бүйрыққа енгізуге арналған мақала.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ те сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 84 іс 4, 6 п.

Патша бүйрығы.
Типографиялық баспа-таңба РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 244 п.

Ресейлік императорлық және патшалық ордендер Капитулына жарлық.
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 245 п.

Әскер министрлігі Бас штабы Департаментінің тұрақсыз әскер басқармасына жіберген қатынас хаты.
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 246-247 пп.

Куәлік
Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 245 п.

Әскер министрлігі Бас штабы Департаментінің армия кавалериясы

бойынша тіркелген штабс-ротмистр мырза Шоқан Уәлихановқа қатынас хаты.

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 256 п.

Әскер министрлігі Бас штабы департаментінің Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортқа хаты.

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 253-254 пп.

Хатта Шығыс Түркістан мен Ыстықкөлдің картасы Ш.Уәлихановтың көмегімен жасалғаны туралы айтылған.

Г.Х. Гасфорттың В.К. Ливенге жазған хаты.

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 279 п және мұқаба.

Хатта Ш.Уәлихановтың жұмысына қажетті картографиялық материалдардың жөнелтілгені жайында хабарланған.

Бас штабтың Әскери-тарихи және Топографиялық депосының архивінен берілген карталар /материалдар/ туралы түптелген кітаптардың көшірмесі.

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 492 қор, 48 іс, 61, 63, 73-74 пп.

Әскери-топографиялық депо архивіне қайта келіп түскен карталар, жоспарлар, сипаттамалардың және басқа құжаттарға жүргізілген ведомость (1860 ж. 1 наурыздан 1 сәуірге дейін).

Түпнұсқасы ЦГВИА да сақтаулы. 492 қор, 36 іс, 75 п.

Азиялық бөлімге жататын карталар туралы

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 492 қор, 48 іс, 14 п.

Бас штабтың Әскери-тарихи және Топографиялық депосынан алынып, штабс-капитан Ш. Уәлиханов құрастырған карталар туралы.

Түпнұсқасы РГВИА да сақтаулы. 400 қор, 258 тізбе, 27 іс, 14 п.

СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ АЗИЯЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

УШЖ (Уәлиханов шығармалары жинағы) 4 томындағы 368-418 беттерде басылған мәтіндер 1985 ж. жарық көрген Ш.Ш. Уәдиханов. Бес томдық шығармалар жинағының 5 томында 71—91 беттерінде орыс тілінде жарияланған. Осы соңғы басылымда жарияланған мәтін қазақ тілінде беріліп отыр.

Әскер министрлігі Бас штабының Ш. Уәлихановты ауыстыру жөнінде келісімі туралы жолдас Сыртқы істер министріне жіберген хабарламасы.

Құжаттардың көшірмесі Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 3 п., теріс беті; ЦГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 271 п.

Штабс-ротмистр Уәлиханов туралы князь А.М. Горчаковтың пікірі.

Құжаттардың көшірмесі Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақталған. IV-2 қор, 8 іс, 53п; (ЦГВИА) мұрағатында сақталған. 447 қор, 4 іс, 276 п. және теріс беті; (ЦГА ВМФ, 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 3 п.

Ш.Ш. Уәлихановты Азия департаментіне ауыстыру туралы Түрақсыз әскер басқармасы бастығының мәлімдемесі.
Түпнұсқасы ЦГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 277-278 пп.

Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне Ш. Уәлихановты тіркегені туралы II Александрдың бұйрығы.
Құжаттардың көшірмесі ЦГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 278 п; және Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 7 п.

Ш.Ш. Уәлихановты Азия департаментіне тіркегені туралы Әскер министрлігіне қарасты Инспекторлық департаменттің Бас басқармасының мәлімдемесі.
Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 8 п.

Әскери министрдің Дербес Сібір корпусы командиріне жарлығы.
Түпнұсқасы ЦГАВМФ да сақталған. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 8 п.

Түрақсыз әскерлер басқармасына Дербес Сібір корпусының штабы басшысының рапорты.
Түпнұсқасы ЦГАВМФ да сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 8 п.

Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне Дербес Сібір корпусы штабының қатынас хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 15 п.

Әскер министрлігі Комиссариат департаментіне Түрақсыз әскер бастығының қатынас хаты.
Түпнұсқасы (ЦГАВМФ) Орталық мұрағатында сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 215 іс, 13 п.

Түрақсыз әскер басқармасының Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне хабарламасы.
Құжаттардың көшірмесі Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қоры, 8 іс, 18 п. және мұқаба; (ЦГАВМФ) Орталық мұрағатында сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 12 п.

Әскер министрлігі Комиссариат департаментінің Сыртқы істер министрлігі Азиялық департаментіне қатынас хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 23 п.

Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің Түрақсыз әскер басқармасына хабарламасы.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 24 п. және теріс беті.

Ш. Ш. Уәлихановтың жалақы алғаны жөніндегі қолхаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 21, 43, 44 п.

Жоғары мәртебелі Н.П. Игнатьевке.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-3 қоры, 1 іс, 149 п.

Жоғары мәртебелі императорлық Бас штабтың генерал-квартирмейстеріне Тұрақсыз әскер басқармасы бастығының берген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ да сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 17 п.

Штабс-ротмистр Уәлихановтың Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне рапорты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 38 п.

Н.П. Игнатьевтің Азия департаментінің директоры Е.П. Ковалевскийге қысқаша хаты.
Түпрұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-3 қор, 1 іс, 149 п.

Азия департаментінің Бас штаб департаментіне хабарламасы.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 39 п. және теріс беті.

Ш.Ш. Уәлихановты Әскер министрлігінен Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне ауыстыру туралы кейбір құжаттардың тізімі.
Түпнұсқасы ЦГВИА да сақтаулы. 447 қор, 4 іс, 313 және теріс беті.

Н.П. Игнатьевтің Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О. Дюгамельге хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 41 п.

Ш.Ш. Уәлихановтың патенті туралы Тұрақсыз әскер басқармасының Азия департаментіне қатынас хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 42 п.

Ш.Ш. Уәлиханов туралы Әскери министрлігі Комиссариат департаментінің Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне сұрату-хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 45 п.

Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің Әскер министірлігі Комиссариат департаментіне жолдаған мәлімдемесі.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 46 п.

Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О. Дюгамельге Ш.Ш. Уәлихановты Петербургке іссапарға жіберу туралы Н.П. Игнатьевтің жазған хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 47 п.

А.И. Веригиннің Н.П. Игнатьевке жазған хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 48 п. және теріс беті.

Генерал А.И. Веригинге Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 49-50 пп.

Әскер министрлігі Бас штабы департаментінің Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директорына қатынас хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 51-52 пп.

Әскер министрлігі Бас штабы Бас басқармасының Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне қатынас хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 53 п.

Дербес Сібір корпусы штабының Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры Н.П. Игнатьевтің мәлімдемесі

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 54 п.

Сыртқы істер министрлігінен Ш.Ш. Уәлихановқа жалақы беруді тоқтату туралы Сыртқы істер министрінің Азия департаментіне бұйрығы.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 57 п.

Азия департаментінің Дербес Сібір корпусы штабына қатынас хаты.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қоры, 8 іс, 58 п.

Әскер министрлігі Инспекторлық департаменттің Сыртқы істер министрлігі Азия департаментіне хабарламасы.

Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 67 п.

Тұрақсыз әскер басқармасының баяндамалық хаты.
Түпнұсқасы ЦГА ВМФ да сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 26-28 пп.

Әскери министрдің Ш.Ш. Уәлихановты Азия департаментінен Батыс Сібір әскерінің қолбасшылығына ауыстыру туралы бұйрығы.
Түпнұсқасы ЦГАВМФ да сақтаулы. 4 қор, 27 тізбе, 225 іс, 31 п.

Шоқан Уәлихановты Азия департаментіндегі жұмысынан босату жөнінде.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 74 п.

Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийдің Азия департаментінің директоры П.Н. Стремоуховқа хаты.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-3 қор, 1 іс, 150 п.

Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановскийдің Азия департаментінің директоры П.Н. Стремоуховқа жазған қысқаша хат.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-3 қор, 1 іс, 151 п.

Әскери ведомствоның аса жоғары дәрежелі бұйрықтары.
Түпнұсқасы Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 79 п. теріс беті.

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ФОРМУЛЯРЛЫҚ ТІЗІМІ

УШЖ (Уәлиханов шығармалары жинағы) 4 томындағы 419-423 беттерде басылған мәтіндер 1985 ж. жарық көрген Ш.Ш. Уәдиханов. Бес томдық шығармалар жинағының 5 томында 92–96 беттерінде орыс тілінде жарияланған.. Осы соңғы басылымда жарияланған мәтін қазақ тілінде беріліп отыр.

Сібір линиялық казак әскерінің 6-ыншы полкіне іссапарға аттандырылған кавалерия штабс-ротмистрі Шоқан Уәлихановтың қызметі мен жетістіктері туралы №1 формулярлық тізім.
Түпнұсқасы СІМ мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 7-12 пп.

Армиялық кавалерияның құрамында болған, Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің штабс-ротмистрі Шоқан Уәлихановтың қызметі мен жетістіктері туралы № 2 формулярлық тізім.
Түпнұсқасы СІМ мұрағатында, Шенеуніктердің жеке іс қағаздарында және ХД (Шенеуніктердің жеке іс-қағаздары, 1860-1870 жж.) сақтаулы, 464/3 тізбе, 318 іс, 1-4 пп.

Армиялық кавалерияның құрамында болған және Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің штаттан тыс штабс-ротмистрі Шоқан Уәлихановтың қызметі жөніндегі № 3 формулярлық тізім.
Түпнұсқасы СІМ мұрағатында сақтаулы. IV-2 қор, 8 іс, 4-6 пп.

ШОҚАН АУЫЛДА

УШЖ, 4 т., 444-446 беттер бойынша басылып отыр.

Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығы.
«Томские губернские ведомости» газетінде жарияланған, 1862, №47.

Көкшетау округтік басқармасының Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторына берген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы ГАОО да сақтаулы. 3 қор, 4 тізбе, 5315 іс, 12 п.

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ӨМІРБАЯНЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ

ОМБЫ МҰРАҒАТЫНДАҒЫ ЖҰМЫС

УШЖ, 4 т., 449-451 беттер бойынша басылған отыр.
Омбы мұрағатында басталған бұл құжаттар жас ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысының алғашқы қадамын суреттейді. Олар Батыс-Сібір әкімшілігінің Ш.Ш. Уәлиханхановқа Сібір қарамағындағы қазақтардың тарихын жазу үшін материалдар жинау тапсырылғандығын суреттейді.

Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасынан хатшы Андреевке берілген бұйрық.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР да сақтаулы. 345 қор, 1 тізбе, 1412 іс, 188 п.

Сібір қырғыздарының шекаралық басқармасынан хатшы Андреевке берілген бұйрық.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР да сақтаулы. 345 қор, 1 тізбе, 1412 іс, 189 п.

Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының мұрағатшы Андреевке берген бұйрығы.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР да сақтаулы. 345 қор, 1 тізбе, 1412 іс, 236-237 пп.

Мұрағатшы Андреевтің Сібір қырғыздары облыстық басқармасына берген мәлімдемесі.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР да сақтаулы. 345 қор, 1 тізбе, 1412 іс, 236-237 пп.

Сібір қырғыздары облыстық басқармасының мұрағатшы Андреевке берген бұйрығы.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР да сақтаулы. 345 қор, 1 тізбе, 1579 іс, 56 п.

ОРЫС ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНДА

УШЖ, 4 т., 452-460, 513 беттер бойынша басылып отыр.

Шоқан Уәлихановты Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне ұсыну.

Түпнұсқасы Орыс географиялық қоғамының архивінде сақтаулы. 1 қор, 7 іс, 19 п. Бірінші рет «Вестник РГО» газетінде жарияланған (II кіт., 6 бөлім, СПб., 1857, 59 б; 1 кітап, 10 б.).

Шоқан Уәлихановты Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне сайлау туралы диплом.

Түпнұсқасы АН СССР мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 1 тізбе, 19 іс, 9 п.

[**Тарихи-филологиялық бөлімше.** *1860 жылғы 13 (25) сәуірдегі мәжіліс*]

Мына баспаларда шығарылған: Bulletin de l'Acadйmie Impйriale des sciences de St.– Pйtersbourg. Tome 2. St-Pbg., 1860, Bulletin des sйances, col. 190-191. Аудармасы мен түсіндірмелерін жасаған В.Н. Настич.

Хабарламаның француз тіліндегі түпнұсқасы қазіргі уақытта құрастырылған. Аудармада контекстке сәйкес өткен шақпен жасалған. Шығыс тіліндегі есімдер мен терминдер қазіргі ғылыми әдебиетке қабылданған үлгіде жасалған.

[1] *Вельяминов-Зернов* Владимир Владимирович (1830-1904) – белгілі шығыстанушы, Орта Азия, Қазақстан мен Поволжьенің ортағасырлық және жаңа тарихы, нумизматикасы және деректануы бойынша бірқатар еңбектердің авторы. Ол алғаш орыс ұлтынан академик атағын алған шығыстанушы (1858 ж).

Осы жерде және ары қарай түпнұсқада фамилияның тұсындағы есімнің орнына М. қойылған (қысқ. франц. Monsieur), аудармасы «м.» («мырза»), сол кездегі жарияланымдарда солай жазу қабылданған.

[2] *Азиялық музей* (алғашқыда Шығыс бөлмесі болған) – 1818 ж. Петербургте Ғылыми академияның жанынан Ресейдегі шығыстанудың жетекші ғылыми орталығы ретінде құрылған. 1930 жылы КСРО Ғылым академиясының шығыстану Институты ретінде қайта құрылған, оның қорына шығыс жазбаларының мол мұралары және басылымдар кірді. Азиялық мұражайдың нумизматикалық коллекциялары Мемлекеттік Эрмитажға берілген.

[3] *Хакани* (Афзал ад-дин Ибрахим ибн Әли Хакани Ширвани, 1106 және 1122 жылдары туылған, 1199 ж. қайтыс болған) – атақты әзірбайжан ақыны, Кесран әулеті ширваншахтарының сарайындағы мадақтаушысы.

[4] *Ширваншахтар* – 799 – 1538 жылдары Әзірбайжанды басқарған үш ірі әулеттің жалпы атауы.

[5] *Ханыков* Николай Владимирович (1819–1878) – орыс шығыстанушысы, дипломат және саяхатшы, В.В. Вельяминов-Зерновтың немере інісі. Н.В. Ханыков мұсылмандық Азияның көнелілігіне және

тарихына байланысты 90-ға жуық жұмыстарға қалам тартқан. *Дорн* Борис Андреевич (Dorn Bernhard, 1805–1881) – шығыстанушы-филолог және тарихшы, ұлты неміс, 1829 жылдан бастап Ресейде тұрған және жұмыс істеген; 1835 жылдан бастап ҒА мүше-корреспонденті. 1842 жылы Азиялық мұражайды басқарған. Б.А. Дорнның шығыс жазба мұралары мен теңгелерін танып-білудегі еңбектерінің бүгінгі күні ғылыми құндылығы жоғары.

[6] Lettre de M. Khanykov б M. Dorn. – Bulletin de 1a Classe historico-philologique de l'Academie impériale des sciences de St.-Pétersbourg. St.– Pbg., 1857, t. XIV, № 23-24, col. 353–370.

[7] *Малла-бек* (түпнұсқада Me11a-beg), басқаша Мұхаммад Малла хан – Минг әулетінен шыққан Қоқан ханы (1858–1862). Жоғарыдағы алтын монетаның данасы В.В. Вельяминов-Зерновтың жарық көрген мына еңбегінде сипатталып отыр. Реттік номері көрсетілмеген (басылымның 104 б. қараңыз).

В. Вельяминов-Зернов. Шағатай ұлысының, Хиуа мен Қоқанның бірнеше монеталарының сипаттамасы.

Мына басылым бойынша жарық көріп отыр: Description de quelques monnaies de l'oulous de Djaghatan, de Khiva et Khokand, par V. Yéliaminof-Zernof. (Lu 1e 13 avril 1860). — Bulletin de l'Academie Impériale des sciences de St.– Pétersbourg. Tome 2. St-Pbg., 1860, col. 207-208. Аудармасы мен түсіндірмелерін жасаған В.Н. Настич.

Француз тіліндегі түпнұсқаның орфаграфиясына қарамастан шығыс тіліндегі есімдер, атаулар және терминдер, сонымен бірге мұсылманша берілген уақыттар еуропалық жыл есебіне аударылып, қазіргі ғылыми әдебиетке қабылданған үлгіде берілді. Осының негізінде түпнұсқамен тексеріліп және қажеттілігіне қарай араб және парсы тілінен аударылып түзетілген (теңгедегі жазулар және дереккөздердегі үзінділер). «Prince» термині (سلطان араб тілінен, پادشاه парсы тілінен) аударғанда «басқарушы» дегенді білдіреді.

Мәтіндегі сілтемелер автордікі.

[1] *Үлес* – 44,435 мг тең келетін метрлік өлшемге дейінгі орыстың салмақ өлшемі; 96 үлесті 1 мысқал (4,266 г) құрайды. Өлшемдердің грамға аударылған мәтінде тік жақшаның ішінде (0,01 г дейін дөңгелектеумен) көрсетілген.

Мақалада теңгенің металы көрсетілмеген. Олардың тек № 10 (мыс) және 1860 жылы 13 сәуірдегі отырыстың хаттамасыеда көрсетілгендей Ш. Уәлиханов өзіне қалдырған соңғысынан (номерсіз алтын тілла) басқасының барлығы күміс.

[2] Түпнұсқада қате кеткен: II.

[3] Түпнұсқада қате кеткен الله.

[4] *Тармаширин* – Шағатайдың тұқымы, Дува ханның ұлы, (726/1326 – 734/1334 жж.) Мәуераннахрдың билеушісі, Шағатайлар әулетінен шыққан алғашқы ислам дінін қабылдаушы. Мұсылманша Ала ад-дин есімімен де белгілі. *Санджар* – Тармаширин тұсында Шағатай ұлысының солтүстік аймағын басқарушысы; оның есімі хижра бойынша 731-733 ж Тараз және Самарқанд теңгелерінде таңбаланған. Қараңыз: *М. Е. Массон,* Исторический этюд по нумизматике Джагатаидов.—Труды САГУ, новая серия, вып. CXI; Археология Средней Азии, IV. Ташкент, 1957, с. 69, 84, 96.

[5] *Френ* Христиан Данилович (Freahn Christian Martin Joachim, 1782–1851) – XIX ғасырдағы атақты шығыстанушылардың бірі, 1807 ж. бастап Ресейде тұрған және жұмыс істеген. Азиялық мұражайды ұйымдастырушы әрі бірінші директоры (1818–1842) болған. Френнің іргелі еңбектері біздің еліміздегі ғылымның бір саласы шығыс нумизматикасының негізін салуға көмегі тиді.

[6] Nova Supplement ad Recensionem numorum muhammedanorum Academiae Imp. scientarum Petropolitanae. Additamentis editoris aucta, subjunctis ejusdem de Fraehnii vita, operibus impressis et bibliothecam relationibus. – [Ch. M. Fraehnii] Opusculorum postumorum. Pars 1, edidit *Bernh. Dorn.* Peteropoli, MDCCCXXVI [1826].

[7] *Абд ар-Раззақ* ибн Исхақ Самарқанди (1413–1482) – тарихшы және Гераттағы Темір әулеттерінің сарайындағы саяси қайраткер. Оның «Матла‘ ас-са‘дайн ва маджта‘ ал-бахрайн» («Восхождение двух светил и слияние двух морей») атты екі томдық еңбегі XIV–XV ғғ. Иран мен Орта Азияның тарихына арналған.

[8] *Нахшеб,* басқаша *Несеф* – қазіргі Қаршыға (Өзбекстан ССР) жақын Қашқадария өзенінің бойындағы ескі қала, б.э. дейінгі III ғасырларда негізі қаланған.

[9] *Мирхонд* (Мұхаммад ибн Мұхаммад Хаванд-шах ибн Махмуд Мир Хаванд, 1433–1498) – гераттық тарихшы, «Раузат ас-сафа фи сират ал-анбийа ва-л-мулук ва-л-хулафа» («Сад чистоты в жизнеописании пророков, царей и халифов») атты 7 томдық жалпы тарихтың авторы, соңғы томы 1522-23 ж. оқиғаларға дейін жеткен, оны оның немересі Хондемир жазған. (11 түсін. қар.)

[10] *d'Ohsson C.* Histoire des Mongols, depuis Tchinguiz-Khan jusgu' б Timour bey ou Tamerlan. T. 1–IV, La Haye et Amsterdam, 1834–1835.

[11] *Хондемир* (Гийас ад-дин ибн Хумам ад-дин Мұхаммад ал-Хүсейни, 1475– шамамен 1535) – гераттық тарихшы, Мирхондтың немересі (жоғар. қар.), «әлемді жаратушыдан» «Хуласат ал-ахбар фи байан ахвал ал-ахйар» («Отборные известия в описании дел лучших людей») XVI ғ. бірінші ширегіне дейін көп том болатын тарихтардың екі томдығының және «Хабиб ас-сийар фи ахбар афрадбашар» («Друг жизнеописаний в известиях о выдающихся людях»), бүгінде белгілі өте көп мөлшердегі қолжазба нүсқаларының авторы.

[12] *Фасих Хафи* (басқаша *Хавафи,* Фасих ад-дин Ахмад ибн Мұхаммад, 1375 – шамамен 1442) – гераттық тарихшы, 1441 ж. дейін жеткен «Муджмал-и Фасихи» (Фасихтер жиынтығы») атты жалпы тарихтың авторы.

[13] *Ибн Баттута* (Мұхаммад ибн Абдаллах ал-Лавати ат-Танджи, 1304–1377) – Танжерден шыққан саяхатшы, Марко Полоның замандасы және бақталасы. «Тухфат ан-нуззар фи гара'иб ал-амсар ва 'аджа'иб ал-асфар» («Подарок созерцающим о диковинках городов и чудесах путешествий») атты 25-жылдан астам үш томдық суреттемені Ибн Баттутаның айтуымен Мұхаммад ал-Калбидің жазып алынған (1356 ж қайтыс болған), баяндауда В.В. Вельяминов-Зерновтың атап көрсеткен ауытқулар мен анахронизмдерді жіберген Мұхаммад ал-Калби деп санауға болады.

[14] *Әбілғазы ибн* Араб-Мұхаммад (1603–1664) – Хиуа ханы, Жошының ұлы Шибанның тұқымы, 1644 жылға дейін жеткен түркі тілінде

жазылған Шыңғыс хан және Шыңғыс хан ұрпақтарының «Шаджарат ат-тюрк» («Түркі шежіресі») тарихының авторы.

[15] Түпнұсқада Doua-khodjen – Doua-khodjah Дуа қожа деген сөздің орнына қате басылған болу керек.

[16] *Женкші* (Чангши) – Тармаширинің жиені (4 түсіндірм. қар.), 1334 ж. оның орнына Шағатай ұлысының тағына отырып, бірнеше ай басқарады. Дува-Тимурдың ұлы Бузанның (Бұзұнның) орнына таққа отырған.

[17] *Кешірім жасау; болашақ өмірге бата алу* (араб.– парсы) – орта-ғасырдың соңы мен жаңа заман кезеңінде қайтыс болған мұсылмандарға (әсіресе атағы шыққан адамдарға) арналған тілек және эпитеттер.

[18] *Григорьев* Василий Васильевич (1816–1881) – орыстың танымал шығыстанушысы, отандық ориенталистика тарихының, Орта Азия тарихы, географиясы және этнографиясы, шығыстық нумизматика, отандық ориенталистика тарихы бойынша бірқатар еңбектердің авторы. 1854-1862 жылдары Оренбург қырғыздары (қазақтары) облысының басқарушысы болған.

[19] *Кепек* (Көбек хан) – Шағатай әулетінен шыққан, Дува ханның екінші ұлы, 709/1309 ж. және 718/1318 – 726/1326 жылдар шамасында елді басқарған. Оның кезінде ақша реформасы жүргізілген және салмағы шамамен 8 гр болатын жаңа жалпы мемлекеттік ақша бірлігі – күміс динар (кепектер) енгізілді. Елшығыдай және Дуа-Темір – Кепектің бауырлары, Тармаширинның қайтыс болары алдында аз уақыт ішінде кезекпен 726/1326 ж. ішінде елді басқарған.

[20] ИВ АН СССР қолжазбасы, С 404.

[21] *Мұхаммад Амин* – Хиуа ханы (1845–1855).

[22] *Абдаллах* (Абдулла хан) – Хиуа ханы (1855).

[23] *Мұхаммад* (Сейид Мұхаммад баһадұр хан) – Хиуа ханы (1856–1865).

[24] *Шай* (парсыша [фулус-и] *шахи* шахтың [ақшалары]) – XIX ғасырдың ортасында хиуалық күміс теңгенің $^1/_{48}$ құрайтын мыс теңгенің (пұл) ресми атауы. Бұл жерде пұлдың $7^1/_2$ теңгесі немесе «жарым шай» жайында айтылса керек.

[25] *Құдайар* (Сейид Мұхаммад Худайар-хан) – Қоқан ханы, 1844-1858, 1862-1863 және 1865-1875 жылдары үш рет басқарған.

[26] *Савельев* Павел Степанович (1814–1859) – орыс шығыстанушысы, Орта Азия географиясы бойынша, отандық шығыстану тарихының, шығыс нумизматикасының маманы. Орыс археологиялық қоғамының (1846 ж. бастап) негізін қалаушы және белсенді қызметкері.

[27] *Малла-бек* – [Тарихи-филологиялық бөлімше. *1860 жылғы 13 (25) сәуірдегі мәжіліс*] атты мақаладағы 7 түсіндірмені қараңыз.

[28] *Ділда (тилла)* – XV ғасырдан XIX ғасырға дейін Орта Азия мемлекеттерінде (Бұхарада XX ғасырдың 20 жылдарына дейін) жасалынған алтын теңге. Қоқан тиласы XIX ғасырдың ортасында 3 рубль 80 тиынға теңестірілді және 18-21 күміс теңгеге ауыстырылды.

[29] *Омар хан* (Сейид Мұхаммад Омар хан) – Қоқан ханы (1809–1822 ж). *Әлім бек* (Мұхаммад Әлім хан) Қоқанды 1800–1809 жылдары басқарды. *Нарбота бий* – Әлім ханның алдындағы жол бастаушы (1770–1800).

Ш.Уәлиханов пен К.М. Бэрдің баяндамалары туралы Орыс географиялық қоғамының мәлімдемесі.

Бірінші рет «Русский инвалид» газетінде жарияланған. 1860, № 95.

Жәрдемге мұқтаж әдебиетшілер мен ғалымдарға көмек көрсету қоғамы төрағасының Уәлихановқа хаты.

Түпнұсқасы АН СССР мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 1 жазба, 19 іс, 3 п.

Ш.Ш. Уәлихановтың мүшелік жарна төлеуі туралы Орыс географиялық қоғамының мәлімдемесі.

Түпнұсқасы АН СССР мұрағатында сақтаулы. 23 қоры, 1 жазба, 19 іс, 21–22 п.

Ш.Ш. Уәлихановтың Орыс географиялық қоғамы этнография бөлімінің мәжілісінде сөйлеген сөзі.

Алғаш рет «Записках РГО» жарияланған. 1861, 3 кітап, 31 п.

Түбіртек

Түпнұсқасы АН СССР мұрағатында сақтаулы. 23 қоры, 1 жазба, 19 іс, 3 п.

Орыс географиялық қоғамы кеңесінің қаулысы.

Алғаш рет «Известия РГО» жарияланған. 1867 ж, 3 том, 2 шығ. 112 п.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘДЕП-ҒҰРЫП СОТЫ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРДЫ ДАЙЫНДАУҒА Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАТЫСҚАНЫ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР

УШЖ, 4 т., 462-477 беттер бойынша басылып отыр.

1863 жылы Ш.Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельмен Яценконың экспедициясына қазақтардың сот туралы әдет-ғұрпын жинап, зерттеу үшін шақырылды. Уәлиханов шақыруға келісіп, барлық жаз айларында Орталық және Солтүстік Қазақстанда, Көкшетау, Атбасар, Ақмола Қарқаралы және Баянауыл округтерінде қазақтардың құқықтық қарым-қатынастарын зерттеді. Жолсапар барысында ол көптеген мәліметтер жинады, кейіннен бұл мәліметтер Сібір ведомствосы қырғыздарының «Соттық реформа туралы жазба» (4 т. 77 б. қар.) атты теоретикалық жұмысты жазуға негізгі дереккөз болды. Алайда Уәлиханов өзі жинаған материалдардың бәрін пайдаланбай, тек маңыздысын ғана пайдаланды. Генерал-губернатордың қазымырлығынан қашып, жиналған мәліметтерге «Дала округтерінің сұлтандары мен билерінің пікірі» деп бүркеме ат берді. Олар Яценконың жазбасынан принципті түрде ерекшеленеді. «Соттық реформа туралы жазбада» материалдар көпшіліктің, қырғыз халқының пікірімен аталған.

Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторына Батыс Сібір Бас басқармасының қатынас хаты.

Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 1-3 пп.

Көкшетау аймақтық приказына.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 4-5 пп.

Көкшетау аймақтық приказына.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 7 п.

Сібір қазақтарының облыстық басқармасының әскери губернаторға қатынас қағазы.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 75 п. және теріс беті.

Облыстық басқарма кеңесшісі Яценконың Сібір қазақтары облысының әскери губернаторына рапорты.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 14 п.

Көкшетау, Баянауыл, Ақмола, Қарқаралы, Атбасар округтерінің аға сұлтан мырзаларына бұйрық.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 16 п.

Сібір қазақтары әскери губернаторының Батыс Сібір генерал-губернаторына қатынас қағазы.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 20 п.

[1] *... ол пікірлердің кейбірі бір-бірімен қарама-қайшы екені байқалды* – Дәл анық емес. Ш. Уәлихановтың қырдағы жазбалары Батыс-Сібір басшылығын, оның ішінде әскери губернатор Фридрихсті қанағаттандырмады. Ол жаңа материалды округтік приказдарға және құрамында сұлтандар мен ірі шенеуніктері бар комитет үйымына ревизия жасау жолымен жинағысы келді.

Батыс Сібір бас басқармасының Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторына қатынас қағазы.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 25-26 пп.

Көкшетау округі сұлтандары мен билерінің пікірлері.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 33-34 пп.

Ақмола округінің сұлтандары мен билерінің пікірлері.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 36-39 пп.

Атбасар округі сұлтандары мен билерінің пікірлері.

Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 40-46 пп.

Баянауыл округінің билері мен сұлтандарының пікірлері.
Түпнұсқасы ЦГА КазССР де сақтаулы, 345 қор, 1 тізбе, 807 іс, 85-89 пп.

[1] Барымта, қазақтардың түсінігінде тонау емес, қазақ заңы бойынша барымта үшін айып та тартпайды. – Бұл ойды Ш. Уәлиханов «Соттық реформа туралы жазбада» нақтылайды: «Ұрлық, тонау, айдап кетуге айып төленеді, ал барымтаға – ештеңе».

ХАТ АЛМАСУЛАР

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ ХАТТАРЫ

УШЖ, 4 т., 43-87 беттер бойынша басылып отыр.

Жас Шоқанның ата-анасына жазған хаты
Н.Ф. Костылецкийдің аудармасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы (НБТГУ, С. 7357). 1849 ж. деп берілген.
Қазақ тіліндегі түпнұсқасы сақталынбаған. Жас Шоқанның қызығушылығын білуге болатын жалғыз құжат болғандықтан, бұл хаттың маңызы өте зор.

Ф.М. Достоевскийге
Ш.Уәлихановтың қолжазбасы ВГБИЛ-дің қолжазба бөлімінде сақтаулы. (Дост., II, 2/6). 1856 ж. 5 желтоқсан деп берілген.

Ш.Уәлихановтың Ф.М. Достоевскиймен достығы туралы үлкен әдебиет бар. (Қараңыз: Л.П. Гроссман. Жизнь и труды Ф.М. Достоевского. М.-Л., 1935 г., С. 76, 382; А.С. Долинин. В творческой лаборатории Достоевского (история создания романа «Подросток»). М., 1947, СС.127-130; М.О. Әуезов. Ф.М. Достоевский и Чокан Валиханов. Журнал «Дружба народов» журналы, 1956, №3, СС. 154-155; М.Н. Фетисов. Литературные связи России и Казахстана. 1956, СС. 239-321; В.И. Мануйлов. Друг Достоевского Чокан Валиханов. Труды Ленинградского библиотечного ин-та. 5 т., 1959, СС. 343-369. П. Костенко. Иртыш и Нева. Алма-Ата, 1978.)

[1] *Цуриков* Александр Николаевич (1824-1899) – заңгер, декабрист Г.С. Батеньковтың досы; Семейде және Омбыда прокурор болып жұмыс істеген (1847-1858), кейін Калугаға орналасады. Омбыда Уәлихановпен достасып, өмірінің аяғына дейін оған ізгі ниетте болады.

[2] *Дуров* Сергей Федорович (1816-1869) – ақын, өлім жазасына кесіліп, кейін жер аударылған. Жазасын Омбыда Ф.М. Достоевскиймен бірге өтеген. Шоқанмен Омбыдағы Сібір қазақтарының облыстық басқармасында қызмет атқарғанда танысқан.

[3] *Василий Петрович* Демчинский – гусар полкінің офицері, Ресейде азаттық идеясын ұстанғаны үшін шені төмендетіліп, Сібір қазақтарының әскеріне қызмет етуге жіберілген; Омбыда Достоевский-

мен және Уәлихановпен достасады. Өмірінің соңына дейін осы достықты сақтаған.

[4] *Ковригин Н* – тау инженерлерінің капитаны, Алтай округінің және Семей облысының ревизоры, «Горный журналының» қызметкері (1860-1870). XIX ғасырдың 50-ші жылдары Барнауылдағы Локтев зауытында жұмыс істейді. Осы жерде қалыңдығы Мария Дмитриевна Исаеваға келген Ф.М. Достоевскиймен кездеседі және Ш. Уәлиханов арқылы Ф.М. Достоевскийдің алдағы болатын тойына қарызға ақша береді (ЦГА КазССР, Ф. 23, Д. 10, Л. 29).

[5] *Анна Андреевна* де Граве – Омбы қамалы комендатының әйелі. Ф.М. Достоевский айдауда жүргенде, көмек көрсеткен.

Әкесі Шыңғыс Уәлихановқа

Түңғыш рет Ә.Х. Марғұланның аудармасымен «Простор» журналында (1960, №9, С. 142-143) жарық көрді. Басылымда жылы қате берілген: 1857 ж. орнына 1860 деп берілген. Шоқанның автографы сақталмаған. Қазақша мәтіннің көшірмесі Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы (НБТГУ, ДД. 7355-7356).

Көшірмені Г.Н. Потанин 1895 жылы Шоқанның әкесінің үйінде қонақта болған кезде түсірген. Көшірмесі қанағаттанарлықтай, Шоқанның ауылына барған кезде Потаниннің жолсерігі Д. Султанғазин бірнеше жерін түзеткен (қараңыз: Записка Г.Н. Потанина «Известия РГО», т. XXXI, СПб., 1895 С. 637-638; О поездке Г.Н. Потанина в Кокчетавский округ. «Этнографическое обозрение», 1895, №3; *Г.Н.Потанин.* В юрте последнего последнего киргизского царевича. «Русское богатство», 1896, № 8, СС. 8; *сонымен* Казак киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. «Живая старина», 1916 II-III, СС. 189-190).

[1] *Гутковский* Карл Казимирович (1815-1867) – қазақ даласын жетік білетін, Ресей шекаралық әкімшілік дамушы бөлігінің өкілі. Алдымен Кадет корпусында, кейін Николаевтың Бас штаб әскери академиясында білім алады. Қазақстанға жолдама алып, 1838 жылдан бастап әртүрлі қызметтер атқарады. 1851-1863 жылдары Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының төрағасы және осы облыстың әскери губернаторының досы болған. Гутковский өзінің әкімшілік жұмысын әр уақытта зерттеушілік және педагогикалық іс-әрекетпен байланыстырған: Сібір кадет корпусында география және геодезиядан сабақ берген. Мұнда ол білімқұмар тәрбиеленуші Шоқанға көңіл аударып, оның ғылымға деген қызығушылығын арттырып, оның жақын досына айналады. 1858 жылы Уәлихановтың Қашғарға экспедициясын ұйымдастыруға белсене қатысады. Өзінің өмірінің соңына дейін Уәлихановқа адал дос болып, оған ғылымда да, қызметте де әрқашан көмек көрсетіп отырған. (Қараңыз: «ЗРГО», кн. 4, СПб., 1864, С. 22; Г.Н. Потанин. Биографические сведения о Чокане Валиханове. В сочинениях Ч.Ч. Валиханова под ред. Н.И. Веселовского. СПб., 1904, XIV, XVII, XXIX; Г.Н.Потанин. В юрте последнего последнего киргизского царевича. «Русское богатство», 1896, № 8, СС. 77-78.

[2] *Гасфорт* Г.Х. (1874 ж. қайтыс болған) – инфентерия генералы, Батыс Сібір генерал-губернаторы және Жеке Сібір корпусының командирі (1851-1860). Қатынас жолдары институтында білім алған,

1812 ж. Отан соғысына, 1850 ж. Балкан соғысына қатысушы. Ол басқарған жылдары Ресейге Іле тауы аймағының қосылуы жүзеге асты және Верный (Алматы) бекінісі күшейтілді. Г.Х. Гасфортқа Уәлихановтың Қашғарияға сапарын ұйымдастыру тапсырылды. (Қараңыз: т. 1, СС. 33-36, 287-293, 400; III т, СС. 42-49; «Колокол». Прибавочный лист, 1867 ж., 1 августа, С. 5, «Русский инвалид», 1847, № 107; «Петербургский некрополь», 1, СПб., 1874, С. 546; «Русский биографический словарь», IV т, СПб., СС. 265-268, «Воспоминания Г.И. Филипсона». «Русский архив», III т, кн. 6, СПб., 1883, СС. 335-337; А.И. Иванов. Встреча с Ф.М. Достоевским. «Туркестанские ведомости», 1893, №12).

[3] *Фридрихс Г.К.* – генерал-лейтенант, Сібір қырғыздары облысының әскери губернаторы (1854-1865).

[4] «Сібір қырғыздары туралы ереже» бойынша Облыстық басқармада кеңесші қызметін атқару үшін Орта жүз қазақтарынан кісі қарастырылды.

[5] *Сабалақ және Ханқожа* – Шоқанның немере ағалары. Ханқожаның музыкалық қабілеті болған, қобызда тамаша ойнаған, қазақтың күйлерін асқан шеберлікпен тартқан. Бүкіл туыстарының ішінен Шоқан Ханқожаны осы қабілеті үшін өте жақсы көрген, ұмытылған көптеген күйлерді жазып алған.

[6] *Көшігұл* – атығай руынан шыққан беделді әрі атақты бай, би, Көкшетау және Петропавл округтерінде көптеген дүкендері болған. Медіресе және мешіттің құрылысына көп ақша берген.

[7] *Мұқамедия және Қозыке* – Шоқанның інілері. Қозыке (Сахиб-Керей) – ақын, музыкант, Ақан серінің досы. Өзінің дарынын көрсете алмай ерте қайтыс болған. (Қараңыз: осы басылымның 1 т., 16 б.)

Ата-анасына екінші хаты

Алғаш рет Ә.Марғұланның аудармасымен «Простор» журналында жарияланған (1960, № 9, С. 143). Г.Н. Потаниннің мұрағатында қазақша мәтіннің көшірмесі сақтаулы (НБТГУ, Д. 7356-7357).

[1] *Мақыжан* (Мақажан, Абдул-мағаджан) Уәлиханов (1845-1918) – Шоқанның ағасы, Петербургте мылқау балаларға арналған мектепте оқып, суретші мамандығын игерген (1855-1864 жж.). Мектепті бітірген соң Сібір қырғыздары облысы әскери губернаторының канцелярияснында, Баянауыл басқармасында тілмаш, Атбасар және Көкшетау басқармасында хат жүргізуші болып жұмыс істеген. Қараңыз: ЦГИАЛ, Ф. 758, Оп. 23, Д. 251, ЛЛ. 37-40; Ф. 1265, Оп. 4, Д. 38, ЛЛ. 1-2. және мұқаба; ЦГА ҚазССР, Ф. 345, Оп. 1, Д. 943, ЛЛ. 1-9.

[2] *Милютин* Д.А. (1816-1912) – әскери және мемлекет қайраткері, генерал-фельдмаршал, граф, әскери министр, Әскери академияның әскери география және статистика кафедрасының профессоры, соғыс тарихы туралы тамаша еңбектердің авторы, саяси көзқарасы бойынша буржуаз-либерал, 1860 жылы Ресейде әскери реформаларды жүргізген.

[3] *Ливен* В.К. – граф, Бас штабтың генерал-квартирмейстері (1857-1860).

[4] *Толстой* А.П. – граф, Қасиетті синодтың прокуроры, ағарту министрі.

[5] *Любимов* Н.И. – сенатор, елші, Сыртқы істер министрінің досы. Шығыс Қазақстан және Тарбағатайға саяхат жасаған.

[6] *Бутков* В.П. – Петербургтегі Сібір комитеті басқару істерінің кеңесшісі. Сібір және Қазақстанға қатысты барлық мәселелерге қатысы бар. *Гулькевич* Н – Петербургтегі Сібір комитеті басқару істерінің хатшысы, Сібірді және Қазақстанды жақсы білген.

[7] *Муса* – Шоқанның шешесі жағынан туысқан ағасы, қазақ этнографиясы туралы бірқатар қызықты еңбектердің авторы.

[8] *Мұқан сұлтан* (Жантөрин) – Торғай қазақтарының сұлтан-басқарушысы, Ахмет Жантөриннің ағасы (төменде түсінік беріледі); Оренбург ведомствосы қазақтарының депутациясын басқарған. («Орал даласы мен Ішкі орданың құрметті қырғыздары». Иллюстрация. 1860 ж., № 115, 116 (қырғыз депутациясының портреттері).

[9] *Плотников Л.Н.* – орыс шенеунігі, Оренбург ведомствосы қазақтарының приставы, кейін Бөкей ордасындағы қазақтардың бастығы болған. Петербургте Ш. Уәлихановпен кездесіп, әңгімелескен.

[10] *Әлмұқаммед Сейдалин* – штабс-ротмистр, білімді офицерлердің бірі, ғалым Т.Сейдалиннің інісі, қазақтың мәдениеті мен шаруашылығы туралы қызықты еңбектердің авторы.

[11] *Ахмет* (Жантөрин) – Мұқан Жантөринге дейін Торғай қазақтарының сұлтан-басқарушысы болған, Ш. Уәлихановтармен туыстық қарым-қатынасы бар.

[12] *Башкен-ханум* – Ахмет Жантөриннің әйелі. Шыңғыс солардың қызын Шоқанға алып бермек болып құда түседі, бірақ Шоқан келіспейді. (Шоқанның А.Н. Майковқа жазған хатын қараңыз).

Ата-анасына үшінші хаты

Алғаш рет Ә. Марғұланның аудармасымен «Простор» журналында жарияланған (1960, № 9, С. 144). Г.Н. Потаниннің мұрағатында қазақша мәтіннің қолжазбасы сақтаулы (НБТГУ, Д. 7358-7359).

[1] Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметінің кандидаттығына Шоқанның Петербургтегі достарының бірі, білімді офицер, Бас штаб департаментінің Азиялық бөлігін басқарған, империяның шығыс бөлігін жақсы білетін Д.И. Романовский ұсынылды. Бірақ Милютин әскери министр болғаннан кейін Романовский Петербургте қалдырылды. Бір жарым жылдан кейін ол «Русский инвалид» әскери газетінің редакторы болады. Тек 1866 жылы Шоқан қайтыс болғаннан кейін Романовский Түркістан облысының әскери губернаторы болып сайланады.

Бауырым Жақып Уәлихановқа

Алғаш рет Ә. Марғұланның аудармасымен «Простор» журналында жарияланған (1960, № 9, 144 б.). НБТГУ-де Г.Н. Потаниннің мұрағатында қазақша мәтіннің қолжазбасы сақтаулы.

Көшірмені 1895 ж. Г.Н. Потанин түсірген, оның студенті Д. Сұлтанғазин бірнеше жерін жөндеген.

[1] Бейсен – жыршы-әңгімеші, Шоқан қазақ даласына саяхатқа шыққанда жанына жиі ертіп жүрген.

[2] Сейфуллин – Сібір кадет корпусының оқытушысы Ташмұхаммед Сейфуллиннің туысы.

К.К. Гутковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 154 п. және теріс беті. Алғаш рет Н.И. Веселовскийдің ред. басш. құрастырылған Ш. Уәлихановтың шығармаларында жарияланған (СПб., 1904, СС. 519-520); сонымен бірге қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 107-108 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 547-548 бб. 1858 ж. 4 маусым деп берілген.

Ф.М. Достоевскийге

Ш.Ш. Уәлихановтың қолтаңбасы ВГБИЛ-дің қолжазба бөлімінде сақтаулы. (Дост. II, 2\6); Сондай-ақ мына еңбектерді қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 108 б.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 549-550 бб.

Хаттың жазылған күні түсініксіз. Мазмұнына қарағанда, хат Шоқанның ауырып Петербургтен Қазақстанға бара жатқан жолында жазылған. Шамасы, хат 1861 жылға дейін жазылған, өйткені мұнда Ш.Уәлихановтың Петербургте тұрған кезіндегі оқиғалар мен адамдар бейнеленген, сондай-ақ өршіп бара жатқан ауруының белгілері айтылған, яғни Шоқан ауырып жүргенін Петербургте сезген. Ол жайында әкесіне хат жазған.

[1] Бұл жерде Петербургте Шоқанның атқосшысы болған Сейфулмәліков Мұхаммед-Садықов жайында айтып отыр, қатардағы жауынгер, Петербургте Шоқанға таныстырылған. 1861 ж. басында Сейфулмәліков «екінші дәрежедегі өкпе туберкулезіне байланысты екі жылға демалысқа босатылып, Қазан қаласының жергілікті командасының командиріне жіберілген». Шоқан Қазан арқылы өтіп бара жатып, Сейфулмәліковпен тағы кездеседі, яғни бұл жолы қандай мақсатта жолыққаны белгісіз. ЦГА КазССР-да сақтаулы, 31 қор, 1 тізбе, 17, 46 п.; Сыртқы істер министрінің мұрағатында сақтаулы, IV-2, 8 іс, 25-26 п. және теріс беті; 34 және теріс беті.

[2] *Мария* Дмитриевна – Ф.М. Достоевскийдің бірінші әйелі.

[3] *Михаил* Михайлович – Ф.М. Достоевскийдің ағасы.

[4] *Майков* Аполлон Николаевич (1821-1897) – белгілі орыс ақыны, Ф.М. Достоевскийдің үйірмесіне қатысушы. Шоқан онымен осы үйірмеде танысады, кейін ол Майковтың үйінде қонақта жиі болады.

[5] *Полонский* Я.П. (1812-1898) – орыс ақыны. Өз өлеңдерінде езілуші халықтың түрмысын суреттеген. Ф.М. Достоевскийдің үйірмесінде Ш. Уәлихановпен танысады.

[Шоқанның белгісіз біреуге жазған хатынан үзінді]

Қолжазбаның алғашқы нұсқасы АН СССР-ның мұрағатында сақтаулы. Хатта күні қойылмаған. Мұсабаймен хат алысуларына қарағанда 1859 жылдар болуы керек.

[1] Полковник Сильвергельмнің әйелін айтып отырса керек.

[2] Сильвергельм – барон, генерал-майор, Дербес Сібір корпусы

штабының квартирмейстері, «Батыс Сібірдегі қырғыз даласы» атты еңбектің авторы. (Қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 128-129 бб.; Ш.Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 551-552 бб.) 1859 жыл деп берілген.

К.К. Гутковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 162 п. Алғаш рет Н.И. Веселовскийдің ред, басш. Ш. Уәлиханов шығармаларында жарияланған (СПб., 1904, 529-530 бб.); сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Х.Г. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 128-129 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 551-552 бб.).

Хаттың күні қойылмаған, басы жоқ. Мазмұнына қарағанда, хат Пішпектегі және Тоқмақтағы Қоқан бекінісін алғаннан кейін, яғни 1860 жылғы қазан айының басында жазылған. Мұны осы уақытта Жетісудан Петербургке оралған Перемышльскийді атап кетуінен байқауға болады. «Ш.Ш. Уәлихановтың таңдамалы шығармалары» (Алма-Ата, 1958, С. 552) атты еңбекте қате басылып кеткен – 1861-дің орнына 1860 деп жазылу керек.

[1] Сұраншы – шапырашты руының биі, Жетісудың Ресейге қосылуында маңызды үлес қосқан, орыстарға қосылуды жақтаушылардың бірі.

[2] Сыпатай – Сұраншының серігі, дулат руынан шыққан Үлкен орданың биі. Екеуі де Жамбылдың поэмасында батыр ретінде сипатталған.

[3] Әлішер датқа – Пішпектегі Қоқан бекінісінің коменданты, 1860 жылы полковник Циммерманның отряды бекіністі алу барысында тұтқынға түскен және Семейге жер аударылған. Онда 1860 жылдың 19 қазанында барған.

[4] Перемышльский М.Д. – 1857-1860 жылдары Үлкен Орда қазақтарының приставы. 1860 жылы Жетісу аймағын тастап, Петербургке оралады. Алатау округінің және Үлкен Орда қазақтарының басшысы болып Г.А.Колпаковский сайланады.

[5] Катерина Яковлевна Капустина – Гутковскийдің әйелі.

Шоқанның Аркадий Константинович деген біреуге жазған хатынан үзінді

Қолжазбаның алғашқы нұсқасы АН СССР-ның мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 1 тізбе, 15/г іс, 7 п. және теріс беті. Датасы қойылмаған; мазмұнына қарағанда 1862 жылы, яғни Шоқан өз аулында демалып жүргенде жазылған.

А.Н. Бекетовке

Ш.Уәлихановтың қолтаңбасы КСРО ҒА Орыс әдебиеті институтының мұрағатында сақтаулы. 462 қор, 134 іс. М.А. Бекетованың архиві. Датасы 1862 ж. 1 қаңтар деп берілген.

Қолжазба пошта көлеміндегі қағазға ауырып жатқан Шоқанның қолымен жазылған. Алғаш рет М.И. Фетисовтың түсінік беруімен жа-

рияланған. («Письмо Чокана Валиханова к Андрею Николаевичу Бекетову». Альманах «Казахстан». 1950, №21, СС. 89-93; М.И. Фетисов. Литературные связи России и Казахстана. М., 1956, СС. 337-339; Ш.Ш. Валиханов. Избранные сочинения. Алма-Ата, 1958, СС. 553-555.

[1] *... Қашғар туралы жазбаларымды, расында да, ... Қоғамға сатқым келеді.* – География қоғамының архивінде Шоқанның Қашғар туралы қолжазбаларын алғанын куәландыратын ешқандай құжаттар жоқ.

[2] *Қоғамның маған далаға барометр, психрометр және бірнеше термометр салып жіберуі үшін әрекет жасаңызшы!...* – бұл сөздер Шоқанның метеорологиялық зерттеумен айналысқысы келгенін көрсетеді (бұл әрекеті орындалмаған секілді).

[3] *Менің қырдағы жұмыстарым сәтті жүруде. Көптеген ертегілер, эпикалық әңгімелер, өлеңдер жинадым...* – Шоқан әкесінің аулында емделіп жүргенде, сол кездегі тамаша әншілермен: Шөже, Орынбай, Тоғжан, Арыстанбай, т.б. кездеседі. Олардан көптеген халық ауыз әдебиетінің қызықты үлгілерін жазып алуы мүмкін.

Шыңғыс хан дайындаған қырғыз заңдарын зерттеумен айналысудамын деп, бөлкім, қазақтардың құқығы тарихына қатысты материалдарды айтқан болуы керек.

[4] *Қоғам үшін «Орта Азияның географиялық карталары туралы» деген мақаламды бастадым, бірақ кейбір анықтамалық кітаптар қолымда болмағандықтан, аяқсыз қалып отыр.* – Бұл жұмыс бізге жетпеді, мүмкін әкесінің аулында басқа қағаздармен бірге жоғалып қалған болар. Егер Шоқан оны Географиялық қоғамға жөнелткен болса, онда ол архивте сақталар еді.

[5] *Усов Ф.Н.* (1839-1888) – Сібір казак әскерінің офицері, орыс география қоғамының мүшесі, Шоқан мен Г.Н. Потаниннің танысы әрі пікірлес досы. «Сібір патриоттарына» деген үндеуді таратқаны үшін Г.Н. Потанин және Н.М. Ядринцевтермен бірге сотталған. Шыққаннан кейін Батыс Сібір мен Қазақстан тарихы және Сібір қазақтары әскерінің тарихымен айналысқан. Орыс география қоғамындағы Батыс Сібір бөлімінің белсенді мүшесі.

[6] *Лерх П.И.* (1828-1884) – ғалым-ориенталист, археолог, Ғылым академиясындағы Азиялық мұражайдың сақтаушысы болған, Н.П.Игнатьев бастаған өкілдікпен бірге Хиуа және Бұқараға барған. Орта Азия және Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеушілердің бірі. Уәлиханов пен Лерхтың достық және қызмет бабындағы байланыстары Шоқанның Петербургте болған кезінде басталған. П.И.Лерх XIX ғасырдың ортасында Орта Азия және Қазақстан тарихы бойынша ең білікті ғалымдардың бірі болған. Сол себепті Қазақстан туралы маңызды материалдар мен Шоқанның мақалалары Лерхтің мұрағатында сақталуы кездейсоқ жағдай емес.

[7] *Менделеев* Дмитрий Иванович (1834-1907) – элементтердің периодтық жүйесін жасаған ұлы орыс ғалымы, химик.

Ф.М. Достоевскийге

Ш. Уәлихановтың қолтаңбасы ВГБИЛ-дің қолжазба бөлімінде сақтаулы. Қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 109-110 бб.; Ш.Ш. Уәлиха-

нов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 556-558 бб. 1862 ж. 14 қаңтар деп берілген.

[1] *«Время»* – 1861-1863 жж. Петербургте Ф.М.Достоевский, М.М. Достоевскийдің, яғни славяндарды жақтаушыларға жақын «тамырлас» деп аталатын топтың қатысуымен шығарылған әдеби-саяси журнал. Журналда публицистикалық және ғылыми мақалалар, әдеби сындар, көркем шығармалар жарияланған.

[2] *Страхов* Н.Н. (1828-1896) – орыс сыншысы, публицист, философ, Ф.М. Достоевскийдің әдеби үйірмесіне қатысушы, «Время» журналының қызметкері. Ф.М. Достоевскийдің үйірмесінде Шоқан Страховпен жақын араласады.

[3] *Курочкин* Николай Степанович – Шоқанның Петербургтегі ең жақын досының бірі. Ақын, журналист, публицист, Н.Г. Чернышевскийдің пікірлес досы әрі сенімді ізбасары, ақын В.С. Курочкиннің інісі. 1960 ж. «Искра», «Иллюстрация», «Книжный вестник» журналдарының редакторы, «Отечественные записки», «Слово», «Устои» журналдарымен қызметтік байланыста болған. «Очерки», «Биржевые ведомости» газеттерінде Қазақстан туралы жазған мақалалары жарияланған. 1861 ж. «Земля и Воля» партиясының мүшесі, Патша күзетінің жасырын бақылауында болған. II Александрдың өміріне қастандық жасалуына байланысты біраз уақыт Петропавл бекінісінде отырған.

[4] *Крестовский* Всеволод Владимирович (1840-1895) – жазушы, «Петербургские трущобы» романының авторы, Ф.М. Достоевскийдің әдеби үйірмесіне қатысып, осы жерде Шоқанмен танысады. Оның сатиралық уытты сюжеттерін өзінің испан романдарында пайдаланған.

Ф.М. Достоевскийге

Ш.Ш. Уәлихановтың қолтаңбасы ВГБИЛ-дің қолжазба бөлімінде сақтаулы. Алғаш рет мына еңбектерде жарияланған: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 110-113 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 562-565 бб. 1862 ж. 15 қазан деп берілген.

[1] Менің бақасым ... бірақ ол хат танымайтын, бұрын бірнеше рет сотты болған адам. – Бұл жерде Ерден Сандыбаевты айтып отыр. (3 түсіндірмені қараңыз: Ш.Уәлихановтың Гутковскийге жазған хаты.)

[2] Губернатор – ол кезде губернатор Г.К.фон Фридрихс болған.

[3] Хатшы – әскери губернатор Фридрихстің хатшысы Густав Курн болған – бавар немісі, ол туралы 1 түсіндірмені қараңыз.

[4] Генералдардың қарапайым қазақтарды артық көретіні маған тағы мәлім... – яғни, білімсіз әрі қараңғы деген мағынада.

А.Н. Майковқа

Қолтаңба КСРО ҒА-ның Орыс әдебиеті институтының мұрағатында сақтаулы. 16743 қор, С/VII б-д. Мақала жарияланған еңбектер: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 116-119 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х.Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 553-555 бб.

«Современник» журналын 8 ай бойы басуға тыйым салған деп сілтеме (1862 ж. шілдесінен 1863 ж. ақпанына дейін) жасауынан хатты 1862 ж. 6 желтоқсанда жазғандығын көрсетеді.

[1] *Қарадан шыққан байлар* – тегі жағынан ақсүйектік хан тұқымына жатпайтын, яғни малы көп байлар мен өсімқорларды айтып отыр. Оларға сұлтан руынан басқа ірі байлар, билер, бектер, тархандар – яғни барлық феодалдық топтар жатқызылады.

[2] *Өздерінің бұрынғы құлдарын жаман ұстайды...* – Сұлтандар мен байлар XIX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін бұрынғы тұтқындарының еңбегін пайдаланды. (Қараңыз: «Сведения и переписка пленных, находившихся на работе у султанов» (1857-1862 гг.). ЦГА КазССР, Ф. 374, Оп. 1, Д. 4524 а/б. Шоқанның мұрағатында әкесінің бұрынғы құлдары жазған хаттары сақталған.

[3] Оның есесіне, мен қазақ даласындағы пролетариатпен қатты доспын және олармен оп-оңай үйлесе кетем... – Қазақ даласындағы пролетариат деп – Шоқан ең алдымен қазақ кедейлерін: малшылар, табыншылар, жатақтарды айтып отыр.

[4] Мен солардың табан тірер негізін жөнді ұғына алмай жүрмін. – Шоқан Н.Г. Чернышевский басқарған «Современник» журналына қарсы аяусыз күрес жүргізген Ф.М. Достоевскийдің «Время» (1861-1863 жж.) және «Эпоха» (1864 ж.) журналдарының идеялық бағытына сын көзімен қараған. Ф.Достоевскийдің төңкерісшіл идеологиядан кетуіне Шоқан қатты ренжіген.

[5] *Бокль* Генри Томас (1822-1862) – ағылшын тарихшысы және социал-позитивисі. Оның басты еңбегі – «Англия өркениетінің тарихы».

[6] *8 айға ...* – «Современник» журналының шығуына тыйым салынған мерзімді айтып отыр (1862 жылғы маусымнан 1863 жылғы ақпанға дейін).

[7] *Мен «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің ортаазиялық және қырғыз даласындағы істері жөніндегі тілшісі болсам деп едім.* – Уәлихановтың бұл тілегінің орындалғанын растайтын мәліметтер біздің қолымызда жоқ. Дегенмен «Санкт-Петербургские ведомостидің» 1862-1863 жылғы газет беттерінен авторы көрсетілмеген Қазақстан мен Орта Азиядағы сауда-саттық туралы бірнеше мақаланың (мысалы, «Орыстардың қырғыздармен жүргізген саудасы») жарық көріп тұрғанын атап кеткен жөн.

К.К. Гутковскийге

Түпнұсқа ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 155-157 п. Мақала жарияланған еңбектер: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 122-123 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 559-561 бб.

Хатта жазылған күні көрсетілмеген, басы жоқ. Бірақ мазмұнына қарағанда Батыс-Сібір әкімшілігінің Шоқанға көңілі толмауы кезінде, яғни 1862 жылдары жазылған болуы керек.

[1] *Кури* Густав Карлович (Василий Егорович) – коллеж ассесоры, Сібір қырғыздарының әскери губернаторы канцелариясының басшысы.

[2] *Нестеров* – Сібір қырғыздарының облыстық басқару хатшысы.

[3] Ерденнің қылықтары туралы мен сізге жазған едім – Ерден Сандыбаев – феодал, Ұлытау даласында мекендейтін бағаналылардың көптеген айтулы руларын басқарған. Атбасар округіне аға сұлтандыққа сайлауға түскенде, Шоқанның бақасы болған. Содан Батыс-сібір әкімшілігінің шенеуніктеріне пара беріп, округтің аға сұлтаны болады. Шоқан Ерденнің ұнамсыз қылықтарын тек Гутковскийге ғана емес, петербургтік достарына, сонымен бірге петербург газетіне де жазған. (Қараңыз: «Русский инвалид». 1863, №67. Указатель)

[4] *Малтабаров* – Көкшетау саудагері, Е.Сандыбаевтың жақтасы.

[5] *Ғафар* (Ғабдулғафар) Мандаев – жүзбасы, Сібір казак әскери училищесінде білім алған, оны 1835 ж. бітірген соң Көкшетау аймақтық приказын басқарушы сұлтанның хатшысы ретінде тағайындалған, кейін сол аймақтағы қазақтардың мәжіліскері болады.

К.К. Гутковскиийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 155 п. Алғаш рет Н.И. Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 520-521 бб.; сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 120-121 бб.; Ш.Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 570-571 бб. 1863 ж. 1 қаңтар деп берілген.

[1] Петербургтен көптеген хаттар алып тұрамын – Петербургтен Шоқанға Ф.М. Достоевский, Н.С. Курочкин, Д.И. Романовский, А.Н. Бекетов, Х. Фаизханов және басқалар хат жазған. Бірақ Ф.М. Достоевский мен Х. Фаизханов жолдаған хаттардан басқа ешқайсысы сақталмаған.

[2] Романовский Дмитрий Ильич (1828-1881) – генерал-лейтенант, Бас штаб департаментінің Азия бөлімінің бастығы, «Русский инвалид» газетінің редакторы (1862-1865), Орыс георафиялық қоғамының әрі Дала комиссиясының мүшесі. Ташкентті басып алғаннан кейін Түркістан облысының әскери губернаторы болған. Жазушы, Ш.Уәлихановтың досы.

[3] Жоғары жақтың кейбір мықтылары... – Бұл жерде Шоқанды жете танитын – әскери министр Д.А. Милютин, Бас штабтың бастығы В.К. Ливен, Азиялық департамент директоры Н.П. Игнатьевтар туралы айтылып отыр.

[4] Игнатьев Н.П. (1832-1908) – 60-70 жж. қоғам қайраткері, дипломат, Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің директоры (1861-1865). Ш.Уәлихановпен қызметтік және достық байланысы Петербургте басталған.

[5] ...оған азғана уақыт қалды. – Генерал Дюгамельдің таяуда ауыстырылатынын меңзеу.

[6] «Русский инвалид» – газет, 1813 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шыққан Әскери министрліктің ресми органы.

[7] Семочкаға басымды иіп, ... – Шоқанның жақын досы, яғни Семен Яковлевич Капустинге.

К.К. Гутковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 156 п. Алғаш рет Н.И.Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 521-523 бб.; Сонда-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 121-122 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 572-573 бб. 1863 ж. 16 қаңтар деп берілген.

[1] Колпаковский Герасим Алексеевич (1819-1896) – генерал-майор, өмірінің көп бөлігі қызмет бабымен Батыс Сібір мен Орта Азияда өткен. Алдымен, Березов аймағы басқарушысы болып, кейін Алатау округі мен Үлкен Орда қазақтарының бастығы, Семей және Жетісу облыстарының әскери губернаторы, Дала аймағының генерал-губернаторы болған. Колпаковский қазақ даласының өркендеуі үшін күрескен, Ш.Уәлихановтың идеяларын қолдап, онымен достық қарым-қатыныста болған. Шоқанды мәңгі есте сақтауға зор үлес қосқан.

[2] Мұны сынап көрейін деп ойлап, Қашғарға басқа бір сенімдірек адамды жіберіпті. – 1862 ж. Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы, шынында да, «Қашғарға апаратын жолдарды барлау үшін» полковник Проценконың басшылығымен жаңа экспедиция ұйымдастырған. Оның мақсаты Ш.Уәлиханов сапарының жүру бағыттарын тексеру болса керек. Экспедиция Нарынға дейін барып, үш айдан соң Омбыға қайта оралған.

[3] Ибрагимов Ишмұрат Мирасович (1891 ж. қайтыс болған) – Шоқанның досы әрі жерлесі, Омбы кадет корпусының тәрбиеленушісі, Көкшетау аймақтық приказында сұлтанның іс жүргізушісі және хатшысы, кейін сібір қырғыздарының облыстық басқармасында тілмаш қызметін атқарады. Ташкент алынған соң (1865) Түркістан облысындағы қызметке ауысады, онда генерал-губернатор К.П. Кауфманның жеке адъюданты болады. Жездіде ресей елшісі қызметін атқарып жүріп қайтыс болады. Ибрагимов – сол кездегі дарынды қайраткерлердің бірі, қазақ пен түрікмен этнографиясы мен тарихы туралы көптеген еңбектердің авторы.

К.К. Гутковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР –де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 161 п. Хатта күні қойылмаған, бірақ хатта Гутковскийдің орнынан алынған кезі сипатталуына қарағанда, 1863 ж. жазылған болуы керек. Мақала алғаш рет Н.И.Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 527-528 бб.; Сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 126-127 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 574-575 бб.

[1] Ивашкевич Виктор Карлович – коллеж асессоры, сарай кеңесшісі, «Қара бауырластар» құпия қоғамын ұйымдастыру үшін қазақ даласына жіберілген. Алдымен Орынбор облыстық кеңсесінде (1834-1845), кейін Сібір қазақтарының Шекаралық басқармасында асессор қызметін атқарған.

[2] Безверхов Иван Захарович (1822 ж. туған) – титулярлы кеңесші, Көкшетау округтік приказында тілмаш, кейін Сібір қырғыздарының шекаралық бастығы кеңсесінде, Құлжадағы Ресей елшілігінде аудармашы-хатшы (1852-1854), Сібір қырғыздарының облыстық басқармасында аудармашы (1854-1857), Көкшетау округтік приказының мәжіліскері (1857-1861), Атбасар округтік приказының міндетті мүшесі (1861-1866) қызметтерін атқарған. Қайтыс болған уақыты белгісіз.

3 Горчаков Александр Михайлович (1798-1883) – князь, орыс дипломаты, кейін канцлер және Сыртқы істер министрі болған. Ш. Уәлихановты ғалым-саяхатшы ретінде жақсы білген, Шоқанға өз еңбектерін «Географиялық қоғамның жазбаларында» басуға кеңес берген.

[4] П.П.Семенов-Тянь-Шанский туралы айтылып отыр.

[5] Елена Павловна – ұлы княгиня, II Александрдың қарындасы, ғылым мен өнерге қамқоршы ретінде белгілі.

К.К. Гутковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 160 п. Алғаш рет Н.И. Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 521-523 бб.; сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х. Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 576-577 бб. 1863 ж. 20 мамыр деп берілген.

[1] Слуцкий – Әскери министрліктің қызметкері.

[2] Егор Петрович – Е.П. Ковалевский, белгілі шығыстанушы, мұқтаж ғалымдар мен әдебиетшілерге көмек беру жөніндегі Қоғамның төрағасы.

[3] Остен-Сакен Ф.Р. – ботаник, географ, дипломат, Орыс географиялық қоғамының хатшысы, Азиялық департаменттің қызметкері. Шоқанмен жақсы таныс болған.

[4] Татаринов А.А. – медицина докторы, дипломат, Азиялық департаменттің қызметкері, Шығышақтағы бірінші орыс консулы. Пекинде ұзақ жылдар бойы дәрігер қызметін атқарған.

[5] Исаков Я.А. – кітап саудасымен айналысушы, Орыс географиялық қоғамының кітаптарды тарату жөніндегі комиссионері

К.К. Гутковскийге

Хатта күні көрсетілмеген, бірақ «Сот реформасы туралы жазбаға» (1864 жылдың 4 наурызда жазылған) сілтеме жасауынан оның дәл уақытын анықтай аламыз – 1864 ж., 4 наурыз. Түпнұсқа ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 162 п.

[1] Тыртов А.П. – капитан, Сібір кадет корпусының артиллерия және тактика бойынша оқытушысы.

[2] Мадам Шаховскаяға еліктеп... – В.Я.Шаховскийдің әйелі, княгиня Шаховская. Омбылық қоғамда Шаховскаялар өздерінің ақсүйектігімен белгілі, өз тектерін шектен тыс мақтан тұтады. Ш.Уәлиханов олар туралы өзінің уытты тілімен бірнеше қалжың әңгімелер шығарған.

[3] Лещев Н.Н. – шенеунік, Батыс Сібір Бас басқармасында қызмет атқарған.

[4] Майдель П.Ф. (1805 жылы туған) – полковник, барон, К.К.Гутковскийден кейін Сібір қырғыздары облыстық басқармасының төрағасы қызметін атқарған.

[5] Яценко И.Е. (1801 жылы туған) – сарай кеңесшісі, алдымен іс жүргізуші қызметін, кейін коллеж хатшысы, шекаралық басқарма канцеляриясының хатшысы қызметтерін атқарған. Өз қызметін Сібір қырғыздары Облыстық басқармасының кеңесшісі болып аяқтаған.

[6] Облыстық басқарма бұрынғы билер сотын өзгерту мақсатында жоба жасады. – Жобаны облыстық прокурор Кондратевич дайындап жасаған. Онда ол қазақтардың алғашқы түрмыстық өмірі, оларда азаматтықтың жоқтығын, тонаушылықты, барымта мен кісі өлтірушілікті айта келіп, осылардың бәрі полицейлік шаралар мен қатал заңның жоқтығынан туындайды. Билер соты заңның қаталдығын жүзеге асыра алмайтындықтан, қазақтарды империяның жалпы заңына бағындыру керек деген ойды айтады. Шоқан Кондратевичтің жобасын қабылдамайды.

[7] Мен билер сотын еш өзгеріссіз қалдыру керектігі туралы жазба жібердім. – Бұл жерде «Сот реформасы туралы жазбаны» айтып отыр.

[8] Белағаш – Баянауылдың оң жағында орналасқан мекен, Қаркаралы округінің шекарасында.

К.К. Гутковскийге

Ең алғаш Н.И. Веселовскийдің ред. басшылығымен дайындалған Ш. Уәлихановтың шығармаларында жарияланған (СПб., 1904). Осы басылымда ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерінің тектері көрсетілмей, тек инициалдары ғана берілген. Осы басылымда олардың аты-жөндері қолжазба негізінде толықтырылды. Түпнұсқада хат қазақша сөйлеммен аяқталады, көшірмеде бұл жоқ.

Хатта күні көрсетілмеген, бірақ «Әулиеатаға барамын» деген сөзі, яғни полковник Черняевтың экспедициясымен бірге Әулиеата сапарына шығуы оның 1864 жылдың 24 наурызында жазылғанын дәлелдейді. Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 159 п.

[1] Черняев Михаил Григорьевич (1828-1890) – Ташкентті алу барысында орыс әскерін басқарған, генерал-лейтенант. 1882-1884 жж. Түркістан аймағының генерал-губернаторы.

[2] Крупеников – Батыс Сібір Бас басқармасының шенеунігі.

[3] Воинов – Көкшетау округтік приказының мәжіліскері, сібір қырғыздарының Облыстық басқармасының шенеунігі.

[4] Врангель К.Л. – Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О. Дюгамельдің адъюданты.

[5] Струве О.В. (1819-1905) – орыс астрономы, Пулков обсерваториясында жұмыс істеген. 1863-1864 жж. Шығыс Қазақстан экспедициясын басқарған, Г.Н. Потанинмен бірге Зайсан көлінде және Тарбағатай, Сауыр, Батыс Алтай тауларында зерттеу жұмыстарын жүргізген.

[6] Ханымыз кім болатыны әлі белгісіз; біреулері Колпаковский

десе, енді біреулері Майдель дейді. – Болжамдары расталмады. А.П. Хрущев тағайындалды, ал Г.А. Колпаковский дала генерал-губернаторы болды.

[7] Крохалев (Крахалев) А.И. – сібір қырғыздарының Облыстық басқармасының шенеунігі, кейін ОГҚ Батыс-Сібір бөлімінің қызметкері, қазақ елінің тарихы, этнографиясы мен құқығын оқып-білумен айналысқан.

Г.А. Колпаковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦИГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 145-147 п. Алғаш рет Н.И.Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 505-508 бб.; Сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 130-133 бб.; Ш.Ш.Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х.Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 582-585 бб. 1864 ж. 20 қараша деп берілген.

[1] Тезек (Нұралин) – Ұлы жүз албан руының аға сұлтаны, Ш.Уәлихановтың әйелінің ағасы. Суырыпсалма ақын ретінде танымал.

[2] Баяндай – Құлжадан он шақырым жерде орналасқан кішігірім қала.

[3] Молдыбай (Малбай) – қырғыздың бұғы руының манабы. Мұрат (Мурад) – Әли Берназаров – қырғыздың бұғы руының манабы.

[4] Проценко Александр Петрович – Бас штаб полковнигі, 1862 ж. Ш. Уәлиханов суреттеген Қашғар сапары бағытының дәлдігін тексеру үшін Батыс-сібір әкімшілігі ұйымдастырған қашғарлық барлау отрядын басқарған. Проценко ұзақ уақыт бойы Семей облысының әскекри губернаторы қызметін атқарған (1869-1883), кейін Бас штабтың Азиялық бөлімін басқарды. Биік таудағы Сонкөл көлінің зерттеу жұмыстарымен белгілі.

[5] Әділ (Нұралиев) – Ұлы жүз қазақтарының аға сұлтаны.

Г.А. Колпаковскийге

ЦГА КазССР-де сақталынған қолтаңба бойынша жарияланып отыр. 825 қор, 1 тізбе, 4 іс. Алғаш рет Ә.Марғұлан мен Н.П.Ивлевтің «Ш. Уәлихановтың белгісіз хаттары» атты еңбегінде жарияланған. ҚазКСР ҒА хабаршысы, қоғамдық сер. 1970, №3, 61-64 бб. (1864) 1 желтоқсан деп берілген.

[1] Исмайыл – Алтынемел болысының төрағасы.

[2] Баяндай – Г.А. Колпаковскийге арналған жоғарыдағы хаттың 2 түсіндірмесін қараңыз.

[3] Чахарлар – осы баспаның 2 том, 375 бет, 14 түсіндірмені қараңыз.

[4] Құстыртатын тас – сүрмеден жасалған құстыратын дәрі, оның аз мөлшерін қақырық түсіру үшін қолданылады.

[149] Мушка – сүліктің бауырымен жорғалаушы түрі.

Г.А. Колпаковскийге

Шоқанның қолтаңбасы ЦГИАЛ-да (967 қор, 1 тізбе, 20 іс, 1-2

п.) және ЦГА КазССР-де сақтаулы (825 қор, 1 тізбе, 4 іс, 1-1). 1864 ж. 2 желтоқсан деп берілген.

[1] Әли манап – Мурад Әли Бекназаровты айтып отырса керек.

Г.А. Колпаковскийге

Қолжазбаның көшірмесі ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы. 118 қор, 1 тізбе, 658 іс, 1-3 п. Алғаш рет Н.И.Веселовскийдің ред. басш. Ш. Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. СПб., 1904, 508-514 бб.; Сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар және хат алысулар. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 133-137 бб.; Ш.Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. А.Х.Марғұланның ред. бас. Алма-Ата, 1958, 586-591 бб.

[1] *Қызылбөріктер* – Үйсін ішіндегі албан руының үрпақтары.

[2] *Джуан-Тань* – Боғдыханға қарсы үйғырлар мен дүнгендермен бірге шыққан қытай көтерілісшілерінің басшысы.

[3] *Па-ту-за* – XIX ғасырдың 60-жылдары Батыс Қытайдағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, дүнгеннің ұлттық батыры Биянху болуы керек.

4 *Садыр* (Садыр Палуан) – ұйғырлардың халық поэзиясында жырланатын Шығыс Түркістандағы үйғыр халқының ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі.

[5] *Сұлтангазы Уәлиханов* – поручик, Сібір жеке корпусы штабының офицері, Шоқанның туысы. *Қамбар Аланов* – Ұлы жүзге кіретін жалайыр руының аға сұлтаны; *Тынғы* – кім екені анықталмады.

[6] *Сарымбек* (Сарынбек, Сарпек) – қырғыздардың бұғы руының бас манабы Боранбайдың немере інісі; орыс өкіметі оны аға-манап етіп тағайындаған, қазақтардағы аға сұлтан

[7] *М.У.* (қолы) – Мұқаммед-Ханафия Уәлиханов, яғни Шоқан Уәлиханов

Г.А. Колпаковскийге

Қолжазба нұсқасы ЦГАЛИ СССР сақталған, 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 143-144 п. Ең алғаш рет Н.И.Веселовскийдің ред. жарық көрген Ш.Уәлихановтың шығармаларында басылды. СПб., 1904, 513-514 бб.; сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш.Уәлиханов. Мақалалар мен хаттар. Х.А. Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 137-138 бб.; Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. Ә.Марғұланның ред. басш. Алма-Ата, 1958, 592-593 бб. Хатты 1864 жыл деп сенімді түрде мерзімдеуге болады, себебі хатта сипатталған оқиғалар Іле өлкесінде 1864 жылдың аяғында болған.

[1] *Қоңырбөрік* – қазақтың үлкен руы үйсіннің құрамына кіретін албан руының бір буыны.

[2] *Кезеңқара* – Батыс Қытайдағы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде бейтарап позиция ұстанған қазақ биі.

Г.А. Колпаковскийге

Қолжазба нұсқасы ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы, 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 149-151 пп. Ең алғаш рет Н.И.Веселовскийдің редакциясымен

жарық көрген Ш.Уәлихановтың шығармаларында басылды. СПб., 1904, 514-517 бб.; сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар мен хаттар. Х.А.Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 138-141 бб.; Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. Ә. Марғұланның ред. басш. Алма-Ата, 1958, 594-597 бб. 1865 жыл 14 қаңтар деп берілген. Хаттың көшірмесі бүлінген.

[1] Жүзен-Саурық – Қлы жүз ішіндегі саяси тартыс кезінде бейтарап ұстанымда болған Ұлы жүз қазақтарының беделді биі.

[2] Шажы, жарты, қоңырбөріктер – жалайыр, шапырашты мен қоңырбөрік қазақ тайпаларының және олардың бөлімдерінің бұрмаланған атаулары.

Г.А. Колпаковскийге

Қолжазба нұсқасы ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы, 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 141-142 п. Ең алғаш рет Н.И.Веселовскийдің редакциясымен жарық көрген Ш.Уәлихановтың шығармаларында басылды. СПб., 1904, 518 бб.; сондай-ақ қараңыз: Ш.Ш. Уәлиханов. Мақалалар мен хаттар. Х.А.Айдарованың ред. басш. Алма-Ата, 1947, 142-144 бб.; Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы шығармалар. Ә.Марғұланның ред. басш. Алма-Ата, 1958, 598-599 бб. 1865 жыл 30 қаңтар деп берілген.

[1] Сандыбек – Қашғар мен Ташмалықтың төңірегін мекендеген торайғыр-қыпшақ руының басшысы, манап.

[2] Ташмалық – Қашғар округіндегі қала, бұрынғы қашғар қырғыздарының орталығы.

[3] ...Жаңа лауазымыңызбен шын жүректен құттықтап, жаңа қызметте...– 1865 жылдың басында Г.А. Колпаковский Семей облысының әскери губернаторы болып тағайындалды.

Г.А. Колпаковскийге

Шоқанның қолтаңбасы бойынша жарияланып отыр. Ол ЦГА КазССР-де сақтаулы. 825 қор, 1 тізбе, 4 іс, 6-7 п. Алғаш рет Ә.Марғұлан «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған. 26.7.1969. Сондай-ақ қараңыз: «ҚазКСР ҒА-ның хабаршысы», қоғамдық серия, 1970, № 6. 1865 жыл 19 ақпан деп берілген.

[1] Добун – Іле өзеніндегі елді мекен.

[2] ...көтерілістің себептері... – 60-жылдары басталған Батыс Қытайдағы Маньчжур империясына қарсы дүнгендердің көтерілісін айтып отыр.

[3] Буруттар – Қытайдағы қырғыздарды солай атаған.

[4] Хун (парс.) – бұл жерде: қан – қанды кек деген мағынада.

[5] Романовский Дмитрий Ильич – осы басылымның 5 т., 472 бет, 3 түсіндірмені қараңыз.

[6] ...менде жазба бар... – Шоқанның соңғы еңбегі «Сот реформасы туралы ереже» туралы айтылып отыр.

[7] Сіздің ... ұсынысыңызды мен қуана қабылдаймын. – 1865 жылдың желтоқсанында Колпаковский Семей облысының әскери губернатор болып тағайындалады. Ол Ш.Уәлихановты қызметке шақырған.

ШОҚАНҒА ЖАЗЫЛҒАН ХАТТАР

Сібір кадет корпусының тәрбиеленушісі Шоқанға ата-анасының жазғаны хаты

Н.Ф. Костылецкийдің аудармасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, 7359 іс. Шамамен 1849 жылдар деп алынған.

Ф.М. Достоевскийдің хаты

Ф.М. Достоевскийдің қолтаңбасы Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханада сақтаулы; бірінші рет жарияланып отыр: Ф.М. Достоевский. Хаттар, 1 т. М.-Л., 1928, 200-202. 1856 ж. 14 желтоқсан деп берілген.

Хатты 1908 жылы Сырымбет даласында тұратын Шоқанның ағасы Махмұд Уәлихановтан Н. Павлова алған. Н. Павлова түпнұсқаны Мемлекеттік көпшілік кітапханаға өткізгенде былай деп жазған: Хат Махмұд Уәлихановтың ағасы Шоқан Уәлихановқа арналған. Ол Достоевскиймен Омбыда жүргенде танысқан. Өмірден жас кеткен, Ш.Уәлиханов қайтыс болғанға дейін Ф.М. Достоевский оған деген достық ілтипатын көрсеткен, оның «қырғыз елінің тарихын» жазу ниетін қолдап өткен. Н. Павлованың кім екендігі анықталған жоқ. Ол Семейдегі қазақ интернатының директоры болуы мүмкін.

Дербес Сібір корпусының командирі Г.Х. Гасфорттың поручик сұлтан Уәлихановқа хаты

Г.Х. Гасфорттың қолтаңбасы АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 19 іс, 1 тізбе. 1858 жыл 9 қаңтар деп берілген.

К.К. Гутковскийдің хаты

К.К. Гутковскийдің қолтаңбасы АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 19 іс, 1 тізбе. 1858 жыл 18 ақпан деп берілген.

Г.Х. Гасфорттың хаты

Г.Х. Гасфорттың қолтаңбасы АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 19 іс, 1 тізбе. 1858 жыл 12 наурыз деп берілген.

Уәлиханов сұлтан поручик мырзаға

Г.Х. Гасфорттың қолтаңбасы АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 19 іс, 1 тізбе. 1858 жыл 27 сәуір деп берілген.

Мұсабайдың хаттары

Семей саудагері Мұсабай Тоқтабайұлы Қасымовтың Шоқан Уәлихановқа жазған жалпы саны алты хаты және Қашғарда сатылған және сатып алынған тауарлардың бағасы көрсетілген екі есеп беру жазбасы, сонымен бірге Исмайыл Ғабдулмажитовтың хаттары АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 15 в іс, 4-10, 12, 14-17 п. Парақтардың көпшілігінің екінші жағына да жазылған. Түңғыш рет жарияланып отыр. Барлық хаттар экспедиция Қашғардан оралғанда, 1859 жылдың 29 шілдесінен 5 қыркүйегі аралығында жазылған. Мұсабайдың хаттары ескі өзбек тілінде (қазақтың ауызекі сөйлеу элементі араласқан), мәнерлі қолтаңбамен жазылған. Исмайылдың хаттары сол кездегі әдеби нормамен алғанда татар тілінде сауатты жа-

зылған. Шоқанның Қашғарға экспедициясы кезінде керуенбасы болған Мұсабайдың хаттары – Шоқанның экспедициядан жинаған материалдары мен сол бойынша түзген ғылыми есептерді дайындау барысында туындаған сұрақтарына берген жан-жақты, толық жауаптары.

Шыңғыстың бірінші хаты

Қазақ тіліндегі түпнұсқасы АН СССР-ң мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 28 іс, 1 тізбе, 1 п. Алғаш рет С. Мұқанов «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған (1959, 20 наурыз); кейін Ә. Марғұлан «Жұлдыз» журналында (1960 жылы № 2) түпнұсқа тілінде жарияласа, «Простор» журналында (1960, № 9) орыс тіліндегі нұсқасы жарияланған. 1860 жыл 6 шілде деп берілген.

[1] Густаф Иванович – Гасфорт, Батыс Сібір генерал-губернаторы.

[2] Жақып (Якуб) – Шоқанның ағасы. Мұқан – сахара сапарларында бірге болған, оның тапсырмалары бойынша этнографиялық және фольклорлық материалдар жинаған Шоқанның жолдасы.

[3] Тастан Табеев – Көкшетау округі приказының төрағасы.

[4] Бригада генералы Волков – 4 т, 31-б., 665 қараңыз.

[5] Ғаббасов Шесбе – Шоқан Уәлихановтың немере ағасы.

[6] Соколов –қазақ даласындағы геодезиялық жұмыстарды басқарған инженер-полковник. Клименко – полковник, әскери инженер, Омбыдағы инженерлер корпусының басшысы. Кривоногов – полковник, Петропавлға қоныс аударған Сібір линиялық әскерінің 4-полк командирі.

[7] Мұса (Шорманов) – 467 беттегі 7-түсіндірмені қараңыз. Шалғынбай (Бірәлин) – Қарқаралы округінің аға сұлтаны.

[8] Тархан, Муфти заде, Хисамеддин, Шашбай – сол кезде Петербургте жүрген Шоқанның әкесінің таныстары.

[9] Боқаш пен Мұсабай – Ш.Уәлихановтың Қашғар экспедициясына қатысқан семейлік саудагерлер.

[10] ... әрқайсысына 6000 сомнан берілді – деректер біршама бұрмаланған, негізінен, экспедицияға қатысқан саудагерлерге 600 сом көлеміндегі пособие берілген және оларға түрлі жеңілдіктер қарастырылған.

[11] Осипов – Көкшетау округі приказының шенеунігі.

[12] Махмұдтың екеуі – Шоқанның ағасы Ханқожа мен Сабалақтың балалары.

[13] Шишкович – полковник, 4-казак әскерінің офицері.

[14] Мұқан сұлтан – № 8, 467-беттегі түсіндірмені қараңыз. Шеген бидің баласы Бірімжан – XVIII ғасырдағы атақты би Жәнібектің ұрпағы.

[15] Тәті, Киікбай, Жүсіп – Шоқанның әкесі Шыңғысқа адал берілген ауылдастары.

Шыңғыстың екінші хаты

Ә. Марғұланның аударған нұсқасы «Простор» журналында (1960, № 9) жарияланған. Қазақ тіліндегі қолтаңбасы КСРО ҒА-ның мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 15 в іс, 1 жазба, 1 п. 1858 жыл 9 қаңтар деп берілген. Алғаш рет С. Мұқанов «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған (1959, 20 наурыз); кейін Ә.Марғұлан «Жұлдыз» журналында

(1960 жылы № 2) жарияланды. «Простор» журналында 1860 жыл 19 қазан деудің орнына 19 қыркүйек деп қате жазылған.

В.В. Григорьевтің сұлтан Уәлихановқа жазған хаты

В.В. Григорьевтің қолтаңбасы АН СССР-ның мұрағатында сақтаулы. 23 қор, 30 іс, 1 тізбе. 1860 ж. деп берілген

Майковтың хаты

Пушкин үйінің қолжазба бөлімі 1975 жылғы ай сайын шығатын жинақ бойынша жарияланып отыр. Л., 1975, 115-119 (мәтінді өңдеген және түсініктеме жазған И.Г. Ярмпольский). Түпнұсқасы РОПД-да сақтаулы, 168 қор, № 17380, СІХб., 15, 42-43 п.

Ш.Уәлихановтың 1868 жылғы 6 қаңтар айындағы хатына жауабы.

[1] «Люцияның өлімі» – 1868 жылы «Русский вестниктің» № 3 (бұл нөмір біршама кешігіп шықты: цензуралық рұқсат берген жазбада 1863 жылы 23 наурыз деп жазылған) нөмірінде жарияланған.

[2] Корш Валентин Федорович (1828-1893) – либералды журналист, «Санкт-Петербургские ведомости» газетінің редакторы.

[3] Уәлихановтың Майковқа жазған өтінішіне жазылған жауабы: «Мен «С.П. ведомости» газетінің ортаазиялық және қырғыз даласындағы тілшісі болғым келеді. Редакторымен сөйлесіп көресіз бе? Сондай-ақ «Отеч. записки» газетіне орыс ертегілеріне ұқсас қырғыз ертегілерін және қазақ арасындағы шаман дінінің қалдықтары жайындағы менің зерттеулерімді жариялауға болатынын не болмайтынын сұрастырып білсеңіз...» Уәлихановтың еңбектері бойынша түзілген библиографияға қарағанда оның «Санкт-Петербургские ведомости» және «Отечественные записки» газеттерімен бірлесіп жұмыс істеуі жүзеге аспаған.

[4] 1862 жылдың маусымында «Современник» пен «Русское слово» журналдары биліктің араласуымен сегіз айға тоқтатылды. «Современниктің» екі бірдей нөмірі – қаңтар мен ақпан айларына – 1863 жылдың 8 ақпанында шықты.

[5] М.Н. Катковтың «Русский вестник» журналы 1860 жылдардың басында либералды бағыттан саяси реакцияның рупорына айналып, ой-пікір түрғысынан демократиялық бағыттың ең басты жауына айналды. Алайда Майков оның тұрақты қызметкері болып қалды.

[6] «Время» – 1861-1863 жылдары Ф.М. және М.М. Достоевскийлердің шығарған журналы. Өзінің бағыты айқын еместігіне қарамастан, бірқатар мәселелер бойынша демократиялық журналистикаға жақын, сондықтан журнал туралы байсалды әрі кекесінді ескертпелеріне Майковтың түзетуі бұған куә. Уәлихановтың «Времянның» идеялық бағытының дұдәмалдығы туралы сөздері (мен солардың табан тірер негізін жөнді ұғына алмай жүрмін, біресе славяншылдық иісі шығады, біресе шектен шыққан батысшылдық иісі шығады...) басқа ойды, яғни ол «түбірімен батыс үлгісі бойынша құрылған» дегенді меңзеген еді.

[7] «Современниктің» үні шықпай қалғанда, Некрасов оны қайта шығару үшін жарамсақтануға мәжбүр болды. Журналдың жанашыр қызметкері Г.З.Елисееваның айтуы бойынша, «дұшпандары мен достарын «Современниктің» не себепті тоқтатылғаны қызықтырды, сон-

дықтан олар Некрасовқа осы мәселе бойынша қырғидай тие берді, Некрасов бұлардан құтылу үшін, қысқа ғана жауап берді: «Современниктің» не үшін жабылғанын білмеймін». (Алпысыншы жылдар. М.А. Антонович. Естеліктер. Г.З. Елисеев. Естеліктер. М.-Л., 1933, 315-316 бб.) Журнал қызметкерлерінің басшылары Чернышевскийден бастап діни сословиеден шыққандар еді. Елисеевтің зайыбы Некрасов бұл сұраққа жауап беру үшін «өзінің жоғары лауазымды адамдардың бірін» айтқанын сендіріп айтады. Оның ел арасында осы журналдың бағытын өзгерту туралы сыбыс тарады. Алайда бірінші шыққан нөмір осы журналға сенген бәрінің, оның ішінде, Майковтың да көңілін қалдырды. Майковтың «біздің айтуымыз» деген сөзін біржақты түсінуге болмайды, ол сол кездің өзінде «Современниктің» редакциялық ортасынан қашықтап кеткен еді.

Хұсаин Фаизхановтың Шоқанға жазған бірінші хаты

Хаттың көшірмесі Г.Н. Потанин мұрағатында сақтаулы (НБТГУ, Д. 7339-7340, 7354-7355). Түпнұсқаның көшірмесін Г.Н. Потанин 1895 жылы Шоқанның әкесінің аулына барғанда түсірген. Тұңғыш рет Ә.Марғұлан «Известия ҚазКСР ҒА»-да (қоғамдық ғылымдар сериясы, 1945, 3 шығарылым) жариялаған. 1865 жылы 7 сәуір деп берілген.

[1] Көкетай хан туралы ертегі – 1865 жылы Ш.Уәлиханов жазып алған қырғыздың «Манас» эпосының циклі.

[2] Вельяминов-Зернов В.В. – шығыстанушы, академик, Хұсайын Файызхановтың көмегімен жазылған Орталық Азия, Тобыл және Қырым тарихы, оның ішінде, «Қасым хаңы мен ханзадалары туралы зерттеулер» туралы фундаменталды еңбектердің авторы.

[3] Березин И.Н. – орыс шығыстанушы-түрколог.

[4] Байғұс Лама – Галсан Гамбоев.

[5] Казембек А. – шығыстанушы ғалым, Петербург университетінің профессоры

[6] Қырым хандарының тархандық грамоталары теріліп бітті – В.В. Вельяминов-Зерновтың Хұсаин Фаизхановпен бірігіп жазып баспаға дайындаған үлкен тарихи еңбегін айтып отыр.

[7] Гүбайдолла мырза – сұлтан, Жәңгір ханның баласы, гусар полкінің лейб-гвардия офицері, Дала комиссиясының мүшесі (1865-1868).

[8] Ахмедкерей Булаев – Жәңгір ханға жақын тархандардың бірі.

Хұсаин Фаизхановтың екінші хаты

Г.Н. Потанин түсірген хаттың көшірмесі Г.Н. Потанин мұрағатында сақтаулы. (НБТГУ, Л. 7352). 1863 жыл 22 қазан деп берілген.

Түпнұсқадан көшірмені 1895 жылы Шоқанның әкесінің аулында түсірген. Тұңғыш рет Ә. Марғұлан «ҚазКСР ҒА хабаршысында» (қоғамдық ғылымдар сериясы, 1945, 3 шығарылым) жариялаған.

ШОҚАН ЗАМАНДАСТАРЫНЫҢ ХАТТАРЫНДА

П.П. Семеновтың В.П. Безобразовқа жазған хатынан үзінді

Алғаш рет «РГО хабаршысында» жарияланған (1858, 21 п., 126 п.). 1857 ж. 20 қазан деп берілген.

Е. Капустинаның Ф.М. Достоевскийге жазған хатынан үзінді

Түпнұсқасы Орыс әдебиеті институтында сақтаулы (Пушкин үйі). Шифры 29-725 /ССР XI Б6. 1862 ж. 4 қаңтар деп берілген.

Ф.М. Достоевскийдің А.Н. Гейбовичке жазған хатынан үзінді

Алғаш рет «Тарих хабаршысында» жарияланған, 1885, № 1, 128-129 бб. Сондай-ақ қараңыз: Ф.М.Достоевский. Хаттар. М.-Л., 1928, т. 1, 269 б.

Ф.М. Достоевскийдің А.Е. Врангельге жазған хатынан үзінді

Алғаш рет Ф.М. Достоевскийдің хаттарында жарияланған. М.-Л., 1928, т 1, 279 б. 1859 ж. 31 желтоқсан деп берілген.

[1] ...кетіп бара жатып Уәлихановқа қанжар сыйладым. – Достоевскийдің Уәлихановқа тарту ретінде сыйлаған қанжары Шоқанның Достоевскиймен түскен суретінде анық көрініп тұр. (178 б.)

Потанниннің А.Н. Пыпинге жазған хаты

Хаттың қолтаңбасы ЦИГАЛИ-де сақтаулы. 395 қор, 1 тізбе, 122 іс, 3-5 п. 1889 ж. 16 сәуір деп берілген.

[2] ...Штейнфельд П. – «Екатеринбургская неделя» газетінің редакторы.

[3] ...«О черной вере» – Доржи Банзаровтың «Черная вера у монголов» деген еңбегі туралы айтылып отыр.

Г.Н. Потанниннің А.Н. Пыпинге жазған хаты

Қолтаңба ЦГАЛИ-де сақтаулы. 395 қор, 1 тізбе, 322 іс, 6-8 п. 1889 ж. 28 маусым деп берілген.

Г.Н. Потанниннің А.Н. Пыпинге жазған хаты

Хаттың қолжазбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы. 395 қор, 1 тізбе, 322 іс, 9-10 п. 1891 ж. 14 қыркүйек деп берілген.

[4] Сізге әзірге Шоқан Уәлиханов туралы жазбаларды жібердім. – Шоқан туралы жазылған алғашқы қысқаша биографияны (өмірбаян) оның досы Г.Н. Потанин А.Н. Пыниңге арнап жазған. (Орыс этнографиясының тарихы, 1892, IV т, 397-400 бб.) Потанниннің қолжазбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы.

[5] Поляков И.С. – зоолог-ғалым, этнограф, Сібір мен Қиыр Шығысты зерттеуші, Балқаш көлінде болған, Петербургтегі Ғылым академиясы зоология музейінің бас сақтаушысы.

[6] *Мих. Васи. Загоскин* – журналист, «Иркутские губернские ведомости», «Амур», «Сибирь» және «Известия Сибирского отдела РГО» газеттерінің редакторы қызметтерін атқарған.

[7] «Сібір» – Иркутскіде 1873-1887 жж. шыққан газет. Онда қазақ даласы туралы қызықты материалдар шыққан, олардың авторлары Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев және олардың достары болатын.

Г.Н. Потанниннің Г.Е. Катанаевке жазған хатынан үзінді

Г.Н. Потанниннің қолжазбасы ГАОО –да сақтаулы. 86 қор, 1 тізбе, 10 іс, 223-224 п.

[1] ...Осы хатпен бірге қолжазба жіберемін, оның сіздің бөлімнің «Жазбаларында» жариялауыңызды өтінемін. – 1877 ж. Г.Н. Потанин Орыс географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөліміне Шоқанның қолжазбаларын ұсынды: «Бұрынғы замандағы қырғыздардың қаруы туралы» және «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы».

[2] «Известия Русского географического общества» туралы айтылып отыр.

[3] Бұл бос орындар, мүмкін, бұл жерде қырғыз сөздері – терминдер, жалқы аттар, мақал-мәтелдер болғандықтан пайда болуы мүмкін... – Г.Н. Потанин Шоқанның қазақ терминдері мен идиомалық сөздер үшін әдейі қалдырған бос орындардың неге арналғанын нақты анықтады. Осы басылымда бос орындардың барлығы толтырылды.

Дала генерал-губернаторы Т.Н. Колпаковскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Жазушы қолжазбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы. (Г.Н. Потанин мұрағаты.) 381 қор, 2 тізбе, 1 іс, 1-4 п. 1887 ж. 6 мамыр деп берілген.

Н.И. Веселовскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Н.И.Веселовскийдің қолжазбасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБГТУ, № 881, 1887 ж. 10 маусым деп берілген.

Г.А. Колпаковскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Хатшының қолжазбасы Г.Н.Потаниннің мұрағатында сақтаулы, НБГТУ; № 115, 355 п., 1887 ж. 5 желтоқсан деп берілген.

Н.И. Веселовскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Н.И. Веселовскийдің қолжазбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы. 381 қор, 1 тізбе, 28 іс, 1 п. 1888 ж. 6 ақпан деп берілген.

Н.И. Веселовскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Н.И. Веселовскийдің қолжазбасы, Г.Н.Потаниннің мұрағатында сақтаулы, НБГТУ, № 1252. 1888 ж. 8 мамыр деп берілген.

[1] Агапитов и Хангалов – буряттық ғалым-этнографтар, олар Сібір халықтарындағы шамандықты зерттеген.

Г.А. Колпаковскийдің Г.Н Потанинге жазған хаты

Хатшының қолжазбасы Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ. №115, 354 б. 1888 ж. 8 маусым күні деп берілген.

Н.И. Веселовскийдің Г.Н. Потанинге жазған хаты

Н.И Веселовскидің қолтаңбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы. 381 қор, 1 тізбе, 28 іс, 2 п.

Г.Н Потаниннің Н.И Веселовскийге жазған хаты

Г.Н Потаниннің қолтаңбасы ЦГАЛИ-де сақтаулы. 118 қор, 1 тізбе, 977 іс, 5-6 п.

Дала генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийдің Ғылым Академиясының хатшысы Н.И. Веселовскийге жазған хаты

Хатшының таза қолжазбасы АН СССР-ның К.С. Веселовскийдің қорында сақтаулы 1889 ж. 15 маусым деп берілген.

Г.Н.Потаниннің Г.Е.Катанаевке жазған хаты

Г.Н.Потаниннің қолтаңбасы ГАОО да сақтаулы. 86 қор, 1 тізбе, 6 іс, 207-208 п. 1892 ж. 27 маусым деп берілген.

Г.Н. Потаниннің Н. Веселовскийге жазған хаты

Г.Н. Потаниннің қолтаңбасы РГАЛИ-де сақтаулы. 118 қор, 1 тізбе, 977 іс, 2-3 п. 1893 ж. 3 желтоқсан деп берілген.

Г.Н. Потаниннің Н. Веселовскийге жазған хаты

Г.Н. Потаниннің қолтаңбасы РГАЛИ-де сақтаулы. 118 қор, 1 тізбе, 977 іс, 4 п. 1901 ж. 13 сәуір деп берілген.

Н.И. Веселовскийдің Н.Н. Достоевскийге жазған хаты

Н.И. Веселовскийдің қолтаңбасы КСРО ҒА-ның мұрағатында сақтаулы. 723 қор, 1 тізбе, 32 іс. 1903 ж. 2 сәуір деп берілген.

ШОҚАННЫҢ ТУЫСТАРЫНЫҢ ПОТАНИНДЕРГЕ ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ

Мұса Шормановтың А.В. Потанинаға жазған хаты

Мұса Шормановтың қолтаңбасы Г.Н.Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, № 901-902, 1881 ж. 30 тамыз деп берілген.

[1] «Первый шаг» – Г.Н. Потаниннің, Н.М. Ядринцевтің, К.В. Лавровскийдің, В.П. Острогорскийдің мақалаларынан құрастырылған жинақ (Қазан, 1876). Оның сатылуына тыйым салынған. (Қараңыз: Г.Н. Потаниннің К.В. Лавровскийге жазған хаттары. Пушкин үйі, 13 қор, 303 іс.).

[2] Масхут – жастай қайтыс болған Мұсаның немересі.

Мұса Шормановтың Г.Н. Потанинге жазған хаты

Мұсаның қолтаңбасы Г.Н.Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, ЛЛ. 507-508. 1881 ж. 7 желтоқсан деп берілген.

[1] Шекпен – түйе жүнінен жасалған сырт киім.

[2] ...ертегілерге қатысты айтарымыз, ... жеткілікті жиналғаннан кейін, тұтас жинақтап, дереу сізге жібереміз – Мұса Шоқан мен Потаниннің тілшісі болатын, олар үшін қазақ ертегілерін, қазақ халқының тарихы мен шежірелік хикаяларын жинайтын, олар қазір әртүрлі мұрағаттарда сақтаулы.

[3] Көшпенді гимназия туралы баяндама жасау туралы өз ниетіңізді іске асыруыңызды және оны бізге жіберуіңізді өтінеміз. – Өзінің інісі Шоқанның ықпалында болған Мұса қазақ жастарын қазақтардың көшпелі өмірлеріне бейімдеп гимназия құру арқылы ағарту идеясының қорғаушысы болған еді. Осы мәселелер бойынша жазған баяндамалары Омбы мен Алматы мұрағаттарында сақтаулы.

Шормаков Сәдуақастың Г.Н. Потанинге жазған бірінші хаты

Хаттың қолтаңбасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, 948 іс. 1887 ж. 10 ақпан деп берілген.

[4] ...болғанда, біз өзіміздің сүйікті әкеміз Мұса Шормановтан айырылып қалдық. – Мұса 1885 жылы қаңтардың басында Омбыда қайтыс болып, өз ауылы Аққелінде жерленген.

[5] «Восточное обозрение» – 1882-1906 жж. шыққан әдеби-саяси газет, 1886 ж. дейін Петербургте, 1886 жылдан бастап 1906 жылға дейін Иркутскіде шыққан. Редакторы 1890 жылдарға дейін Н.М. Ядринцев, кейін В.А. Ошурков, Д.А. Клеменеп, Н.И. Попов, т.б. болған. Газет Сібір, Қазақстан және Орталық Азия халықтарының тұрмысын суреттеп жазған.

Сәдуақастың екінші хаты

Қазақша мәтіннің қолтаңбасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, 950 іс. 1887 ж. 25 ақпан деп берілген.

[1] И.А. Козлов – «Ақмола облыстық ведомостарының» және «Қырғыз дала газетінің» редакторы, заңгер, қазақтардың заңға байланысты әдет-ғұрыптарын зерттеумен айналысқан.

[2] Абылайханов (Ешмұхаммед) – дала генерал-губернаторының аудармашысы, «Қырғыз дала газетінің» қазақ бөлімі редакторы, реакциялық мақалаларымен шығып түрған, жаңадан пайда болған қазақтың ұлттық буржуазиясының идеологы. (Қараңыз: «Сұлтан Абылайханов». Редакцияға хаттар. «Далалы өлке». 1905, № 235; М.Х. Бекметов. Дала генерал-губернаторының аудармашысы Абылайханов мырзаға ашық хат «Далалы өлке». 1905, № 245.).

Сәдуақастың үшінші хаты

Қазақша мәтіннің қолтаңбасы Г.Н. Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, 952 іс. 1887 ж. наурыз деп берілген.

[1] Сәдуақастың қазақ халқының мұқтаждықтары туралы баяндама жазбасын дала генерал-губернаторының кеңсесі қабылдамады. Автор оны «Восточное обозрение» газетінің редакциясына, Н.М.Ядринцевтің атына қайта жіберген.

[2] Чистяков – дала генерал-губернаторы кеңсесінің шенеунігі.

Сәдуақастың төртінші хаты

Қолтаңба Г.Н.Потаниннің мұрағатында сақтаулы. НБТГУ, өңделмеген қор. 1888 ж. 26 сәуір деп берілген.

ЗАМАНДАСТАРЫ Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ ТУРАЛЫ

А.Е. Врангель. Ф.М. Достоевскийдің досы – Уәлиханов

Алғаш рет А.Е. Врангельдің кітабында жарияланды. «Воспоминания о Ф.М. Достоевском в Сибири 1854-1856 гг.» СПб. С. 1912, 12, 70-72, 77, 94-95.

[1] *Генерал-губернатор Гасфорттың Омбыдан Қапалға қарай шыққа-*

ны, содан соң Верныйға... – бұл сапарға (1855) Шоқан Уәлиханов та қатысты, бірақ ол жөнінде Врангель айтпайды.

[2] *Кеңесші С. келетінін естіп, аздап саябыр тапқандай болды* – Гасфорт қызмет атқарған кезде Батыс Сібірдегі уақытша билеуші, парақор, ірі шенеунік Солодовник туралы айтып отыр.

[3] *Спиридонов П.М.* – Семей облысының әскери губернаторы.

[4] *Ол үкіметтің күпия тапсырмасымен Ташкентке және Қоқанға барды* – Қашғарға бару бағыты дұрыс анықталмады; не Ташкен пен Қоқан арқылы, не болмаса Ыстықкөл арқылы.

[5] *Екі қалада да қырғыз дәстүрімен үйленгендігін...* – анық емес, Шоқан Қашғарда үйғыр қызына үйленді, ол қазақ немесе қырғыз дәстүрі бойынша емес, Марко Поло заманынан (XIII ғ.) белгілі Қашғар дәстүрі бойынша үйленді.

[6] *Кейіннен мен оны Петерборда және Парижде көрдім*б – Парижге бару туралы ниетін Шоқан әкесіне 1860 жылы 4 қарашада жазған хатында айтқан. Ол жерде болды ма, ол бізге беймәлім.

П.П. Семенов-Тян-Шанский. Батыс Сібірдегі және Жетісу өлкесіндегі кездесулер

П.П. Семенов-Тян-Шанскийдің «Путешествие в Тянь-Шань 1856-1857 гг.» деген кітабында жарияланған (Мемуары. М., т. II. 1946. С. 48-49, 51-52, 69-70, 123-124).

[1] Егер өкпе ауруынан келген ажал оны тым ерте, жиырма сегіз жасында арамыздан жұлып кетпегенде – қате. Шоқан 1865 жылы 10 сәуірде 30 жасында қайтыс болды.

Л.Н. Плотников. [Менің Уәлихановпен Петербургте кездесуім]

Л.Н. Плотниковтың «Саяхаттаушы қырғыздар» туралы мақалалар жөнінде» мақаласын қараңыз. «Орыс хабаршысы», 1860, XXX т., 260, 262-263 бб.

[1] *Шөмекей руының* – осы рудың қазақтары Арал маңында, Қызылқұмда және Сырдарияның төменгі сағасында өмір сүрген.

[2] *Қабақ бөлімшесі* – Үлкен және Кіші Борсықта және Ембі өзенінің маңында өмір сүрген Кіші жүз қазақтарының үрпағы.

[3] *Әзберген Мұңайтпасов* – Әмудария және Арал маңының төменгі жағында өмір сүрген, Орынбор әкімшілігі мен Хиуа хандығының арасына іріткі салған қазақтардың ықпалды биі.

[4] *Мұқаметқали Тәукин* – Орал маңындағы қазақтардың сұлтан-болысы, еркін экономикалық қоғамның корреспонденті, «Ордалықтардың шаруашылығы туралы жазбалардың» авторы.

[5] *Шөміште-табын руының* – Ембі өзенінің аңғарында және Маңғышлақта өмір сүрген Кіші жүз қазақтарының үрпағы.

[6] *Мұқаммед Салық Бабажанов* – Бөкей қазақтарының өкілі, Орыс географиялық қоғамының қызметкері, Бөкей қазақтарының түрмысы, шаруашылығы және мәдениеті туралы бірнеше мақалалардың авторы.

А. Ерман. [Уәлихановтың Қашғарға сапары]

Алғаш рет немістің «Archiv fur wissenschaftliche Kunde von

Russland» Herausgegeben von E. Erman. Bd. XIX, Berlin, 1860, 598-599; Bd. XX, 1861, S. 667; Bd. XXI, S. 605, (жол астындағы ескерту); Bd XXII, 1862, S. 77 (жол астындағы ескерту) журналында жарияланды.

[1] *Шлагинтвейттің қазасы туралы кейбір нақты мәліметтер...* – Өкінішке қарай, Уәлиханов баяндамасынан үзінділер жарияланған неміс газетінің атын таба алмадық.

Уәлихановтың қырғыздар туралы зерттеулері жайында баспадағы пікірлер

Алғаш рет «Северная пчела» журналында жарияланған. 1861, № 192.

М.С. Знаменский. Әулиеата саяхатының күнделігі (1984 ж.)

[1] *Милиция ұйымдастырған бәйге* – полковник Черняевтің әскери экспедициясына қатысқан қазақ милициясының отрядын айтып отыр.

[2] *Губарь* – Әулиеатадан Верныйға жануарларды айдап жүргенде қайтыс болған офицер. (ЦГВИА, 66 қор, 55 іс, 1-2 п.)

[3] *Д.* – Шу отрядының штаб-офицері кезекшілігін атқарған офицер Ф.С. Добровольскийді айтып отыр. Бірақ ол Әулиеата жорығынан 1864 жылы кеткен. (Қараңыз: Ф.С. Добровольскийдің күнделігі. ЦГВИА, 66 қор, 84 іс, 1-14 п.; 1 іс, 1 б.)

[4] *Ч.* – полковник Черняев.

[5] *Ертең зоолог, этнограф ... пен таулық офицер* – полковник Черняевтің жорығына қатысқан, кейін Тобылдан келген Ю.Д. Южаков және Алтай таулы округінің инспекторы Фрезе, кейін академик болған Н.А.Северцевті айтып отыр.

[6] *Шабу* – талан-тараж мақсатында қарулы шабуыл жасау. Патша шенеуніктері осы терминді барымтамен шатастырады.

[7] *Клейст Е.А.* – Сібір қырғыздары облысының шегара басшысы қызметін атқарған генерал-майор.

К. Губарев. Қырғыз даласы *(Шоқан Уәлихановқа арналады)*

«Современник» журналында жарияланған. 1864 ж., № 6, 373-374 бб.

[1] *Қырғыз-қайсақтар сауат ашуға бар ынтасымен қуана-қуана кірісуде және қосшы билердің облыстық жерлерден келген қорытындыларында айтылатындай, олардың сауаттылыққа қарсы ешқандай теріс ұғымдары жоқ* – қазақтарды сауат ашуға ынтасы жоқ және қабілетсіз деп дәлелдеген жергілікті шенеуніктердің ортасында орын алған көзқарастары туралы айтып отыр.

А.К. Гейнс. 1865 ж. күнделіктен

А.К. Гейнс еңбектерінің жинағында жарияланған. СПб., I том, 1897, 206-210, 233-245, 251-258, 261-267, 323-338, 493-499 бб.

[1] *Кроериус* (Кройерус) Аксель Самойлович – Жеке Сібір корпусы штабының басшысы.

[2] Түркістан өлкесі мен қазақ даласын басқару жөніндегі ереже

жобасын жасау үшін 1865-1868 жж. ұйымдастырылған Дала комиссиясын айтып отыр.

[3] *Гирс Ф.К.* – Дала комиссиясының төрағасы, Ішкі істер министрлігінің өкілі.

[4] *Гутковский К.К.* – Дала комиссиясының өкілі, Орынбор қазақтарының төрағасы.

[5] *... бас мешіттің қасында үнемі бос тұратын үлкен айырбас сарайы* – айырбас сарайы емес, жолда өтіп бара жатқан сұлтандар мен айтулы билер үшін салынған үй. Бұл үйде Шоқан Уәлиханов жиі болған.

[6] *... біздің ат-арбаға үш қайсақ шауып келді* – ... яғни дала комиссиясы өкілдерін қарсы алу үшін Шыңғыс Уәлихановтың жіберген шабармандары.

[7] *... үстіне керемет костюм киген полковникті көрдім* – ол Шыңғыс Уәлиханов еді. (Қараңыз: осы басылымда Шыңғыстың осы костюммен түскен суреті бар.)

[8] *Бағаналы болысынан* – қазіргі Ұлытау және Атбасар даласының аумағын алып жатқан қазақтың бағаналы руының атымен аталған төрт болыстың жинақтық атауы.

[9] *Ақкиік Құлансу Қойлы болыстарында* – Көкшетаудың солтүстік батыс және батыс аумақтарын алып жатқан атығай руының үш бөлімшесі атымен аталған болыстардың жинақтық атауы.

[10] *Андағұл Ораз Бәйімбет болысы* – Орта жүзге кіретін рудың үш бөлімшесімен аталған болыстардың жинақтық атауы.

[11] *Оңдай Рысай болысы* – атығай руының екі бөлімшесі атымен аталатын болыстардың атауы.

[12] *Иманалы Керей болысы* – Солтүстік Қазақстандағы Есіл өзені бойында өмір сүрген керейлердің ірі ұйымына кіретін иманалы бөлімшесі атымен аталған болыстың атауы.

[13] *Қылды Ноғай немесе Ноғай Қарауыл болысы* – Ноғай руының Қылды бөлімшесімен аталған болыстың атауы.

[14] *Есенбай болыстары* – Қарауыл руының Есенбай бөлімшесімен аталған болыстың атауы.

[15] *Матақай Самай болысы* – Солтүстік Қазақстанда өмір сүрген керей руының ірі бөлімшелері Самай мен Матақайдың атымен аталған болыстардың жинақтық атауы.

[16] *Бабасан Бағыш болысы* – Көкшетаудың солтүстік шығысы мен солтүстігінде өмір сүрген қарауыл руының екі ірі бөлімшесінің атымен аталған болыстардың жинақтық атауы.

[17] *Айыртау бекеті* – қазіргі Володар селосы. Осы жерде Шоқанның әкесі салған үйі бар.

[18] *Жасыбай* – XVIII ғасырда Баянауыл тауында жоңғарларға қарсы соғыста қазақ тапқан белгілі батыр.

[19] *Орманшы болысы* – Баянауыл тауының шығысындағы аумақта қоныстанған Орманшы руының атымен аталған.

[20] *Қазанғаповтар* – сол кезде Баянауыл округіне кіретін Ертістің Бөсеңтиін руын басқарған ірі шонжарлар.

[21] *Сүмбіле* – біздің галактикамыздағы ең жарық жұлдыз, Сириус: тамыздың басында пайда болып, көктемге дейін көрінеді.

[22] *Қарта* – жылқы ішегінен жасалған тағам.

[23] *Жанғозы Айдабол болысындағы* – Баянауыл тауының солтүстік-

батыс бөлігі мен солтүстігінде қоныстанған айдабол руының атымен аталған болыстың атауы.

[24] *Бәсентиін болысы* – Павлодардағы Ертіс маңында қоныстанған Бәсентиін руының атымен аталған болыстың атауы.

[25] *Қаражас болысы* – Баянауыл тауының оңтүстік-батыс бөлігі мен оңтүстігінде қоныстанған қаражас руының атымен аталған болыстың атауы. Жаңа қабылданған дала ережесінен кейін Қаражас болысы екі болысқа бөлінді: Аққелін және Баянауыл.

Н.М. Ядринцев. «Сібір халқының этнологиялық ерекшеліктері» мақаласынан үзінді

Мақала «Томских губернских ведомостях» журналында толығымен жарияланды. 1865, № 65.

Ф.Р. Остен-Сакен. Шоқан Уәлихановты еске алу

Алғаш рет 1865 ж. Орыс герграфиялық қоғамының есебінде жарияланды. СПб., 1866, 9-11 бб.

Н.М.Ядринцев. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов

Алғаш рет 1865 ж. Орыс герграфиялық қоғамының есебінде жарияланды СПб., 1866.

[1] *Өткен жылы күзде Іле аймағында қырғыз сұлтаны Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов көз жұмды* – Шоқан күзде емес, көктемде 1865 жылы 10 сәуірде қайтыс болды.

Ш.Ш. Уәлихановтың және басқа да орыс авторларының еңбектеріне ағылшын баспасөзінің түсіндірмелері

Алғаш рет «Русский инвалид» газетінде жарияланды. 1866, № 38, 42.

[1] *«Таймс»* – 1785 жылдан бастап шығарылған ағылшын газеті.

[2] *Лоуренс (Lawerence) Джон Лейерд Мейр (1811–1879)* – Үндістанның вице-каролі (1864–1869), 1857-1859 жж. Үнді ұлттық көтерілісін басу үшін белсенді қатысқан.

[3] *Кабулдағы апат* – «Бұхараға сапар» еңбегінің авторы, ағылшын эмиссарының полковнигі А. Борнстың белгісіз жағдайда қайтыс болуын айтып отыр.

[4] *Пальмерстон Генри Джон Темпл (1784–1865)* – ағылшын мемлекеттік қайраткері, 1852-1855 жж. Ішкі істер министрі, 1856 – 1865 жж. премьер-министр.

[5] *Біз қырғыз ханының ұлы Уәлиханов деген атпен ғалым-саяхатшы ретінде жүріп өзінің руластарын аямайтынын ғанибетсіз көреміз* – Орта Азия мен Қазақстандағы саяси режимдерді бағалауда ақыл-ойға жүгініп, жергілікті тұрғындар ортасына енгендерді айтып отыр. Алайда бұл дерек ағылшын баспасөзінде «жабайы» шығысқа қатысты батыс миссиясы өркениеттендіруші жөніндегі еуропоцентристік теория тұрғысынан бағаланды.

[6] *Аткинсон Томас Уитлам (Atkinson Thomas Witlam) (1799–1861)* – ағылшын архитекторы, суретші-пейзажист. Жеті жыл (1847–1854)

бойы Қазақстан, Сібір, Моңғолия, Жоңғарияда саяхаттаған. Осы саяхаттардың нәтижесінде оның ірі еңбегі дүниеге келді: Oriental and Westsern Sibiria, Mongolia, the Kirghis Steppes, Chines Tartary, and Part of Central Asia. London, 1858. Осы еңбектің төрт тарауы (XV-XVIII тараулар) Қазақстанған арналған. (Қараңыз: «Британ суретшісі Аткинсонға Алтай және Орал тауларын түсіру үшін берілген рұқсат туралы іс». ЦГА КазССР, 374 қор, 1 тізбе, 4130 іс).

Г.Н. Геннадий. Ш.Ш.Уәлиханов

Алғаш рет «Русский архив» журналында жарияланған. 1867, с. 957-958.

Э. Жонво. [Ш.Ш.Уәлиханов еңбектерінің маңызы туралы]

Алғаш рет «Уральские войсковые ведомости» газетінде жарияланған. 1867, № 13.

Ф.Р. Остен-Сакен. Ш.Ш.Уәлихановтың Қашғарға сапары

Алғаш рет «ИРГО»-да жарияланған. 1868, IV, СПб., с. 264-265.

[1] *Полторацкий В.А.* – полковник, Бас штабтың офицері, Орталық Тянь-Шань мен Таулы Памирді зерттеушілердің бірі, біршама уақыт Семей облысының әскери губернаторы болды.

Н.Семилужинский. [Н.Ядринцев] [Шоқан Уәлиханов және халықтардың мәдени байланысы]

Алғаш рет «Дело» журналында жарияланған. 1868, № 5, с. 83-95.

[1] *Словцов П.А.* – орыс ғалымы, тарихшы, «Историческое обозрение Сибири» (М., т. I-II, 1818) атты еңбектің авторы.

[2] *Андреев И.Г.* – әскери инженер, жергілікті өлкетанушы-зерттеуші, Семейде қызмет атқарған, «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» еңбектің вторы. (Қараңыз: «Ай сайын шығарылатын жаңа шығармалар», СХ-СХIII, СПб., 1795-1796.)

И.Н. Березин. Ш.Ш. Уәлиханов бастаған зерттеу жұмыстарын жалғастыру. (Кандидат Катанинге нұсқаулар)

Түпнұсқасы Петербор облысының Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. 14 қор, 1 тізбе, 1093 іс, 16 п. Алғаш рет проф. И.Н. Березинің басш. «Русский энциклопедический словарь» еңбегінде жарияланған. СПб., т. IV, 1874, с. 574.

Н.М.Ядринцев. Бұратаналар мәселесі

Алғаш рет «Неделя» газетінде жарияланған. 1881, № 13, 443-447 бб.

Н.М. Ядринцев. Орыс шығысы бұратаналарының оқу-ағарту ісі

Алғаш рет «Порядок» газетінде жарияланған. 1881, № 322

[1] *Рамогун Рой, Дворканат, Житжибтай* – үнді ғалым-ағартушылары.

[2] *...Ш.Уәлиханов өз халқының сүйікті ұлы офицерлік ортада парықсыз өмір кешіп...* – Бұл жерде оның Петерборға келуін айтып отыр. Бірақ оның шындықтан айтарлықтай айырмашылығы бар және

субъективизм тұрғысынан ойланбастан айтылған. Ресейдің ірі шенеуніктерінің Ш. Уәлихановқа назар аударуы және түрлі құрмет көрсетуі, әрине, жас жігітке ықпалын тигізбей қоймады. Алайда Петербордың жарқылына құмартуы қысқа мерзімді әрі өткінші болды. Замандастарының айтуы бойынша және Шоқан өмірінің Петерборда болған кезеңін сипаттайтын ресми құжаттар оның астанада шығармашылық және ғылыми жұмысты белсенді атқарғанын көрсетеді. Сондай-ақ Н.М. Ядринцев өзінің өлеуметтік жағдайы мен өмірге аскеттік көзқарастары бойынша жас қазақ ғалымының Петербордағы өмірін құштарлықпен бағалады.

Н.М.Ядринцев. Сібірліктің әдеби және студенттік естеліктері

Алғашқы жерлестер үйымы

Алғаш рет «Восточное обозрение» газетінде жарияланған. 1884, №26, 33-34. Г.Н. Потанин мен Н.М. Ядринцевтің естеліктері бойынша Петербордағы Сібір үйірмесіне көптеген жоғары оқу орындарының сібірлік студенттері қатысты: Петербор университеті, Әскери-медицина академиясы, діни академия, т.б.; бұдан басқа суретшілер (Джогин, Шишкин) және т.б. қатысты.

[1] *Федоров-Омулевский И.В.* – ақын, Сібір үйірмесінің мүшесі.

[2] *...сүйкімді заңгер Н.М.П.* – Шамасы мамандығы бойынша заңгер Н.И. Наумовтың инициалдарын шатастырып алған.

3 *Шишкин* – Сібір жазушысы, ғалым, Сібір және Қазақ даласы туралы көптеген еңбектердің авторы, Петербордағы Сібір үйірмесіне қатысушы.

[4] *...белгісіз филолог Смирнов қатысты* – Сол кезде Петербор университеті Шығыстану факультетінің студенті, кейін шығыстанушы-түрколог болған В.Д. Смирновты айтып отырған болар.

[5] *1862 жылы студенттік жиындарға бұрынғыдай кездік берілмеді* – Сібір үйірмесінің көптеген мүшелері (Г.Н. Потанин, Л.Ф. Пантелеев, Е.Я. Колосов, т.б.) қатысқан Петербор университеті студенттерінің бірнеше мәрте баяндамаларынан кейін студенттерді қатаң қуғындау уақыты келді. Үйірменің басшысы Г.Н. Потанин біршама уақыт Петропавл қамалында отырды.

[6] *Таныстығымыздың құрметіне топ болып суретке түскеніміз есімде және осы студенттіктің естелігін көпшілігі ұзақ сақтап жүрді* – Біз осы суреттің бірде-біреуін таба алмадық.

«Восточное обозрение» газетінің хроникасынан

«Восточное обозрение» газетінде жарияланған. 1889 ж., № 50

Г.Е. Грум-Гржимайло. Ш.Ш.Уәлиханов

Брокгауз және Ефронның Энциклопедиялық сөздігінде басылды. СПб., 5 т., 415 б.

Г.Н. Потанин. Едіге туралы қырғыз аңызынан үзінділер (Ш.Уәлихановтың жазбаларынан)

«Живая старина» газетінде жарияланған. 1891, 4 бас., 156-258 бб.

[1] *Ибн Арабшах* – Темірдың әскери жорықтарының тарихшысы.

[2] *Халфин Ибрагим* – татар ғалымы, шығыстанушы, «Жизнь Чингис-хана и Тимура» (Казан, 1822) деген шығарманың авторы.

Н.М. Ядринцев. [Ұлттық шет өлкелерден шыққан алғашқы шамшырақтар және артта қалған халықтардың көзін ашу]

Қараңыз: Н.М.Ядринцев. «Сібір бұратаналары, олардың түрмысы мен қазіргі жай-күйі». СПб., 1891, 237-242 бб.

[1] *Банзаров Доржи* – бурят ғалым-шығыстанушысы.

[2] *Болдонов* – бурят ғалымы, ағартушы, әдебиетші.

[3] *Николаев В.И.* – якут ғалымы, этнограф.

[4] *Катанов Н.Ф.* – хакас ғалым-шығыстанушысы, кейін Қазан университетінің профессоры болды.

Г.Н.Потанин. Шығыстың алғашқы сәулелері (Ш.Уәлиханов және Д.Банзаров)

Қараңыз: Д. Банзаров. Г.Н. Потаниннің ред. басш. «Черная вера или шаманство у монголов». СПб., 1891, с. XXYII-XXXII.

[1] *Оны он жасында Омбыға әкеліп, кадет корпусына тапсырды* – Шоқан кадет корпусында 1847 жылдың қыркүйегінен 1853 жылдың қазанына дейін оқыды, ол 18 жасқа толғанда корнет шенін алды. Оны 10 жасынан бастап емес, 12 жасында әкелген.

[2] *Москвитянин* – кертартпа бағыттағы журнал, 1841-1856 жж. Мәскеуде шығарылды, редактор-баспагер М.П. Погодин болды.

Н.И. Наумов. Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов

Алғаш рет «Қырғыз дала газетінде» жарияланған. 1894, № 18, қазақ және орыс тілдерінде.

Н.И.Наумов – ұлттық жазушы.

Г.Н. Потанин. Шыңғыс Уәлихановтың ауылына сапары туралы

Алғаш рет «Известия РГО» журналында жарияланған. (т. XXXI, с. 1895, 637-638)

Г.Н. Потанин. Соңғы қырғыз ханзадасының киіз үйінде. (Көкшетау уезіне барған сапардан)

Алғаш рет «Русское богатство» журналында жарияланған. 1896, № 8, с. 61-88.

[1] *Өскенбаев Халиолла* – ұлы ақын, ағартушы Абайдың ағасы.

Г.Н. Потанин. С.Ф. Дуровпен кездесу

Орыс ұлттық идеологі Н.К. Михайловскіге арналған «На славном посту» жинағында жарияланған. (СПб., 1901, 255-265 бб.)

[2] *Ждан-Пушкин* – полковник, сыныптардың инспекторы, Омбы кадет корпусының білімді және ізгі жанды тәрбиешілердің бірі. Жас Шоқанның тәрбие алуы мен дамуына үлкен қамқорлық көрсеткен.

[3] *Лафайт Мари Жозеф (1757-1834)* – маркиз, XYIII ғ. соңындағы Ұлы француз буржуазиялық революциясының және 1830 ж. револю-

шияның қайраткері, Англиядан тәуелсіздігін алу үшін американ колониясының соғысына қатысушы.

[3] *Демулен Камиль (1760-1794)* – XYIII ғ. соңындағы Ұлы француз буржуазиялық революциясының саяси қайраткері, Конвент мүшесі, журналист, мамандығы бойынша адвокат, жирондистерге қарсы шыққан, бірақ кейін жаңа буржуазия мүддесін қорғаған дантонистер жағына шығып кетті.

[4] *Бір полковниктің отбасына тап болғанымды...* – Пресногор қамалының шекара отряды командирі, полковник Эллизенді айтып отыр.

Н.И. Веселовский. Ш.Ш.Уәлихановтың аудармасы мен жазбасындағы «Манас» поэмасы туралы

ЗВАРО-да жарияланған. XY т., I бас., СПб., 1903, YII-XYI б. 1902 жылы 21 наурызда ВОРАО мәжілісінде Н.И.Веселовскийдің «Ш. Уәлихановтың аудармасы мен жазбасындағы «Манас» поэмасы туралы» жасаған баяндамасы жөніндегі хабарлама «Археологиялық комиссияның хабаршысында» жарияланған. 1902, 2 бас., 5 б.

[1] *Ер Қосай* – тарихи аңыздар бойынша уақ руының басшысы.

[2] *... қайыңды сауыу* – өлеңнің дұрыс аудармасы – қайынсау; сауын малдары жоқ жатақтағы кедейлердің түрмысын бейнелейтін аллегориялық сөз. П.М. Мелиоранский осы спецификалық сөз орамының мағынасын түсінбеген.

[3] *... Көкітай хан өзін жерлеу алдында, «денемді қылышпен сылыңдар» деп өсиет айтады.* – Қазақтар сыйлы адамның денесін қасиетті жерге апару үшін, мысалы, Қазақстанның солтүстік облыстарынан Түркістан қаласына, өліктің сүйегін етінен сылып алған. Оны тек жаз мезгілінде жасайды. Кейде оны кептіру үшін теріден жасалған қапқа салып, ағаштың ең биігіне немесе сөреге іліп қойған. Содан соң сол күйінде Түркістанға апарған. Осыдан географиялық терминдер пайда болды: Олжабай сөресі, Едіге сөресі.

[4] *...көптеген түрік тайпаларындағы он бес жас ... ер адам үшін кемел жас саналады.* – Қазақтарда осы көзқарас туралы мынадай мәтел бар: «Ораздының баласы он бесінде баспын дейді».

Г.Н. Потанин. Шоқан Уәлиханов туралы биографиялық мәліметтер

ССВ мәтіні бойынша басылып отыр. 4 т., 303-327 бб. Түпнұсқасы ЦГАЛИ СССР-де сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 34-58 бб. Тұңғыш рет Н.И. Веселовскийдің ред. басш. Ш.Уәлихановтың шығармаларында жарияланған. (СПБ., 1904, 4-34 бб.)

[1] Г.Н. Потаниннің қатесі: Ш.Уәлиханов 1835 жылы туған.

[2] *Тобыл шыңдары маңындағы жерлерді құрайтын Құсмұрын округінің...* – Басқаша айтқанда, Аманқарағай, Обаған, Пресногор аудандары мен Ертіс маңы даласы.

[3] Дұрысы: *Е.И. Старков.* Краткое обозрение киргизской степи. «Тобольские губернские ведомости», 1860, № 26-31.

[4] *Сібір шенеунігі Капустиннің отбасымен* – Батыс Сібір Бас басқармасында, кейін Сібір қазақтарын Облыстық басқару кеңесшісі қызметтерін атқарған Яков Семенович Капустин туралы айтып отыр.

Оның зайыбы Екатерина Ивановна Капустина – Д.И. Менделеевтің туған әпкесі. Капустиндердің отбасында Шоқан жоқтан өзгеге сенбейтін ізгі жандарды тапты. Капустиндер Шоқанды өз отбасына жылылықпен қабылдап, жас дарынның қалыптасу өмірін қадағалап жүрді.

[5] *Кювье Жорж (1769-1832)* – француз жаратылыстану ғалымы, «Рассуждение о переворотах на поверхности земного шара» деген белгілі еңбектің авторы.

[6] *«Путешествие Палласа»* – дұрысы: «Путешествие по разным провинциям Российской империи», ч. 1, СПб., 1770, 1786; ч. 3, СПб., 1788.

[7] *«Дневные записки Рычкова»* – дұрысы: «Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкой степи 1771 года». СПб., 1172.

[8] *Кейін менің бір сыныптасымның айтқаны бар* – Омбы кадет корпусында Шоқан мен Г.Н. Потанинмен бірге оқыған артиллерия офицері Евгений Колосовты айтып отыр.

[9] *«Севастополь қырғыны»* – 1853-1856 жж. Қырым соғысы туралы айтып отыр.

[10] *Васильев В.П. (1818-1900)* – осы басылымның 3 т. түсіндірмесін қараңыз.

[11] *Мұндай кештерде онға жуық адам жиналатын* – Н.Ядринцев 20 адамды көрсетеді. Осы басылымның 3 т. қараңыз.

[12] *Голубев А.Ф.* – осы басылымның 3 т. қараңыз.

[13] *Шығыстану факультетіне Шоқан барған жоқ* – Бұл жөнінде Н.М.Ядринцев те жазған. Шоқанның осы факультетке қызығушылығы болмауының себебі, мұнда оны қызықтыратын қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік, әдеби және философиялық тақырыптарында теориялық дәрістер оқылмады.

[14] *Бейтінің басына мешітке ұқсас ағаш ескерткіш орнатылған.* – Дұрысында ағаштан емес, кірпіштен орнатылған, тек күмбезі ғана ағаштан жасалған.

[15] *Сапақ Тәңірбергенов* – Ақмола округінің ірі мал иесі.

[16] *Өтебай* – Сапақ Тәңірбергенов бидің асында Сарысу ақыны Құлтумамен айтысқан Баянуыл ақыны.

П.М. Мелиоранский. Ш.Ш. Уәлихановтың қолжазбасы бойынша Едіге және Тоқтамыс туралы аңыздар

Тұңғыш рет Этнография бөлімі бойынша ЗРГО-ның XXIX томының қосымшасында жарияланған. СПб., 1905, 1-6 бб.

[1] *Қолжазбада ешқандай қырғызша жазылған атауы жоқ.* – Осы ойды Мелиоранский өзі теріске шығарады. Төменде ол былай жазады: «Қолжазбаның бірінші бетінде мынадай жазу бар: Едіге. Жыр. 1841 ж., желтоқсан. Звериноголов станицасы».

[2] *...біз тағы да бір жазба немесе Шоқан жазып алған нұсқа болғанын көреміз.* – Шоқанда бұл жырдың Қазақстанның түрлі аудандарында жазып алған бірнеше нұсқасы болған. Оның кейбіреуін ол орыс тіліне аударған және Н.И. Веселовскийдің ред. басш. Шоқанның шығармаларында жарияланған.

[3] *Біздің қолжазбамыздың орфографиясы өте көп нәрсені қалайты-*

ның... – П.М. Мелиоранский қолжазбаның орфографиясына сенімсіздікпен қарады. Мүмкін, ол қазіргі қазақ тілінің фонетикалық айтылуына сәйкес болуы керек деп ойлаған шығар. Өздеріңізге белгілі, қазақ жазба әдебиеті орта ғасырдағы шағатай әдеби тілінің орфографиясы жүйесінен бастау алған. Оны тек көне жазбалардан ғана емес, сондай-ақ XV-XVIII ғғ. қазақ хандарының ресми құжаттарынан да көруге болады. Мысалы, қазақ ханы Тәуекелдің Иван Грозный патшаға хаты дәстүрлі шағатай формасымен жазылған. Ш.Уәлихановтың хаттары мен мәтіндері осы орфографияның ережесі бойынша жазылған.

[4] *...бұл аңыздардың отаны Қырғыз даласы емес, ноғайлардікі екендігі сөзсіз.* – Бұл ғылыми дәл тұжырым емес. Дегенмен автор осы мақаланың соңында «мұндай ойлар тек болжамдар ғана» деп әділ байқайды. Ең дұрысы жыр Орталық Азия түркі халықтары арасында дербес халықтардың және этно-саяси бірлестіктердің қалыптаспаған кезеңінде туған. Көптеген жылдар бойы үрпақтан-үрпаққа жеткен қазақтар, ноғайлар және т.б. түркі халықтарындағы осы жырдың сюжетінің ұқсастығы осыдан туындаса керек.

Шоқан Уәлиханов

Бұл – Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев, т.б. баспаға дайындаған және 1904 ж. «Записки РГО» журналында Н.И. Веселовскийдің ред. басш. жарияланған Ш.Ш.Уәлихановтың шығармаларына пікір. Торғай газетінде жарияланған. 1905, № 24. Авторы В.В. Бартольд болуы мүмкін.

С. Венгеров. Ш.Ш. Уәлиханов

Алғаш рет ғалымдар мен жазушылардың Биографиялық сөздігінде жарияланған. СПб., 1905.

Қашғар экспедициясында Шоқан Уәлихановпен бірге болған жолсеріктердің әңгімелері

Құрбанғали Халидидің «Тауарих-и хамса-и шарки» (Бес шығыс халқының тарихы) деген кітабынан үзінді. [Түрік және татар тілдерінде]. Қазан, 1910.

И.Ф. Бабков. [Е.П. Ковалевский және Ш.Ш.Уәлиханов экспедициясының нәтижесіне жалпы ықылас]

И.Ф.Бабковтың «Батыс-Сібірдегі қызметім туралы естеліктер». СПб., 1912. кітабын қараңыз.

[1] *Горчаков П.Д.* – Кенесары Қасымов көтерілісі (1836-1849) кезеңіндегі Батыс Сібір генерал-губернаторы.

[2] *Кринский* – генерал-майор, дала жорықтарында жиі болған Сібір казак әскерінің атаманы.

[3] *Хрущев А.П.* – Дюмагельден кейінгі Батыс Сібір генерал-губернаторы (1865-1869).

[4] *Іле аймағымен айналысуымызға бастау берген ... Горчаковпен* – П.Д. Горчаков тұсында Жоңғар Алатауы аудандарын басып алды және Қапал бекінісі салынды.

[5] *Керуенбасы ташкенттік Бұқаш...* – Дұрыс емес. Бұқаш – сауда

керуенін ұйымдастырушылардың бірі, ал керуенбасы Мұсабай Тоқтабаев болды.

[6] Бабков Ш.Уәлихановтың экспедициясы бағытын дұрыс суреттемеген. Саяхаттың басталған жері Верный бекінісі емес, Қапал болды. Зауқы өткелінен кейін экспедиция Құртқа, Шатыркөл және Теректі бағыттары арқылы емес, Нарын, Шақырқорым, Ақсай, Теректі жерлерімен жүрді.

[7] *1864 жылы 31 жасында өкпе ауруынан қайтыс болды*[7] – Көптеген авторлардың ортақ қатесі. Шоқан 1865 жылы дүниеден өтті.

Г.Н. Потанин. Черняев экспедициясы кезіндегі Шоқанның өмірінен эпизод

Алғаш рет «Сибирская жизнь» газетінде жарияланған. 1913, № 257.

Г.Н.Потанин. Біздің армандар

Алғаш рет «Сибирская жизнь» газетінде жарияланған. 1913, № 17

[1] *Мен Іледен арғы өлкеде жарты жыл тұрдым* – Яғни, 1853 жылдың көктемінен бастап 1854 жылдың күзіне дейін.

[2] *Саяхаттап жүрген кезінде, ...полк командирімен үрсысып* – Семей қаласындағы 8-полкті басқарған полковник Моссарошты айтып отыр.

[3] *Кринский* – осы басылымның .... түсіндірмесін қараңыз.

[4] *Спасович* – Сібір әскерінің офицері.

[5] *Прудон Пьер Жозеф (1809-1882)* – анархизмнің негізін қалаушылардың бірі, француз қоғам қайраткері.

[6] *Блан Луи (1811-1882)* – тарихшы, журналист, француз утопист-социолисі, 1848 ж. революция қайраткері, жұмыс қозғалысындағы оппортунизм және реформизмнің негізін қалаушылардың бірі.

Г.Н.Потанин. Омбы үйірмесі (және жаңа әсерлер лебі)

Алғаш рет «Сибирская жизнь» газетінде жарияланған. 1913, № 62

[1] *«Қытайдың он мыңдаған сансыз әдеп жоралары»* – Оны Ф.М. Достоевский де пайдаланған Шоқанның сүйікті тапқыр сөзі.

[2] *Париж әлемінен* – 1853-1856 жж. Қырым соғысы біткен соң, 1856 ж. қабылданған халықаралық келісім.

[3] *Капустин Батыс Сібір Бас басқармасының кеңесшілерінің бірі болды, сондықтан Омбыдағы атаулы шенеуніктердің бірі болды. Ол Петерборда қызмет етіп, «Правительственный вестник» газеті бөлімінің редакторы болды* – Бұл сөйлемдегі әкесі мен ұлының қызметі Капустиндердің үлкеніне арналған. Әкесі, Я.С. Капустин, шынымен де, Батыс Сібір облыстық басқармасының ірі шенеунігі болды, бірақ ол Петербургте еш уақытта жұмыс істемеген, сондықтан «Правительственный вестник» газетінің редактор болмаған. Соңғы мәлімет оның ұлы, Шоқанның досы С.Я. Капустинге қатысты.

«Правительственный вестник» – 1869-1917 жж. Петерборда шығарылған газет. Оның бірінші редакторы шығыстанушы В.В.Григорьев болды. Газетке Шоқанның досы С.Я.Капустин Қазақ даласы туралы

мақалалар және Шоқанның күнделігінен үзінділерді беріп, бірлесіп жұмыс істеген.

[4] *Бірінші некесінен туған үлкен қызы* – Екатерина Яковлевна Капустинаны айтып отыр, К.К. Гутковскийдің зайыбы, Сергей Яковлевичтің қарындасы, Шоқанның досы.

Г.Н. Потанин. Сібір үйірмесінің бағдарламасы. (Колония және метрополия)

Алғаш рет «Сібір өмірі» газетінде жарияланған. 1913, № 109, 114, 242; 1914, № 4, 9.

[1] *Костомаров Николай Иванович (1817-1885)* – тарихшы, жазушы--публицист. 1859-1863 жж. Петербор университетінің орыс тарихы бойынша профессор.

[2] *«Век»* – әдеби, ғылыми-саяси журнал, 1882-1884 жж. Петерборда шығарылып тұрды.

Г.Н.Потанин. Еуропа мен Азия кадет корпусында

Алғаш рет «Сібір өмірі» газетінде жарияланған. 1916, № 18, 24.

[1] *Капцевич П.М.* – 1822-1828 жж. «Сібір қырғыздары туралы Ережесіне» өмір сыйлаған Батыс-Сібір генерал-губернаторы.

[2] *Лаптев А.Д.* –Таймыр түбегін тұңғыш рет зерттеген Лаптев теңізшілерінің ұрпағы.

Г.Н.Потанин. Ш.Уәлиханов, оның Омбыдағы өмірі және қызметі

Алғаш рет «Сибирская жизнь» газетінде жарияланған. 1916, № 104; 1917, № 118

[1] *Пирожков Иннокентий* – ұлты бурят, алдымен Омбы кадет корпусында, кейін Петербург университетінде оқыған, Ш.Уәлихановтың досы, Омбы және Петербор үйірмесіне қатысушы.

[2] *Казак офицерлері тағы да менің тұрақты қонақтарыма айналды* – Осы офицерлердің ішінде Омбы үйірмесін құраған И. Пирожков, Ф.Н. Усов және т.б. болды.

[3] *Ол маған қызықты жұмыс тауып берді* – Сібір қырғыздарының жергілікті мұрағатындағы жұмысты айтып отыр.

[4] *Григорьев Н.П. (1822-1886)* – М.В. Петрашевскийдің және С.Ф. Дуровтың үйірмесінің мүшесі. Өлім жазасына кесіледі, поручик қызметін атқарған өз полкінің алдында ату жазасына шығарылады. Конфирмацияның жазасы Шығыс Сібірге каторгаға жіберумен ауыстырылады.

Д.А. Клеменец. Ш.Ш. Уәлиханов

Алғаш рет Гранаттың сөздігінде жарияланған. 7 т., 504 б.

[1] *Уәлиханов 1866 жылы өкпе ауруынан қайтыс болды* – Сол кездегі көптеген авторлардың ортақ қатесі. Шоқан 1865 жылы дүниеден өтті.

Н.А. Аристов. (Ш.Ш. Уәлихановтың зерттеулеріндегі қырғыздар мен Батыс Тянь-Шань)

Н.А.Аристовтың «Қырғыздар мен Батыс Тянь-Шань орыс билігінің қоластында» еңбегінің қолтаңбасы ВГО мұрағатында сақтаулы. 65 тізбе, 1 жазба, 4 іс, 555-556 бб.; II іс, 288-293 бб.

[1] *Ұрыс би, Сасық ұрыс, Қондожес, Сарыжақ, Түрдыке* – қырғыз манаптары және шерік ұрпағының билері.

С.Я. Капустин. Шоқан Уәлиханов туралы

С.Я. Капустиннің қолтаңбасы ЦГАЛИ-дің мұрағатында сақтаулы. 159 қор, 1 тізбе, 179 іс, 25-31 пп.

С.Я. Капустин Шоқанның Омбыдағы жақын достарының бірі. Ол Шоқан туралы естеліктер, оның достары мен замандастарымен қарым-қатынасы туралы жазуды көздеп жүрген. Жұмыс бітпей қалды. Алайда онда Шоқанның басқа замандастарының естеліктерінде жоқ мәліметтер бар. Мәселен, оның сыртқы келбетін суреттеуі, т.б.

[1] *Бұл туралы мәліметтер осыған дейін жиналған және жариялануда* – Шамасы А.Н. Пыпин, Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев және И.И. Ибрагимовтың еңбектерін айтып отыр.

[2] *Уәлихановтың өміріндегі ірі оқиғалар туралы да айтудың қажеті жоқ, себебі бұл тақырыппен Шоқанның басқа таныстары айналысуда* – Осыған қатысты басты еңбек Г.Н. Потанинге, Н.М. Ядринцевке және И.И. Ибрагимовке тиесілі.

И. Ибрагимов. Шоқан туралы естеліктер

Ибрагимовтың қолтаңбасы ЦГАЛИ-дің мұрағатында сақтаулы. 159 қор, 1 жазба, 179 іс, 65-69 пп.

[1] *Оның қасында татар қосшысы бар еді* – Осы қосшының тегі Сейфүлмәліков. Аулында демалып жүргенде, оның бірге жүруі Шоқанды мезі қылады. (Қараңыз: Достоевскийге хаты. 1859 ж., 18 маусымы). Негізінен, қосшыға Шоқанның ауылдағы өмірін құпия түрде аңдып жүруді тапсырған.

[2] *Қырғыздың белгілі суырыпсалма ақыны Орымбай* – ол туралы .... түсіндірмені қараңыз.

[3] *Шоқан өз күпиясын інісіне және өзі жақсы көретін ағасына айтты* – олардан өзінің көпес Малтабаровтың әйеліне ғашық екенін жасырмай айтып жүретін әңгімеші, музыкант ағасы Ханқожа мен Жақып туралы айтып отыр.

[4] *Шепе (Шеген)* – Шыңғыстың үлкен ағасы, ол інісі Әлжанмен бірге Шыңғыстың үй-жайына жақын жерде өз аулымен тұрады. (Шепе туралы қараңыз: Г.Н. Потанин. Қырғыздың соңғы ханзадасының киіз үйінде. Осы басылымда.)

[5] Әкесіне ренішінен кейін, Шоқан Үлкен ордаға бірден кеткен жоқ; бір жыл Омбыда тұрады, тек 1864 жылы полковник Черняевтің экспедициясына қатысу үшін Қапалға барады.

Г.Н. Потанин. Ш.Уәлиханов

Г.Н. Потаниннің қолтаңбасы ЦГАЛИ-дің мұрағатында сақтаулы. 395 қор, 1 тізбе, 322 іс, 12-17 пп. Бұл жазба – Орыс этнографиясы тарихы бойынша А.Н. Пыпиннің еңбегі үшін дайындаған алғашқы

нұсқасы. Шоқанның биографиясына қатысты материалдардың нұсқалары.

[1] *Ол 1837 жылы немесе соған таяу жылдары дүниеге келген* – Дұрыс емес. Шоқан 1835 жылы қарашада дүниеге келген.

[2] *10 жасына дейін Шоқан өз отбасында тәрбиеленді* – Формулярлық тізбеден Шоқанның он екі жасында кадет корпусына түскенін, ал оған дейін Құсмұрында оның әкесі ұйымдастырған қазақ мектебінде білім алғанын көреміз.

В.В. Бартольд. (Ш.Уәлиханов қырғыздар туралы).

Қараңыз: В.В. Бартольд. «История изучения Востока в Европе и России». (Соч., т. 9, М., 1977, с. 460-461); «Киргизы». Исторический очер. Сонда: т. 2, ч. I б., 1963, с. 524-525, 528, 532-533, 542; т. 2, ч. II, с. 266.

[1] *... туралы мәліметтер кейіннен Семей комитетінде жарық көрді* – Қараңыз: Н. Коншин. Материалы для истории Степного края. Семипалатинск, 1900.

[2] О киргиз-калмыках в Восточном Туркестане, қараңыз: «Известия АН КирССР», 1961, т. III, вып. 2, с. 119-132.

[3] Қараңыз: Н.Н. Козьмин. Хакасы. Историко-этнографический очерк Минусинского края. Иркутск, 1925, с. 85.

[4] *Боранбай* – 1858 жылдың басында қайтыс болған.

[5] *Сарынбек (Сарымбек)* – осы басылымның .... түсіндірмесін қараңыз.

[6] *Орман* – Сарыбағыш руының жоғарғы манабы.

А.Г. Достоевская. Ұмытылмас күн

Гроссманның редакциялауымен жарық көрген «Воспоминания А.Г. Достоевской» (М.-Л., 1925, с. 45-46.) деген кітапты қараңыз.

Б. Герасимов. Ф.М. Достоевскийдің Семейде болған кезінде түсірілген фотолары жайлы

Алғаш рет «Сибирские огни» журналында жарияланған. 1927.

Г.Н. Потаниннің естеліктерінен (М.Х. Свентицкаяның жазбалары негізінде)

Алғаш рет «Солтүстік Азия» журналында жарияланған. 1927, 5-6 кітап, 124-130 бб.

[1] *Свентицкая Мария Харитоновна* – жазушы, астыртын революция үйірмелеріне қатысушы, Г.Н. Потанинді және оның достарын жақсы білген.

[2] *Омбыда казак үйірмесі болды* – яғни, Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ин. Пирожков және т.б. қатысқан офицерлер үйірмесі. Үйірме жас офицерлер өмірінде маңызды рөл атқарды. Елдің саяси өміріне араласуы осы жерден басталды. Үйірмеде сол кезде петрашевшіл С.Ф. Дуровтың идеяларын бөліскен Шоқанның ықпалы зор болды. Кейін Омбы үйірмесі өз жұмысын Петербургте жалғастырды (1860-1863).

М.Х. Свентицкая. Г.Н. Потанин туралы естеліктер

Алғаш рет «Северная Азия» журналында жарияланған. 1927, 5-6

кітап, 114-117 бб. Бұл жазба Свентицкаяның Потанинмен кездесуінен 50 жыл өткен соң жазылды. Бәлкім, сол себепті, Свентицкая оқиғалар мен түлғаларды ауыстырып алған болар.

М.К. Азадовский. Ш.Ш.Уәлиханов

Қараңыз: «Сибирская советская энциклопедияс». Новосибирск, т. 1, 1928, с. 443.

Л.С. Берг. (Қашғарды ашушы)

Қараңыз: Л.С. Берг. «Всесоюзное географическое общество за сто лет». М.-Л., 1946, с. 110-112.

[1] *Штабс-капитан Ш.Ш.Уәлиханов* – Шоқанда штаб-ротмистр әскери шені болды; Ресейде революцияға дейін осы шен кавалерияға, дұрысын айтқанда, қазақ әскерлеріне берілді; ротмистр жаяу әскер, т.б. әскерлердің штабс-капитан шенімен бірдей болды. Штабс-капитан шені көбінесе әскери ғалымдарға берілді, сол себепті Шоқанды көпшілігі штабс-капитан деп атады.

В.А. Обручев. Арманшыл жастардың достығы

Академик В.А.Обручевтің «Путешествия Потанина» (М., 1953, с. 11-16); В.А.Обручевтің «Григорий Николаевич Потанин». (Л., 1947, с. 36-43, 46-48, 50-51) кітаптарын қараңыз.

[1] *Кавелин К.Д. (1818-1885)* – орыс тарихшысы, либералды бағыттың теоретигі.

ҚОСЫМША

Ш.Ш. Уәлихановқа ескерткіш орнату туралы

(«Түркістан уәлаяты газетінен»)

Мынадай мәтін бойынша басылып шығарылады: تركستان ولايتي نينك كزيتي №3, 1870 ж. 31 тамыздан (ресми хроника, 1-2 бет, 1 бөлім). Қолтаңбасыз. В.Н.Настич пен С.К.Өтениязованың аудармасы; орыс тілінде бірінші рет басылып тұр.

[1] «Түркістан уәлаяты газеті» – ортаазиялық әдеби түркілері түркістан әкімшілігінің ресми органы (араб графикасында). 1870 жылдан 1917 жылға дейін Ташкентте басылды.

[2] Генерал-губернатор – К.П.(фон) Кауфман (1818-1882) – бірінші түркістан генерал-губернаторы (1867 жылдан бастап 1881 жылдың наурызына дейін) және Түркістан өңірінің қолбасшысы.

[3] ...1866 жылы ... – сол кездері Ш.Ш. Уәлихановтың нақты қайтыс болған уақыты белгісіз болды; ол 1865 жылы 10 сәуірде Тезек аулында қайтыс болды.

[4] Сөзбе-сөз: «курфис дейилмиш мадрасада» «корпус деп аталатын мектепте».

[5] Түпнұсқада «қалиб-таш»

Түркістан генерал-губернаторының кеңселік журналынан үзінді

Түпнұсқасы ЦГА УзССР-да сақтаулы, 1 қор, 20 тізбе, 4119 іс, 1 п. 1871 ж. 14 қараша деп берілген.

[1] Кузнецов В.П. – қапалдық бірінші гильдиялы саудагер, Шоқанды жақсы білген және Г.А. Колпаковскийге ескерткіш орнатуға көмектескен.

Түркістан генерал-губернаторының Жетісу облыстық әскери губернаторына жазған қатынас хаты

Мұрағаттық құжаттар ЦГА УзССР-да сақтаулы. 1 қор, 20 тізбе, 4119 іс, 3 п. 1871 ж. 26 қараша деп берілген.

Жетісу облыстық әскери губернаторының Түркістан генерал-губернаторы кеңсесіне жазған қатынас хаты

Мұрағаттық құжаттар ӨзКСР ОММ-да сақтаулы. 1 қор, 20 тізбе, 4119 іс, 5 п. 1872 ж. 20 маусым деп берілген.

[1] Зенков А.П. – Жетісу облысының сәулетшісі, Верныйдағы ағаш шіркеуінің авторы.

Г.А. Колпаковскийдің бірінші гильдиялы көпес В.П. Кузнецовқа жазған хаты

Мұрағаттық құжаттар ЦГА УзССР-да сақтаулы. 1 қор, 20 жазба, 4119 іс, 6 п. Күні көрсетілмеген.

Түркістан генерал-губернаторының жанындағы әскери-халықтық басқармасының бастығы лауазымын атқарушыға Жетісу облысы әскери губернаторының мәлімдемесі

Мұрағаттық құжаттар ЦГА УзССР-да сақтаулы. 1 қор, 20 тізбе, 4119 іс, 7-8 п. 1875 ж. 6 қазан деп берілген.

Мәрмәр тақтаны дайындау туралы міндеттеме

Мұрағаттық құжаттар ЦГА КазССР-да сақтаулы. 44 қор, 9 тізбе, 724а іс, 1 п. 1880 ж. 29 қараша деп берілген.

Қолхат

